

Сәулембай
ӘБСАДЫҚҰЛЫ

ҚАРАҒА



Сәулембай Әбсадықұлы

АРПАЛЫС
(тарихи-деректі роман)

ББК 84 Қаз 7-4
Ә 12

Ә12 Әбсадықұлы С. «АРПАЛЫС» (тарихи-деректі роман),
Тараз “Салық тәртібі” баспасы, 2007 - 192 бет.

ISBN 9965-01-989-4

ББК 84 Қаз 7-4


Ә 4702250201
00(05)-07

ISBN 9965-01-989-4

© Әбсадықұлы С., 2007
© “Салық тәртібі”, 2007

Қазақ тарихында соңғы үш ғасыр – ұлт болып қалу жолындағы арпалысты кезең. Әсіресе, XVIII ғасырдың 20-50 жылдардағы қазақ-жоңғар қалмақтарының жанкешті соғысы – қассақтың қайсар ұлдарының өзін-өзі сынауының шыны десек қателеспейміз. Сондықтан бұл дәуірді ұлы ғалым Шыңғыс Уәлиханов «рыцарлар – серілер дәуірі» деп атады.

Автор аталмыш кітабында Ұлы жүз Ошақты тайпасының өмірі арқылы сол тұстағы және Патшалық Ресей мен Кеңестік дәуірдегі ұлтқа ортақ тағдырды тарихи деректермен шынайы кейіпте беруге ұмтылған. Былайша айтқанда тайпаның емес, ұлттың тағдырын көркемдеген деп түсінген абзал.



ИТЕМГЕН

*Ер туған жеріне,
Ит өлген жеріне...*
Халық макалы

Саңырықтың боз үйінің іші кісісіз емес. Көңілін сұрауға төңіректегі біраз батыр, билер, ағайын, туыстар келген. Батыр көптен бері науқас. Дертті әжептәуір десе де төрде тіп-тік отыр. Оң жағында кең жауырынды, қарасұр, ала көз Ожар баласы – Итемген мен оның баласы Қалет, сол жағында сары, қызылшырайлылау Битоқ пен басына сәлде ораған, ұзын, тарамыс, имек мұрынды Мұқым әулие, ол кітап бетін парақтап, насихат айтуда. Өңгелері осы ауылдың игі жақсылары – інісі Сарымерген молдастаған.

Келген кісілер қымыз ішуде. Оны нәшіне келтіре саңырып құйып отырған Айжұма. Отырғандар керлен кесеге құйылған сары қымызды сүйсіне сіміргенімен, ауыздары әңгімеде. Отырғандардың ішіндегі жасы да, жолы да үлкені Итемген. Бұл кісі де ерекше жаратылған. Жасы жетпісті алқымдаса да жүзінің нұры, көзінің оты қайтпаған. Екі иығына екі кісі мінгендей. Кеудесі шалқақ, сіңірлі аяқтары талтақ. Бәлкім бұл, ес жиғалы – аттан түспегендіктен шығар. Итемген Саңырықпен аталас, немерелес інісінен бірер жас қана үлкен. Сонысына қарамай батырды қатты құрмет тұтады, жанындай жақсы көреді. Олай болатыны – Саңырық бұдан бірер жас кіші болса да, ақыл, парасат пайымы жағынан ілгері, тіпті артық туған.

Саңырық батырдың атағы айдай алысқа кеткен. Үш жүз, алты Алаш түгілі қалмақ, қырғыз, өзбек, сарғың түгел біледі. Аз сойлеп, көп тыңдайтын, адамға қараса көз өңіменіңнен өтердей өткір, түсі ызбарлы батыр мен Итемген екеуі ұқсас. Сейіттің үлкен баласы Байсейіт. Хакназар хандық құрып, қазақтың басын қосып, әлемге әйгілегенде, ол Ақ Ордаға қызмет еткен оғланның бірі еді. Одан кейін еңсегей бойлы ер Есім Тәшкенді билеп катаған Тұрсын ханның басын опасыздығы үшін шауып тастағанда, Байсейіттің ұлдары – Бақай мен Есен жас еді. Есейе келе екеуі ат борбайлатып, қылыштарын әлекейдей жалаңдатып жауға – ойраттарға шапты. Әсіресе, Есен епті еді. Садақпен атқан оғын екінші оқ шығарып, ортасынан қақ бөлетін сұмдық мергендігін айтпағанның

өзінде, аз уақыт Тәшкен билеушісінің көзіне түсіп – уәзірлік (күш бегілік) қызметін атқарғанын Саңырық әкесінен талай мәрте естіген.

Қайраты мен айбатынан сескенген Есеннен құтылудың жолын ойлаған Тәшкеннің билеушісі оны Арқаға жұмсады. Жалпақ жатқан арғын, найманға айт, Бұхар әміршісі Абдолла хақтың көк туының астына кірсін деп бұйырды.

Бұхар хандығы Абдоллалардың билігінде, ол кезде Қоқан хандығының аты түгіл заты да жоқ болатын. Абдолла бүкіл Орта Азияны ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап билеп тұрған. Ендігі арманы қазақ сахарасын жұту еді де, баяғы бабасы Тоқтамыстың Алтын Орда дәуірін қалпына келтірсем деп армандайтын. Оның сарбаздарының қатарында да жаумен жағаласып, жаға жыртасқан қазақ рулары әсіресе кіші жүз, аздап үйсін – ұлы жүз жетерлік-тін. Оған қырдағы қыңырайған арғындар мен наймандар қосылса, бір кездері Әбілхайыр хан айырылып қалған Сахара түгел бірігіп – баяғы Алтын орданың сән-салтанаты орнар деген есек дәмесі де көкірегін тырнап, мазалап біткен.

Шу бойын Есеннің ет жақын нағашысы Итеке батыр жайлайтын. Төңірегіне сыйлы, малы бір басына жетерлік дилы кісі еді – нағашы жұрты...

Жас та болса бас болып, әміршінің күшбегілігіне жеткен, өрімдей, қызыл шырайлы, көздері от шашқан Есеннің сол сапары осында найманның асқан сұлуы, бетінің ақтығы, жана жауған ақ қырдай – Ақылбикемен көңіл жарастыруына апарды... Құралай көз, құлын мүсін Ақылбике де Есенді елжірей сүйді...

Қалың найман – Бұхардың елшісін жақтыра қоймады әрине... Тіпті Есенді «жансызсың, сатқынсың» деп қамшыларымен жер сабалап, тілдерін безбенсіз безегендері де жоқ емес. Қайта Итеке нағашысы айбаттана:

- Ей, шулаған мұндарлар! Есен күшбегі бәрінді Бұхарға жіпке тізіп әкетейін деп келген жоқ қой. Бір болайық деген Бұхар да іргелі ел дегені шығар. Қаласаң көнерсің, қаламасаң қаныңды шығарып қинамайды. О несі ей, ұлардай шулап, - деген соң көбі сабасына түсті.

Есен нағашысының басалқалы сөзіне іштей ризалық білдіргенімен, басқаға бас имейміз, өзімізше ел боламыз деген пейілдерін құп көріп отыр.

Қан майданда Жәңгір өлген соң Қазақ хандығының да керегесі ыдырап, кенеуі кете бастаған. Содан кейін де Бұхар мен Хиуа әміршілерінің

сұқтарын сақ даласына қадай қалғаны.

Нағашысы Итеке жиенін әбден сыйлады. Тіпті Ақылбикеке қосып, ұлан-асыр той жасады. Я талайдың көз құртына айналған сұлуудың ойда жоқ та сайтандай сап етіп келген салт басты, сабау қамшылы – үйсінге тие салуы біразына ұнаған жоқ. «Атастырған жігітіне бармай, ата-баба салтын бұздың» деп Ақылбикені төркініне күштеп апарып, Есенді қыздың ағасы – Дәулет ағайындарымен жабылып, ұрып өлтірді. Бұ қорлыққа шыдамаған Итеке де Дәулеттермен жауласып, ақыры бітіспес дауға айналатын болған соң – Таластың бойына ауа көшті... Бос кеткен жоқ, ебін тауып Ақылбикені ала көшті. Нәменгерлік салтымен найман сұлуы Есен құсбегінің ағасы Бақаймен көңіл жарастырған. Бірақ, оған дейін Ожар атты ұл туған. Кейін Бақайдан – Тоқтыбай, Тоқтыбайдан мына отырған көкжал – Саңырық, Ожардан – Битемген, Итемген, Сүтемген...

Дәлірек айтқанда – ұлы аналары ортақ...

- Итемген-ай, - деді Саңырық нығын ауырсына, - Мына Қалеттер Жоңғар жеріне барып, көрінде өкіргір Қалден Сереннің үрім-бұтақтарының шаңырақтарын ортасына түсіріп қайтты. Сен екеуміз сонау бір кездері армандаған дүние еді, шүкіршілік, бұлар (Сарымергенге қарады) жеріне жеткізді... «Әр асқанға – бір тосқан» деген осы шығар. Кәпірлер не көрсетпеді қазаққа...

Осылай деп іркіліп қалды. Итемген мақұлдап басын изеді. Саңырық батырдың ішкі сырын да бажайлап біліп:

- Қалғанына шүкіршілік, жәке, - деді суықтау жымиып.

Талай жыл атқа мініп, жарақты жаумен жағаласқан шақта, тіпті өлімге бәс тіккенде батырдың «аь» ұратыны – қос құлыны – Арыстан мен Ботаның «ақтабан шұбырындыда» – қалмақтың қанішерлерінен пәршеленуі...

Енді – анау Қалеттің он тізесінде – алаңсыз ойнап отырған төбесіндегі айдарлы шашы алтынмен буланған он жасар бала – қалмақтың ханы – Қалдан Сереннің немерелес інісі Баркөл ханның баласы... Атын – Арыстан деп қойған Саңырықтың өзі.

Қалеттер Абылаймен Алтай асып, қалмақты ордасында талқандауға аттанғанда жасырын аманаттағаны: «Хан тұқымынан бір ұл әкел. Ең болмаса ата жауымды көріп жүрейін» деген. Өйтуі бекер болып шықты. Қазақтан асқан балажан ел бар ма? Енді бақса, Арыстан ата жау емес, өз ұлындай тәтті болып кеткен.

Ия, қоян жылғы көкек айында көрінде өкіргір Цеван Рабдан мың – сан

қолмен қазақ даласына лап қойғанда, бұлар Талас, Аса өзендерінің қос қапталын тел еміп жатқан бейкүнә ел еді. Хан қарашасына, қарашасы бай-бағланға сеніп, мамыражай жүрген. «Жау жоқ деме жар астында...» демекші, кәпір дінді қалмаққа қазақтың даласы таңсық емес, бұдан 100 – 150 жыл бұрын, екі қолдарын кеудесіне қойып, сойдақ тістері жарқырап, жымық көздері күлімдеп бұлармен тіпті ауылы аралас, қойы коралас күн кешіпті. Бәріне кінәлі Шыңғыс тұқымдары хан, сұлтандар, «Қанға тартпағанның қары сынсын» дегені ме, оларды да төре дегені болмаса, мұнғұл тұқымдас... Тәуекел хан Ресей патшасына мен қазақтар мен қалмақтардың патшасымын деп күпіне мәлімдегенде, ойраттардың саны қазақпен теңесіп, алды тіпті Ташкеннен асып Шыршыққа жетіп құрқұлдасқан қу жоңғарлар, кейін билікке таласады деп бос белбеу, ақкөңіл қазекен ойына алып па? Алдындағы малына мәзденген бай – бағлан қалмақтың бидай өңді сұлуларын қатындыққа алғандарына мәз. Еңсегей бойлы Есім хан 998 жылы (1620 жылы) отыз мың сарбазымен ойраттарға лап қойып Алатау асыра тырқырата қуғанда, оның ішінде мен де бар едім деп бабасы Байсейіт айтатын Ожар немересіне.

Е-е, содан бері, қазақтың тақымы бір ретте суыған жоқ. Ішкені ірің, жегені желім. Сәл есін жинаса ойратың ойран салуға екіленсе, түбі бір түркіміз деп алақанына түкіретін Қоқанның сарттары да сағыздай жабысып, сүліктей қаныңды соруға дайын. Бұлардан Бұхар әмірлері мен Хорезм (Хиуа) хандары да қалыса қоймас. «Жау жағадан алғанда бөрі етектен» демекші қазақтың осылайша ақылы іріген айран, жүрегі тілімденіп қайғы-қасіреттен жүдеген шағы...

Ес біліп, етек жинағалы жанын шүберекке түйіп, талқан мен қара суды талғажу еткен Саңырық батырдың жатысы мынау. Ит арқасы қиянда – Бұланты мен Бөленгі өзенінде нағашысы Кіші жүз Жетіру Керейіт Қайрақ, Айрақ, Тайлақтар арнайы жаушы жіберіп шақыртқанда – бұлар Қаратауда Ақтастың маңайында жоңғар түмені Сары Манжамай алысып жатқан. Қапияда қаперсіз жатқан Ысты, Ошақты, Сіргелі ауылдарын қан-жосаға батырғандардың ішінде Сары Манжы да бар. Қан көрсе екі көздері бөрінің көзіндей қанталап түк көрмей қалу – шүршіт біткеннің қасиеті ме дерсің. Әбиір болғанда ауылдың естирлары қолға ілінгенін алып, Ақсай үстінен етектегі жықпыл-жықпыл сай-сала, жыңғыл, қалың шеңгелді паналап Қаратауды бетке алған... Сөйтсе аңыраған бұлар ғана емес, Ысты, Сіргелі, Дулат балалары. Тіпті Арқаның – арғын, найман, уағы да үдере, үрке қашқан. Кімнің-кім екенін біліп болмайды.

Шаңырағы ортасына түсіп, кереге-уығы отқа оранған ауыл... Өркім өз туысын іздейді. Шыққыр көз сонда көрді... сұмдықты... Мына, әруаққа айналған Саңырықтың қатыны Шолпанының ішек-қарны ақтарылып, шалқасынан жатыр. «Ой, Аллаһ!» Итемгеннің дәті шыдамай теріс айналды. Тек құлағына:

- Атаңа нәлет ит қалмақ! Тірі жүрсем бірінді қалдырмай, шаңырақтарыңды ортаға түсірмей тынбасын! – деп ышқына айқайлаған Саңырықтың даусы келеді. Құранда: «Әр нәрсеге сабыр ет» дейді. Еркек емес пе, осыны медет тұтқан батыр:

- Ей, Итемген, неғып, мелшиіп тұрсың! – деді көздері шарасынан шыға, - Марқұмдарды арулап жерлейік те! – Ашуланғаннан өксіп запыран құсты.

Көктемнің май тоңғысыз мезгілі еді. Жоқ іздеген бұлар ғана емес екен. Байқамапты маңайы оншақты адамға толып қалыпты. Кім-кімнің жөнін сұрасып жатыр дейсің, орта бойлы, сары өңді, дөңгелек жүзді, қаба сақалды кісі:

- Ойбайлап, байбалағаннан ештеңе өнбейді, - деді түсін суытып, сол сәт түсі жүде қаарлы көрінді, - есі ауған жұрттың басын құрап, қалғанын аман сақтасақ та болар...

Итемген сонда барып бажайлады. Сары баласы – Ақтамберді екен...

Кейін білді, кейін естіді, Баркөлден шыққан Манжы ойран саларының алдында Саңырықты іздеп, шарқ ұрыпты. Иттей өштесетіні, осыдан ай шамасы бұрын Арқада Дәнен мен Саңырық он екі қалмақты түйреп өлтіргенде тірі қалғаны Іле бойына жетісімен ұлы Қонтайжы Цеван Рабданға айтып барса керек-ті. Сөйтсе, найзаға түйрелгеннің үшеуі – Манжының ағайындары болып шықпай ма?

- Осыдан Таласқа жетсем, Саңырық сенің қаныңды ішеремін! – деп ол да буыршындай бұлқынған. Ант-суын ішкен... Қаныпезер ит... батырды өлтірмесе де бала шағаларын түгелдей қырып салды.

Шіркін, Шолпан қандай сұлу. Екі бетінің ұшы қызыл, қырдың Алтай түлкісі дерсін. Саңырық та ұзын бойлы, қара сұр өңді, ала көз жігіт. Бұ төңіректе, оған тең келетін балуан да, батыр да жоқ. Садағының оғын жүзіктен өткізетін мергендігін айтсаңшы, Шалт қимылдап шалып жығар балуандығы ше. Домбыра шертісін сұрамаңыз, тартқанда аққуды ұйықтатып, қазды айдын көлге қондыратын...

Шолпан болса Ысты Пірәлы байдың бұла өскен қызы. Ат үстінде бозбаладай мығым, қос бұрымы тілерсегін қағып еркелейтін, бота көз,

ақ тамақ, оймақ ауыз, пісте мұрын. Е-е сонда ғой Ыстының батыры Бөрібайдың:

- Әй, Саңырық күйеу, лашын құсты іліпсін, алшаң басып жүріпсін, садағының ұшымен ай-күмісті тіліпсін... Тіфә-тіфә, көз тимесін, - деп қалжың айтатыны.

Айтары жоқ көркем еді Шолпан... Қалмақ құзғынға жем бола жаздаған арудың ай жүзі топырақпен жабылды. Қасына екі құлыны қоса жерленді...

Күн ұясына қораланып батарда он шақты салт атты, басын мұнар басқан Қаратауды бетке алып, желе шоқытты...

- Күлдір, күлдір кісінетіп,

Күренді мінер ме екенбіз! - деп іші жырға, жүрегі кекке толған Ақтамберді оқ бойы алда. Итемген, Бөрібай, Саңырықтар да сол үркердей топтың ішінде болатын...

Олар Қыземшектің тұсынан Сәңке, Мөңке байларды кездестірді. Ағайынды екеуі мыңғырған қойы мен жылқысын өздері өлермендікпен қайырмалап Үңгіртасты бетке алған сыңайлы.

- Батыр еке, - деді қапсағай денелі, жарғақ тонды үлкені Сәңке, - Құдай сақтап, қалмақтардан аманбыз. Сұраған малын бердім...

Кісіге тышқақ лағын қимайтын ағайындылар тай-тұяқтарын шүршіттерге беріп жандарын сақтап қалғандарын айтып мақтанып тұр. Әттең ағайыны, әйтпесе қайқы қылышпен анау салбыраған мес қарнын жара салар едім деп күрең аттың үстіндегі Итемген кіжінді. «Жабағы жүн жеген малғұндар қал-жағдай сұрауға да жарамды-ау, ә».

- Өздері қолыңда кірі барларға тиіспейді екен, - Жалпақ бет, күж қара Мөңкесі маңқылдай сөйледі...

- Жә, - деді тұнжырай үн қатқан Саңырық, - ағайын-туыстардан кім бар аман қалған?!

- Дәнен кеше кешкісін Қарашат тауын бетке алып бара жатырмын деген – Сәңке осылай дегенде барып:

«Я, Алла, деді Саңырық күбірлеп, - Бар екенсің ғой. Тірі екен ғой»...

Үміттің оты бәрінің жүрек қылын шарпып өтті...

Түн ортасы ауа жортуылшылар Қаратау маңынан үрейден естері шығып, бір қылтаны паналаған – Дәнен, Сарымерген мен Ыстылардың біраз адамдарын тапты. Несін айтасың, адам жүнжігенде хаюаннан еш айырмасы болмай қала ма, бәрінің түрі адам көргісіз. Сүйткенмен де Ақтамберді:

- Үрейленбендер. Біз улап-шуласақ, анау жатқан жас өскіндердің жүректері ұлпаршақтай үлбіреп, бауырлары езіліп езі болып кетер. Иттің ғана баласы қалмақ та өзіміздей пенде. Тек той-домалақтан қолымыз тимей, ырду-дырдумен күн кешкен бос белбеулеу сәтімізді пайдаланып кетті. Әйтпесе қазақ баласы кімге есесін жіберіп еді! Оның үстіне ана Шыңғыс тұқымдары да ұялас иттерін ішке кіргізіп, әбден құтыртты. Қанға тартпағанның қаны сынсын деген осы!, - өстіп қайраттандыра сөйледі.

Ол осылай таусыла тағы біраз сөз айтты. Оның айтқаны біреудің мыйына қонса, біреудің оң құлағынан кіріп сол құлағынан шығып жатты.

Өстіп, әңгіме – дүкен құрып отырғанда бір-екі жігіт арқар атып әкеліпті. Оны да еркектер дереу отқа қақтап, пісер-піспес шикілей күйінде отырғандарға үлестірді. Шала жансар от сәулесінен адамның түрлері де құбыжыққа ұқсап кеткендей.

Итемген де, Саңырық та, Дәнен, Сарымерген, Бөрібай да күрсінді.

Таң құлан иектене бере Ақтамберді қош айтысты. Түркістанға барып Әбілмәмбет ханға жолықпақ... Саңырық азып-тозғандарды Итемгендерге табыстап ол да жүрмекші еді, олардан Бөрібай қалмайтын сынай танытты.

Қызыл қанға боялған күн тау жотасына зорға иек артқанда жықпыл-жықпылдан әруақтардай сұлбаланған көштер көрінді...

- Қаратаудың басынан көш келеді,

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...

Ел-жұртынан айырылған жаман екен,

Екі көзден мөлтілдеп жас келеді...

Қожаберген жыраудың шығарған жоқтауы, осы көшке арналып еді-ау...

Итемгендер Ошақты руының аман-сау қалғандарын тау асырып, дала асырып, Сайрам әрі қарай Шыршық маңындағы Қоскүрең деген жерге екі айда зорға жетті...

Азу тістері аш қасқырдың тісіндей сақылдаған шошақ бөрікті, қамыт аяқ – қысық көз қалмақтар – Цеван Рабданның қанішерлері жолындағынын барлығын жайпап Ташкент, Түркістанды да алып, Абдолла ханның баласы Жолбарысты осы елге «хан» деп сайлап, өз ордасын Алатау маңына әкеліпті, жәй кетпепті, Манжы сияқты батырларын Асы (Түркістан) маңында түменімен тастап, «Бас көтерерлерінің желкесін

қылышпен қия бер!» деп табыстапты. Әсіресе, Саңырықтың басын маған әкеліп бермей, жаным жай таппайды депті құмбыл қанішер.

Оны Итемген Цеван Рабданның шеріктерінің қолына қапыда қолға түскенде өз құлағымен естіген-ді. Ол былай болған.

Бала Бөгеннің жоғарғы жағындағы Ақтастыда қалың долананың түбіндегі көк майсасында дамылдап жатқан бұл қалғып кетіпті. Шу-шу еткен дауыстан ұйқы тығылған көзін әрең ашты. Теректей теңкііп жатқан бұған жолауға жүректері дауаламаған қалмақтар өз тілдерінде шүлдірілеп, қолтықтарынан қамыстың үпелегін жүгірткендей найзаларымен түртікілеп ыржаң-ыржаң етіседі. Найзаларының сүңгілерін безеп, кейбіреулері қайқы қылыштарын әзірейлідей жалаңдатып тұр.

Ішінде әлгінде ғана жаны ашып оң жамбасына қадалған жебесінен тұра алмай жер бауырлап жатқан жаман қалмақ. Итемген оны өлтіре салғысы келіп, аяғында аяп кетіп оқты суырып жөніне жіберген. «Ә-ә, жауды аяған жаралы» деген. Жасаған жақсылығымның қайырымы осы болғаны ма? Бұлармен алысып, өлейін.

- Ия әруақ! – деп орнынан ықшына атып тұрмақшы болғанда төбеден тор сау ете түссін... жауыздар... бәрін күні бұрын ойластырған екен. Тіпті жабылып жүріп бүркітін де торға түсіргендеріне мәзденіп тұрғандарын қарашы.

Өңкей шуылдасқан он шақты қалмақтың Хо-Үрлік дегені:

- Бұ дәу қазақты ұлы Қонтайшыға апарайық, - деді оң қолын көтеріп. Қанша батыр болсаң да, торға түскен сон бұлқынғанмен не шара. Әттең, ат үстінде алдырмас, ат тұяғын шалдырмас еді-ау.

Сол доңыз жылында Ошақтының жүзден астам үйі одан-бұдан құралып тау асып, Шыршық өзені бойына жетіп, енді естерін жинағанда, қазақтың жоқ нәрсеге таласатын қу мінезі бар емес пе? Қалың дузаттың жігіттерінің біреуімен аталық жолға таласып болмашыға ілінісіп қалсын. Әшейінде аузын бұған өгіздей көрінетін Итемгеннің кейде қазбалығы да бір басында жетерлік. Онысын көбінесе өзі де байқай бермейді.

Не керек сол жерде тұрған үш жүзге тарта аттылы-жаяулы Итемгенге лап қойсын. Осы алып денесіне қарамай ат үстінде әжіл қимылдайтын, сегіз өрім қамшысымен ұрғанын түсіре берген сұмдық қамшыгер еді. Айқасты сырттай бақылап тұрған Төле би:

- Жер-жағанға бой бермей жүрген ана дәуің кім? – деді қасындағыларға.

- Е-е, ол Ошақты Итемген деген жігіт.

- Ойпырмайдың қарулысын-ай, - Төле би таң қалып тандай қақты,
- Токтатындар, бейбастықты! Бір-біріңмен иттей ырылдасқанша,
бойларыңа сыймаған тентектіңтеріңді жауларыңа жұмсамайсыңдар ма?!
Ой, өңкей шірік!

Би қолын сілтеп, теріс айнала бере:

- Жіберіңдер, Ожардың жалғзын! – деді кейіс білдіріп.

Көп ит жеңе ме, көк ит жеңе ме, қамшыласып жүргенде біреуінің
бұзау тісті дойыр қамшысының ұшы жонын тіліп өтіпті... Итемген
қан түкірді... Оны көріп тұрғандар: «Ой, би атамның қарғысы ғой қан
құстырған» деп шу ете қалысқан. Қайдағы қарғыс. Қазақта есі бар еркек
қарғамайды, байы өліп, бағы тайған әйелдің қарғауы мүмкін...

Құсығы аттың жалын күйдіріп, әлем сасытып жидітіп жіберді. Басы
айналып, көзі қарауытты. Әрине сол мезетте неге жидіді деп ойлануға
мұршасы да жоқ еді. Кейін барып Исабек емші айтып жүрді: «Сені
мендуанадан да күшті дәрімен улаған» деп. Қысастықты дулаттың
жігіттері жасамайтыны айдан анық. Жалпы қазақ дуаға, біреуге уу беруге
жоқ халық. Неде болса қалмақ жансыздарынан келді бұл пәле. Мұның
Санырықтың туысы екенін олар бек жақсы біледі. Әрі, жортуылшы
еді бұл, суыртпақтағандарға сырын ашпаған соң... Итемгеннің жанын
жағанамға жіберсек дегендей. Ұлытауда жүрген Саңырық батыр
Итемгенді жаушы етіп Төле биге жіберуі мүмкін деген хабар да жеткен
ұлы Қоңтайшыға.

Арқада топ құрып жүрген Тайлақ пен Саңырық бүткіл қазақтың
би-батырларына жаушы жіберіп, жиналып, қалмақтарға қарсы қырғын
ұрыс салайық деп жатқан сыңайлы. «Ойпырмай-ау», деп күлген Цеван
Рабдан, шілдің боғындай тозған қазықты хан-сұлтандары біріктіріп,
берекелді ел ете алмағанда жаман карашасы кімге, неге арқа сүйемек,
кімді мұқатпақ? Қазақтар: «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас
болмас» демей ме? Құл-құтандар тәңірінің сүйікті ұлы, аса мәртебелі
Цеван Рабдан басқарған сайыпқырандарды жеңбек пе? Түкірдім.

Осындай асқақ, тәкаппар ойлар мен пасық пиғыл астасып – қалмақтар
Итемгенді өлтіруге анық ниеттенген.

Бәсе, бәсе. Мүтәліп бей Итемгенге қоярда қоймай құдасын күткендей
өлердей өңмендеп елжіреген. Баяғы Есен бабасын, оның Бұхар әміршісіне
адал қызмет қылғанын айтып, майлы ішектей айналдырып, ішіп отырған
шәйіне күшәләннің ұнтағын уымен қосып тамызып жіберген... «Төле
биіңнен бұрын, дүниеге аттандырайын» деген кәззәп... «Ажалың жоқ

екен», деді Исабек, артынша ішкен ағарған жаныңды алып қалған-ау
шамасы.

Жә, бұл кейінгінің әңгімесі...

Дегенімен де бидің «жалғыз» деген сөзінен өлердей намыстанған
Итемген де естігенде: «Бидің қу бас дегені ме» деп ызадан жарылардай
беті-жүзі одан сайын қанталап кеткен...

- Жәке, жүріңіз, - деді Арықпай деген жігіт, - Өзенге барып бет-
қолыңызды жуыңыз.

Дуылдасқан дулаттың жігіттері де өздерінің оқыс қылықтарына
өкінісіп, тарап кетті...

Арықпай екеуі Шыршақ өзенінің ағыны баяулау, жайдақтау тұсындағы
боз талға аттарын қаңтарып, байлап қойып, жуынысты...

- Жаңа мені би қу бассың, - деді-ау... Итемген енді байқады. Жалпақ
бетін жас жуып тұр екен.

Би мұның қырыққа келгелі екі мәрте некелі болғанын қайдан білсін...
Құданың құдіреті екеуі де құрсақ көтермеді. Үшінші рет, қоңырат
Қонайдың Гүләйіміне үйленгеніне де міне үшінші жыл. «Ұрпақсыз
өтем бе» деп талай түнді күрсінуге өткізеді. Үлбіреген Гүләйім де көз
жасын талай мәрте сыққан шығар. Оны теріс қарап жатқан келіншегінің
екі иығы селкілдеген қимылынан-ақ байқайды... Кім, кімді кінәлар,
сәби ніскету тек Құдайдың қолында шығар десеңі іштей тынып. Адам
баласына ұрпақсыз қалудан артық қасірет бар ма? Бұлар да отыз екі
атадан бері бір-екі ұрпақпен жалғасып келеді... Әр қалмақпен жағаласып
жүріп, шейіт болып кетсе-біткені, жарық дүниенің жалғанға айналғаны.
Онда сенің атың да, затың да өшеді. Әйтпесе, мың-саң қол жинаған Үйсін
балалары бүгіндері жер-жүзіне сыймас та еді... Өстіп, басы бірікпей, бағы
кірікпей, у-шумен өткендіктен өсіп-өнбей келе жатқан шығар. Әйтпесе,
қаншамасын қалмақ айдап әкетті, нешемесін мына Қоқан, ана Бұқар
мен Хиуаның сарттары әм қызылбастары (парсылары) мен түркімендері
көгендеп, топ-тобымен ары асырмады...

Беті қолын жаспен жуып тұрып, Итемген Қызылтауға өлімсірей батып
бара жатқан күнге қарады... «Ей, Алла, жақсылығың қайда! Қазақтың
басы бірігіп, іргелі ел болар күні бар ма? Жоқ әлде, көрінгенге жемтік
болып жүре бермекпіз бе?» деді іші, жан-жүрегі айғайлап... Қайда,
қайда, қайда? Жан-жағындағы тау да, тас та... қайда, қайда, қайданы
қайталады.

Арықпай да қосыла қайдалап тұрғандай:

- Жүріңіз жәке, - деді ол кенет, - Ауылға Саңырық батыр келіпті. Итемген сонда барып ұшқыр қиялынан ажырап, қалбалақтап қалды.

- Кеттік! - деп күрең қасқаға қарғып мінгенін аңғарған жоқ.

Үңгір тастан кейін Саңырықтан ауыл көз жазып қалған. Үш жыл тегін жүрмеген екен. Немерелес екеуі құшақтасып амандасты. Әңгіме ауанына қарағанда Түркістаннан әрі асып, Сыр бойындағы, мына жағы Ұлытаудағы Кіші жүз Жетірудің керейті, Айрақ, Қайрақ, Тайлақ нағашыларына өтіп кетіпті. Олар да Еділ, Жайық бойларынан ауа көшіп Сырды жағалап, алды тіпті Арал теңізінің екі жағын сағалай Бұхар, Хиуа өткен. Ресейге арқа сүйеп мылтық зеңбірекпен қаруланған шүршіттің торғауытының Аюке ханы да қазақ ауылдарын қойға шапқан қасқырдай аямай шабақтапты...

Кіші Орданың ханы Әбілхайыр да ордасын Сыр бойына көшіріп, Хиуадағы бауырларынан пана іздегендей. Түбі бір Шыңғыс ұрпағы дегенімен әр қатыннан туған соң ба, бір-біріне беттері жылтырағанмен, іштері сұмдық көрінеді. Бөрінің ұрпақтарымыз дейтін хан, сұлтандарының сәл қит етсе алмас қылышпен бас кесісуге дайындалып, ежірейе қалатындарын қайтерсің.

- Қазақтың басы бірікпейтіні түбі мұңғұл хандарының өзара жауласуынан екен, - деп Саңырық әңгімесін қысқа қайырды.

Алла сәтін салса алда үлкен жорық жасалмақшы. Сол үшін Ұлы даланың түкпір-түкпірінен ру-тайпа басылары – Орда басына жиналмақ. Орталарынан – Ұлы хан, ұлы қолбасшыларын сайламақ... Тағысын тағылар.

- Ағайынды нағашыларың Ұлытауда екен ғой, - деді Итемген әңгімеге әбден қаныққан соң.

- Е-е, жалғыз нағашыларым емес Тама, Табын, Жағалбайлы, Алшын, тіпті мына Орта жүз Найманның, Уақтың біразы сол жақты паналаған, - Саңырықтың қарсұр жүзі күренітіп кеткен.

- Арғын, Найман, Қоңыратыңның біразы осы төңіректе, - деді Итемген, - Тіпті қай заманда келгені белгісіз Рамадан, Телеу деген Кіші жүздің де осы арада... Қалың қандының әу бастағы мекені ме деп қалдым.

- Қаңлы, қыпшақ Әму мен Сырды ежелден емсе, ана Арал теңізін күні кешеге дейін Кердері атапты. Кердерің жеті ру.

- Қызылбастан бұрын бұл өлкені Ғұн, Сақ, Үйсін бабаларымыз жайлаған көрінеді. Найзаға сүйенген бабаларымыздың ер көкіректігіне басып, ата-ата, ру-ру, ұлысқа бөлініп, қырыққыпшақ атанып, әр

патшалықтың бодануына кеткеніне күйінемін де, - Үш жылдан бері Саңырық әжептәуір есейіп қалыпты. Оның үстіне баяғы көшершілікте көрген Ақтамберді де біраз көзін ашқан сияқты. Өткен жаз ол да ағайын-тумаласы Мөңке екеуі қатты ренжіскен. Әңгіме төркіні мынау. Қиын-қыстау кезінде Мөңке Шапыраштының Айқымының Әзберген байымен құдандалы болмай ма? Ойраттың ойранының салдарынан құйрық бауыр жесіскен Әзберген құдасы кедейленсе мал көзіне біткен, сасық бай Мөңке ырық берер ме? Оның үстіне Ташкенттің құсбегісі Күсепбекпен жегжат. Ағайындарына сес көрсетіп, зорлықшылықпен аты шыға бастаған. Қит етсе қалмақтың қолшоқпарларын ерте келіп, ағайынның берекесін алатын иттігі ше?!...

Түркістандағы Жолбарыс ханның ордасында кішігірім қызмет жасап жүрген Ақтамбердіге де: «Сен, қу бас кімді жарылқамақсың. Жолбарыс хан екеуің кімге тұлға болмақсындар. Цеван Рабданға айтсам жондарыңнан таспа тілер», - деп біраз шатпақтаған. Тіпті қатынша тылағын шығарсын.

Жолбарысты Ақтамберді де, тіпті Төле бидің де жақтырып жүргені шамалы. Шүршіт бір сorsa, оның да қазақтың баласын жарылқап, басын біріктіріп отырғаны шамалы... Араны кең, ындыны ылди, ойы пасықтың бірі...

Десе де Ақтамберді Мөңкенің қатындық шайпау сөзі мен тәлпіш мінезіне шыдамады. Әрі жасы үлкендігіне де қараған жоқ, дырау қамшымен қақ маңдайдан салып қалғанда, бай: «Ойбай, өлдім!» деп қан шапшып кеткен бетін қос қолымен басып бүк түссін. Мөңкенің бидай өнді, қой көзді, қыр мұрынды қатыны:

- Өлтірді байымды! - деп бажылдап есік алдына «ойбайлап» шыға келгенде, ел үрпийсіп қалған.

Ақтамберді де үйден іле-шала шығып күрең қасқасына қарғып мінді де, шығысқа қарай желе шоқтып кете барды. Ең бірінші қос өкпесін қолына алып жеткен Мөңкенің ағасы Сәңке қаншама дегенімен бауыры емес пе, «ененді ұрайын Сарының күшігі. Қанынды ішемін» - деп есік алдындағы кермеге байлаған боз қасқаның шылбарына жармасып еді, Биток қолынан шап беріп ұстай алды да:

- Әй, Сәңке! Тылтпаған, тырық кейпінмен алпамсадай Ақтамбердіні алып жықпақпысың. Көтіңе қара. Одан қалса ол Жолбарыс ханның құзырында. Ерген-ақ жасауылдарын жіберіп, шаңырағыңды ортаңа түсіре салады, - деп жер-жебіріне жетсін.

Өзі де ашумен айтып қалған Сәнке тез басылды. Күшенгені болмаса қоңылтықтау, босбелбеу. Қатынынан аса алмас настың нақ өзі.

Мөңкенің қатыны: «Малдан басқа дым көрмеген байғұстар-ай» - деп ернін сылып еткізіп үйге кірді де, төрде теңкиіп жатқан байының бет-аузын жуып, қан аққан жеріне қарақұрым киіз күйдіріп бастыртты.

Кейін Ақтамберді Саңырыққа Түркістанда жолыққанда: «Соным ағаттық болды. Ит те болса бірер жас үлкен кісі еді де. Қайтейін, ашу дұшпан, ақыл дос демекші, дұшпанның шайтаны жеңді. Алдына барып, кешірім сұрар-ақ едім. Бірақ, кәпірдің бетін көргім келмейді. Ағайындарын өзбекке де, сартқа да, шүршітке де жамандап ұяттан безді. Туысынан мал жақын малғұнға айналды. Зәуі енді жақсы ит өлігін көрсетпейді демекші, ағайыннан сырт жүргенім жақсы ма, қалай?» деп мұнын шаққан.

Саңырық не десін. Екеуі де ағайын, екеуінің де жасы үлкен. «Өздерің білерсіңдер. Қазір өкпе-наз айтатын кезі емес. Пайғамбарым «Бөлінгенді бөрі жейді» деп айтты деген де өзіңіз. Реті келіп жатса өкпе-ренішті қойып, татуласып, табысып кетерсіздер» деді сөз кезегінде.

Қайран Ақтамберді, осы күні әуелі Арқаға, кейін Ұлытауға өтіп, наймандарға жетіпті. Сол елдің бір қызына үйленіп, үйлі-баранды болған да сынайлы. Итемгенге де, өзге де жігіттерге сәлемін айтыпты.

Итемген «сәләмат болсын» - деді.

- Ал, көптен бері көрмеген соң, даударып кетіпшің. Өзің неғып күн жаумай су болып жүрсің? - деді Саңырық күліп.

- Дулаттың бір топ жігіттерімен қалжыңдасып қалды, - деп Артықпай да әзілдеп, болған жайды рет-ретімен тігісін жатқызып баяндаған соң, асықпай, мұқият тындаған Саңырық:

- Өзіңнің де мінезін оңып тұрған жоқ Төкең айтса ол да пенде. Қаншама дегенімен қанына тартқан шығар. Көріңгенге өкпелейтін жас бала емессің. Қырықтан астың... Ия...

Тағы біраз ақыл айтыпқышы еді, есіне Шолпаны түсіп кетті. «Жәкелеп» қалған құлындарын айтсаңшы. Тірі болса алды оңға келіп тайға минуте жарап қалар еді-ау, әттең дүние...

Тумалас інісінің томаға-тұйықталып қалғанына Итемген де, әйелі Гүләйім де, Артықпай да кәдімгідей кібіжіктесті. «Бүтін тұрған жараның аузын тырнап аштық-ау» - деп өкіністі іштерінен.

Батыр мүсіркегенді өлердей жек көретін. Кенет көздері от шашып:

- Итемген, сені жалғыз деп кім айтады. Ожар жәкемнің Сары қатыны

жеңешемнен Сүтемген, Битемген үшеуіңсіңдер. Олар қайда? - деді де, - Менің тілімді алсаң, жеңгем екеуің Арыстан баптың басына барып түнендер, - деп ақылын айтты.

Саңырық батыр айтқан ақылды жанашырмын дегендер де бірер мәрте құлағына сыбырлағанда, әм Гүләйім барайықшы дегенде, тағы сол қу соққан көкірегі жеңіп: «Құдай берем десе, үйде-ақ береді» - деп бұл көнбеген.

- Жәкемдікі дұрыс, - деп Артықпай да қосыла қуаттады.

Енді әңгіме басқа жаққа ойысты. Оңашалап, кетерінде айтқаны: «Төкене сені жеткізбейді қу қалмақтар. Басқан ізіңді аңдып отыр. Алдымен ел есін жинасын деп айтыпты әнеу күні. Саған рахмет, қолдан келгенді жасадың. Сөйткенмен де қамсыз болма, дайын отыр. Келер көктем, я күз бір ұлы шайқас болмақ. Соған, сенімді жігіттерді жинай бер. Жаушы жіберермін».

Екеуінің құпия әңгімесін самал желмен толқындалған көк қамыстан басқа ешкім естімеді. Түн ортасы ауа Саңырық жүріп кетті.

Батыр Төле бимен жолығысудың ретін бәрібір тапқан. Сол түні соққанда би таң-тамаша қалды. «Арысым-ай» деп бауырына қысты. Саңырық Арқадағы жиылып жатқан батыр, билердің сәлемін жеткізіп, Итемгенді жаушылыққа жіберіп едік деді. «Е-е, батырым деді би, хан-сұлтанның алақөздігінен осы күйге ұшырадық. Бірігіп, соғысамыз дегендерің дұрыс. Біз де қарап қалмаспыз». Кетерінде айтұмар ұсынып, ақ батасын берді.

...Ертеңіне Итемген Гүләйімді алып Баба түкті Шашты Өзізге аттанды... Алла шапағатын беріп, әруақ қолдап ай өтпей Гүләйім құрсақ көтерген. Бұлаңдаған жас келіншегі арқардың етіне жерікпін деген соң үйден шығып кеткен. Арқардың құлжасын құлатып, сәл дамылдап алайын дегенде... қу қалмақтардың қолына қапияда қорлықпен түскені мынау.

Уылдап-шуласқан он қалмақ Итемгенді аттың еріне көлденеңінен зорға көтеріп салып:

- У-у, иттің дәуіні-ай, - деп бастарын шайқасты.

- Банжыр-ау, көтеріп әлпештегенше өлтіре салмадық па, - деді ілмиген біреу.

- Ей, Жарас, - деді оған Банжыр жекіп, - Кімді ұстағанымызды білесің бе? Саңырықтың туысы - Итемген ғой...

Бағанағы жамбасына оқ қадалған қалмақ екі санын шапалақтап, мен

болмасам сендерге Итемген қайда? дегендей қоқилансын.

- Мөнке жақында Саңырық осының үйіне соғып кетті деп ұлы Қоңтайшыға дәру-хат жіберіпті...

Мана әңгімені естіген Итемгеннің қаны басына шапшып желіп келе жатқан аттың бауырынан түсіп қала жаздады.

«Тиыш» дегендей Банжыр қамшымен мұны арқасынан остырта салып өтті.

Аттарын біраз желдірте жүрген қалмақтар Қоңтайшы ордасына түн қаранғы түсе бере жетті.

Ауыл шетіне жеткен соң, олар аттарының басын іркіп, біреуін ұлы Қоңтайшыға жіберіп еді, оның көп кешікпей енгігіп жетіп келіп айтқаны: «Бүгін қолым тимейді. Тау ертең алдыма әкелерсіңдер» депті.

Сөйтіп, Итемгеннен тор алынып, жертөле сияқты қазылған зындаға тасталды.

- Әй, қазақ! - деді Банжыр кетерінде айқайлап, - Аллаңа сыйынып, иманыңды иіре бер, - Кәпір сүйдеп мазақтап кетті, қайтесін.

Қалмақтың үйі де, тұрмысы да Итемгенге таңсық емес-ті. Әкесі Ожар, бабасы Есенқұсбегі, ұлы бабасы Сейіттер екі жүз елу жыл бойы жоңғармен жұдыққан. Бірде жыққан, бірде жығылған. Доңыз жылынан бері құба қалмақ баяғы Хақназар, Тәуекел хандар тұсындағы бетегеден биік, жусаннан аласа кейпінен ажырап, әбден әбжыландалып алған. Атам заманнан иемденіп алғандай шұрайлы жерлерге уығы тіп-тік шаншылған үшбұрыштылау кейіпті киіз үйлерін тігіп тастаған. Ордасы да сол пішіндес. Еркектері бәкене-бәкене бойлы келгенімен, апайтөстері де кездеседі. Онысы сірә да түркімен, бертін келе қазақпен қыз алысып, қыз беріскенінен шығар, әйтпесе еңселі халықтан саналмайды...

Сондықтан ба, зындан ішіндегі екі иығына екі емес төрт кісі мінгендей, басы кішігірім қара қазандай, қос құлағы қарыс келетін қазақты көріп қалмақ біткені «оу-оу» деп кетеді. Әсіресе, қазақ десе көздері күлмен қағып шыға келетін ойраттың қыздарын айтсаңшы. Олардың қасында аққу мойын, аршын төс, екі бетінің ұшы қан тамып тұратын қазақтың хас сұлуларына қалмақтың қоңтайшысынан бастап, батыр, тайшы, нояндары түгел ынтық... Бетін тұмшалап жүретін парсы, өзбек, сарт, түркімен сұлуларының мұрны имек, адам сүйсінерліктей еместігінен де парсының шайырлары Таразының, түркінің сұлуларын ынтыға өлеңге қосатыны. Талай сұлулар кеудесі жүн-жүн, қарашұбар, имек мұрынды сарттардың шеңгеліне түсіп, қорлыққа кетті-ау, - деп күйінеді зынданда

жатып бұл.

Цеван Рабдан да аса бір денелі адам көрінбейді. Қысық көз, жалпақ бет қалмақ... Шапшаң сөйлеп, екіленіп отыр. Жан-жағындағы нөкерлері сол күлсе күліп, жыртақтаса қосыла жыртақтайды...

- Ей, қазақ! - деді ол алтынданған зерлі орындығын сықырлата қозғалақтап әрі қолындағы бөрі басты аса таяғын нұсқап, - Мына Алай, анау Қазығұрт, арғы Алатау, бергі Қарашатаудың аң-құсының иесі кім? Арқарын атуға, құсын тұзақтауға пәрмен берген кім? Менің сайыпқырандарымды балағаттайтындай құқықты сен мұндаққа кім берген?

- Ұлы Қоңтайшы! - деді жанындағы түмен басы Сары Манжы, - жөн-жоралғы сұрайтындай кім өзі бұл? Рұқсат етсеңіз, шауып өлтіре салайын. - Өстіп айтып қайқы қылышының сабынан қатты ұстап, нығарлап еді, Цеван Рабдан:

- Жә, қызбаланба, қызталақ, - деді қолын көтеріп, - Дәу қазақтың күшін, қолынан не өнер келеді, сонысын көрелік деп тұрған жоқ па мұндағылар.

Қоңтайшы осыны айтып жас тоқалына Сerezепке қарап қойды. Жас тоқалы Қоңтайшының қолынан ұстап, нәркес көзін алып қазаққа құбылта қадады. «Шіркін, не деген сымбатты еркек-ә, - дейді жүрегі үзілдердей ынтығып, ана құшақ жетпес көкірегін иіскеп, астында бордай езіліп жатсам шіркін. Ай, айызым бір қанар-ды. Жанымды кіргізіп, жан даусымды шығарар сонда». Жас тоқалдың қарасын Қоңтайшының сол жағында тік тұрған сайыпқыран, әрі сұм Қалден-Серен айтпай-ақ ұқты. «Үздігуін. Арам ойың бола қоймас, сайқал! Мына жүзі мұқалмас алмас қылышпен қылша мойныңды қиып түсермін!».

- Көрейік. Қазақтың жабайысының өнерін! - деп жас тоқал Сerezеп қылымси сөйлегенде барып Қалден-Цереннің ордалы жыландай ойы кілт өзгерді. Арамның аты арам, сөйткенмен де харам ойы тағы қылаң беріп: «сайқалсынуын» деп қойды.

- Ия, - деді Қоңтайшы көзін бір ашып, бір жұмып, - Үш түрлі шартым бар. Соны орындасан, аулына, үйіңе аман-сау кетерсің. Орындай алмасан, маған да, анаған да, мынаған да өкпелеме!

Қолға түскендерді әжуалайтын бұлардың әу бастағы әдеті. Оған «ләппай» демеске шама қайда... Ішінен қанша жек көріп тұрса да Итемген «мақұл», - деген.

Жиналған жұртқа күлкі, қызық керек...

- Алдымен, - деді Қоңтайшы, - айдарлы шашы бетіне салбыраған, жартылай тақырбас, бөлек қарын, бура санды палуанын ортаға шығарып, - мынаумен күресесің...

- Қарадөң! Қарадөң! Қарадөң! – деп тұрғандар шулап беріп кетсін.

- Қазағым қимылда! – деді Қалден Серен миығынан күліп.

- Я, Алла! Аруақ, - деп көкмайсалы ортаға бұжбандай болып, екі балағын түріп Итемген де шыға берді.

Теңселіп келе берген Қарадөңді Итемген «Әуп» деп қапсыра құшақтаған күйі көтеріп алып, артына солк еткізіп тастағанда Қарадөңнің жамбасы сынып кетіпті.

Қоңтайшының жас тоқалының қуанғанынан жүрегі аузынан шығып кете жаздап, екі қолын шапалақтағанда, байы оған жақтырмай қарады.

Итемген артына бұрылып қараса, Қарадөң орнынан тұра алмай, төрт-бес қалмақ жабылып көтермелеп жатыр екен. Жамбо деген емшісі ортаға жүгіріп шықты да оның о жер бұ жерін ұстап көріп: «Ортаң жілігі кетіпті» деді. Тұрғандар енді «и-и» десті. Оншақты қызбалау жігіттері найзаларын ыңғайлап, садақтарын кезенбекші болып еді, Итемгеннің алапай күшіне айран-асыр болып тұрған Қалдан:

- Хан ием, осы да жетер. Босатайық қазақты, - деді санқ етіп.

Қалденнің олай деуіне себеп жоқ емес. Алдында тұрған қазақтың жүз қадам жерден жүзінгің көзіндегі тесіктен жебе өткізетінен де хабардар, әрі бүркітінің аң-құсты тірі жібермейтінін де білетін. Оның үстіне Итемгенді қазір атқа мінгізсе, құс салып қана кетпейді, мына тұрған мұндарлардың біразының бастарын допша домалататыны анық.

Қаншама қанішер болғанымен Цеван Рабдан да ақымақ емес. Ақылы кем адам бүткіл Жоңғарияның ұлы әміршісі болып, әлемнің жартысын жаулай ала ма? Оған қоса Қалдан да жөн-жосықты білетін қыраны.

- Мақұл, - деді Қоңтайшы орнынан көтеріле бере, - Қалған билігін өзің бердім. Қазақтың өнерін аяғына дейін көре алмағанына қапаланған жас тоқал бұртиып қалды... «Шіркі-ін...» деді тұрып бара жатып...

- Жарайсың қазағым! – деді Қалден қазақша таза сөйлеп, - Ерлігіңе ризамын. Дос болуға, жасаққа алуға жарайтын-ақ жігіт екенсің.

Ол осылай дегенде қастарында тұрған Сары Манжының іші күйіп кетті. «Мынау шын айтып тұр ма өзі!». «Кешегі Арқада Хан тауының маңайында он екі бауырымызды шаншып өлтірген Саңырықтың немере інісі де ұлы Қоңтайшының туын көтермек пе? Көтертпеспін».

Манжының өшпенділігін Қалден де, Итемген де айтпай-ақ түсінді.

Ақыры шыдамады:

- Әуелі Саңырық қай жерде жүр соны айтсын?, - деді тісін тас шайнағандай сықырлатып.

- Ей, несіне жынданасың, - деді Итемген де оған екі көзі жалын шаша қарап, - Не мен Саңырықты жаныма байлап жүр деймісің. Саңырық самұрық емес пе! Бүгін мұнда, ертен анда. Мен қайдан білейін?!

- Сен, қазбаламба, - деді Қалден оның иығын оң қолымен басып, - Саңырық өткен қыста Қарағандың Ақтасында қолымызға түспей кетті... Қашып қайда барар дейсің. Ұлы Қоңтайшының қолы ұзын. Қырым мен Ұрымға кетпесе, бұл төңіректе оған сая болар жер жоқ. Оны өзін де білесің... Өзін бір өжет жігіт екенсің. Ей, шіріктер, мынаның затын түгел қайтарындар да, Шақпақ атаға дейін шығарып салындар.

Қалданнан бәрі әсіресе жаңағы қодыраңдап тұрған Мәнжі де қатты қорқатын сыңайлы... Кейінгі кездері орда ішінде де күбір-күбір, сыбыр-сыбыр көбейіп кеткен... Цеван Рабдан болса қартайыңқырап келеді. Жас тоқалдың Оңқасы да есейіп қалды. Аюкенің қызынан туған Шона-Доба да тақтан дәмелі. Бірақ хандық жол үлкені Қалдандікі. Ол да сыбыр еткенді аңдып, іштей бірдеңе ойластырып жүрген сыңайлы... Кім біледі. Тақ үшін бірін-бірі бауыздай салатын бұларға еш дауа жоқ. Цеван да немере ағасы Доржыны лақтай бауыздап тастап тақты иеленген...

Күлгенде жымысқылынып тұратын Қалдан кіммен болса да тіл табысатын қудың қуы, сукиты мол сұмның нақ өзі-тін.

- Саңырыққа сәлем айт, - Қалдан тап осылай деді қоштасарда...

Мұны не үшін айтқанын әркім әрқалай жорысты...

Ажалдан құтылғанына сенер, сенбесін білмеген Итемген арқарын алдына өңгеріп, күрең қасқамен тау асып бара жатты... Орданың тесігінен жас тоқал үздіге қарап тұрды... «Шіркін, жігіттің сұлтаны сендей-ақ болсын». Ол құс төсекте қорылға басқан сасық кеуде Қоңтайшыға соңғы кездері жиіркене қарайтын... Соғысты, ел басқаруды сылтауратқан кәрі қақпастан айызы қанбай, көзінің оты жанбай жүргеніне біраз уақыт өткен.

... Бір апта ішінде біраз үй Сыр бойына қарай қотарыла көшті.

Қалдан Серен дереу Сары Манжыға пәрмен берді. Қуып жетіп, шаңырақтарын ортасына түсір, бірін қалмай қыр! - деді...

Мың адаммен суыт шыққан Манжыны Саңырық Арыс өзенінің ну тоғайлы жерінде қарсы алды... Жасағы жеті жүздей...

- Жекпе-жек! Жекпе-жек! – десті екі жақ алаңқайға шауып шыға бере

бір-біріне...

Қалмақ жағынан ақ ту көтеріп бір шерігі жетті. Сары Манжы:

- Еркек болса Саңырық шықсын менімен! – депті.

- Итіңе айт, дайынмын! - деді Саңырық түнеріп.

Қалмақ кері шауып кетті.

- Саңырық, осы жолыңды маған берсең қайтеді! – деді Итемген.

- Жок! – деп шорт кесті ол құла бестісін ойнақшытып.

Саңырықтың айтпайтынын, айтса айтқанынан қайтпайтынын білетін ағасы Дәнен, інісі Сарымерген де іштерінен тынып, бір Аллаға сыйынды. Ыстының батырлары – Бөрібай, Жарықпас, Есейлер де арғымақтарын тебінісіп, компылдасып еді, Ақтамберді:

- Жә, жау бәрімізге де жетеді, - деді күреңін тежей сөйлеп, - Манжымен Саңырық екеуінің ежелден бір-біріне есебі бар, бауырлар. Бүгін соның сәті түскен шығар. Бір Алла жар болсын...

...Күн екіндіден аса бере екі жақ ұрандасып тұрды. – Шығыстан қарақұласымен құйғытып Сары Манжы, батыстан құла бестісін ойнақтатып Саңырық шықты. Екеуі де бес қаруын сайлап алған... көзсіз баһадүрлер-тін.

Көшті Сырды жағалатып есті қариялар бастап кеткен...

Ақтамбердінің жүрегі жырдан тулап тұрды:

- Ай, жауға шаптым ту байлап,

Шекті бұздым айғайлап.

Душпаннан көрген қорлықтан,

Жалынды жүрек қан қайнап.

Ел-жұртымды қорғайлап,

Өлімге жүрміз бел байлап...

Саңырық соғысқа қалқансыз кірісетін, бұл жолы да сөйтті. Бәлкім, өзіне сенетін хас баһадүр ғана сөйтер... Итемген мұның мәнісін сұрағанда:

- Қалқанның кейде кесірі көп, - деп қысқа қайырды.

Қыр басында ақ шашақты найзаларын көкке көтерген сарбаздар:

- Әруак, әруак.

- Бақтияр, Бақтияр!

- Атшабар, Атшабар!

- Жауатар, Жауатарласа, -

қарсы беткейдегі төбе үстіндегі қалмақтар «Арқарласып» өз ата-бабаларының аруағын шақырып ұрандасып жатты. Әдетте жекпе-жек,

қанды шайқас алдында керней тартылып, барабан соғылатын. Дәп бұл жолы ол тәртіп, орнымен орындалмай қалды...

Сары Манжы да денесі ірі қалмақ. Талайғы жекпе-жекте қазақтың небір баһадүрлерін ат көтіне түсірген сайып қыран. Қарсы алдынан қалқансыз шауып келе жатқан Саңырықтың қылығына қас-қағым сәтте таң қалды да: «Ой, мынадан менің қай жерім кем» дегендей қалқанын артқа лақтырып жіберсін.

«Я, Алла!» деді Саңырық... Батыр найзасын оң қолымен ырғай ұстап... Өттең соғыс тәртібі жібермейді. Әйтпесе, он-он бес құлаш жерден лақтырған найзасын жауының көкірегінен өткізетін құдіреті, күш қуаты жетерлік-тін...

Жоңғардың түменбасы Аллаға сыйынбайтын, будда діндес. Адамның суретінағаштан ойып, әспеттеп соған табынатын. Әрі оларда көшпенділер тәрізді көк тәңірін, өздерін емізген қаншық қасқырға сыйынады...

Қос тұлпар жер апшысын қуырып, айналасы бес-алты монеттің ішінде екі батыр найзаларын кеңірдектерін дәлдеп, ырғай өтісті. Саңырық Манжыдан шапшаң екен, қабырғасын қақырата найзасын қадап үлгерді... Қалмақтың найзасы сілтеген жерге діттемей қолтықтың арасынан өтті. Сонда барып ол қалқанын лақтырғанына өкінгендей... Аттарының ауыздығымен алысқан екеуі әудем жерге дейін шауып барып, найзаларын лақтырып тастап, қылыштарына жармасты. Қынабынан суырылған қайқы қылыштар батып бара жатқан қызыл күннің шуағына шағылысып, жарқ-жүрк ете қалды...

Бәлкім, екеуінің көзіне қан толып кеткен болар. Жекпе-жекке шыққанда адам өлетінін де ұмытатындай күн кешеді. Өйткені, әрқайсысы әдіс-айлап асық деп шығады... Қылышын онды-солды сермеп келе жатқан Манжы өліспей берісе ме? Исфаянның өткір, суға суырылған жалпақ қылышын жалаңдатқан Саңырық кімге дес берер...

Енді байқады, қанына қарайған қалмақ айғайлап, сөйлеп келе жатқандай.

- Ей, Саңырық, он екі бауырымның қанын мойнына жүктетіп қоймай, жаныңды көзір аламын...

- Аларсын, ит қалмақ!

Қылыштар бір-біріне шақ-шұқ етіп от-жалын шашты.

Енді, бір мезет, Саңырық көз ілеспес шапшаңдықпен Манжының қылыша мойнынан қиялай тартып жібергені...

- Оһ, - деген Манжы ерден ауып бара жатты...

- Аруақ! Аруақ!
- Бақтияр! Бақтияр!
- Атшабар, Атшабар!
- Жауатар, Жауатар!...

Күшіне сенген мыңбасылары аттан ауып түскенде қалмақтар да шулап қоя берсін.

Жекпе-жектің тәртібі бойынша ұрыс тоқтатылуы керек-ақ еді, бірақ оны қалмақтар жағы бұзып, ұрандасып беткейден ойпатқа қарай лап қойсын...

Саңырық кейін өз сарбаздарына қарай көсілте шабуға мәжбүр болды, сол сол-ақ екен Ақтамбердінің:

- Ал, қырандарым, алға! – деген үні саңқ ете қалысымен, қандары қайнап тұрған екінші жақтағылар да үдере шапсын.

Ақ ту Битоқтың қолында. Өлсе айырылайтын түрі көрінбейді. Барлығы кәріленіп алған.

Не керек, күн ұясына батар тұста екі жақ мидай араласып кетті. Біреуді-біреу біліп болмайтын сияқты, көк майсалы ойпат қою шаңға айналды.

- Ұр-ә!
- Соқ!
- Шап!
- Өлтір!

Найзалар денелерге қадалып, қылыштар өлім күлін сепкендей.

Әсіресе Итемгеннің қимылы ширақ... Қою шаңның ішінен Банжырды көріп қалған, тіке соған қарай шапты... Ол да қылышын ала ұмтылды. Онысынан ештеңе шықпады. Итемгеннің найзасы қалбаңдаған қалмақты ат-мағымен омақасата құлатты... Жойқын күштен екеуі бірдей опат тапқан сынайлы...

Сүт пісірім уақыт өтпей, қалмақ шеріктері қырылып бара жатқан соң кейін шегініп, алды қаша бастаған. Әбден қаны қарайып, жоңғарға есесі кетіп жүрген Бәрібай, Тілес, Есей, Сарымерген, Итемгендер өкшелей қуып, жеткенінің желкесін қиюда...

Кенет керней тартылды. Сонда барып сарбаздар тыншып, қайта ту астына топтасты. Қаншама дегенімен соғыстың аты соғыс. Қазақ жағынан да біраз сарбаздар шейіт болғанға ұқсайды... Жараланғандары да жетерлік. Бірақ, алғашқы жеңіс қазаны да ұмыттырып жібергендей... Бәрі ісіп-кеуіп елеріп тұр.

- Ей, жігіттер! - деді Ақтамберді, - Алла жар болып, қалмақтың бетін қайтардық. Тәуба дейік... Қаза болғандарды ақ жауып, арулап көмейік... Жау да болса қалмақ та адамның баласы. Олар да көмусіз қалмасын. Енді бұл жерде көп бөгелмей, күнгеі жаққа қарай жылжиық.

Жөн сөзге бәрі де жығылды...

* * * * *

Сол күні Түркістанға осы жеңіс туралы Ақтамберді Жолбарыс ханға сүйінші сұрағандай болып жеткізгенде, ол мақтап, марапаттаудың орнына:

- Ей, Ақтамберді! Қазір ұрысатын, соғыстан кез бе? Қырда басың, ойда аяғын бірікпей жатыр емес пе? Енді Цеван Рабдан қалың қолмен шапса не істейміз? Қарсы қояр әскерің қайсы. Бет-бетімен соғысатын ұр-қарысындар ма?, - деді кәрілене.

- Хан ием! – деді Ақтамберді түтігіп, - Бұға берсең, сұға береді, бұ қалмақ. Жоңғардың желігін өстіп-өстіп басып тұрмасак, ел емес ездін нақ өзіміз...

- Сап, сап, - деді Жолбарыс, - Шыдайық та.

- Шыдап, шыдап болғанбыз... Ойбай, анаған тимейік, ойбай мынаған тимейік дегендегі тапқанымыз осы ма? Халқың қайда? Әскерім қайда дейсің. Қарашанды тоздырып, жаудың абыройын оздырып, кімге билік етіп отырмыз өзіміз? Шілдің боғындай тозып кеткен қазақты кім жинайды?

Жолбарыс Ақтамбердіге таңырқай қарады. «Мынау, маған ақыл айтып тұр ма?» деген кекесін қарас әрине...

- Еліне еге болмаған, қалмақтың табанын жалаған Ордаға қызмет еткенше өлгенім жақсы.

- Кет!

- Кеттім!..

Ақтамберді хан Ордасынан біржолата сілкініп, қапаланып шықты...

Үш күннен соң Саңырықтарға жетіп, болған әңгіменің ұзын-ұрғасын айтып еді:

- Ханға қарсы сөз айтқаның бекер-ау – деп өкініш білдірісті тыңдағандар.

- Айтпағанда қайтем, - деді Ақтамберді аптығы басылмай. - Хан

емес, Цеван Рабданның қалқайтып қойған қарақшысы тәрізді. Қой екеш койда пышаққа ілінгенде тұяғын серпімей ме? Әркімнің аузына қарап, бүгіжіктей беретініне күйінем де. Мың күн қоян болғанша, хан тағында отырған соң бір күн болса да буралық танытса деймін де...

- Жә, - деді Саңырық, - Жырау, біз Сырдың төменгі сағасына көштік. О жақта Кіші Орда ханы Әбілхайыр... Тұрақты әскері бар... Соған қосылмасақ болмас. Болат ханың мен Әбілмәмбетіңнен қайыр шамалы, Жолбарысыңа тойдық.

- Тайлақ батырға сәлем айт! - деді Ақтамберді. - Жеті рудың туы еді...

Әңгімеге араласпай отырған Итемген Тайлақ батыр туралы білгісі келіп жүрген. Ақтамберді кеткен соң, жолай Саңырыққа сұрау салды.

- Әкеміз Тоқтыбай Тайлақтың әпкесі, анамыз Айшықты алған. Нағашым Кіші жүз. Жеті ру керейіт Бекежан батырдың тікелей ұрпағы.

- Жағалбайлы Төлегенді өлтірген Бекежан ба! - Итемгеннің түсі суып кетті. Шыннан жек көріп келеді.

- Жоға, - Атын тебінген Саңырықтың түсі енді жылығандай, езу тарта сөйледі, - Жала ғой. Негізі өлтірген қожалар болса керек.

Итемген ары қарай қазбалағысы келіп еді, әңгімеге Сарымерген араласты:

- Әп, бәсе, өзім де солай ойлаушы ем, - деді де, Төлегеннен тұқым қалды ма өзі? - деп әңгімені тірілтті...

- Е-е, неге болмасын, Жібек сұлу:

- Тағы да бас қосқаным Жағалбайлы.

Жылқысын көптігінен баға алмайды,

Өлгені Төлегеннің рас болса,

Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды!, -

демей ме? Осы зарды естіген Сансызбай ағасын іздеп Ақжайыққа келген, - Саңырық осылай деп еді, өлеңге әжептәуір ықыласы бар Биток:

- Артында жеткіншегім бар деуші еді

Жесірін іздеп келіп неге алмайды, -

деп қысса мақымына салып құйқышжыта жөнелді.

- Пәлі, сен тек найза ұстауға ғана жаралған ба десем, керемет жыршы да екенсің ғой, - Саңырық Битокқа сүйсіне көз тастады, - не сол Сансызбай Жағалбайлының жесірін іздеп жолға шығады. «Егер қыз қаламаса көтімді қысып кері қайтамын» дейді. Қаламау қайда. Нәменгерлік салтымен

Жібек Сансызбайға тиіп, Алшын Шекті елі қырық күн ойын, қырық күн тойын жасап ұзатып салады... Сол Сансызбайдан Төс батыр... Тайлақтың жанындағы сенімді серіктерінің бірі...

- Ой, Аллай... Бұл да құданың құдіреті шығар. Күні кеше Бекежан Жібекке өлердей ғашық болып, Қосабада Төлегенді күтіп, өлтірсе, бүгін ұрпақтары жоңғарларға қарсы бірігіп, тізе қосып қолдарына қару алып шайқасып жүр, - Итемген тандай қақты.

- Махаббат жөні бір басқа, - Саңырық терең күрсінді, - Елдіктің қасиеті одан бөлек. Оның үстіне дәл қазір өткен шақ үшін егесетін кез бе?

Рас-ау. Бәрі Саңырықпен келіскен сынай танытты...

Ошақты руының көші екі күннен соң Сыр өзенінен орта тұсындағы Теренөзек маңына Итенге қоныс тепті.

Жер ыңғайы Таластан еш аусайшы. Қызылқұмнан қиып өткен соң Сырдың екі жағы қалың қамысты болып келеді де, өзен алыстаған сайын, боз жусаны, бетегесі шоқ-шоқ боп өсіп, солтүстігіндегі жыңғыл, шеңгел, дүзгені, ары қарай сексеуілі нуға бергісіз...

Кіші жүздің Әлімұлы, Байұлы, Жетіруының Әбілхайыр қолына қарағандары түгел осы төңіректе... Төртқара, Шекті, Жаппас, Тама, Табын, Кердері, Керейіт, Жағалбайлы осы араны қадым заманнан мекендесе, Еділ, Жайық тіпті Азау төңізінің маңайынан ауа көшкен қарақалпақтар да көп...

Бұлар жайласып, үйлерін тігісімен құтты болсын айтысып Тайлақтар келді. Апайтөс, қияқ мұртты, қызыл шырайлы жігіт ағасы:

- Үйсіндер, қоныстарың жайлы болсын, - деп күліп тұр.

Амандасқанда алақандары күректей... Таза Бекежанның тұқымы. Тайлақ Итемгеннің алпамсадай денесіне қарап ризалықпен:

- Ей, мен дәуімін бе десем, меннен де алып Алпамыс бар екен, - деді.

Итемген марапаттауға кәдімгідей марқайып қалды.

- Менің немере ағам, Итемген. - Саңырық таныстырып жатыр. - Бөтенің емес, бұл да жиенің.

- Әп бәсе, - деді Тайлақ жүдәма риза кейіппен, - Бәсе. Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан, үйдің жақсы болмағы ағашынан демекші. Өзімізге тартқан.

Көш келгенде көршілердің біріге уық шанышысып, шаңырақ көтерісетіні көшпелілердің ежелгі салты... Тайлақтар да бәлсінген жоқ, комектесіп кетті.

- Аға баласы келді. Ерулік беру салтымыз. Ертең түске Күмөзектегі ауылға келіп, тамақ жеп кетіндер, - деп кетті кетерлерінде...

Шіркін, тектінің тұқымдары-ай...

* * * * *

Кіші жүз де тынышсыз. Солтүстігінен Ресей, өзі, өзі болмаса да біресе башқұрттың, енді біресе қалмағын айдап салып, «бірің өліп, бірің тірі қал» деп жатқан екен...

Аласұрған Әбілхайыр орыстан қару-жарак сұрап жатса, Хиуаға, тіпті Қоқанға да арқа сүйеуге пейілді... Қоқанда Елдан бек, Хиуада (Хорезм) өз аталасы Қайып ханның тұқымдары отырса да беріп жатқан көмектері шамалы. Олардың да орыспен ойнағысы, қалмақпен қырқысы жоқ. Түбі бір түркі дегенімен, соғдығылықтармен, парсылармен араласа бастаған тоқсан екі баулы қыпшақ, он екі баулы қоңыраттардың да салт-санасы өзгере бастағандай...

Баяғы арғын Ақжол биді қарақыпшақ Қобыланды өлтіргелі бері екі тайпаның ара жігі ажырап кеткендей...

Айта берсе әңгіме көп...

Обалы не керек Кіші жүз елі батыр шалыс, өр мінезді болып келгенімен аға баласы деп үйсіндерге тізе, я тырнақ батырған емес. Бір-бірімен барымталасып, балталасып жатса да бұл елге зорлығы жоқ.

Осында келгелі Итемгеннің де Құдайы жарылқады. Келіншегі Қалет, Әйменбет, Қазыбектей сазандай-сазандай үш ұл туып берді... Ана жылы Гүләйім арып-ашып, азып-тозып әулие-әнбиелердің сағаналарының басында: «Я, Алла, ұл-қыз тумайтындай не жаздым. Иіскейтін шарананды ки» деп көз жасын көлдетіп жатып ұйықтап кеткен екен. Таң ала кеуім шақта сақалы белауырына түскен шал: «Тұр, қарағым. Қамықпа. Үш ұл беремін. Бірі батыр, екі қолында екі шоқпар, белінде бес шоқпары болар, екіншісі – сері, үшіншісі бай болады» депті батасын беріп. «Ата» дегенше жоқ болып кетпей ме. Адам айтса сенбес. Содан үш жылда шекелері торсықтай-торсықтай үш ұл туды. Әсіресе Қалеті – алып болып келді өмірге...

Өткен күз Қоқан хандығына келер ме келмес пе еді, ағайындары Сүтемгенмен, Битемгенмен, Сәңке, Мөңке байлар Сыр бойына көшпей

Ташкенттің арғы бетіндегі Шыршық өзенінің бойын қолайтпап, тұрақтап қалғанда хал-жағдайларын білмекке барғанды, бірақ олар Итемгенді қол қусыра қарсы алған жоқ. “Сырға барғанда бізді кім жарылқайды” - деп бастарын сыйпасты. Содан жүргіншілеп Қоқанд қаласына барғанда Елдан ханның қатыны ұл туып мәре-сәре болып жатқан тойының үстінен түскен. Қарап жүрмейтін қызбалағы тағы да орға түсіре жаздады.

- Ей, қазақтар. Елдан ханның түйе палуанына қарсы шығар кімдерін бар? – деп жаршы айғай салғанда, шыдамай ортаға жүгіріп шықсын бұл.

Абырой болғанда ортаға одыраңдап, ойқастап шыққан атан бура санды палуанды Итемген көп еркелетпеді... Оң жамбасқа алып: «Я, Аруақ» - деп жайманың үстіне бұрқ еткізді. Сөйтті де басынан аттады. Жерден жік шыққандай, жалғыз қазақтың бас палуанын жер қаптырғанына намыстанған Елдан хан: «Ақ піліммен күрессін» - деп қиғылық салсын. Жыртық үйдің құдайы бар емес пе, Мұқым әулиенің: «Пілдің жаны еттұмсығында, бұрасаң бұрқ ете қалады» - дегені табан астында.

Мұқымның айтқанын істеп ақ пілді де жағанамға жібере жаздаған соң хан ризашылық білдіріп:

- Тойдың шырқын бұзатын ақымағың мен емес, - деді естірте, - Көкдауыл тұлпарды сыйладым.

- Тақсыр, – деп Елданның жақын-жұраттарының бастарындағы сәлделері ұшып кете жаздап еді:

- Жә, айттым бітті, кесілді үзілді! - деп Елдан хан қауарланды.

Қырық қатын алса да, біреуінің пұшпағын қаната алмай жүргенде, жас ніс тоқалы ұл сыйлап жатқанда жарылмайтын не бар?!

Итемген мен Мұқым сөйтіп Қоқаннан олжалы оралды. Әрі жолай жол торыған жоңғарлар Көкдауылды алып қалмаққа бекініп шабуылдағанда Итемген шалдырмай кетті...

Қалмақтың Өлең батыры ызалана:

- Ей, Итемген, Манжының кегін бәрібір аламыз, - деп айқайлап қалды.

- Терезек маңындағы Тоғысқанда отырған ауылға келген соң Көкдауылға қызықпаған ел қалмады... Тұлпардың тұрпаты есік пен төрдей. Бірден үйірге жіберуге тағы қорықты. «Тұлпар түбін табады» - демекші Қоқан жаққа тартып тұрса, кім барып әкелер...

Сөйтсе Көкдауыл Сыр бойынан екен. Ертеректе Елдан ханға Кіші орданың белгілі байларының бірі – Қарасақал сыйға тартқан. Тай күнінде

кетсе де, жануар туған жерін ұмытпаған. Көкдауыл Сыр бойын әбден сағынып қалыпты...

Шұрқырап, кісінеп, кең даланы шыр айналып шауып өтіп, жаңа несіне келіп, ніскелеп тұра қалсын.

- Жануар, жануарым... – Итемгеннің көзіне бір тамшы жас келді.

Өмірінде тас еменше нілмеген жүрек ер қанаты – Көкдауылына ереді. Қаншама құқайды басынан кешірсе де дір етпеген тас жүрегі тұлпарына иіді. Жылқыны пір тұтатын қазаққа тән қасиет еді де бұл...

* * * * *

Қалет (атын Мұқым әулие кітапқа қарап қойған. «Алланың қылышы» дегенді білдіреді деді) екіден үшке аяқ басқанда Саңырық келді үйге...

- Дайындал, - Ұлытауға жүреміз...

Ол кезеңде әр қазақтың үйінде бес қаруы сай тұратын кез.

Итемген сөзге келген жоқ.

- Қайда бара жатырсың? - деп Гүләйім де сұрамады.

Қазақтың салт-дәстүрінде еркек жолға шыққанда әйел жылап-сықтап қоштаспайды, азық-түлігін әзірлеп береді.

Қырық түрлі қыссалардағы қоштасулар ше? Сірә да ол жыршының аузынан туындаған болар. Жылап-сықтауды жаман ырымның белгісі деп түсінеді. Жөн-жоралғыны білмейтін Гүләйім емес әрине. Іштей Аллаға жалбарынады да. Оның үстіне жалғыз Итемген емес, бір Ошақты аулынан жүзден аса жігіт атқа қонып, бес қаруын сайлаған. Екі-үш жыл бойы найзаларын саптап, қылыштарын суарып, сауыттарын тоқып, жай, саржа, көк сайдақ, былғары садақтың неше түрін, қорамсапты жебенің небір түрімен толтырып, тас-түйін отырған еркекке не десін...

Қолды Итемген бастап Ұлытауға аттанып кетті.

- Көн садақтың ішінде,

Көбе бұзар жебе бар, - деп Шалкиіз жырау айтпақшы, ұлы шайқасқа бара жатқан жүз сайыпқыраннан әр қайсысы жүзге татитыңдардан кілең апайтөстерден-тін.

* * * * *

Іргетау, Кішітау, Ұлытау сілемдері бір-бірімен ірілі-ұсақты шоқылар арқылы селбесіп жатады. Ұлытаудың солтүстік шығысындағы Шұбар-теңіз көлінің маңында қос бұрымдай қосақталып, Бұланты мен Бөленгі өзені ағатын... Екі өзеннің суы да аса терең емес. Шұбар теңізге төңіректің өзендері келіп құятын.

Ұлытауға көз тіккен Цеван Рабданға Далатау, Хан, Майжазылған, Жамбыл таулары мен Шу, Талас өзендері, Мойынқұм ары қарай Тәшкенге дейінгі жер қарайтын.

Ордабасындағы ұлы жиыннан кейін Әбілмәмбет ұлы хан сайланып, Әбілхайыр бас қолбасшылыққа тағайындалған соң, жаушылар жан-жаққа жіберіліп, қазақ даласының түбінен ту көтеріп, лек-легімен жиналған сарбаздардың саны рас болса 40 – 44 мыңға жетті. Бір Саңырықтың қол астында 7000-ға тарта сарбаз бар десек, бұл дерек те шындыққа сәйкес келмек...

Қазақтың белгілі батырларынан қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, шапырашты Наурызбай, тама Есет, әлім Бақтыбай, ошақты Саңырық, керейіт Тайлақ, шөмекей Кесікбай, үйсіндер Ақтамберді, Қандыбай, керей Сырымбет, тілеу Өріс (Орыс), адай Шотан, ажығай Күлсары, шақшақ Жәнібек, сары жетім Бұлақбайлар бар тұғын. Иықтысы – Малайсары.

Олар аз жылдың ішінде әр жерде ұрыс салып, атақ-абырой жинап алған батырлар болса, Итемгеннің ұлы шайқасқа алғаш қатысуы...

Дәл осы соғыста оның да атының Саңырықпен қатар аталатынын дәл сол кезде кім болжап білді дейсін...

Бесқаруын сайлаған батырлардан рубасы атағын, Тайлақ пен Саңырық, қанжығалы Бөгенбай алып үлгергенімен бірақ үшеуінің де ол атақты тәрк етіп Әбілхайыр мен Сәмекенің қосынынан жүзбасы, мыңбасылықты артық көргенін де Итемген осында келген соң білді...

Екі жақтан жүз мыңнан аса сарбаз қатысқан ұлы шайқас туралы небір аңыз-әңгімелер қалды. Жыраулар батырлар туралы қиссалар шығарады. Тарихшылар Ұлы Отан соғысына теңеді.

Тура екі ғасыр өткен соң қазақтың ұлы тумасы, жол инженері, тарихшы Тынышбаев Мұхамеджан былай деп жазды. «Ең алғаш рет қалмақтарды Кіші жүздің батырлары Бұланты мен Бөленгі өзендеріне

таяу Қарасыр деген жерде қырғынға ұшыратып, ойсырата соққы берді, ол жер кейіннен «Қалмақ қырылған» деп аталды. Атақты Саурық батыр (Тасжүрек атасынан) қалмақтарды 1725 жылы талқандап, қалдықтарын Қаратау тауына шейін қуды. Екінші мәрте Қазалы уезінің шығысында күл-талқан етті». Айтып отырған Саурығы – Саңырық әрине. (М. Т. Великие бедствия – 1992г. Алматы, Жалын)...

Ендігі бір белгілі тарихшы Т. Ж. Шойынбаев «Добровольное вхождение казахских земель в состав России» деген (1982г. Алматы, изд. Казахстан) деген кітабында бұй депті: «... Тәуелсіздік үшінгі (Жоңғар басқыншыларынан) күресті «қарасүйектен» шыққан батыр-старшындар басқарды. Олар Кіші жүзден – старшина Тайлақ батыр, Орта жүзден – старшина Бөгенбай, Ұлы жүзден – старшина Саурық (Саңырық) батыр» (43-беттен).

М. Тынышбаев шайқас 1725 жыл өтті десе Т. Шойынбаев 1728 жылы болған еді деп болжамдаған.

Шынында да Ұлытаудың бойында қалмақтарға қырғынға ұшыратқан қазақ батырлары екендігіне еш дау жоқ. Шыны керек, ол шайқастарда Әбілхайыр, Әбілмәмбет, Болат хандардың бөлендей ықпалы болмағаны анық. Қара халықтың қаһарынан зәре-құты қалмаған төре тұқымдарының есі сонда кіріп, жыл өткен соң Ордабасында ұрандаса қалды.

Осы жеңістен кейін бүткіл қазақ даласы шаттанып, қазақтың бүткіл ығайлары мен сығайлары Түркістан қаласының маңайындағы Ордабасында жиналып ұлы Құрылтай өткізіп, жоңғарларға қарсы күресті жүргізе беруге бірауызды шешім қабылдаса керек-ті. Көп ұзамай қазақтың қалың қолы Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Аңырақай даласында жоңғарларға екінші мәрте есеңгірте соққы бергенде, сол сұралып соғысқа Саңырық та қолбастап келгенін Қазбек бек Тауасарұлы «Түр-тұқаяннан өзіме шейін» деген кітабында жазып кетіпті. Сол шайқасқа Сары баласы Ақтамберді жыраудың да қатысқанын да әнгімелейді.

Жазушы Ә. Әлімжанов «Жаушы» романында Тайлақ пен Саңырық туралы дерек беріп, екі жақтан жекпе-жекке алғаш шыққан батырдың бірі көкатты еді деп жазыпты...

Жекпе-жекке шыққан Итемген батыр еді.

Қалмақтың мың-сан қолын бастап келген ұлы ханзада Шона-Даба. Жакында ғана таққа отырған Қалдан – Іле маңында. Шонаны әдейі жіберді. Көрсін, өлсін деді мысық тілеуленіп. Осыдан бір жылдай уақыт бұрын Цеван Рабданның тоқалы СЕРЕЖЕП Қалданның көзін жоямын деп

у әзірлемей ме. Ойы – оның көзін жойып, ұлы – Оңқаны таққа отырғызу. Зәлім қатынның арам ойы іске аспай қалып, у құйылған кеседегі сусынды Цеван ішіп сеспей қатты. Талай қазақтың қанын мойнына жүктеген қанішердің ажалына қатыны СЕРЕЖЕП осылайша себепші болды.

Әлімсақтан тақ үшін талай сұмдықты ұйымдастырған Қалдан мұны білген соң аясын ба? Қатынды да, оның баласын да аяған жоқ, басын алдырды. Олармен бірге Цеван Рабданға берілген деген талай сарай қызметкерлері мен жүзбасы, мыңбасы, тайшылардың бастары алмас қылыштың астына түсіп, домаласын.

Қалданның қулық-сұмдығы Цеваннан да алып-түспесе кем емес екендігі осы қырғыннан-ақ байқалған-ды. Шыңғыс бабасы тауықтың жүнін жұлып тастасаң – айтқаныңнан шықпайды деп үйретпеді ме? Тұқымы да сол тәсілді қолданды.

1635 жылы Халқаның бойында Жоңғар мемлекетін құрған Қонтайшы (ұлы князь) Батыр бабасы да темірдей тәртіпті өсеттеп кетті. Қорқытып, үркітіп ұстамаса қалмағымның да басы бірігуі қиын деді... Өттен торғауыттарды бастап Аюке хан Еділ, Жайық бойына өтіп кетіп, күштің екіге жарылғаны.

Шыңғыс хан заманындағы ұлы империяның негізін қалаған мұңғұлдар екі ғасыр өтпей жатып, Шығыс (халқа) және Батыс (ойрат) одағы болып екіге бөлінген-ді. Ойрат одағына кірген шорыс, хошауыт, торғауыт, дүрбіт рулары Батыр сұлтанның тұсында күшейіп бір тудың астына жиналып Жоңғар мемлекетін (сол қол) құрған-ды. Содан бері де жүз жыл өтті. Халқа өзенінде өткен ұлы Құрылтайында әскер құруға, сойтіп, кешегі әлемнің эміршісі Шыңғыс бабаларының бақ-дәулетін қайтаруға анттасқан. Аз жыл ішінде-ақ жауынгер халық күшейіп, кіші айдаһарға айналды. Ең алдымен ежелгі жауы саналатын – Дешті – Қыпшақ даласына көз тікті... Көз тігетіні қазақ даласының қай пұшпағын алып қарасаңыз да, түбі бір мұңғұл туыстары билеп, төстеуде...

Әлімсақтан бері діні, тілі бөлек болғанымен кең қолтық қазақтың байларын алдап, сулап қолға түсіреміз, көнбеген би, батырларын найзаның ұшы, қылыштың жүзімен бағындырамыз – дейді іштей арам ойлары.

Өзі де алғашқысында солай басталып еді, бірақ түбі мұңғұл дегенімен түріктенген Есім, Жәңгір хан, одан қала берсе Тәуке хан оған көнбес-ті. Жүз жыл болды... Екі жақта ат үстінде.

Құдай жарылқағанда швед офицері Ренат жоңғардың қолына түсіп,

қалмақтардың бағы жанып, аз жыл ішінде зеңбірекке, қара мылтыққа еге болып шыға келді... Өлген-тірілгеніне қарамай кескілесетін қазақты зеңбірегімен қорқытып, құла түзден бездіріп жіберіп, кең даланы иемденген Қалдан Церен қазақты түп-тұқиянымен жойсам деп күндіз-түні армандайтын. Әп, бәлем, сонда шығыстағы Цин империясы мен солтүстіктегі Ресей де мұңғұл елінің күш-қайратын төрт жүз жылдан кейін қайта мойындап, санасар...

Әр қала мен бекініске хан, бек, құсбегін сайлап өздерінше елміз деп шуласып отырған Мәуеренахры қолыма топ етіп өзі түсе қалар...

Ұлы қонтайшы Қалдан Церенді бүткіл әлем мойындап, бас иер...

Арам ниетін жүзеге асыру үшін ұлы жүз бен орта жүзді жайратып бауырына басқан Қалдан Церен енді Ұлытау арқылы Еділ, Жайыққа шығып, ретін тапса Аюкенің көзін де жойып, алып империя құрмаққа нық бекінген. Тіпті, Әбілхайырға Асан тайшысын жіберіп: «Туыс емессің бе. Орыс қатынға бодан болғысы келіп жүрген көрінесің. Ол райыңнан қайт. Менің бодауымда болсаң, Түркістан, Ташкен сенікі» деп сәлем айтты. Жіберген елшісін өлтіріп тастатқан Әбілхайырға:

- Басың кететін жеріңді білмейді екенсің, Әбілхайыр! Әлі-ақ, алдыма келіп, табанымды сүйесің, - деп кіжінді Қалдан...

Жоңғардың ұлы ханзадасы Шона-Даба шатырын әскерлерінің артындағы қыр басына тіктірді. Қарсы бетте – бас сардар Бөгенбайдікі... Көк атты батыр Итемген әлгінде ғана мұның бас батыры Ботихарды жан-тәсілім еткізді дегенде, бүйрек беті безірейіп, қысық көзі шатынаған. «Қап, бекер-ақ баяғыда басын алмаған екенмін» деп ханзада, әрі бас қолбасшы Шона Даба бармағын шайнады.

Өттең әкесі Цеван Рабдан мен ағасы Қалдан Серен болмағанда... Көзінен өшпенділік оты шашырады, - Итемгеннің басын Тәшкенде-ақ алатын едім-ау деп кіжінді.

- Уай, қайсың барсыңдар! – деді кенет жан-жағына ежірейе қарап.

- Мен, - деп ұзын бойлы, жағына пышақ жанытын қайрақтай теп-тегіс Бошық батыр оң қолын кеудесіне басып еңкейді.

- Өлмесен, Ботихардың кегін ал! – деді Шона-Доба қолымен ишара жасап...

Бошық құла айғырға мініп, ортаға қарай шаба жөнелді.

Қазақтар жағынан сары ат мінген қарағай сапты найзалы, күміс қалқан, темір сауытты біреуі шықты.

- Бәсентин Малайсары батыр, - деді көңілі толқып отырған Шона-

Добаның құлағына еңкейе сыбырлап Дауашы.

Малайсарының атына да Шона-Доба қанық-ты. Алысса алдармайтын, ерегіскен дұшпанның жанын кеудесінде қалдырмайтын сайыпқыран екенін де білетін. Бошық та оңайлықпен алдырмас деген есек дәмесі басымырақ, жүрегі дүрсілдеп, аузынан шығып кетердей болып отыр. Соғыстың заңында алғашқы жекпе-жектерден жеңілген жақтың ұрқы қашып, айбыны аспай қалады, қаншама ұрандасаң да жүзі кетілген қылыштай өтпей, өкпенді қысады.

Шона-Добаның үміті бұл жолы да ақталмады. Малайсары Бошықтың басын біржолата допша домалатып шауып түсіргенде ханзада есінен танып қала жаздаған. Жоңғар түмендерінің үні шықпай, маңқылдады да қалды. Бошықтың атын жетелеген Малайсары өз жағына қарай желе жортты.

Ұрыс майданын қалт жібермей қадағалап отырған Шона-Доба есін дереу жинады.

- Зеңбіректерді іске қосыңдар! – деп әмір берді.

Жоңғарларда швед офицері Густав Ренат жасап берген жеті зеңбірек бар екен, қазақ жасақтарында о-да жоқ. Тек Саңырық пен Тайлақтың башқұрт жүздігінен тізілген сарбаздарында күлдірмамай мылтықтар ғана бар деп естіген, көбісі көбе бұзар садақ, алдаспан қылыш, ұшына қыл байланған қарағай сапты найзамен қаруланған. Қазақтың қылышы да найзасы да жоңғарлардікінен ұзындау. Сірә да жауын жайратқанға ыңғайлы дегендері шығар.

Ханзаданың бұйрығымен Бұланты өзенінің аңғарындағы жеті зеңбіректен ата бастағанымен қазақтар да қарап қалмағандай... Астарындағы кіл сәйгүліктері оқтан да ұшқыр, қазақ сарбаздары топталмай жайыла шауып атойлады. Ойлары Шона-Добаның екі қапталындағы түменін айнала шауып қоршауға алу, сөйтіп қырғын салу.

Бұланты мен Бөленгі өзендерінің ортасы кең аңғар, аттар көсіле шапқанға ыңғайлы жер болғанымен, ат сүрінтер бетегеден биік қойтастар жүдә көп кездеседі.

Құйғыта шапқан бұл сарбаздар – Бөгенбай, Тайлақ, Саңырық қолы екенін Шона-Даба кейін білді. Ол аздай Айрантөгілгеннің биік дөңесінен екінші лек лап қойды. Бұл Ұлы жүз Болат ханның хаскері көрінеді. Бастап келе жатқан – батырлары Наурызбай, Сәмендер... Ұлы жүз әскерінің құрамында қарақыпшақ қолын басқарған Қалымбет батыр тіпті аруақтанып алған.

Ол аздай солтүстіктені қамалдан Орта жүз ханы Сәмекенің сайыпқырандары «Ақ жолдап» ойқастай шауып келеді...

Әбден меймананасы тасып, қарусыз қазақты бей-жай, мамыражай кезінде шауып үйренген жоңғарлардың зәр-құттары қалмағандай... Тайлақ жігіттері жүдә өлермен екен. Қия бетке тобымен «Арғымақтап», «Бақтиярлап» кіріп, ұңғылары зорайған зеңбіректерін адам-мадамымен дузактап сүйретіп барады. Әшейінде мықтымсып «оқо-оқо» дейтін жоңғарлар бей-берекет қаша бастаған. Шона-Даба түгілі, алыстағы ұлы Қонтайшы Қалдан Серен шауып келіп: «Кейін қайтыңдар» - деп бұйрық берсе де тыңдар бір пенде болсашы. «Жалмауызға да жан керек екен».

Жанында тұрғандар да тыпырши бастаған соң Шона-Доба да амалсыз орнынан ыршып тұрды. Көмекшісі де амалы жоқтықтан қашуға сылтау таппай тықыршып тұрған, көк бестіні дереу жетектеп келіп жанына, иығын тосып жата қалды, ылғый көмекшісінің арқасына аяғын тіреп атқа мінгенді мақтаныш көретін Шона-Даба бұл жолы өзі қарғып мінді.

- Шегініңдер. Шегініңдер. Хан тауына қарай шегініңдер!!!

Сөйтіп, өзі нөкерлерімен шығысты бетке алып шаба жөнелді.

Ханзаданың шатырын жығуға да уақыт тар еді.

Көкдауылмен екпіндете шауып жеткен Итемген найзасымен оны іле-шіле аспанға оны лақтырып жіберді.

Жазушы Әнуар Әлімжанов «Жаушы» романында ошақты Тасжүрек Лаубай батыр туралы жазады. Сірә да, көкатты, қайтпас қайсар сол сардардың Саңырықтың ең сенімді жаушысы – Итемген екендігінде дау жоқ. Батырды Итемген деп атауды ақылман жазушы артық санаған шығар. Оның есесіне көрнекті жазушымыз Әбіш Кекілбаев «Үркер» романында есіл ерді өз атымен атап, тарихи шындықты қалпына келтірген сынайлы...

Әнуар романында орыстың кара мылтығы мен зеңбірегінің Тайлақ пен Саңырыққа келіп қосылған башқұрт, еділ қалмақтарынан құрылған жүздікте болғанын әнгімелейді. Әбілхайыр ханға Ресейдің тепкісінен қашып, әрі өзара соғыста тұтқынға түскен башқұрт, ноғай, торғауыттардың қызмет еткендері де болғаны анық... Ал, тарихшы Т. Шойынбаевтың жазбасындағы Тайлақ, Бөгенбай, Саңырықтың Ресей өкіметінен старшина шенін алуы, 1731 жылы Кіші жүз Ордасының Ресейдің қол астынан кіргеннен кейін бе дейміз. Бұланты мен Бөленті бойынан қалмақтарды қойдай қуалап, Қаратаудың жықпыл-жықпылына әкеп тыққан Саңырықтардың бұл соғысына Әбілхайыр хан жөн сілтесе

сілтеген шығар-ау, тікелей басқарды деген дерек жоқ. Тек 1731 жылғы Аңырақай шайқасынан кейін ұлы хандықтан күдерін үзген Әбілхайыр әскерін алып Сыр бойына кетсе керек-ті. Ағайынды Байрақ, Қайрақ, Тайлақ батырлармен бірге Саңырық та хан ордасына қызмет еткен деген де болжамымыз бар.

Қазбек бек Тауасарұлы «Түп-тұқияннан өзіме дейін» деген кітабында Әбілхайырдың қолбасшылығын жоғары бағалап: «...Өйткені Асыны (Түркістанды) отыз ұлысымен қайтарып алудағы, Еділдегі қалмақтар шабуылынан өлермендікпен қорғаудағы, түрікмендердің шабуылына тойтарыс берудегі оның ерлігі ұшан теңіз еді» дейді (230-бет). Айыбы Әбілхайыр қорасан тайпасына туыс-мыс, әрі тоқалдан туғандықтан жол бойынша оған ұлы хандық жоқ.

1731 жылғы Аңырақай шайқасынан кейін Әбілхайыр әскерін батысқа әкетіп енді Ресейден тірек іздегені, сол арқылы ұлы хандыққа қол жеткізсем деп армандағаны да әмбеге-аян...

Аңырақай шайқасына кейін оралармыз. Бұланты мен Бөленті арасындағы Қарасыр содан бастап «Қалмақ қырылған» деп аталды...

Тайлақ пен Саңырықтың аты бүткіл қазақ даласына жайылды. Қожаберген жырау «Елім-ай» дастанында:

- Қағысты кіші жүзден Тайлақ мерген,

Құлатты көздегенін атқан жерден.

Бір мерген Саңырық атты жараланды,

Тайлақтың жолдас болып қасына ерген, -

деп жырлады іле-шала.

Осы жерде Тайлақтың «көздегеніне» қарағанда, қолында кара мылтығы да болған-ау деп топшыласақ та болатын сияқты.

Саңырықтың сарнауығы ел аузында қалған. Итемгеннің садағын екі адам зорға тарса керек-ті...

- Босқан елді жинап ап,

Қол бастаған Саңырық, - деп жырлайтын кім? Сөз саптауына қарағанда ол Ақтамберді жырау тәрізді.

Ақтамберді жырау Дәнен, Саңырық, Сарымерген, Итемгенмен сол Бөленті өзенінің жағасында жолыққан. Елден кеткеніне аз уақыт өтсе де бармаған жер, баспаған тауы қалмағандай...

Итемгеннің Қарадүлей атанған жоңғардың бас батырын жер қаптырғанына тіптен риза. Мақтағанды кім жек көрсін.

- Қарадүлейдің тұлпарын сізге байладым, жәке, - десін мырзалық

танытып ол да.

Ақтамберді жөн-жосықты билетін бауырына рахметін айтып жатыр.

Әңгіме арасында Ырғыз, Торғай асып Қобдаға шейін барғанын әңгімелеп отырды да:

- Жағалтай деген көл болат,

Жағалбайлы деген ел болат, - деп ыңылдап қойды.

- Ақа, Жағалбайлы демекші Сансызбайдың Төс деген батыр баласы да осында жүр деп естимін, - деп қалды Итемген сонда.

Ортада маздап жатқан оттың қозасын шұқылап отырған ақ берен сауытты, екі бетінің ұшы қызарған жігіт езу тартты.

- Е-е, - деді Ақтамберді даудырай түсіп, - Төс батырын міне отыр!

Саңырық та танымайды екен.

- Пах, пах, шіркін. Жақсыдан жақсы туар жаркылдаған демекші, келісті-ақ жігіт екенсің. Жібек сұлудың неғын мойын бұрғаны енді түсінікті болды, - деді...

- Төс батыр кешегі жекпе-жекте қалмақтың екеуін іліп түсірді, - деп Ақтамберді оның мерейін одан сайын өсіріп жатыр. - Еділ торғауыттары Төс десе төстері жерге тигенше жата қалып сәлем береді.

Әсіре мақтауға Төс жоқ екен. Жымиды да қойды.

- Шона-Даба енді қашқаннан қашып Қалданына барар. Ол «жеңілдің» деп мандайынан сипай қоймас. - Ақтамберді осыны айтып, маздап жанған отқа қарады. Ай сәулесінен жүзі алабұртып көрінеді.

Мезгіл мамыр болса да, Арқаның жері суық. Ызғары өңменіннен өтеді. Көбі тізеден келер саптапа етік киіп алған. Ауыр. Ауыр болса амал жоқ, табаныңнан өткен сыз шекеңнен бір-ақ шықса, күрк-күрк етіп жөтеліп шыға келесің. Әр ру соғысқа аттанғанда бірер күндік алып шыққан тамағын жейді дегені болмаса ыстық тамақты кім әзірлесін. Ер тоқымды жастанып, талқанды талғажау етіп күн көресің, ақ құрт малтанды езерсің, қайта көбінің қуатын сақтап жүрген жылқының қазы - қартасы. Қиалап кесіп жесең - күні бойы тоқ жүресің. Әйтпесе, әлсіз сарбазыңды көрінген жоңғар қалпақпен-ақ ұрып алмай ма?

- Им...м... - Саңырық Ақтамбердінің ойын айтпай түсінді. - Елден Байтоқ батыр келді. Көк кесене, Ақ кесене бойын жоңғарлар жайлап, баяғы ескі арнаны тазалап, Таластан Көкшекүмнің ішіне дейін арық қазып әуре дейді... Ақсайдың Еспеге дейін жаз жайлауы, Мойынкүм ішін қыс қыстауы етіп алған көрінеді. Арғы Қыземшектен Ақтау, Ақтасқа қарай ысты, ошақтының жоңғардың доңыз жылғы шабуылынан кейін

қалған бірен-саран жұрты жайласа, Кебек қашқанның бойында дулаттар отырған сыңайлы.

- Байқараны Таласқа қайтадан жіберу керек. Жағдайды біле берсін, - Ақтамберді естіп ақыл салды.

- Маусым басталғанша Шу мен Талас өткел бермес. Биыл Шудың беті жаман. Аяғы Көкшекүмге дейін жетіпті. Терістіктегі Сарысуға барып қосылған дей ме?

- Тайлақ Әбілхайырға айтсын. Соған көбірек сенеді. Созақ арқылы, Асыға өтіп, сондағы Үйсін ағайындардан қол жинап Талас бойына шапсақ, - Саңырық бар арманын жайып салды. Манағы соғыста садақ оң тізесінің көк етін жараласа да ауырсынып отырған жоқ.

- Байқараға Итемгенді қоса жіберсек қайтеді? - деді тағы да...

- Екі адам жүрмесе, жолдың барлығы жортуылшыға толып кетті. Мен де барайын, екеуден үшеу жақсы, - Дәнен құнжыңдап отыр кәдімгідей...

- Мүмкін ол да дұрыс шығар, - Саңырық «Әуп» деп орнынан қарғып тұрды. Оң тізесінің ауруы жанына батса да сыр бермеді. Қан аққан жерге кигіз басқан еді, сонысы абырой болғаны.

- Шолғыншы топты, сен бастап барасың, - Осыны айтып Итемгенге қарады, - Ретін тапсаң Сарт баласы Қойгелдіге де жолық. Бәлкім тау ішіндегі Қарашатта шығар.

Итемген басын ізеді. «Құл, болады» дегендегісі. Қазақ сарбаздарында орыс әскерлеріндей қалт тұра қалып, қолды шекесіне қою жоқ, көбінесе қолын жүрегінің тұсына қояды...

Байқара мен Дәнен екеуі де сөйтті.

- Ал, жолдарың болсын, - деп Ақтамберді ағынан жарылып, ақ бағасын берді.

Көз алдына көлбендеп, жаз, күз бидайығы желмен баяу тербелетін жазық дала елестеді. Оны - Сарының даласы деуші еді. Сары Ақтамбердінің әкесі ғой... Әттен - дүние...

* * * * *

Үш аттылы Кішітаудың шығыс бетін қобылай өтіп, Іргетаудан Қызылқұмды бетке алып, бір апта өткен соң Қарашатау түбінен Қойгелдіні тауып Саңырықтың сәлемін жеткізді. Ол сол түні хабаршысын Бесшоқыда отырған Әлібек, Қанайға шаптырды. Барлығы сырнай

тартылып, барабан соғылатын күнді тағатсыздана күтті...

Ақ Кесене мен Көк Кесененің тарихы тым арыда жатқан. Ол кез Ақ Орданың бағы тайса да Дешті-Қыпшақ билеушісі Әбілхайыр Сыр бойындағы қалаларды түгел өзіне қаратсам деп атқа қонған. Құданың күдірегі сол дәуірде Ақ Орданың ақырғы ханы Ежен сұлтан Барактың қолынан 1428 жылы опат болып кетті, Баракты өлтіріп оның орнын басқан Шайбани тұқымынан шыққан Әбілхайыр Дешті-Қыпшаққа 40 жыл (1428-1468жж.) билік етті. 300 жылдай өткенде тағы бір Әбілхайыр хан Ресейге бодан болуға мұрындық болды, енді оны Барак есімді сұлтан 1748 жылы өлтіріп, арманына бәрібір жете алмай, өзі де көп ұзамай туыстарының қолынан шейіт болып кеткен.

Кіші Орданың билеушісі Әбілхайыр да ұлы бабасы Әбілхайырдың жолын қуып, алты Алашты билеп атымды шығарып Шыңғыс дәуірін дәуірлетсем деп армандап кетті, ол мұратына қандастары жеткізбеді, желкесін қиды, «Жалған дүние», - деп көз жұмыпты деседі білгіштер.

Дешті-Қыпшақ билеушісі Әбілхайыр Талас өлкесінде Көк Кесененің түбінде қалмақтың Өз-Темір тайшысынан жеңіліп Сыр бойына шегінді. Ақ ханның нақ сүйері үшін соғылған Көк Кесененің қасынан Ұса мен Зеренг тайшылар Ақ Кесенені соқтырып жайынан жайламақ ниет білдірген. Бірақ Барак ханның ұлдары Өз Жәнібек пен Керей Әбілхайырмен ат құйрығын кесісіп, 1456 жылы Шу бойына Қозыбасына жетіп Қазақ деген мемлекеттің туын тігіп, аз уақыт ішінде-ақ етектерін жинап шекарасын кеңейту үшін Таластан өтіп, Асыны алып Сыр бойына шабуылдағанда Уса мен Зеренг Көк Кесене мен Ақ Кесенені тастай қашқан...

Құм жиегіне жақын жердегі қос мұнара Цеван Рабданның қырғынынан соң, 1725 жылдан жоңғардың қарауыл мұнарасына айналған...

Итемген де, Саңырық та, Қайназар одан арғыда Жалмұхамед бабалары осы өңірді жайлаған еді деп ақсақалдар айтып отыратын. Шығысындағы Елібай жотасын ыстылар қыс мекені ететін. Арғы жағы Мойынқұм... Ғұн батыры Мойыншардың бұдан 1,5 – 2 мың жыл бұрын ғұмыр кешкен өңір... Кейін сақтар, үйсіндердің иелігіне өтті...

Сексеуілінен күзде гүлдегенде күн көрінбейтін. Талас пен Аса тасығанда жер-жердің көбі, әсіресе қырат, төбешіктері кішігірім аралдарға айналатын. Оңтүстігі Қарашатаумен астасып, таудан төмен қарай ағатын жетпіс жеті арналы өзен, соншама көлі болушы еді. Өспейтін шөптің түрі жоқ. Елге қоныс, малға өріс іздесең бұдан артық жұмақ таппасың деп

Асан қайғы таң қалып, таңдай қаққан Талас қой. Үйсін, Қаңлы, Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найманның ежелгі мекенін жоңғар нояндарының бауырларына басқанына жеті жылға жуықтаған. Батур қоңтайшыдан кейін Цеван Рабдан қазаққа жеті мәрте жойқын шабуыл жасап халқын қырып, шұрайлы жерлерін иемденген кез еді ғой батырлардың намысын оятып, атқа миңгізгені.

1726 жылы күзде Саңырық қолы Ақсайдың Ашыкөл мен Сорбұлақ мүйісіндегі биік қыраттағы мұнара түбіне жайғасты. Бүткіл отбасын қырғынға ұшыратқан доңыз жылғы көктемнің кара суығынан бері үш жылдан аса уақыт өткен. Өзі, Тайлақ, Итемген бар соңдарынан кештете келген Бөрібай, Әлібек, Қанайлар қорым басына барып әруақтарға құран бағыштады. «Кегімді түбі аламын», деді Саңырық батыр іштей күбірлеп, Жоңғар жеріне шейін барып хан ордасының шаңырағын ортасына түсірмей тынбасын!».

Ол топырақ алып мүрде үстіне себеледі. «Құлындарым, жатқан жерлерің жайлы, топырақтарың торқа болсын»...

Зиярат етуге келгендердің көбі Құран білетін, шетінен қыраттап оқып, бағыштап жатыр...

- Жә, егіле берме, - деді Тайлақ орнынан тұрып жатып, - Жоңғардан қасірет шекпеген отбасы бар ма өзі. Әр хан мен сұлтанның шаужайына жармасып күнін өткізген қазақтың жер бетінен жоғалып кетпегеніне шүкір дейік. Бір ұлы жүзді үш, бір кіші жүзді үш хан билеген соң бізді кім басымбас. Түбі шикі хандарың қалмақтан қатын алғыш, бөрінің бөлтірігі сияқты орманға қарап ұлиды да тұрады. Ханның көзін жойып, қазақтың өзі билемей маңдайымыздың соры ашылмайды деп ызалы жүрекпен айтқан Әйтеке көкемдікі жөн. Ұлы бабасы Жалантөс бабадүр басқарды ғой Самарқанды. 1643 жылы Орбұлақта да ойраттың белін опырған Жалантөс бабам!

Тайлақ Кіші жүз Ордасының батыры, қолына найза беріп жауға қойдың нағыз өзі! Екіленіп, екпіндеп бара жатыр еді:

- Нағашеке, сап, сап, - деп Саңырық оң қолын көтерді, - Әруақтар мазасызданып қалар.

- Жоға, - деді Тайлақ үнін бәсеңдетіп, - Қолынан боқ келмесе де осы Жолбарысыңа да, Әбілмәмбетіңе де, Сәмекеңе де қарным ашады. Ана Болат хан ғой сені «ұры – қарақшы» атандырып жүрген.

Бұлар беттерін сипасып, қарауыл мұнаралы жақтағы ойпатқа беттеді. Онда – сарбаздар жатыр. Жолай Саңырық Итемгеннен ақыл-кеңес

сұрады.

Ақ Кесене мен Көк Кесене маңындағы Болатшы ноянның шеріктерінің санының өзі бес жүзге тарта, Саңырықтікі үш жүзден сәл-пәл асады. Әскер күші бөлініп кетеді деп Әбілхайыр Тайлақтың жүздігін зорға босатса, Қойгелді мен Әлібек, Қанайлар да азын-аулақ сарбаздарымен келген. Бәрі кеңес құрды. Мұздай қаруланған жоңғар шеріктерінен бұлардың саны екі есеге жуық аз. Әрі олардың бекінісі мықты...

Ақылдасқандардың біразы өз ой-пікір, ұсыныстарын шамашарықтарына қарай айтып жатты. Айланың жолын Күміс қыз тапты. Денесі ірілеу, сүйекті келгенімен, оның нәркес көзі, қыр мұрыны, үлбіреген шиедей еріні, кімді де болса өзіне сиқырдай арбап, тартып тұратын. Үш жыл болды Саңырықтың қасында жүр. Нағашысы Тайлақ батырдың немере қарындасы. Жекпе-жекке ағасы да, Саңырық та жібермейді, ал садақтың адыранасын еш жігітіннен кем тартпайды.

- Күміс ол қандай айла? – деді Тайлақ қызыға.

- Күз кетіп, қыс келетін мезгіл көзір. Сарбаздар Қаратауға шегінетін рай танытып ертең-ерте Таластың Найзақызыл, Тәңірқазған, Бөріқазғанын бетке алып шығып кетсін. Ары қарай Ақкөлді айналып, Ақ Кесенеге Елібай жотасының тұсынан Тектұрмас, Атбайлар арқылы шабуылдар. Оған дейін мен таңертең бір, түсте бір, кешке бір-бір уыс ұнды құстың қауырсынымен қосып мұнаның басынан шашып отырайын.

Күмістен мұншама ақыл, айла шығады деп ешкім де күтпеген. Бәрінің ауыздары аңқайып қалыпты.

- Апыр-ай, қу жоңғар бұған сене қояр ма екен? – деді Итемген күмәнін жасырмай.

Айтары жоқ Күміс қыздың айласы жүзеге асты... Апта өткенде Ақ Кесене басынан қарауыл қарап тұрған жоңғар бақылаушысы «Қазақтар Қаратауға шегінді. Қарауылда қарақұстан басқа ештеңе қалмады» - деп мезденді.

Дәл бесінші күні қаннен-қаперсіз жатқан жоңғарларға Саңырықтар «Бақтиярлап» шауып түгелге жуық қырғынға ұшыратты.

Бұдан былай Ақсай үстіндегі төбе – Күміс төбе деп аталды.

Жауды жеңген Саңырық, Тайлақ, Итемгендер Сыр бойына, Қойгелді Төле биге, ары қарай Жолбарыс ханға кетті.

Саңырық, Тайлақ, Итемгендер Тереңөзекке 1730 жылы жетіп, Әбілхайыр ханға жорық мәнісін мәлім етті. Хан да түтігулі. Ресей жақтан Мәмбет Тевкелев келмекші. Қатын патша Анна Ивановадан сәлем-саухат

әкелмекші. Оның үстіне би, сұлтандар ханның ниетіне түгел қарсы.

- Аздап дамылдандар, - деді хан селқос.

Батырлар дария жағалап ауылдарына аттанды, Тайлақ, Күміс екеуі аз сарбаздарымен Арал теңізі бойына аттанды.

Итемгендер Күмісті содан кейін көрмеді...

Тап бір жыл өткен соң Көктеңіздің оңтүстігіндегі Итішпес көлінің маңында Саңырық батыр бастап барған жеті жүз сарбаздың ішінде Итемген, Дәнен, Сарымергендерімен қатар Байрақ, Қайрақ, Тайлақтар тағы да тізе қосып жауға шапты. Осында ақтангері ақ терге малшынып, Ақтамберді жырау да жүрді.

Баяғыдағыдай тың, бауырмашыл. Қанша дегенімен үнемі ат үстінде жүру, оның үстіне жасының ұлғая бастауы да адамды қажытады, байқатпай сүйегінді жеп кеміреді. Терінді жұқартады. Бетіңе байқатпай өрмекшінің торына ұқсатып әжімін салады.

- Бауырым армысың, - деп сұңқардай сәнк ете қалған Ақтамбердіге Итемген қарап тұрып әлгіндегі өзгерісті байқады.

- Армыз, жәке, - оң қолын жүрегіне басты, сосын құшақтасып көрісті.

- Қаратау бойындағы ел-жұртың аман ба?

- Аман – аман.

Итемген де жас емес. Ақтамбердінің жеті атасын жатқа білетін. Ұлы бабасынан бері қарай санамалағанда Оңқай, одан Ор, одан Мығым, одан Маң, осылай кете береді де, кешегі Атшабардың Тасжүрегінің он төрт ұлының бірі Сарымсағынан Мақұлбек, одан Сары, Сак, Сарыдан Ақтамберді.

Сарыны талай көрді. Ақсай үстінде талай көкбөрі тартысты. Ашақ, ұзын бойлы, қолы сіңірлі, қара сұр, өткір көзді Сары қосақтаса шапқан үш аттылының ең шеткісінің тақымындағы көк бөріні созылып барып жұлып алатын.

- Әй, Саңырық, - деді Ақтамберді үлкендігіне басып, - Әлі аяғыңды сылтып басасың ғой.

- Ештеңе етпес. Жоңғарды көріне тыққан соң бір жолата демалармыз, - деді Саңырық.

- Сонда да абайла. Байқап отырмын, бауырларыңның әр қайсысы жүзбасы, мыңбасы болуға жарап қалыпты.

- Ақтамберді өстіп көтермелеп сөйлегенді жақсы көретін. Жыршылдығы шығар. Жының басым болмаса жыршы шықпайды деп

Итемгеннің әкесі Ожар күліп отыратын.

Анырақай шайқасында қазақтың хан-сұлтандары, батыр – билері түгелге жуық қатысып, екі ай қырғын соғыс салды.

Әділін айту керек, Әбілхайыр мұнда да дарынды қолбасшы екендігін танытты. Тек жиырма жасар Абылай қалмақ батыры Шарыштың басын шауып, Әбілмәмбет екеуі құшақтасып:

- Өшкенім жанды, өлгенім тірілді, - дегенде ұлы хандықтан бір жолата күдер үзді... Содан іші де, түсі де жылымады.

Соғыс аяқталмай жатып сарбаздарымен кері оралды. Сірә Әбілмәмбеттің, Сәмекенің де ұлы хандықты өліспей бермейтініне көзі әбден жеткендей.

Қазбек бек Тауасарұлы Әбілхайыр кеткен соң үш күннен кейін ұлы жүздің ордасында біреулер хан Жолбарысты бауыздап кетті деп жазып, оның өлімін Әбілхайырдан көреді.

Кейбір деректерде Жолбарыс хан Шашты (Ташкенді) билеп-төстеп тұрғанда жан-жағындағы халыққа зәбір көрсете берген соң Төле би қол жиып, әскерге қолбасшы Койгелдіні бас етіп шабуылдап өлтіреді. Сонда хан Төле биден өзін Түркістанға (Асыға) жерлеуді өтініп, сұранады. Орнына Күшік хан болғанымен Ұлы жүздің билігі Төле биде еді дейді...

Әйтеуір шым-шытырық. Тақ үшінгі таластан хан-сұлтан түгілі қазақтың батыр, билері, тіпті қарашалары да әбден қажып, зәрезәп болғандай... Бәрінің арман-дерті жоңғар езгісінен бір жолата құтылып, Қасым хан, Хан-Назар, Есім хан тұсындағы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды аңсайды...

Жығылғанға жұдырық демекші шілдің боғындай тозған қазақты көрінгеннің билегісі келетіні жүдә қорлық екеніне бәрінің көзі жеткендей.

Мысалы, бір ошақтының шашырамаған, бармаған жері қалды ма? Алды Хиуа, Бұқар, Қоқанға өтіп кетсе, аз үйлісі Ұлытау, Көкшетауға жөңкіле қашты, тіпті Шаш қаласын маңайласа, көп үйлісі Сырдың бойындағы Кіші жүз Ордасында.

Қашанда қазақ жер, су, көлге ағ қойғыш қой, ошақтылар да Тереңөзектің төңірегін Үйсін, Сарыүйсін, Тоғысқан атандырып жіберді. Жоңғардан іргесін аулақтатты дегені болмаса Сыр бойының да жағдайының мәздігі шамалы. Шығысына қоқандап Қоқан ие, үшір, зекетін салып жатыр, Ферғана аңғарын Бұқар әмірлері билеп төстесе, Аралдың оңтүстігінен Үстіртке дейін Хиуа хандары лаңын салуда.

Адам түсініп болмайды. Жоңғармен жұлқысқан Әбілхайырдың ұққаны Ресейдің оқ бүркер – қару-жарағы керек. Онсыз найза мен садақтың, қылыштың дәурені өте бастағандай. Жабайыларға қару-жарақ берсек, Алтын Орда заманындағыдай әкемізді танытады деп Ресей жағы өлсе бере ме? Қандас, туыс деген Хиуа, Бұқар хандары да құлық танытпайды. Кіші Орданың өзі үшке бөлінді.

Қазақ тордағы арыстандай әрі-сәрі күй-кешкен. Осынау қиын-қыстау дәуірде, бейкүнә, момын халықтың маңдайына Алла бір ұл сыйлады. Ол баяғы салқам Жәңгірдің бесінші ұрпағы Әбілмансұр – Абылай болатын.

Сырда жатып, күндіз-түні сарбаздарын дайындап жатқан Саңырық, Итемгендердің де үміті сонда еді.

Әбілхайырды Барақ өлтірген соң Тайлақ Жаманқалаға өтіп кетіп, бір ауылдың старшинасы болып алған. Сансызбайұлы Төс батыр Хромтау асып Башқұртқа сінді. Ақтамберді Ұлытауда.

«Алмағайып, қарағай басын шортан салған заман» деп Дулат ақын қалай дөп айтқан!..

Ия, Саңырықтың оң жағында төбедей болып отырған Итемгеннің ойының жүйріктігі соншалық жоғарыдағы оқиғаның көбін есіне алып отырған-ды. Батыр бауырына елжірей қарайды. Бұланты мен Бөлектінің бойында жүз басы етіп сайлағанда ұятқа қалдырмаған батырға бек ырза.

- Елден хабар бар ма? – кеселі жанына батса да сыр сақтаған сұр мерген Итемгенге сауал тастай сөйледі.

- Е-е Қалеттер хабарласып тұр ғой, - деді ол да гүр етіп.

- Саңырық енді Қалетке көз тастады...

ҚАЛЕТ

*Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі
Халық мақалы*

... Көкдауыл ұзақ жасады. Оған көз тігушілер де, болмай қалған жоқ. Жануардың найза мен қылыш, садақтың жебесі тимеген – сау жері жоқ. Орнының дені қотырланып біткен.

Тереңөзекті Тоғысқан аулына келген соң Итемген Көкдауылды Сырдың суына шомылдырғанды ұнататын. Ондайда кәдімгідей ер жетіп қалған Қалеті қасынан қалмайды. «Тіфә, тіфә» інілері Әйменбет пен Қазыбайға қарағанда сереуілдей, ірі. Кейде екеуі жабылса да әл бермейді. Есін біле басына қорғасын құйылған шоқпарды қолынан тастамайтынды шығарды. Он жасқа келгенде анау-мынау деген жігітпен алыса кететін.

Арлан бөлтірігін қалай асыраса қазақ та тап солай тәрбиелейді. Көз тимесін деп төбесіне айдар шашын өріп қояды. Жетіге келісімен тайға мінгізіп, он жаста құнанның құлағына ойнатады. Он үшінде жекпе-жекке шығарып найзаласуын, қылыштасуын сынап көреді.

Мәңгілік ештеңе жоқ екендігін білмес жан жоқ. Көкдауылдан тұқым алып қалу керек. Итемген ағайындары Жанақ-Манақтай аса бай демесен де, бір үйірдей жылқысы бар. «Ер қанаты – ат» деп өскен әр қазақтың осыншама жылқысы болмаса, байғұс қазақ саналады.

Сол тұлпарынан – сары бие екі жылда екі құлын көтерген. Екеуі де міне құнаннан дөнен шығып, құданың күдіреті «қасқадан қасқа тумаса да төбел туады» демекші алғаш жүні ақшыл еді, одан қара көк, енді әкесінен аумайтын көк болатын түрі бар сыңайлы.

Құлынынан құлағынан сүйрей жетектеп екеуін «Тайкөк», «Таскөк» деп атап жүрген де – Қалеттің өзі.

Кіші жүз жетіру Тайлақ батыр: «Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан деген. Тұлпар да біздікі еді, құлындары айнымай тартыпты» деп ойнай барымталап айтып қояды. Олары өзін де бөтен емессіз дегені.

Қалет он беске келгенде Хиуа жаққа барып түрікпен адайларының біраз текежәуміттерін барымталап қайтуға тұңғыш мәрте қатысты. Сарымерген еді ертіп барған Қалетті.

- Қуғыншының екеуін құлатты, - деп мақтап отырды. Адайлар да

еруілге қарулы жасап, мақтанып жүрген Сарымергенің бір үйір жылқысын айдап әкетіп «мал керек болса Қаратауда – Үстіртте кездесейік» депті.

Адайлардың Қаратауы Кердері мен Қас теңізінің ортасында. «Барамын, шабамын» деп Сарымерген біраз қокандап еді, Саңырық «Қалың Беріш, Шекті шетінен сойылғұмар. Белдеуден аты, белден шоқпары кетпеген халық. Адайың одан өткен. Майып қылады» деп тиып тастады.

Кіші жүздің көп ата дегенімен әр хандықтың қол астында болғандықтан ба, батырларының көбі сен тұр, мен атайын деп киіп тұр, біріне-бірі бағынбайды.

Әбілхайырдың өзі бәрінің басын біріктіре алмай дал. Өттең біріксе, жан-жағына ерік бермес ел. Сонысын төңірегіндегі башқұрт та, қалмақ та, ноғай да, арғы Ресей де біліп алған. Батырларын дүние-мүлік беріп сатып алуға болады деп Ресей елшісі Мәмбет Тевкелев миығынан күліп жүрген көрінеді. Сірә, қазаққа атақ құмарлық, таққа талас – Шыңғыс тұқымдарынан жұққан кесел.

(Ұлы Абайдың жүз елу жылдан кейін де: «Бас-басына би болған оңкей кикым» деп назаланатыны да содан. – Авт.)

1727 жылы Халдан Бошықтың ұлы Цеван Рабданды қатыны Сетержеп у беріп өлтірді. Мақсаты – ұлын ұлы Қоңтайшы жасамақ-ты. Қалдан – Серен Сетержептің арманын алмас қылышпен қиды. Сөйтіп, өзі Ұлы Қоңтайшы атанды.


Сыр бойында жатса да даланың құлағы ұзын. Хан үйіндегі түшкірікке дейін естіліп тұрады.

Қалдан-Серен де қазақ десе жүрегіне қан қатқанның бірі. Әрі бас батыры әм ұлы Шарыштың басы алынғалы бері түнде ұйқысынан, күндіз күлкісінен айырылған. 1741 жылы Шашқа (Ташкент) келген жоңғар әміршісі Жалбы ноян бастаған отыз мың әскерін Орта жүзге жіберіпті. Жоңғар шеріктері ең алдымен Ұлытауда аң аулап жүрген уақ Өтеген батырды ұстап, әбден қинайды. Айтпаған соң өздерімен атқа мінгізіп, қол-аяғын байлап алып жүреді. Ақырында Хан тауында қамсыз ұйықтап жатқан Абылайды ұстап, екі ай дегенде Қалдан-Сереннің алдына алып келеді...

Абылайды алып деп ойлайтын Қалдан хан орта бойлы, сарғыш өңді, көкшіл кезділеу қазақты көріп таң қалды. «Ойпырмау, мына шартық қошқардай болған Абылай алпамсадай Шарышты қалай шауып өлтірген!» деді ол таң қалып. Қайта жанындағы атқосшысы Жәпек насаты. Бойы,




Орынбайұлы Әлі



Орынбайұлы Мәлқайдар



Әліұлы Әбуғали



Орынбайұлы Әбдімәлік

хан ордасының шатырына жететіндей биік.

- Отыр! – деді Қоңтайшы зәрлене қарап. Жек көретін, тірісінде бітіспес жау қарас. Сол-сол-ақ екен Жәпектің үстіндегі шапанын шешіп жерге төсеп, үстіне өзі етпеттеп жата қалып:

- Отырыңыз, хан ием! – дегені.

Қоңтайшыға өткір көздері жалын шаша қараған Абылай сонда барып, молдастап отырды.

- Менің ордамда, билік жүргізетін сен кімсің? – деді Қалдан Жәпекке аса таяғының ұшын шошайтып.

- Ханым қара жерге отырмайды, - деді атқосшысы Жәпек де айылын жимай.

- Жерге отырмағанды көрсетейін! Мына жаман қазақты зынданға тастап, Абылайды есекке мінгізіп қойыңдар!

Нояндар мен жасауылдар тапсырманы орындауға жүгірді. Жамандық хабар жата ма? Ырғыз бойында отырған Әбілхайырға Саңырық, Итемген, Тайлақтар жеткен. Ресей бодандығына өткен әр қайсысы өз руының старшындары. Ханға кіруге құқылы.

- Абылай хан тұтқынға түсіпті!...

Әбілхайыр оларға сұлқ қарады. Содан кейін:

- Арыстаным-ай торға түскен екенсің-ау, - деді күрсініп.

Старшындар Әбілхайырдың қанша дегенімен Абылайға іші бұратынын, батырлығын, даралығын жоғары бағалайтынын ұққандай.

- Сендер, Сыр бойына қайтыңдар, - деді, - Керек болсаңдар айтармын.

Саңырықтар: «апыр-ай ашып ештеңе айтпады-ау» - деп көңілдері күпті болып кетсе де, кейін Бөгенбай батырды Ресейдің Орынбордағы генерал-губернаторы Непюлевке жібергенін, оның орыстың офицері секунд-майор Кирилл Миллерді Ташкенге шұғыл жібергенін естіп іштері жылып қалған.

Әбілхайыр Ұлы жүз Төле биге де Саңырық бастаған бір топ беделді кісілерді жіберді. «Елден елшілікке де барғандарыңыз жөн» депті хан.

Оқиға өріс алған тұста Төле би Бала Бөгеннің маңын мекендейтін, дереу әр ру басының би-батырларынан 90 адамды жасақтап ол да Қалданға аттанып кетті...

Абылайды Қалдан босата қоймады. Алғашқы күні екі жақты да қабылдап, сыбай-салтан шығарып салды. Дегенімен де Ресей өкілі Миллердің асты-үстіне түсті. Оны көргенде мысық көрген тышқандай

тыпырлады да қалды.

- Ұлы мәртебелі патша ағзам айтса, өтінсе, орындамасқа еш ләжіміз жоқ, - деп екі қолын қайта-қайта көкірегіне қойды.

Көп кешікпей босататынына уәдесін берді. Бүгін босатса, нояндар риза болмайды-мыс.

Қалданның ішкі есебі басқада. Абылайды өлтіргенімен, ертең қалың қазақты мұқата алмайды. Орта жүз Қабанбайлар атойлап, шоқпарын сайлап келсе не болмақ. Қазақтар да баяғыдай емес, бірігіп, соғысуды әжептәуір менгеріп қалған. Одан да Абылайды қолға түсіп тұрғанда оң бүйірден тікендей қадалып тұрған Қоқанға қарсы айдап салсам, одан Бұқар, Хиуаны алсам, Ресейің есептеспей ме? Қытайың артын қыспай ма?, - дейді қиялдап.

Кенет оның Алтын Орда дәуіріндегі Шыңғыстың ұлан-асыр ұлысының Ұлы Қоңтайшысына айналғанына сеніп, жымық көзі жұмылып кетті.

Елшілердің көзінше Абылайды шақыртты. Алдымен осы ұлыстың кожасы екендігін байқатып ықтырып алғысы келді:

- Ей, Абылай, сені Шарыш батырдың орнына өлтіремін. Өлер алдында тілегінді айт! - деді оған қысық көздерін қадап.

- Тақсыр, - деді Абылай қалмақша сөйлеп, - Менің үш тілегім бар. Мен Шарышты шайқас алаңында жекпе-жекте жеңдім, енді мені ұйықтап жатқан жерімнен ұстап әкеліп өлтірмекшісің бе? Бірінші тілегім: қазақтар мен қалмақтардың аламан соғысында өлсем деймін. Екінші тілегім, біздің халық көшпелі, отырықшы ел емес. Сол халқымды отырықшы етіп, егін егуге үйретіп өлсем арманым жоқ, үшінші тілегім, менің ата-бабам тек бір ғана ұрпақпен жалғасып келеді. Мен өлсем, артымда ұрпақ қалмайды. Ең болмаса үйленіп, ұрпақ қалдырып өлсем арманым болмас еді.

Абылайдың ақылға салар сөздерінен кейін Қалдан қолымен маңдайын сүйеп, басын төмен салып ойланды. Айтып тұрғанының бәрі дұрыс. Әсіресе соңғысы, ия, мұның да жалғыз ұлы Әмір санадан басқа кімі бар. Мынау мені өлтірсең, ертең қазақтар сенің жалғыз тұяғыңды да өлтіреді деп тұрған жоқ па?

- Өзінің көзі Шарыштігінен айнымайды екен, - деп ішкі ойын сілкіп ұн қатқанын да аңғармады.

Сосын ол да Абылайға қалмақша былай деп жауап қайырды:

- Уәжіңе таласым жоқ, - деді ол ернін жымыра сөйлеп, - Мен де бесінші атадан бері жалғызбын. Әмір сана да жалғыз. Ол өлсе, менің де

атым өшеді, Абылай ұлыммен дос болсаң кегіміз кетер ме?

- Алдияр! - деді Абылай орнынан ұшып тұрып, қос қолын кеудесіне қойып.

- Менің атымды неге атайсың, - деп Қалдан лезде өзгеріп сала беріп, - Мен сенің басыңды өлімнен құтқарғаным жоқ қой!

- Тақсыр, - деді Абылай, - көзімді Шарыштың көзіне ұқсатқаныңыз құтқарғаныңыз емес пе?

Қалдан-Серен жасауылға:

- Шеш! - деді.

Отырған секунд - майор Миллер де, Төле би бастаған елшілер де істің оңға айналғанына қуанысты.

Миллер жалғыз Абылай үшін келген жоқ-ты. Жансыз кеңесші әрі генерал Неплюевтің бұған ұлы Қоңтайшының тамырын басып қайт, Кіші жүз бен Орта жүз Ресейге бодан болып басын иді, енді Ұлы жүзді де иелігімізге алсақ ба деп отырмыз, ұлы Қоңтайшыға ата-мекені де жетпей ме соны ашып айтсын деген сәлемі бар.

Төле билердің ойы оңға бөлініп отыр... Әрине - барлығының көкейін тескен мақсат біреу - езгіде қалған елдің тәуелсіздігі. Оларын кешегі күнгі кездесуде сездіртті де. Оның үстіне Абылаймен бірге Қоңтайшының тұтқынында уақ Өтегенді қоспағанда Мағжан Жұмабаев кейін «Батыр Баян» дастанында жырлағанындай:

- Балталы екпінді оттан Оразымбет,
Сіргелі шапшаң оқтан ер Елшібек.
Өзіне тірі жанды тең көрмейтін,
Тәккәппар Қошқар ұлы ер Жәнібек.
Қалданға ханмен бірге тұтқын болған,
Жолдасы Абылайдың батыр Жәпек,
Сырттан Бәсентин ер Сырымбет,
Осындай өңшең көкжал жиылыста,
Күңіреніп жолбарыстай жау қайда деп! -

жырлағандай өңшең көкжалдар да тұтқында еді-ау.

Біраз батырларын қойдай иіріп алдына әкелдіргенімен, қазақтың құдайға шүкір әлі де құр алақан емес екенін Қоңтайшының іші сезеді. Анау Ресейден келіп жатқан Миллердің жанында Шақшақ ұлы Жәнібек тархан жүр. Төле бидің ертіп келген тоқсанының жартысынан астамы батырлар.

Білетіні Малайсары, Нияз, Өтеген, Қойгелді, Рысбек, Қазыбек, анау

Әбілхайыр қарамағында жүрген ұлыстан – түрі сұсты, көзі от шашқан Саңырық, Итемгенімен келіпті деп естіді. Жансыздары жас та болса жау түсіріп жүрген Итемген баласы Қалет деген сайыпқыран барын жеткізді.

Ішегіне шынашақ айналмайтын Қалдан барлығын қырып тастасам қайтеді деп те арам ойлаған. Онда Ресейге арқа сүйген Әбілхайыр, Орта жүздің ханы Әбілмәмбеттің тарпа бас салатыны анық. Бәлкім Ресей де көз алартып шыға келер. Келген 90 елшінің соңында тоқсан тоғыз рулы ел бар екені ақиқат. Денесін суық қарығандай Қалдан өз ойынан өзі шопшып дір еткен сол сәт. «Бұлар бірігейін деген екен!».

Кеше Төле би:

- Уа, Қоңтайшы, қол астындағы халқың айтқаныңа көніп, айдауыңа жүргелі көп болды. Енді елге әскер шығарып аң емес адам аулауға шыққаның әбестік. Біз де қабырғалы елміз, - деп еді, қазып айтатын қаз дауысты Қазбек биі:

- Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жәй жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін ешкім баспасын деп, найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – ақ ордасын таптай білген елміз, - деп түйдек-түйдек сөз тастады.

Қаз дауысты Қазыбектен соң Кіші жүз Тана Малайсары биге айтатын сөз де қалмағандай.

Осы билерді Қалдан жас күнінде Цеван Рабданның ордасында көргенді. Онда Әйтеке би тірі еді. Дәл доңыз жылғы қырғыннан бір жыл бұрын қайтыс болыпты. Көкірегі ояу, жеті қат жер астындағы білетін қоңтайшы Әйтекенің осыдан аттай жүз жыл бұрын Орбұлақта ұлы бабасы Батур қоңтайшының быт-шығарған Жалаңтөс баһадүрдің теберегі екенін де білетін.

Қазақ билерінің не деп мақалдап кеткенін секунд-майор Миллер түсінген жоқ, тек әккі барлаушы, ұлы Қоңтайшының түсінің бұзылып сала бергенін байқады.

- Уа, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, - деді саусағындағы алтын жүзігі жалт-жұлт еткен Қоңтайшы тағы да оң қолын жоғары көтеріп, - Сендермен жауласайын деп отырған кім бар? Біле білсеңдер Қабанбайың бір, Саңырығың екі, екі бүйірімнен түртіп күндіз-түні маза бердіңдер ме? Өйтіп, қорқытпандар мені! Илетін еменің мен емес. Ерегіссем

елшілігіңнің құнын көк тиын етемін. Абылайың пір тұтар әулие ме түге!

Өстіп зілдене тағы біраз сөйледі:

- Абылай ханыңнан бастап, біраз батырларыңды ұстасам ұзыннан өшім, қысқадан кегім бар менің. Өмірімнің жалғасы Шарышымды өлтірдіңдер...

Әңгіме осымен бітті дегендей ынғай танытқан соң, елшілер де амалсыз орындарынан тұрған.

Енді бүгін өткен әңгіменің түйіні шешілген соң қазақтар жағы «уы» десті... Жеке кездесуі барлығын мәлімдеп орыс елшісі ордада қалды.

- Абылайды босатамын, қазақтар қайта берсін, - деген Қоңтайшының сәлемін хабаршысы жеткізді. Елшілерді шығарып салып жүрген қара Манжу бағы сары Манжының немере інісі еді. Қарашат, Қараспан өңірінің бас әміршісі көрінеді. Қазақта ескіден кегі бар ол елшілерді шығарып салып тұрып:

- Әлі талай кездесеміз, - деді қораздай қоқилана.

Олар қайтарда тағы бір сұмдықты естіді. Миллерге жол көрсетіп келе жатқан Кіші жүз тама Байқұлақ батыр қалмақтың тұтқынында қалған қарындасын, қолға түскен дүрбіт руының қызына айырбастағалы келе жатқанда ұлыс бегі Манжудың адамдары «Сен, біздің қызды зорлағансың» - деп жала жауып, ұрыс-төбелес шығарған. Қарадай қарап тұрып Байқұлақ оған шыдасын ба, сойылын алып «үстін бит басқан қалмақтарға» қан-майдан ашқан. Көлтін аты көп. Жиырма шақтысы жабылып Байқұлақ байғұсты ұрып өлтіріп қана қоймай, денесін бөлшектеп, жіліктеп мама ағашқа іліп қойыпты.

Саңырық және Итемгенмен елшілікке ілесе келсе де Ордаға енбеген атқосшылардың бірі болып жүрген Қалетке оны қалмақтардың өзі мақтанып көрсетсе керек.

Жоңғарлардың талай жауыздығын естісе де мынандай сұмдығын Қалеттің бірінші мәрте көруі. Зығырданы қайнап, есінен танып қала жаздады. Өзін-өзі әрең ұстады. Әйтпесе, екі құлағы бітіп шыңылдап тұрған Қалет қылышын қынабынан суырып алғанда, Көбек туысы ұстай алды. «Болмайды, Қалет!» - деді жанұшыра.

Итемген:

- Қызбалыққа салынба балам, - деді Ордадан қозы көш ұзағаннан кейін, - Найза сілтенер, қылыш қынабынан суырылар кез де келер.

Саңырықтың қабағы түксиіп кеткен. Ақсай үсті, қызыл қаңға боялған

Шолпан мен құлындарының сұлбалары көз алдынан кетер емес.

Жолай Төле би Итемгенге:

- Үш жүз жігітке бой бермеген арысым армысың, - деді қою сакалын тарамдап, - Сен де қартаййың депсің. - Сосын Әбілхайырдың хал-жағдайын сұрастырды. - Пәлі, деп дауыстап жіберді, - Жау да жайғастырылар. Атыс-шабыспен күнің өтсе, қазаққа ұрпақ керек емес пе? Ертең мына ұлан-байтақ даланы қорғар ұлан керек қой. Осыдан елге барған соң үйлендіремін сені. Өзім құда түсіп, келінді алып беремін. - Қалетке айтқаны бұл.

Ұлы бидің ниетіне елшілердің бәрі риза.

Сол күні Абылай Әмірсанадан сыр тартты. Түрі жоңғардан гөрі қазаққа көбірек келіңкірейді, оны шапыраштанып тұрған көзі айтып тұрғандай, әрі қазақша жатық сөйлейді, бірақ сұрастырса қытай қатынынан туған екен.

Сол күні Қалдан-Серен түс көрді. Жас көк бөрі тістелеп жүріп, бір балағын жұлып әкетті.

Қоңтайшының зәресі ұшып, басын құс жастықтан жұлып алды.

- Не болды, тақсыр? - деді жанындағы хас сұлуы.

- Жәй, - Қоңтайшы түнімен көз ілмеді... Бір нәрсені жүрегі сезгендей дүрс-дүрс соғады.

Ертеңіне ордасын жығып Іле бойына көшуге бұйрық берді. Кетерінде Ташкенге Күсекбек (Күшікті) деген сартты билеушілікке тағайындап кетті. Секунд-майор Миллер мен Жәнібек тархандар да Қоңтайшыдан мардымды жауап ала алмай бала Бөген бойындағы Төле би ауылын бетке алды. Қойгелді батыр өткен жолы Орынбордан Ташкенге бара жатқан орыс керуенін тонаған, сол дауды шеше кетпек.

* * * * *

Қоңтайшы Абылайды келер жылдың көктемінде босатты. Әмірсанамен екеуі үйреніссін деген шығар. Әрі секунд-майор Кирилл Миллердің де ұсынысын шег пұшпақтап жеткізді.

- Ресей сияқты айдаһар сені де жұтып қояды Абылай, - деді Қалдан арыдан ойлап, - Сен екеуміз түбіміз бір Шыңғыс әулетіненбіз. Дініміз бөлек дегенімен қазақ-жоңғарлар ежелден еншілес ел сияқты.

Жауға жаныңды берсең де сырынды берме дегендей Абылай

қапелімде не деп уәж айтсын.

- Алдияр, қазақ өздігінен ешкімге тиіспейтін момын халық, - деді де қойды.

Сырты бүтін, іші түтін еді, жылымады бәрібір.

Босатарында Қалдан - Серен Абылайға немерелес қарындасын некелеп қосып, аттандырды.

Ежелгі жау ел болмас, етектен кесіп жең болмас деді ме Абылай Арқаға келісімен баяғы әдетіне басты. Жасақ жинап, біраз батырларды бас етіп Мойынқұмның оңтүстігіндегі Тектұрмастың түбіндегі Шойынқортқанға сексеуіл үйдіріп, оны көмірге айналғанша күйдіріп, сауыт-сайман жасатуға пәрмен берді.

Екі жылдан астам Абылай тегін жатпаған, жоңғардың айдаһардың аузындай үңірейген зеңбірегі мен, сабы құлаш келетін қытай мылтығын жасаудың жөн-жобасын Әмірсананы алдарқатып сұрап білгенімен темірді күйдіру мен қалыпқа құйдырудың тәсілін ол да білмей шықты. Ең дұрысы түйенің құмалағындай қорғасын оққа шыдас беретін шарайналы сауыттар тоқытсақ деген тоқтам жасасты.

Тектұрмас қадым заманын қорған қала еді, Жәңгір өліп, Тәуке ханның тұсындағы сұрапыл соғыста әуелі Сенге содан кейін Халдан Бошық Шаш (Ташкент), Сайрамды шапқанда Тектұрмасты да иеленген сыңайлы... Тіпті біраз уақыт шорыстар иемденіп, төңірегін үлкен, кіші Дарбаза атандырып, Қаражар деген нояны билік жасаған екен... Ең аржағында Еміл бойындағы Шапыраштылар доңыз жылы тау-тау ішін сағалағанда Атымтай бастаған Шыбыл атасының он-он бес үйі әуелі Бөріжарылған тауын асып, қысы қатты болған соң Шуды жағалап Таласқа Мойынқұм бойына құлаған.

Көктөбенің басында шапырашты Көшек батырдың қалмақ батыры Қаражармен жекпе-жегі Ожарлар тамашалаған. Қаражар да екі құлағы көк дуылғыға сыймаған ересен ер. Дене тұрпаты аса ірі болмаса да Көшек ұзын бойлы, қақпақ жауырынды. Жауға «Қарасайлап» шабады ылғи. Жекпе-жек ұзаққа созылды. Екеуі бірін-бірі ала-алмады. Астындағы аттарының сілікпесі, өздерінің қарасорпасы шыққан. Найзаға, қылышқа, алдырмаған Қаражар Көшектің тілерсектен сілтей соққан шоқпарынан аттан аударылып түсті. Атынан түсіп, қаражаяулап барып Қаражардың кеудесін басқан Көшекке айнала қоршап тұрған сарбаздар:

- Өлтір! Өлтір! - деп шуласты.

Кектенген, ызаланған адамға он-жүз есе күш біте ме қайдам Көшек

Қаражарға нілді табанды етігінің өкшесін кеудесіне батырғанда бірдеңе сатыр-күтір ете қалды. Оның:

- Ах! - деуге ғана шамасы келгендей, мұрнынан қан ағып кетіп, жан-тәсілім етіпті...

Қаражар өлген төбе кейін Қаратөбе аталып кетті.

Көшек батырдың ажалы бәрі бір жоңғардан келді. Ағасының кегін алмаққа бекінген Жәнек ақыры «аңдыған жау алмай қоймайдының» керін келтіргені. Көктөбенің үстінде ақ дамбал – кеудешемен жатқан батырды тұра бергенде бозғылт шидің түбінде аңдып жатқан Жәнек адыранасын барынша созып у жебесін жіберген. Есіл ер тілге келер-келместен сол жерде кетті. Бар айтқаны:

- Елге апарып әуреленбендер. Жолай жоңғар қолына түсіп қорланарсыңдар. Жамбасым тиген жер менің соңғы мекенім болсын.

Бүткіл Дешті – Қыпшаққа аты мәшһүр Қарасайдың жақсы көретін ұдарының бірінің топырағы сөйтіп Көктөбеден бұйырып, ол да бұдан былай Көшек төбе аталды...

Жәнекті ұстап, сазайын тартқызған – Ожар батыр еді.

- Ей, малғұн, - деді сонда ол, - Тасадан қатын да оқ атпайды... Шын мергендігінді көрейін. Кел жекпе-жек атысайық, - деген қалш-қалш етіп. Шеке тамырлары адырайып, көзі қанталап кетіпті.

- Тәжікелесіп кайтеміз, - деді Тілес батыр, - Бір оқпен жалп еткізе салайық да.

- Жок, - Ожар айтқанынан қайтар емес, - Мені бей-жай жатқан елдің қанын судай шашатын қаніпезер жоңғар дейсің бе? Жекпе-жекке шықсын.

Айтқанынан айнымайтынына көздері жеткен соң екеуін Кемпір төбенің Есей сазына қараған бетіне шығарып жекпе-жекке жіберді. Ара қашықтық жүз елу қадам болсын десті. Ортада белгі беруші тұрып, ақ жалаушаны төмен түсіргенде екеуі садақты бірге тартсын деп келісті.

Атыс келісілген тәртіп бойынша өтті. Екеуі жақты кере қозы құйрық жебені бір-біріне зулатқанда Жәнектікі Ожардың дуылғысының оң сырғалығын жалай ысқырып өтсе, Ожардікі Жәнектің қақ маңдайына қақырата еніп, басын қақ айырды.

Күнделікті қан көшіп жүргендер үшін бұл шыбын өлтіргенмен бірдей. Еттері үйреніп, тіпті қан көрсе әруақтанып кететінін айтсаңызшы.

Найзаларының түбімен жер сабалап тұрған сарбаздар:

- Ожар! Ожар! – деп шуласты да қалды.

Қаншама қатыгезденгенімен қазақтың құдайшылдығы күшті: «Бұл да адамның баласы» - деп Жәнекті де жер қойнына тапсырды. Басына жоңғарлардың дәстүрімен найзасын шаншып, дуылғысын іліп қойды. «Кәпірге құран жүрмейді» деп сосын жәйлеріне кетті. Көшектің Тектұрмастан жоңғарды қуып, Көктөбеде шейіт болғанына да төрт мүшел мезгілден асты. 1723 жылы жоңғар қалмақтарының шабуылынан жан сауғалап Талас бойына келген шапыраштылар батырдың басына белгі қойған. Жалменбеттің балалары ішінде Ошақты мен Шапырашты бір тап еді, өстіп жақындығын танытты.

Енді сол жерде 80 жыл өткен соң сарбаздар қайта бас қосты.

Үш жылға жуық арық-атызға сексеуіл салынып жанғанғындықтан ба топырақ біткен коздан қызылға айналған. Әсіресе, түнде қозы қыпқызыл болып жатады. Сексеуілді құр қайнатпайды. Шырпысынан сабын қайнатады.

Абылай жорыққа шығады деген соң Саңырық Сарымергенмен Қалет, Көбектерді жүз шақты жігітпен Талас бойына аттандырған.

- Денсаулығым бұрынғыдай болмай бара жатыр, - деді батыр, - Оның үстіне елге де ес керек. Тоз-тозы шығып, әлі есін жинай алмай жүр. Сексен үйдің биісің деп Нұралы хан тағы отыр. Таластың бойында жалғыз жоңғармен арпалысушы ек, Кіші жүздің жауы жүдә көп пе деп қалдым. Үшір, зекет тілеп Қоқан келеді. Бұқардың сарттары да олардан қалысар емес. Сендер де ат жалын тартып, мінуге жарап қалдыңдар. Әсіресе Қалет сен.

Батыр жүзі әлі балаңдай көрінгенімен, көздері от шашқан Қалетке мейірлене қарады.

- Итемген әкең де алпыстан асты. Адамның жасы келген соң, қаншама жерден жаужүректенсең де, күннен күнге күш-қуатың кеми бере ме деймін.

Өзінің аты аталған соң Итемген де қозғалақтап қойды. Батыр інісі айтқандай қимылы шау тартқанымен, найза ұстасы әлі мығым. Жетпістен асса да Сыр бойындағы Шекті, Тама, Керейіт, Жағалбайлының небір шабандоздарына тақымындағы көк бөріні бере салған жері және жок.

Қимасындай болып кеткен Көкдауылы әбден қартайып барып өлді. Үлкен ұлындай еді жануар. Қостұраның бойына ит-құсқа жем етпеймін деп арулап көмгенін көп жұрт тәнекес көрді. Жан-жарасын Саңырық, Сарымерген, Дәнендер түсінді.

Тайкөк пен Таскөк көздің құртына айналғалы бері Көкдауылды

ұмытқандай.

Төңіректен жиналған бес жүз еркек, әйел күнді батырып, танды атырып жүріп сегіз қабатты кіреуке көз сауыттың бес жүзін және он екі ерекше «шарайналының» тоғыз қабаттысын тоқып жасаған. Он мың, жиырма мың сарбазға сауыт қайда, өзгелеріне жеңіл-желпі кеудеше сауыттар жасалынды.

Жеме-жемге келгенде он екі сауытты киетін алыптар аз болып шықты. Алыста жатқан қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, шапырашты Наурызбайға делініп алтауы Қорғалжындағы хан ордасына жеткізілетін болып шешілді. Біреуін Қосы батыр киді. Тіпті зорларын Қалет пен Сарымерген және Әйтеке батыр кигенде құп жарасы-ақ кеткені. Денесі бұлғын болғанымен бұла күштің иесі – Қалеттің басы кішігірім қазандай, нығы алты қарыс екен. Белі әлі толыса қоймаған соң ба белдемшесі төменгі жағына әдемі қонды.

- Пах, пах!, - деп Сарымерген мез, - қара қыпшақ Қобыландыдан аумай қалдың.

Көбек те риза, Жанкелдің ақ жалын қалың мал орнына қалап алғалы, тіпті арқаланып жүр.

Ол оқиға былай болған. Ырғыз жаққа шығандап, аң қуып кеткен Көбек пен Жанкел еліріп жүрген торғауыттардың қоршауына түсіп қалады. Жанкел сытылып шыққанымен досын қимай жауға ақ жалымен «Арғымақтап» қарсы шабады. Екеулеп он қалмақтың алтауын түйреп түсіргенде, төртеуі тұра қашыпты. Жанкелге риза болған Көбек:

- Сенде ұл, менде қыз бар, құда болайық, - деп құла дүзде төс қағысыпты.

Содан ай, жыл өтеді. Екі жақ хабарсыз қалады. Күндердің күнінде ақ жалға мініп Жәнкел Көбектің ақ боз үйінің сыртына ай ойнатып, келіні Айданақты өзі жасауымен әкетіпті.

- Бәтір-ау, құда түсіп баласы ұрын келген соң, қолдан қозы көш жерге дейін ұзатып бермедің бе? – дегендерге:

- Жәнкелдің ақ жалына көзім түсіп еді, соны әкеліп алдыма тарта ма деп дәмемтім, - депті Көбек.

Әңгіме жата ма? Кері құдалыққа барғанда:

- Жалғыз баламнан аяйтын ештеме жок. Қалауың осы болса, бердім ақ жалды, - деген Жәнкел мәрттігін танытып.

Отырған қазақ, жүрген қазақ, тұрған қазақтың бар мақтаны – ат.

Жәнкел де қара жаяу емес. Ақ жалдың тұқымы нағыз маңмаңгер, көк

жалды мініп алыпты...

Мойынқұмның етегінде сарбаздар тегін жатпады. Қылыштасуды, найзаласуды, садақпен көздеудің нешеме әдіс-айласын үйренді. Сексеуіл жаққан оман арықтар мен жарлар кейін Қызылжар, Қызыларық атанып кетті.

Жаз шыға хан ордасынан жасырын жарлық келіп, сырнай тартылып, барабан соғылды. Қаратаудың тұсынан мың-сан қол Доңызтауға қарай бет алды. Іштерінде жас сайып қыран -Тайкөкті жетелеп Таскөкті міңген жиырма жасар Қалет те бар.

... Бұл соғыстың мәнісі Төле биге келген Қалдан-Сереннің елшісі Манжыны жолай қазақтар өлтірген соң, жоңғар Қонтайшысы қаарына мініп қазақ даласын қайтадан қанға бөктірмекке бекінеді. Әуелгіде Абылайға, Әбілпайызға тағы елші жіберіп: «Төле биді ұстап беріңдер, әйтпесе көресіні көрсетемін» деп ашық айқасқа шақырды.

Ақыры Есіл, Нұра бойына шыққан түмендермен бірге бара жатқанда Ақшәулі тауының бауырайында үш жүздің қалың қолымен ұрыс салды. Қанды шайқастың алғашқысында зеңбіректің күші ме жоқ Қалдан жағының айласы басым шыты ма, Абылай қолы шегіне жаздағанда үш батыр ерекше ерлік көрсеткен. Аллаға сыйынып, мойнына бұршақ салған Абылайдың жіті көзі бәрін шолып отыр екен. Қолбасылары Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбайларға «ай қораланды» соғысын салуға бұйрық берген. Сол әдіс-айласы сәтті шықты. Екі таудың арасында жоңғар жағы қысылып қашуға бет алғанда Абылай:

- Анау қаша бастаған Қалданның әскеріне қарсы қайырылып шапқан кара атты кім? - деп жанындағы Қабанбайдан сұрап еді:

- Ол Кіші жүз Әйтеке батыр! - деп гүр ете қалды.

- Көлденең шапқан көк атты кім?

- Ошақты Қалет батыр!

- Ұйтқыта шапқан сары аттысы ше?

- Е-е, ол соның ағайыны Сарымерген болар!

Қалеттің аты Абылайдың аузына сонда тұңғыш мәрте түсті. Сұрастырып білгені баяғы атақты батыр Саңырықпен аталас.

Ғаскері қашуға айналған Қалдан-Сереннің зығырданы қайнаған.

- Шіріктер. Еріндер соңымнан! - деп күрен қасқа атқа мініп, қылышын көкке көтеріп кері қарай тұра шапты. Қонтайшының көзсіз ерлігі жоңғарларды жігерлендіріп жіберді. Олар да соңынан үдере шабысты.

Осы бір оқиға туралы әттең жазба қалмапты. Белгісіз жырау былай

деп толғапты:

*- Қалет шығып жұлқынды – ау,
Кийкітінің тауынан.
Қалдан шығып жұлқынды – ау,
Қызыл судың бауырынан.
Жұлқынғанда екеуі,
Ерегіскен жауына,
Жақындасып барысты.
Найзаменен салысты.
Керегедей қабысты.
Ер үстіне міністі,
Арыстанша жұлысты.
Сілкілесіп тұрысты.
Көп уақыт ұрысты.
Бір мезгілдер болғанда,
Көздеріне қан толғанда.
Ер Қалеттің асты айласы.
Білектен аумай найзасы.
Қайраттың тиді пайдасы.
Шолтаң етіп жоңғардың,
Аспанға ұшты найзасы.
Жоңғар барып құлады – ау,
Күрең қасқа аттың баурынан.
Қамалды бұзды ер Қалет.
Өтегенді қолға алып,
Мұратына жеткізді...*

Жыр осылай дейді. Айтып отырғаны баяғы уақ Өтеген батыр-ау дейміз. Жоқ әлде қалмақтың тұтқынында ұзақ жыл болып, аман-сау оралған Дулат Жаныс қос мүйізді Өтеген болар... Қазбек бек Тауасарұлының оның босануы туралы егжей-тегжейлі жазбағаны қалай?

Қалдан – Серен ат сауырынан түскенімен, түмендері іліп әкетті. Қазақтың қалың қолына қарсы шығамын деп Қоңтайшы қапыда қаза таба жаздады. Оның бұл тірлігіне немере інісі Лама-Доржы қатты ашуланды. Қатты-қатты сөздер айтты. Ерегістің арты шатаққа айналды. Бірі-біріне ұмтылысқанда інісі өзінен шапшаң қимылдап Қалданның жүрегіне қанжарын аямай сұқты.

Ер Қалданның ажалы ер Қалеттен емес емшектес інісінен келді.

Жоңғар билеушілерінің ебін тауып бір-бірін өлтіріп таққа өлтіруі бұл емес қой. Аз күннен кейін Лама-Доржы өзін Аджа-хан атандырып, таққа жайғасты.

Қоңтайшы армандаған алтын тақты-Әмірсана мен Дауашының әлі бірер жыл күте тұратыны белгілі болды. Дүрбіттен шыққан Лама-Доржы 1751-1753 жылдары қазақ даласына бірнеше мәрте жойқын шабуыл жасады.

Сол соғыстың бәріне Қалет батыр қатысты.

Қалет сол кеткеннен Сыр бойына тоғыз жыл салып оралды. 1756 жылы келгенде айтқан әңгімесі мынау. Қалдан-Серен өлген соң-ақ жоңғардың берекесі қашса керек. Әмірсана мен Дауашы Лама-Доржыдан Абылайдың күшімен тақты тартып алғанымен оны Дауашы егеленген. Енді Әмірсана Дауашымен соғысты, бірақ жеңіліп Әмірсана Чин богдыханы Ежен-ханды паналады. Іздегенге сұраған, қару-жапырақты аямай беріп қазаққа айдап салып біраз қызығын көрген Чин әміршілері енді бір сілкінесе Еренқабырғаны қазақтардың найзасымен түртетінінен қауіптенетін.

1755 жылы қазақ хандығына қарсы шабуылға шыққан Дауашыға Әмірсана шығыстан қалың қолын бастап келген. Қу тақ үшін қытайдан елін қыруға қалың әскер әкелгенін Әмірсана кеш түсінді. Ежен Богда хан үшін басы бірікпей жүз бөлікке бөлініп жатқан Жоңғар жолда жатқан жолбарыс тәрізді. Жаралғалы бері астынан ат, қолынан қылыш түспеген халық.

Осыларды ескерген Ежен Богда хан мынандай жарлық шығарды: «Сендер оларға қазақтарға орынсыз килікпей аулақ жүріңдер, оларды мұңғұл тайпаларының қатарына қосуға болмайды, олар өз алдына хандық құрып келген екен, оны мойындауға тиіспіз»...

Жарлық жанына сары майдай жаққан Абылай да қасындағы мұңғұл, жүнго (қытай) тілдерін білетін тілмаштары арқылы Ежен ханға хат жолдап, разылығын білдіріп тастады: «Мен, Абылай хан, барлық қазақты бастап мәңгі бақи жүнгоның қол астында болуды шын жүректен тілеймін» деді.

Соғыстың өстіп саябырсып, жоңғардың бел омыртқасы сынған тұста

Сарымерген мен Қалет батыр Абылай ханнан ризалық сұраған.

- Алдияр хан ием, - деді Сарымерген оң қолын жүрегіне қойып, - Доңыз жылы Цеван Рабданның түмендері көп адамымызды алып кетіп еді. Кешегі қолға түскен жоңғардан жөн сұрасам Баркөл маңында біраз бауырларың, қандастарың бар дегенді айтты. Рұхсат етсеңіз, барып көрсек. Табылып жатса әжеп емес.

Саңырық, Итемген айтып тапсырды, тұтқын алып кел деп еді деген жоқ. Өйтіп айтса хан оларың Кіші жүзде Нұралы хан жақта жүр деп тырысып қала ма деп қорықты.

Абылай сарғыш өні қуарып бір сәт ойланды. Сәлден соң көкшіл көздері екеуінің де өнмендерінен өте қарап:

- Ағайын-туыс іздегеннің айыбы жоқ, - деді өзі де бауырларын еске алып, - Ар жақта жүнғоның әскерлері, соқтығысып қалып жүрмендер. - Тегінде тыныш барып, бейбіт жолмен келгендерін жөн. Екеуің ғана ма?

- Жасағымызды ала кетсек, - деді Қалет.

Жасағы жүз жігіт. Ылғый сен – тұр, мен ағайындардан іріктелген.

- Жортқанда жолдарың, қазыралікісалам қастарыңда болсын, - деп Бұқар жырау қол жайып, ақ батасын берді.

Қиын-қыстау кезеңде қолға түсіп қор болған ер азамат, аяулы ару аз дейсің бе? Оны шошандап жүріп шаңырақтары ортасына түскен, сөйтіп табан астында мүсәпір бола қалған жоңғарлар да бастарынан кешкен сыңайлы. Аз уақыт бұрын ат үстінде алшайып зорға сәлем беретін жоңғардың тірі қалғандары мүттәйімдене қалыпты. Ежен хан да аямай қырған. Бала-шаға демей бауыздатқан. Онысы, ертең жалыңды күдірейтсең сенің де күнің осы деп қазаққа көрсеткен дөң айбаты. Діндеспіз деген жоқ, қырып салды, тірі қалғандарының денін айдап әкетті. Аспан таудың арғы беті де қазақтың кең даласындай болғанымен өзен-көлі, тау-тасы көп екен.

Бұлар апта жүріп Үрімшінің оңтүстігіндегі Баркөл маңындағы жоңғар ауылына зорға жетті. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» демекші, құданың құдіреті, ағайындары Құлжабек, Олжабектерді сол жақта кездестірді. Жоңғардың малын, жылқысын бағып, кәдімгі қара құлға айналған.

- Бұл елдің ханы Уса-Темір, анау сайда, - деп екеуі жамырса айтып жатыр.

- Гүлбаршын, Айбаршындар тірі ме? – деді Сарымерген.

- Е-е, - десті екеуі әлденені айтуға батпағандай.

- Несін айтасың, екеуін зар жылатып, манжұрға күндікке сатып жіберген жоқ па? Жалғыз екеуі дейсің бе? Кетті ғой небір сұлулар. Мұңлықтар өстіп табасып жатқан тұста, Сымтастың сайынан сайтандай сап етіп, шошақ бөрікті он шақты қалмақтар қиліксің. Ішіндегі бүйрек беттілеуі:

- Ей, қазақтар! – деп тіпті тепсініп тұр, - Кім сендерді Баркөлге шақырған? Жығылғанға жұдырық деп табалап тұрсындар ма? Өттен жүнғо қилікпегенде табанымызға басқанымыз басқан еді.

- Әй, жалбыраған жаман қалмақ! – деді Сарымерген ашуланып қылышына жармасып, кенет Абылайдың айтқаны есіне түсіп жәйлеп сөйледі, - Тұрған жерінде маңдайыңды таңдайына түсірер едім, әттең, хан жарлығы жібермей тұр.

- Неғыласың, - деп Көбек арашаға түсті, - Өзі де үп десең ұшатын көбелектен аумай қалыпты.

- Жекпе-жек, жекпе-жек!, - деді, әлгі ежірейгені боз күрәннің ауыздығымен алысып тұрып:

- Сеннен өлсем арманым жоқ, - деп Сарымерген сары атын тебініп алға ұмтыла берген.

- Жәке, жол менікі! - Қалет айқай салды.

Ханның талабы да, басқасы да жолда қалды. Екі жақ қидаласып кетті. Әсіресе Қалет жан шыдатар емес. Әй дегеннен-ақ әлгі жалба тұмақтыны найзамен түйреп ат көтіне бір-ақ түсірді. Екіншісін шокпармен сұлатып, үшіншісінің қылышпен желкесін қиды. Жоңғарлар есін әуіріммен жинап, жан-жаққа бытырай қашты. Бөрідей әбден желігіп алған жүздік хан аулын шауып, шаңырағын ортасына түсірген ақыры. Саңырықтың ақырғы арманы еді, Қалеттер орындады.

Сарымерген бір-екі әйел мен бала-шағаны найзаламақшы болып жүр екен, Қалет:

- Сауға, жәке, сауға!, - деп Таскөкті тебініп ортаға тұра қалды.

- Былай тұр деймін! - Сарымерген тістеніп айқайлап тұр.

- Жәке, бала-шаға деп қара беретін, біз қанішер жоңғар емеспіз демеп пе еді. Саңырық көкем!

Сол сәтте барып Сарымерген найзасын жерге ұрды.

Ер Саңырық бір бір уәж айтқан. «Соғыс та бітер – жоңғар да жеңілер. Бірақ жоғалған ұлдың өтеуі немен толмақ?». Рас-ау немен орнына келмек? Қайтсе қайғы арылмақ. Қатын жолда, бала белде дегенімен қазақтың жаутершіліктен қолы босады ма? Қай елге барса сол елге сіңіп

құл болып жүрген қазақтың баласы. Екі-үш атадан соң-ақ қашқарлық, хиуалық, қоқандық, жоңғарлық, қытайлық қазаққа айналғандар аз ба? Өзіне-өзі сыймаған жылқы тектес халқым-ай. Аланды сыртқа шығарып, ала қойды бөлек қырқып жүретінің-ай.

Қалың қалмақтан құл алып не ұшпаққа шығармын. Құл бәрібір ұл болмас. Айдарлысын тұл етпей, құл етпей, ұл етсем өшкенім жанып, жоғалтқанымның орны толар ма?

Ағасының жан сыры Сарымергенге мәлім. Ешкімге айтпаған. Оның үстіне тұтқынға түскен бір бала – қазақтың өзінен аусайшы. Құлжабек:

- Әкесі хан болғанымен шешесі қазақ еді, - деп тұр.

Төбесіне айдар қойыпты. Көз тимесін деп айдар қоятын көшпелі халықтың ырымы. Айдары сарғыш өңді.

- Алтынмен булаған, - деді Құлжабек.

Көз алдындағы қырғыннан есі шыққан 7-8 жасар баланың түрі аянышты.

- Атың кім? – деп Сарымерген сұрап жатыр.

Қазақша білмейді екен.

- Елге әкетейін. Саңырық көкем атын өзі қойсын, - Қалет өстіп қойды.

Қалеттер жолай Абылайға соқты. Әкелген тұтқындарын баян етті. Айдарлы бала туралы әңгіме қозғаған жоқ.

- Ер жүректі Саңырыққа сәлем! – деді Абылай. – Алла сәтін салса қасиетті Түркістанға да ат ізін салармын.

Соны айтқанда да тұнжырап қалды. Бәлкім қоқандардың әке-шешесін, үрім-бұтағын қырып тастаған сол қырғынды түн есіне түскен де шығар.

Ұлы хандықтан дәметіп айналасын түгел жау көріп жүрген Әбілхайыр да өтті дүниеден. Оның орнына хандықты орыс патшасынан алған Нұралы Кіші Орданың басын біріктіре алмай әлек. Ол аздай Әбілхайырды өлтіріп «ханның басын хан алар!» деп күпінген Барақ та ажал құшқан, оның ұлы Батыр ағайыны Нұралымен жағаласып жүрген жоқ па...

Жыландай жылжып Қоқан билеушілері де жан-жағын жұтып қазақ даласына жақындап келеді, Созаққа жетіп, Ақмешітті алыпты...

Бүтін хандыққа Есім хан, бүтін билікке Төле би жеткен заман-ай. Қу түлкідей құйрығынды ұстатпай қашанғы жүрерсің. Қашан ұлт болып ұйысып, бір жұдырыққа сыярсың... Қашан... Қашан...

Сарымерген, Қалеттер жүздігімен Арқаны бойлай, Ұлытау, Кішітау арқылы Сыр бойына құлағанды жөн көріп аттанды.

* * * * *

Саңырық батыр төсек тартып жатып қалды деген соң Итемген Қалетті ертіп, көңілін сұрауға келген.

Баяғы Жоңғарға барып, келген соң екі түмен әскерімен Түркістанның маңайында қоқандаған Сары-Манжының мысын басқанда тапқан «пайдасы» қара мылтықтан ұшқан қорғасын оқ оң тізесіне тиіп жарақаттанған. Қаралмаған тәубі, емшісі жоқ. Жапсырмаған жапырағы жоқ. Кеселдің беті бәрібір қайтпады.

Ақыры 1757 жылы бір аяқ, бір қолы икемге келмей сартөсекке сал болып таңылған. Арыстандай ақырғанда жауының жүрегін ұшырып, елдің ұрқын көтеретін батыр «ат арыса тулақ, ер арыса әруақ» күйге түскен. Сөйтсе де сыр бермейді. Баяғы отты көзі, сұсты жүзі-ажалыңа келсең – кел деп тұрғандай.

Қымыз ішілген соң Айжұма ыдыс-аяқты жанап кетті. Жаушылап жүріп Саңырық дүние жинады дейсің бе? Үйі де боз үй, құрақ көрпешесі де, жастығы да арзан қол матадан. Айжұманың қолының епектігі шығар, таза, арқар мүйізді оюлары әдемі.

- Ыдысын көріп асын іш – демекші, ең бастысы дастархан, кесе-шәйнегі таза.

Отырғандар сонысына риза. Әбілхайырды Барақ сұлтан өлтіріп, Нұралы таққа отырғанымен Кіші жүз іші тыныш емес. Біріне-бірі бағынбаған бай-сұлтандар елді әбден шая қылып, діңкелеткей.

Жоңғар жұтылған соң Әбілмәмбет Түркістан қаласынан бастап отыз екі қаланы иеленді дегені болмаса оның да құзыреті Сыр бойына жетпей тұр. Хан деген аты болмаса қажыған Әбілмәмбет бар билікті Абылайға артып, аман-саулықта қымызын ішіп, қарнын сипап жатқан сыңайлы. Осындай бой күйездікті байқаған Қоқан әміршілері төңіректі тіміскілеп қол жетер жерді бауырына басуда. Терістіктен сұғынып шегір көз орыстар жыландай жылжып келеді.

Әрі-сәрі күй кешкен Сыр бойына Қоқан мен Бұқар әмірліктері таласып жатқанда, Саңырықтар Шаш (Ташкент) пен Түркістанға арқа сүйеп, әрі Қоқанды жағалап еді, пәлеге қалсын. Әскерін, я жасауылын жіберіп елдің бай-бағланшасын датқа, бек, әмірші сайлап билеп-төстей бастаған. Іштен шыққан жау жаман қашан да. Қоқанның жасауылдары

саналатын өз ағайындары – ағайынды Жайнақ, Мойнақ, одан қала берсе Қилыбай, Қозыбайлар обал-сауапты ұмытып, елге зәбір көрсете бастапты. «Тыридан әкім қойсаң, басыннан қақу кетпес» деген ып-ырас. Оларға тоқтам айтатын Тұяқбай датқа қайта қойт-қойттап қоятын сияқты. Ресейдің старшинасы дегенімен денсаулығы жоқтығынан Саңырықтың баяғыдай күш-қайраты шамалы. «Ұшыр», «зекетін» қойшы, ілгеріде жонғарлар әр қазақ бір қарсақ әкеліп беруге тиіс десе, қокандарының араны жүдәмә кең. Оқпаны толмас үнгір тәрізді...

Момынның бірі Құлқана. Кісіге қиянаты жоқ біреудің ала-жібін аттамайтын-ақ кісі. Соның желегі желбіреген екі келінін Қокан бектеріне апарып, қойнына саламыз деп – Жайнақ пен Мойнақ әбден лаң салыпты. Қайта Биток бастаған қарулы жігіттер бірін аттан ұрып құлатып, сілесін шығара тепкілеген, екіншісі әрең қашып құтылыпты...

Әңгімені кейінгілер өзгеше түрде айтып жүр. Әлгі оқиға үстіне Құлқанамен ауылдас Сабатаның кіші баласы он екі жасар Токберген түсіп қалып Мойнақты ұрып өлтіріп, екі келіншекті құтқарып қалады-мыс. Содан Жайнақ оны өлтірмек болғанда Саңырық төте төрелік жасап, құн даулаушыға Токбергенді мәрелі жерге дейін қуып жетіп өлтірсең, құн жоқ депті-мыс. Жайнақ қуып жете алмай жиналған жұртқа айбат көрсеткен соң, Саңырық «ұрып өлтіріңдер» деп бұйрық беріпті-мыс дейді. Негізгі оқиға басқаша өрбіген-тін.

(Өйткені, Саңырық өмір сүрген дәуірде Токберген дүниеге келмеген еді.)

Қажыса да қайырымдылығын жоғалтпаған Саңырыққа Итемген шыдай алмай әлгі жасауылдардың қиянатын жеткізген.

Жаратылысынан аз сөйлеп, көп тындайтын әдетімен Саңырық құлағын тосқандай. Сосын барып:

- Құтырған екен, иттің күшіктері! - деді ызбарлана, - Құтырған итті қайтушы еді?!

Бұл барлығына қойылған сауал. Итемген де, Сарымерген де, Сабаата да, тіпті Мұқым әулие де көкейлеріндегі сөздерін жұптап айтқысы келеді, бірақ ағайындары болған соң өлімге қимай отырғандай. Сол мезет төменгі етекті жақта отырған Қалет:

- Елден аластату керек! – деді санқ етіп.
- Шарият не дейді? – Саңырық Мұқым әулиеге көзін тіктейді.
- Адам қанын жүктеген күнә, батыр – еке.
- Ата-жаумен сан жылдар алысқанда осындай иттер балағымыздан

тартады деп ойладық па? – Саңырық екіншіні жасырмады, сосын кесімді шешімін айтты, - Енегі бұтына сыймаған екі итті Қалеттермен қосып Жонғармен шайқасуға жіберсемші. Көрер едім сонда әуеселесін. Мен де қанқұмар емеспін. Оның үстіне бірімізді-біріміз бауыздап жатсақ, төңіректегі ел ертен-ақ артын ашып, бетін басып күлмей ме?

Жоғ-ә. Ағайын екен деп арсылдатып қоюға тағы болмас. Жайнағын жаландап жүріп, бейкүнә біреудің қанын төгер. Тө-өуу Қокандағы ханына барып арза айтатын кім бар. Ол да қарға, қарғаның көзін шұқымайды әу бастан. Ит өзіміздікі. Не істесек қолымызды қағар кім бар?

- Жасауылымды өлтірді деп Қокан келіп қокандамай ма? – Итемген осы жерде ішіндегі қаупін жасырмады.

- Жә, көрген құқайымыз бір бұл емес. Қоканыңды да көріп алармыз. Жұртғымды қорлатып, қызымызды зорлатып отыра беретін ез емеспіз, елміз. Жетер, жеткен жердің бәріне жем болғанымыз. Енді жетпегені ағайынның қараулағы еді. Бұға берсең суға береді түге!

Саңырық батыр бір шешімге келгендей... Бір апта өткенде Сыр бойының балықшылары ауылға сұмдық хабар айтып келді.

Жайнақты біреулер мойнына тас байлап суға батырып жіберіпті. Бұл – Саңырықтың ісі деп ешкім де айта алмады. «Сұмға сауап» десті.

... Баяғы Сәңке – Мәңке лаңынан кейін осылайша Жайнақ – Мойнақтың әңгімесі ел арасына іріткі салып кеткендей. Ондайда бір атым насыбайдан көңіл қалып ірге ажыратуға бейім тұратын кінәмшіл қазақ. Әнекей Сәңке Мәңкемді қанғыған Ақтамберді сабады дегенді сылтауратып Шыршық бойынан көшпей қалса, соңғы екеуінің жама ағайындары торсылдап алыс Қарақұмдағы қарақалпақтарды сағалапты. Қалет әкесінің айтуымен Шыршықтағы Сүтемген, Битемген ағаларына барса, олардың да қозғала қояр түрлері көрінбеді.

- Бұл жақта да туған-туыс жетеді. Үйренісіп қалдық, - деп ағайынды екеуі бір-бірінің аузына түкіріп қойғандай ымдаса қалыпты.

Қимайтыны өзбектен қатын алғаны. Құданың құдіреті одан туған балалары да:

- Әкә – үкелеп, - шауып жүр. Бастарында ала тақия.
- Ташкент төңірегіндегі шанышқылы, қатаған, рамадан, телеу, тіпті үйсіннің біраз жұрты, найман, қаңлы, қыпшағы, арғын, қоңыраты бірігіп – құрама деген тайпаны тауып алыпты.
- Я өзбек, я сарт емеспіз, құрамамыз, - деп шіренетіндерін қайтесін.
- «Қазақпын» десе Қокан ханының алдында кінәлі көрінетіндей. Өзбек,

сартың да ку – ру атымен аталғандардың би, батырларын жасауылдардың басшысы етіп тағайындап, ара-тұра «батырсын» деп арқасынан қағып, хандық арасындағы ірілі-ұсақты, тартысқа жұмсап қояды да, орда ішіне «өлдім, Алла, міне пірім, міне иманым» десең де жолатпайды. Отырықшы өзбек үшін көшпелі қазақ та, еркін жүрген жылқы да бір. Ішке кіргізсең ордамыздың шаңырағын қосаяқтап теуіп ортасына түсіре ме деп қауіптенеді.

Тәнін дерт денеген Саңырық та бір байламға келген тәрізді.

- Жан-жақтан қаумалап түте-түтемізді шығарды мына пәтшағарлар, - деген ашына бірде Қалетке.

- Ай, сенің ана жоңғардан әкелген балаң қалай, адам болатын түрі бар ма?

- Е-е, неге болмасын. Тайға мініп, көкпарға баруға жарап жүр.

Баяғы Баркөздегі жоңғардан әкелген ұлдың атын Арыстан қойған да Саңырықтың өзі.

- Оу, жұртым, - деген сонда баланың қолына ортан жілікті ұстатып тұрып, - Толарсақтан саз кештік, кеудемізден қан кештік. Алты малтаны езіп жеп, алты күн арыстандай алысқан шақ та өтті. Қазақ жауына да жаманшылық ойламаған жұрт. Қиянат жасағандар жазасын алды. Мына балада не күнә бар? Ерегіскен екі кісінің бірі өледі демеуші ме еді. Аш бөрідей жалақтап, атқа мініп далақтап жүргеннен ештеңе шықпайды екен. Алты басты айдаһар жүнго жұтты да қойды. Өмірсананы менің жиенімсің, туысым, қанымсың деген жоқ. Ежен хан діндесің, қандасын, жоңғарды жер бетінен жоқ етті...

Ата-бабамыз үйсіндер Ерен қабырғаның іргесінде тұрғанда қыз алып, қыз берген қысық көз қытайлар бізді де жоқ ете жаздаған. Ат үстінде жүріп той тойлап жүргенімізде, қалған жерді қытай бауырына басып кетпесін, тіпті енді әркімнің жеңсік асына жем болмай, тас-түйін отырар кезіміз.

Сол күндерден қалған көз болсын деп, мына баланың есімін – Арыстан қойдым, енді бұдан былай Қалеттің сүт кенжесі болсын. Өумин! десті.

Жастайынан жар сүйген Қалеттің – Сырғақ, Ботбай, Мәмбет, Дүйсен атты өрімдей-өрімдей ұлдарына алтын айдарлы – Арыстан осылай туыс болып енді...

Саңырықтың бұл әрекетін ағайынның өздері әр қалай қабылдады. «Жайнақ, Мойнақ, Қилыбайлар бізді туыс етпегенде, қаншама дегенімен қасқырдың бөлтіргі, қаны да, діні де бөлек, бізге сіңісер ме?» – деп көбі

күнкілдесті.

Оны сезбейтін Саңырық та санасыз емес-ті.

- Сенің де бауырың, қарыңдасың қалмаққа, сартқа, қызылбасқа еріксіз сінді. Оның қасында өзге халықты тәубесіне түсіріп, иманға келтіріп мұсылман етудің сауабы мың есе артық деген шарифатта, - Саңырық осыны айтып Мұқым әулиеге қараған.

- Жәке, - деді Итемген, - Қазақ ер шекіспей, бекіспейді демеу ме? Қазаққа бала көптік етпейді. Арыстан баламыздың анасы үйсін еді, демек өз қанымыз.

- Жиен ел болмайды деген қайда? - деп шакшиды Тәуірбек таяғымен кара жерді салып қалып.

- Ей, Тәуірбек, жиен ел болмаса сен неғып қарақалпақтан туған балаларды бауырына басып отырсың – Итемген түтігіп кетті.

- Жәйіңе отырмайсың ба! – деп Тәуірбектің қатыны Қиыққұл оны түртіп қалды.

Тәуірбек те қызық. Қатыны Қиыққұлдың құшағы бір-ақ мәрте қанады. Қайындары «Ақ жеңеше» атанған байғұстың арманы – бала табу еді, әйтеуір құдай құрсағын құтты қырмай-ақ қойды. Жыл сайын түсік тастап, Аллаға, әулие - әнбиеге жалбарынып жүріп тапқан жалғыз қызы – бір жаугершілікте қарақалпақтық жігіт Сарманның етегінен ұстаған. Қарақалпақ дегені болмаса Сарманның қазақтан айырмашылығы – қалпағында ғана.

Үлкеннің уәжіне тоқтайтындықтан осымен әңгіме тәмамдалды.

Жұрттың жыбырынан кейін Саңырық Арыстанды өзі асырап алмаққа ниеттенгенде әйелі Айжұма:

- Дәу қайным (Итемгенді айтқаны) ренжір, - деп райынан қайырған. Құдайға шүкір, батырдың семіз найман Талысбайдың қызы Айжұмамен отасқалы бір мүшелдей уақыт өтіпті. Тұңғышы Қозғаннан кейін қоздатып дүниеге Байсынбай, Көшербай, Қошымбай, Елібай, Ботбай келді. Әр қайсысына ат қойысынының тарихы бар.

Кіші жүз Жетіру тайпасының табын руымен Ырғыз айналып, Ұлытауға көшкенде тұңғышы інғөлап дүние келген жерінің аты Қозған екен, алғашқысына соны ырымдаған... Одан кейінгі екі ұлы да көшершілікте туса, Елібайы мен Ботбайы да Ысты, Дулаттың би-батырларының аты...

Батырдың көкірегіне сыймайтын бір арманы – тұяқтарын атқа мінгізіп, айқасқа баули алмағаны. Бауырлары Дәнен, Сарымергеннің, Итемгеннің тіпті Қалеттің балаларымен бірге тел өсіп ағашпен қылыштасып, талмен

найзаласып жатса да, ортасында өзі жүрмегеніне қапалы.

«Әке – балаға сыншы». Қозғаны ұзын, жіңішке, қыр мұрынды, қасы қияқтай, сұлу. Жаугершілікте дүниеге келгендіктен бе, жоқ қанында бар ма, ызакор, намысқой. Онысын ешкімге сездірмей, безеріп, сазарып қалатынын ілкіде байқаған батыр:

- Балам, ашуды ішке сақтаған жаман. Неде болса ашып айт. Жаман адам кекшіл келеді. Кектің түбі – текке кетпейді, - деп ақылын айтқалы есі бар екен жадырап жүріп, аңқылдап күлетінді шығарды.

Сөйтіп жүргенде бір келгенінде Тайлақ нағашысы:

- Батыр-еке, Арыстан бап, Қожа Ахмет Яссауи қазертілердің басына барып тәу етіп түнесеніз кеселіңізге ем қонарды, - деп ақыға салған.

Мүсілімнің дегенімен Аллаға соншалықты табына қоймайтын батыр нағашысының айтқанына көнді. Шамасы ауруы жанына шындап батса керек.

Ташкент пен Түркістан қалалары Жоңғар құлдығынан құтылып, Әбілмәмбет баласы Әбілпейіздің билігінде дегенімен Сырдың ұлы жүз ордасының халқының сыйынып, табан тірейтіні Төле би. Тірісінде «Қарлығаш әулие» атанған Төкеннің де о дүниелікке айналғанына жылдан асқан. Ауру дендеген батыр Ташкенге жете алмады, мүрдесіне топырақ сала алмады.

Хандармен онша-мұнша жұлдызы жараса қоймайтын Саңырық сапарын үш жүздің төбе биі, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін дүлділ шешен әлі қол бастаған көсем Төле бидің отауынан бастауды ұйғарды. Баласы Жолан Қытайдан елшіліктен келді деп естіген, осыдан бір жыл бұрын қаза болған Төленің аруағына құран бағыштамақ. Атпен жүре алмайтындықтан ат-арба әзірлетіп, сонымен бас-аяғы отыз-қырық адам жолға шығып кетті. Топ ішінде Итемген, Тілес, Битоктармен бірге Қалет те бар-тұғын...

Жолда Саңырық тағы сырын ашты.

- Ей, Қалет балам, - деген ойға шомған күйі, - мына әкен Итемген мен ата-бабаларыңның түп тамыры Таласта жатыр. Әлгі өзің сауыт соғып, қылыш қайраған үш Көкшенің етегі қыс жайлауымыз, әзіреті Қаратау жаз жайлауымыз. Ұлы бабаларымыз Жетісудан Шыңғыс заманында көшіп келгенбіз деп отыратын. Одан ұлы жорыққа ілесіп Еділ-Жайық ары қарай Аз теңізіне дейін бардық. Көп бауырларымыз Қырымның бойында қалыпты.

Ұлы бабамыз Ошақтыдан кейін ошақтың үш бұтындай ұйысқан ата-

бабаларымыз Әбілхайыр ханмен Көк Кесене түбінде соғысып, қайта Сыр бойына Сығанаққа оралдық.

Жәнібек – Керей Сығанақты шапқанда Қаратауға қайта оралып едік, үш жүз жылдан соң ата-мекеніміздей болып кеткен, Теренөзектегі үйсін, сарыүйсін маңын сағаладық. Ала тақия киген сарттан, діні бір дегенімен пиғылы жат қызылбастан гөрі – Кіші Орда қонған жұртты қолайлы көрдік...

Өстіп бір тоқтады.

Сосын Қалетке қарап:

- Кешегі өткен Әбілхайыр одан Нұралы, Сырдың орта ағысын билеп отырған Батыр хандар әркімге жаутан қағып жүрген жұрттың оябын табар ма? Біресе Хиуаға, енді бір қарасаң Бұқарға, қалбалақтап Қоқанға қол қусырып жүрген сол мұндарлар қазақтың басын қосып жарытпас – деп тегінде Әйтеке би дәл айтқан... Бір біріктірсе Абылайдың қолынан келер.

- Абылай айлалы да ақылды, қажырлы да қайратты, - деді Қалет те батырды қоштап, - Жұңғо үкіметінің көңілінен шықсам, Түркістанға да ат басын тірермін деген...

- Ия, Ақтамберді көкең не деп еді?

Қалет Ақшәуліде Ақтамберді жырауды көргендігін айтты. Қара домбырасын қағып-қағып жіберіп:

*- Көк көгершін, көгершін,
Көккүтан ұшар әсел үшін.
Көк шеткенін бөктерін,
Ерлер шабар мал үшін.
Қамқа құлақ жылқы үшін.
Тұтам емшек бие үшін.
Қатын – бала қамы үшін.
Теңкіген қара саба үшін.
Әркім өзі талтынбақ,
Басына біткен бағы үшін.
Жылқыдан артық мал бар ма?
Жылқының сүті сары бел.
Ішетұғын ерлерге,
Қымыздан артық бал бар ма? -*

деп еді.

- Пах, шіркін! - Саңырық Қалеттің құйма құлақтығына бек

ризашылығын білдірді, - Қорғалжын маңында орда тіккен Абылайдың қасында біраз ошақты жүр.

Қалет олармен сәлем-сахуатасқанын айтты. Қыс Шудан өтіп, Мойынқұмды сағалайтын көрінеді.

- Әне, - деді Саңырық, - Ташкеннің төңірегінде нешеме үйіміз қалды көше алмай.

Қалет те, Итемген де Аралдың арғы бетіндегі Қарақұмдағы Тақта-көпірдегі ағайындарын еске алып, өкіністі.

- Ит қалмақтың кесірінен қай ру, қай ата кіндік кескен жұртын тастап, қай жаққа көшпеді? Елдің басын құрап, көштің басын ата мекенге бұрап күн туар әлі...

- Батыр-еке, несіне таусыласың. Қазақтар ер туған жеріне демей ме? Таластың көк шалғынына аунап жатасыз әлі, - Мұқым әулие әңгіме ауанын басқа арнаға түсіргісі келгендей...

Туған жердің құдіреті адамның шыбын жанымен бірдей ме деп қалады Қалет те. Қараспан тауын аңсап «Аь» ұрған Ақтамбердіні қойшы, асты-үстіне бәйектенгенің бір тұтамға айналып, Арыстанның көзінен мұң кетпейді, кірпігі жасқа шыланып тұрады. Ана сүті аузынан кетпеген күнде де туған жерін, әке-шешесін бұл да біледі. Шаңырағы ортасына түскен үйінің от жалынға оралғаны көз алдында мәңгі елеске айналған шығар... Жас күніндегі көргенің мәңгі есте қалады деуші еді әкесі.

«Балалы үйдің ұрлығы жата ма». Қалеттің ұлдарының бірі: «Сен біздің туыс емессің» деп қалмай ма? Есі кіріп қалғанға бұдан артық қорлау бола ма? Екі күн жылап жүрді. Ұлым екен деп Қалет те аямады, әлгілердің шалбарларын шештіріп, шыбықпен шетінен дүреледі. «Өлтіресің» деп қолына жармасқан қатыны Жәмиланы жауырынынан салып қалғанда, жаратылысы нәзік байғұс «ойбай» деп жыланша ирелендеп етпетінен бүк түсе жаздаған.

- Осы әңгіме сеннен шықты! - деді Қалет дірілдеп.

Абырой болғанда әкесі Итемген үй маңында жүр екен.

- Әй, Қалет, қой енді! - деп күндей күркіреп келгенде ғана ұлы солқылдап жаны кіріп қалған жас, көк шыбықты тастай салып, жөніне кете берді.

- Е-е өздеріңе де обал жоқ, - Әңгіме ауанын тез түсіңген Итемген Қалеттің ашуын күн көрген.

Саңырық батырға қарап тұрып Қалет Арыстанды еске алды. Тектінің тұқымы, алғыр, шапшаң, күн санап тас түлектеніп келеді.

Түркістанға жетер-жетпес естігендері жоңғардан құтылғанымен қарық болған ештемелері жоқ. Әбілпейіз елден жылу жинап Жұңго патшасы – Ежен –ханға сый-сияпат жасап тұратын көрінеді. Әйтеуір, соры ашылмаған – жұрт. Төле бидің ақ боз үйі Бала Бөгеннің Арысқа құяр сағасындікі ойпатта екен. Әулие ниеттеніп жүрген Саңырыққа осы ауылдың ақсақалы – Құдайберген ақ батасын беріп жатыр. Талай жылғы талапай соғыстан Төле би баласы Жолан да қажыған сыңайлы. Кеудесіне түскен күміс сақалы мен қалың мұрты жасырып тұрғаны демесең, бет-жүзі әжімге толып, әкесінен аумап қалыпты.

*- Жандарал болды ұлығың,
Майыр алды сыйлығы.
Айырылмастай дерт болды.
Нашарға қылған зорлығың.
Князді көрдің піріңдей,
Тілмәшті көрдің бегіңдей.
Дуанды көрдің үйіңдей.
Абақты көрдің төріңдей.
Байлар ұрлық қылады,
Көзіне мал көрінбей.
Билер пара жейді екен,
Сақтап қойған сүріндей.
Заманның түрі бұзылды,
Текеметтің түріндей,
Ойлағаны жамандық,
Жарадан аққан іріңдей, -*

- деп аь ұрған еді найман Жанкісі деген би әрі ақын. «Аь» ұрмай қайтеді әр қалада, әр кентте бір би, бір хан. «Бірігейік енді, ес жинап ел болайық» десең кірпідей жиырылып, найзасын шошандатып шыға келеді батыр-сымағы. Абылайдан қалыспаймын деп Әбілпейіз де Цинь билігушісі Ежен ханға үшбу хат жазғанымен қоймай Рыс сұлтанды елшілікке жіберіп елпілдепті. Өзінен гөрі елге Төле би әулетінің ықпалының зор екендігінен сескенген Әбілпейіз оның ұлын да елшілікке жіберсе керек-ті. Жолан мен албан Ханкелдінің інісі Пұсырман жұңғоның Чиамлұқ (Ежен) деген патшасына жолыққан екен, Уақ Нәкиуақ ертіп жүріп, гүлшамшырақ тамашасын тамашалатыпты. Жолан көрген-білгенін бояламамай, қоспасыз баяндады.

Айналып келгенде ұлы Орда Қытайға қол қусыратын сыңайлы...

- Былай барсаң арба санады, былай барсаң өгіз өледінің кері келген десейші, - Саңырық күрсінді.

- Бүткіл қазақтың басын қоссам деп жүрген хан-сұлтандардың өздері шөре-шөре. Өлмей тақтан ажырағысы келмейді, - Итемген қолын бір-ақ сілтеді...

Әке өлген соң Жоланның да жүні жығылған. Жолан әрине Төле би, Төле би Жолан емес. Әңгіме арасында Әбілпейіздің жалаусыз жалтақ екенін айтты. Әйтеуір – хан аты. Бірақ жұртты арбап-алдап дүние жинауға келгенде – сыйқыр ма дерсің. Бай-бағланның арқасынан қағып, бермесіңе қоймайды, алғанымен тоймайды. Ордасын өзінің айтқанынан айтса да шықпайтын, айдағанына көнетін төре-төленгіт туыс-тумасымен толтырған.

Әлгілер иесінен бетер пайда десе ұры тазыдай жылмаңдап, жалаңдайды... Жүңго деп бір, ұшыр деп екі, зекет деп үш, хан жарлығы деп төрт жинап Әбілмәмет не тапты?! Елге зәбір көрсетем деп алтын тағынан айырылған. Айырған өз ұлы – Есен сұлтан. Әбілпейіздің де сол кепті кимей тынбас деп әңгімесін аяқтады Жолан би.

Төле бимен бірге ұлы жүздің де басынан да бақыт құсы ұшқандай. Дулат балалары Ташкент маңын қаумалай отырғанымен бірлігі білінбей әрі-сәрі күйге түскен бе дерсің.

Саңырықтар ертеңіне Арыстан бапқа жүріп кеткен. Жол азабы ма, жоқ әлде Алланың берген түз-дәмін тауысты ма батыр бесін ауа сандырақтай бастады. Итемгендер қатты састы.

- Бекер жолға шыққан екенбіз, - деп әбіржісті.

Жолай бір ауылға дамылдады. Ысты Жарықбастікі екен. «Арыстаным-ай» десіп жатыр.

- Итемген, - деді Саңырық оның қолын ұстап отырып, - Талайдың ажалына сенші болдым... Талайдың қанын төктім. Әр нәрсеге бір зауал... Бұған да шүкір. Қазаққа қасиетті құт мекен саналған – Қаратауда, бабам Бәйдібектің жанында жәй тапқалы отырмын. Құдайдың құдіреті де. Түнде Төле би түсіме кіріп: «Батыр-ау, қатарымызға келмейсің бе? Жау мұнда да жетерлік екен» дейді.

Таласқа барып, жамбасым тисе деуші едім. Сірә, топырағым қасиетті Түркістанға бұйырғалы тұр. О дүниеде де қазағымның ордасын қорғап жатайын. Сол жаққа жеткізіндер.

Ақырғы аманатын айтып өр арыстан фаниге сапар шекті.

- Ақ адал жан екен, - Итемген ағайындарына басу айтты, - Әулиелерге

түнеп жүріп ақырғы сапарға аттанды. Құдайдың құлы, Мұхамбедтің үмметі деген осы.

Жамандық хабар жата ма? Саңырықтың қазасын естірту үшін үш жаққа жаушылар қос аттап шапты.

Сөйтіп 1759 жылдың тамылжыған тамызында:

*- Босқан еді құрап ап,
Қол бастаған Саңырық,
Алладан медет сұрап ап,
Жол бастаған Саңырық,
Қарсы келген жауына,
Қырғын салған Саңырық,
Анталаған қалмаққа,
Сүргін салған Саңырық,
Тайлақ батыр екеуі,
Серік болған Саңырық,
Айтылған сөз, атқан оқ,
Берік болған Саңырық! –*

деп халық жырға қосқан Саңырық та өтті өмірден. Осыны ел шығарды десек те біреулер Ақтамберді жырауға телиді.

Арқадан, Аяғөз маңынан ат арытып, қан сорпасы шығып «ой, бауырымдап» келген жырау жырласа жырлаған шығар.

Жоқ әлде нағашы жұрты Кіші жүз Жеті ру Керейіт Тайлақ айтты ма? Ол жағы белгісіз. Әбілпейіз хан бастап, төңіректің батыр-билері түгелге жуық келіп, батырдың жаназасына тұрды.

- Алдың пейіш, артың кеніш болсын! – деп Түркістан жұрты топырақ салысты. Тіпті Қоқан бегі Елдан да молдасымен үш-төрт батырын жіберіпті.

- Бүткіл алты Алашқа ортақ батырымыз еді, - деп басын иіп кетті ол мүскіндер де...

Жоңғардың сан жебесі денесіне дарымаған Саңырық ағайынның арасындағы дауды шешіп бітімге келтіреміз деп құдайшылығын айтқаны үшін бір қанпезердің ши түбіне тығылып жатып атқандағы, уланған оғы батырды ақыры алып тыңғанын ешкім тіс жарып айтпады.

- Алланың ісі, ажал жетті, батыр кетті. Батыр бір оқтық деген осы, - деп өздерін-өздері жұбатысып тарқасты.

Сырдария, Қуандария, Іңкәрдариядан, Мұғаджар, Ырғыз, Жем, Ойыл, Қобда бойынан Елек, Ырғыз, Еділ – Жайық бойынан келгендер де

«Кіші жүз жау жүрек жауынгері-жиенінен айырылды», - деп бастарын шайқай кетті. Ұлы жүз ұлы ұланынан айырылды. Орта жүз толғатып тұр ей, Ақтамберді ойлан деді ақсақалдар.

Ұлы Отан соғысының алғашқы ересен қолбасшысының сүйегі - қасиетті Түркістанға қойылды. Қалет батыр осы сапардан тым құлазып қайтты. Өмірдің жалған екендігіне көзі жеткендей. Аспанмен барып еді, жермен қайтты бәрі.

* * * * *

Қоканмен жұлқысып Бұқар, Хиуа әміршілерімен қырқысып қырық пышақтасып жүрген тұста Абылай хан қолы Созақ арқылы Түркістанға сау ете қалсын. Еділ торғауыттары мен башқұрттарынан жапа шегіп отырған Сыр бойының Кіші жүз ордасының бір қатар ру-тайпалары дереу қол жиып Созаққа аттанған. Бір жүздікті бастап Қалет те жетті.

Бұдан жиырма жыл бұрын Жоңғарияға Төле би бастап Қазбек би қостап, Орынбор генерал губернаторы Иван Неплюевтің жансызы, әрі елшісі секунд - майор Карл Миллерлер бар, Жоңғар қонтайшысы Қалдан-Серенді қорқытып Абылай ханды босаттырып, Сыр бойындағы 32 қаланы Әбілмәмбет ханның басқаруына бергенін қайтсін, бақастықтан кейін біраз кент, бекіністерінен ұлы жүз ордасы ажырап қалған. Оның үстіне қокандар Шолаққорған, Созақты алды. Алып қана қойған жоқ Абылайдың немерелес туысы Іскендірді бала-шағасымен қырып тастады. Талапайға түскен қазаққа қандас деген қырғызын да қоқилансын. Саяқтың Қаба ұрығынан шыққан Садыр батыр бастап жер даулап Талас бойындағы қазақтарды Шымкентке дейін ысырды. Онысымен қоймай Іле бойындағы ел-жұртты Үшаралға қарай сүре бастаған. Ел жақсылары жиылып Абылайға арыз айта барғанда: «Жер жетеді, тимендер» деп тоқтап айтқан. Ол уәжге үйсін жағы көне ме. Көзі тірісінде Төле би ханға сәлем айтыпты. «Елін, жерін қорғасын» деген салмақты сәлемін Бұқарға айтқызды:

- Ей, Абылай ханым!
Қырғыз Көкжарлы Барақты алды,
Ал сарттар бек қазақты алды.
Шолаққорған, Созақты алды.
Сені алмаққа аз-ақ қалды, -

деген соңда жырау. Ашуға мінген Абылай:

- Оң жағымнан Қоқан, шығысымнан Қытай, түстігімнен орыс тұрғанда азғантай қырғыздың басынуын-ай. Қырмызына қызықпай тұра тұрсам деп едім. Қалмақ келгенде қазақ Бұқар қанғып, қырғыз Сыр бойынан асқан екен. Садыр ит аз уақыттың қайғысын ұмытыпты. Әкесін көзіне көрсетейін! - деді.

Өстіп, ойда жоқта үш жүз қозғалды. Әуелгі Созақты алды. Қаланы аларда Ұлытау бойында жүрген Қалет жүздігімен жолай қосылды. Созақты сарттар билеп тұрған. Қаланы әп дегенде ала-алмағаны қара мылтықтың күші. Жаужүрек Абылай сарбаздары «ит соғыс» әдісімен қокандықтардың оқтары таусылғанша әлсіретіп барып, алды.

Сонда ерекше ерлік көрсеткен Қалетке Абылай:

- Оу, батырым, өзің де, сарбаздарың да ерекше ерлік жасадыңдар, - деген ақ шатырының алдында қабылдап, - Санырық фанилік деп естідім. Ер Итемген тірі болар.

- Жалғыз жарып шыға алмайсың, артында жарақты жасағың болмаса айқайлап жауға кіре алмайсың, алдияр тақсыр, - деді Қалет, - Итемген қарт келе алмады... Батыр аттың үстінде, оқтың өтінде өледі демекші, қартайса да, қызылбастармен қақтығыста жүр.

Абылайдың қабағы түйіліп кетті. «Қызылбастарға арқа сүйеп қарақалпақтар да елдің тыныштығын бұзып жүр» деген-ді, тіпті Елдан бегі жүңго патшасына басын иіп, қолын қусырыпты деп естіді. Еділден башқұрт та атойлап қояды. Шұрайлы жерлеріңді алып қояды, - деп Неплюев сабазың астыртын қойт-қойттайды. Ұзыннан өші, қысқадан кегі бар Еділ торғауыттары да тісін көрсетіп ақситады. Осының барлығы неден? Неліктен осылай. Қазақтың басын қосып «Жеті Жарғыны» бекітіп, алты Алашқа бір-бірден би сайлағанда бәрібір бастары бірікпеді бұл халықтың. Өз Тәуке өлісімен ауру, дімкәс Болатты үш Орданың сұлтандары жүре тындап, ақыры Қазақ даласын аш бөрілердің талауына салды. «Шіркін, біріксе, мына Қалет, анау жас перілер әлемді жаулар күшке айналар еді-ау» - деп Созақты аларда Абылай ойланып кетті. Сәлден соң:

- Мә, батырым, - деп күні бұрын әзірлеткен алтын сапты қылышты Қалет батырға ұсынды, - Кешегі ерлігің үшін!

- Рахмет хан ием! - Қалет орнынан ұшып тұрып қылышты алып, маңдайына тигізді. Осы соғыста Панк батыр, ту ұстаушысы ретінде көзге түсіп ошақтылар мерейленіп қалған.

Сол күні кешке Созақтың бегін әкелген. Қазақ, Созақ, Ұзақ, Разақ бәрі Сақ болғалы – Созақ алғашқы табан тірер, ту көтерер астанасы екенін де кәрі тарих қатпарына алып, ұмыттырып жібергенді. Әбілхайыр хан қалмақтан ойсырай жеңіліп, Сығанаққа шегінгелі бері, бұл қала да сәнінен айырылып, жетім күй кешкен. Әйтпесе, Баба Түкті Шашты Өзіз әулие тыным тауып, Қарабура қазан татарларын шабарда осы Созақтан сан қол бастап шыққан екен дейтін құйма құлақтар. Маңдайынды шығысқа тіреп екі қолынды екі жаққа созсаң – оңтүстігін Түркістан, терістігің үш жүздің басын біріктірген Ұлытау... Онда алты Алашты алғаш бір тудың астына біріктірsem деп ат үстінен түспеген Ахмет хан (Алаш) мен Жошы хан жатыр. Алла сәтін салса, қырғыз, қарақалпақтарды жайлы етсе, ежелгі қазақ ордасын астана ету – Абылай ханның ішкі ізгі арманы.

Анау Қараспан тауында қазақтың Ақ Туын желбіретsem дейді, ендігі бір қиялы. Абылай ханның қолы жолай дулат, қыпшақ, ысты, ошақты, қаңлы қолымен көбейіп Түркістаннан сарттарды түре қуып, Ташкенттегі Қоқым бидің басын алумен аяқталған. Бауырларын бауыздаған Қоқанның қолға түскендерін Абылай да арқасынан қаққан жоқ, бар жазырын берді.

Ташкенді алған соң жүнго патшасына елші жіберді.

- Оң бүйірімде шаншудай қадалған – Қоқан хандығы әбден мазамды алып бітті. Бүйте берсе ертең Сізге де қауіп. Келген жағы белгісіз сарттарды Әмуден әрі асырып, Қарақұмға тықсырып тастау үшін маған зеңбірек беріңіз, - деген үшбу хатына аспан асты елінің патшасы: «Екеуің де маған бірдейсіңдер. Сондықтан саған зеңбірек беріп, Қоқанды қырғызып қоя алмаймын. Одан да бір-біріңмен сыйластық, татулықта тұрыңыздар» деген ақылгөй хатын жіберіпті. «Қоқан қоқандамаса малын құрттап, айранын ұрттап жүрген қазаққа басқа бағыңның керегі не? Ташкенді алмаса қойсын, өзі білсін» деп ашуға булыққан Абылай жолай Әулиеатаға соғып, Қақпа асуында қырғыздың Садыр ханның ордасына ойнақ салды. Садыр да кесір еді: «Сасыған сарт Абылай мені ханым деп танысын» деп елші жіберіп, есірген. Астамшылығы түбіне жетіп, тоғыз ұлымен тұтқынға алынып, бастарынан айырылды.

«Жайыл қырғыннан» кейін Қалет шұғыл Сыр бойына оралды – еліне хиуалықтар шауыпты, Панқ Абылай қосынында қалды. Әрі жан-жақтаған анталаған жау тұрғанда батырдың ат үстінде өлетіні расқа айналатындай. Талас өңірінде солағай Наурызбай бастаған қолда қалған.

Еліне Қалет Төле бидің айтқан бір уәжін айта барды. Данагөй би

қатты науқастанып жатқанда қаз дауысты Қазбек би, Көкі би, Мәлік ұлы Ержан билер отарып Төкеңе: «Үшеуіміз үш жүзден көңіліңізді сұрай келдік. Қазақ сорлының ендігі бақыты қайда, ардақты еліңізге қандай өсиет-өнеге қалдырып кетесіз» депті.

Сөйтсе Төле би:

*- Жүзге бөліңгендердің жүзі қара,
Руга бөліңгендердің құруға асыққаны.
Атаға бөліңгендер адыра қалады,
Көпті қорлаған көмусіз қалады,
Хан азса халқын сатады,
Халық азса хандыққа таласады, - депті.*

Көңіл сұраған бидің бірінің көзі қыли, екіншісі қасқа бас, үшіншісі доғал мұрын екен. Соларға қарап: «Қазақтың қазіргі бағы таздың басында, соқырдың көзінде, пұшықтың мұрнында тұр» десе керек-ті.

Бір көзі соқыр Қоқым (Көкі) биді Ташкеннен қуып шыққан Абылайдың алдынан қырғыздың Сәдірбала деген биі қол қусырып келіп «сауға» сұраған. Хан әскері Қарабалта мен Соқылық бөктерінен қайтып, ол жер содан бастап «Абылай аспас асу» атанған.

Қалет батырдың елге өзегін жарып жеткізген қуанышты хабары Билікөлдiң (Айнакөлдiң) тауға шығар жазығында Қоқымның баласы Солты бимен өндірі жас Тасжүрек солағай Қошықтың екінші баласы Наурызбайдың жекпе-жегі. Созақ шайқасында да он шақты жасауылды найзамен түйреп көзге түскен жас арыстан ерледі, Солтының найза сілтеуге шамасын келтірмей хақ жүректен сүңгіте соғып қырғыздың аяғын аспаннан келтірді.

Қалеттен бұрын қарт қыран Паңқ батыр:

- Наурызбайлап! - үрпиісіп қалған қырғыздарға қарай лап қойған.

Шайқас біткен соң Қалет Наурызбайдың арқасынан қағып:

- Бүгін ошақтының ұранына айналдың, - деп ағалық, аталық көңілін білдірді.

Өзінің ұлы Дүйсен де кішігірім соғыста ерге тән әбжілдік танытқан. «Тіфә, тіфә» дейді іштей.

Билікөлдiң бастауында Қошықтың төбесі деген жер бар. Жоңғар қалмақтарымен шайқаста ауыр жараланып, ақыры жер жастанған Қошықтың сүйегі сол төбеде.

Абылай хан Кеңесін шақырып, ұлы Орданы басқару мен қайта қоныстандыруды сөз еткенде қолбасшы Қойгелдінің қираған қала

орнына жаңа қала соқтырып, елге билік етер сұлтаныңды сайлап кет, хан ием дейтіні сол тұс...

Хан Әділ баласын ұлы Ордаға әмірші етіп бекіткенде Қалет те өз ойын айтып қалды:

- Атшабар бабамыздың асыл сүйегі жатқан Таластың жоғарғы сағасына ошақтылар қайта қоныстанса болар еді, - деп Наурызбай мақұлдай қоштады.

Айбарлы хан Абылай мақұл көрді. Қуанышты хабарды Тереңөзектегі еліне жеткізгенде көңіл құлазытар оқиғаның үстінен түсті.

Апақ-сапақта «зекет бере қалыңдар» деп он шақты хиуалық жасауылдар Қуандария бойын сағалап отырған үйсін ауылының әптер-тәптерін шығармай ма? Басынан сөз асырмайтын Итемген қарт ақбоз атың мініп әлгілермен айқаса кетіп, 3-4-еуін сойылмен жайғастырған. Сексеннен асқан қарт жағаласып жатқанда біраз адам аттылы-жаяулы жабыла кетеді. Бірдеңе тарс ете қалғанда барып бәрі аңтарылып қалыпты. «Ой» деп ат жалын құшқан Итемгенді көріп барып, жұрттың түсінгені келген жасауылдың бірінде ши мылтық бар екен, жан далбасалап жүріп сол атқан. Дәнен, Сарымергендер Итемгенді үйге алып кіріп, дереу емдом жасап, әйтеуір езір дегенде аман-есен алып қалып, «әлде қандай болады?» деп Абылай қосынында жүрген Қалетке хабар жіберткен.

Қалет келгенде Итемген құлан-таза жазылып кеткендей бой жасады жарықтық. Қара торы жүзіне қан жүгіріп, тіпті төсектен тұрып, молдастап отырып әңгіме-дүкен құрысқан.

- Жәке-ау, сексенге келгенде не сайыс? - деген ренішін елер емес, елеріп отыр.

- Е-е, енді қызылбас келді деп, төсектің астына кіріп кетуім керек пе? - дейді гүрілдеп сөйлеп Сақтаған қайнысын әжуәлап. Ол ұялып төмен қарап, мәсісінің басын шұқылай береді. Әшейінде елді сынап, мінеп, Қоқан келсе өйтер едім, қарақалпақ келсе бүйтер едім, орыс келсе екі көзін ойып алар едім деп көкі беретін. Күндердің күнінде бастарына қызыл байлап алған хиуаның шеріктері сау ете қалғанда кебежеге тығылып күлкіге қалған. Құрдастары сол күннен бастап Сақтағанды мазақ ететін.

- Жасыңыз болса сексеннің бесеуінде. Найза мен қылыш, сойылды Сіз түгілі біздің көтеріп жүруіміз мұң болған жоқ па? - Қалет те өз сөзінен қайтар емес.

- Әй, Қалет! - деді Итемген жақтырмай, - Байы өлген қатынға ұқсатып

мені мүсіркей бермей, одан да қоқиларды қайттыңдер, әкесін таныттыңдар ма, соныңды айт.

Қалет амалсыз күліп, жорықтың жәй-жапсарын баяндады. Әкесі әбден тыңдаған соң барып:

- Ойнақтаған от басады демекші, қалмақтың тіліне еремін деп Жайыл, Садырлардың қырылып қала жаздағаны-ай. Абылайым аман болса бүткіл қазақтың басын қосар. Әділ төресін ұлы Ордаға хан сайлап кетті дедің бе? Жөн, жөн... Әкесіне тартса елін жауға алдырмас, басын дауға қалдырмас, кім қай жағымыздан шабады деп екі көзді талдырмас, - деп желпіне сөйледі.

Жиырмаға жасы енді іліккен Наурызбайдың ерлігіне жүдә сүйсінді.

- Қошық та қайратты - кара нар-тын. Сүйегі ата-мекенге бұйырды. - Іштей Аса, Таласын, боз жусанды, ақ селеулі Ақсайын аңсап отырғаны белгілі.

Әңгімеге енді Дәнен араласты. Төртпақ, жалпақ жауырынды, қаба сақалды батыр ағасы Үшаралға былтыр көштің басын бұрып кеткен Жаншуақтың жәй-күйін сұрастырды.

- Сүржекейімен желдей есіп жүр, - дегенді естіп қуанды.

Саңырық пен Сарымергенге қарағанда Дәненнің қатынға ауызы салымды. Шапқан, барымталаған елдің сұлуын нокталағандай ерте келетін ерлігін айтсаңшы.

Малдастасап отырған Дәнен, Итемген, Сарымергендер үш атадан туысады. Тасжүректің Сейітінен - Байсейіт, Құлсейіт, Құрмансейіт. Бұлардың Сейіт аталатының да тарихы бар. Әбілхайыр заманында түп аталары Жолмұхамет ханның бас батырларының бірі-тін. Онда Созақ - Әбілхайырдың қол астында. Құран ұстап, мұсылмандықты уағыздаған көп кожалардың ортасында дүниеге келген екінші ұлының есімін Сейіт деп ырымдаған.

Не тірлік жасаса да ырымшыл халықтың тұқымы емес пе, кейін үш ұлын да Сейіт атауымен байланыстырды. Ұлы аналары есімі Әйте бегім үшеуінің аттарынан шатасатын да жүретін.

Байсейіттен тараған Бақай, Есен құсбегі. Бақайы батыр шалыс. Самарханның әміршісі Жалаңтөстің сарбаздарының сашында тө-өу сонау Жетісудағы Орбұлаққа дейін жау қуысқанның бірі. Сол тұста ғой інісі Есенқұсбегінің Бұқар әмірлігінде құсбегілікті атқарып, айбаттанатыны.

Інісі жалындап тұрған от ғой. Қазақтың жауы қазақ демекші, ажалы айбарлы жауынан емес, қандастарынан болды. Әменгерлік салтымен

Бакай інісінің әйелі – Ақылбикені тоқалдыққа алды. Інісінен Ожарды соңына ілестіре келген сұлу Бакайға – пайымды Тоқтыбайын туды. Тоқтыбайдан Дәнен, Саңырық, Сарымерген де, Есенқұсбегіден – Ожар. Оның атын былай деп қоятын себебі де жоқ емес. Өжет, бір бет болсын дегендік... Ожардан – Итемген, Битемген, Сүтемген. Аласапыран заманда жүргенде екеуінің біреуі әуелі Шыршықты паналаса, екіншісі қалың қарақалпақтың ішінде Токта-көпірде.

Итемгеннен құдайға шүкір – Қалет, Әйменбет, Қазыбайлар, бұлар Гүләйымның Баба Түкті Шашты әзізге түнеп жүріп, Алладан тілеп алған құлындары. Көшіп жүріп байқамапты. Қалет қырыққа аяқ басса, немерелерінің алды ат-жалын тартып, садақ тартуға жарап жүр. Дүйсеннің әкесіне ілескеніне екінші жыл. Ат үстінде...

- Жәке, - деді Қалет тағы бір қуанышты әңгімесін бастап, - Алла сәтін салса Таластың бойын жағалай көшер күн тумалысы.

- Ия Алла, - Итемген қайтадан төсегіне жантайды. Ауруы шыдап пады ма, даусы бәсең шықты, - Ер туған жеріне деген. Десек те құдайға шүкір Сыр бойы атамекенімізге айналды, мұндағы алшын, кердері, керейіт, тама, шекті, жағабайлылармен бауырласып кеттік. Атасына мың рахмет «үйсінсің» деп кеудемізден итермеді. Кең қолтықтығын көрсетіп жерін берді. Аз жылдың ішінде өсіп-өніп бес жүз үйге жеттік.

Әкесінің тебіренетіндей жөні кеп тұр. Теренөзектің айналасын айтпағанда жері, көлі, тауы, даласы, құмы Таластікінен еш аусайшы. Қысы жұмсақ. Сырдан қашқан су кіші Арал көлінен басқа тоқсан көлге құяды. Жағалары қалың қалаулы нарқамыс, құмының етегі әрбірінің түбі үйдей қызыл жыңғыл, қоңыраулы, түйе бойлы, шеңгел, ит тұмсығы батпас жиде, аттың үзеңгісін қағатын қызыл сөгі маржандай көрінетін жантақ, қызыл-бурыл шашақты кермене, асаса аттың аузына сыймайтын көгілжің бозғылт түсті ажырық, жел тербесе ат жалындай толқындайтын бидайық, үстіне аунай кетсең ісі танауынды қытықтайтын әтір иісті көк құрак. Ой, несін айтасың.

Осының барлығы Таласты, Астау көлді, Қайқы көлді, Ошағанды көлді еске түсіреді.

Қуандария, Жаңадария, Инкәрдария бәрі есте жоқ ескі замандағы теңіз орны. Күн шуағы көбірек түсіп, аңыздық жел айлап тұрып, шөл дарияға айналған. Десе де табаны сазды, шөбі майлы. Дарияларды жнекей көмкерген сегіз көзге ұқсаған көк сүңгі тәрізді сексеуілдерінің іші аң мен құстың құт мекені. Қыста кірген малдың қылшығы көктемде қисаймай

шығады. Жәй шықпайды екі-үштен төлін ерте шығатынын қайтерсің. Сулары толған – балықтың неше атасы. Бағлан қозы мен қазы қарта жеп, айран, сүтпен қоректенген қазақ сол балықты ұстап жеуге ерінеді, нуланғанды ар көреді.

Қалың қоға ішінде азу тістері анау-мынау қанжардай қабандар жүреді. Тоғайында тарғыл жүнді жолбарыс бар деседі. «Бәленшенің атын жарып, қанын ішіп кетіпті» деп ылғый ел үрейленіп әңгіме етіп жатады. Сондықтан орман, тоғай, қоғалы қопа қамысқа бала-шаға жоламайды. Алда-жылда бара қалсаң бес қаруың сай болсын, әйтпесе мерт етеді. Жылғыз-жарым жүремін деп аңға жем болғандар аз ба?

- Жөн, жөн, - деді Итемген қарт еңтіге үн қатып, - Абылай хан жұртын ең жайлау, ата қонысқа жайғастырып жатса, біз де көшіп үйренген халық емесің бе? Көзсіз көбелектей шыр айналып біттік. Ессіз көштен ел де шаршады.

Отырғандар Итемгеннің сөзімен келіскен сынай танытып, үнсіз қалды.

- Жиделі – Байсыңға жетсең де, ата-жұрттың жөні бөлек, - деп Дәнен де күрсінді.

Жарықтық Итемген содан көп жасамады.

Қоңыр күз келіп Арал-Кердері теңізінен бұлт жиі шығып, жаңбыр тоңелер күнінің бірінде көз жұмды. Ағайындары туған жерін топырағы бұйырсын деп – бір бүйірдегі Үшаралдың Бозарығына апарып жерледі.

Жетісі өтісімен Қосқұдық маңынан Құрақпай жылқышы шауып тағы бір жайсыз хабарды жеткізді.

- Арыстан жоқ! Қашып кетіпті!

Қалет батыр төбесінен жай соққандай есенгіреп қалды.

- Не дейт!

- Арыстан жоқ дейді көке! – деді Дүйсен жанұшыра, - Сырдың қызыл бұржақ суына кетпесе жарар еді-ау. Жоқ жоталы жолбарыс жарып өлтірді ме екен?

- Қос күрең ат қоса жоқ, - деді Құрақпай.

- Тайкөк пен Таскөкті ертте! - деді Қалет ашуға мінді.

- Көке, ол енді жеткізбейді. Жеткізген күнде оралмас. Мен барайын, - Дүйсен қиылды.

- Ертте деймін! – Қалет төрдегі қылышына ұмтылды.

- Мақұл көке...

Адам ашуланғанда көз тұнады. Қимылы ересенге ұласады. Бесқаруын

түгел сайлаған Қалет Тайкөкке мініп Таскөкті жетегіне алды.

Шығысты бетке алып құйғытып барады.

- Әкең бірденеге ұрынып жүрер, - деді бағанадан бері болған жәйді бақылап тұрған Дәнен қарт, - Екі-үш жігіт ізінен көзге түспей саумалап жүріп отырыңдар.

Дүйсен бастаған тағы үш-төрт жігіт лезде жиналды. Жолға деп малта құрт пен сусын алды.

Сөйтіп, Қызылқұмды қиялай асқан үш топ кең дала үстінде бірін-бірі қуалап шығысты бетке алды.

* * * * *

Қос күренді кезек міне қашқан Арыстан баланы ер Қалет Тарбағатай тауының етегіне жете бере Қиялы тас түбінде дамылдап отырған жерінде қуып жетті. Тап осылай тас төбемнен түседі деп ойламаған ол:

- Оқа, оқа, - депті.

Көргендер, куә болғандар кейін айтып жүрді. Шал мен жігіт екеуі арыстандай алысқан, жолбарыстай жұлысқан. Ақыры бесін шамасында Қалет Арыстанды атып ұрып, оң құлағын қылышпен шауып түсірсе керек.

- Көке-ай, бекер істедің, - деп еңіреп жіберді жігіт, - Өзім де көнетін едім ғой.

- Меннен көрме, өзіңе өзің істедің, балам!

Осылай деген Қалет ашуын баса алмай қой тастың үстіне отыра кетіпті.

Ол заманда құлағы кесілген құлды ешкім құлдыққа да алмайтын салт болса керек-ті.

Болар іс болды.

- Ей, балам, - деді Қалет ақыры ашуын ақылға жеңдіріп, - Бөлектеген жерім болса айтшы. Алты жасыңда қолыңа асық ұстаттым. Жеті жасыңда тай, он жасыңда құнан мінгіздім. Жарақты жауға салмадым, бәлелі дауға басыңды сұқпадым. Балаларымның алды деп айттым. Айтқаныңды екі еттім бе? Он сегізге келгенде ең сұлу қызды қолыңа қондырдым. Алланың берген екі ұлын сүйіп отырсың. Ешкім әке-шешесін жанына байлап жүрген жоқ. Ашығын айтсам, түрін де білмейсің. Атам қазақ бала тапқандікі емес, баққандікі дейді. Сені ел арасында бұдан былай жаулық

жүрмесін деген ниетпен балам дедім.

Арыстан бетін басып ұзақ жылады.

- Көке, - деді сосын, - Кіндік қаным тамған Баркөлдiң жағасына аунап-қунап қана қайтсам деп едім. Айтқаныңыздың бәрі дұрыс. Әкемнен әрісіз...

Екеуі айдалада қайтадан құшақтасып жыласты...

- Кешір әке! Мені құлақ кесті құлыңыз еткенше өлтіргеніңіз орынды еді.

- Жоқ, - Қалет қайтадан егілді, - Мен ұлымды екі рет өлтіре алмаймын. Сен кешір...

Әкелі-балалылардың үстінен түскен Дүйсендер «уь» десті.

- Айдалада бұларың қалай? - деспеді. Азын-аулақ тамақты бөлісіп жеп, 5-6 салт атты Итішпес көлінің тұсынан сары даланы басып батысқа бет алды.

Арыстан намысқой екен. Құлағын таңып жүрді. Келер жылғы Еділ торғауыттары орыстың айтақтауымен Ұлытау маңына башқұрттармен қосыла басып кіргенде қалың додаға «Бактиярлап» кіріп, біраз қалмақты ат үстінен түсіріп, өзі де Дүйсеннің қолында жан-тәсілім етті.

Жаны шығарда марқұм:

- Баркөл, - депті.

Асықтың сақасындай әдеміше келген Арыстанның қазасы батырға қатты батты. Шүкіршілік ететіні соңында өндірдей-өндірдей екі ұлы қалды. Апта бойы ешкіммен сөйлеспей теріс қарап жатып алды.

- Ата жұртына жіберуім керек пе еді, - деді «аь» ұрып.

Басқа халыққа сіңуден алдына жан салмайтын қазақтан қалмақ қандай, қаншыл еді деп те таң қалды. Аз жыл ішінде ала тақия, ала димбал киген, әрі сартша сартылдап жүрген ағайын-туыстарына іштей өшпекті. Жек көрді. Шетінен басын шабар ем деп кіжінді.

Шыбын жан бөлек болған соң қиын екен. Жетінші күні ғана басын көтерді. Дүйсенге ақырындап тапсырма берді.

- Ана Есмырза, Наурызбай, Байтоқтарды шақыр. Дәнен, Сарымерген көкелерің қалмасын, әңгіме бар, - деді...

Сол әңгіменің арты Есмырза би, Наурызбай, Биток батырлар алысқа Үшаралға аттанатын болып шешілді.

Дүйсендер де ілессін деді.

Дәнен, Сарымергендер жол алыстығын айтысып, кергіді.

Оның да жөні жоқ емес-ті. Дәнен жастармен жағаласып нем бар десе,

Сарымерген жаңадан ғана бас құраған. Балалары болса жас.

- Дулат, Ысты, Сіргелінің игі жақсыларына сәлем! – деді қарт Қалет.

Осыны айтқанда дауысы қырылдап шықты. Ай аралатып оралғанда Алты Алаштың даласын қос тұлпарымен шауып жерін, елін жаудан қорғаған Қалет де бұл өмірден озды.



Қасымұлы Әбдіжалал



Әбдімәлікұлы Көпбосын



Зағипа ұл-қыздарымен



Әлиев Қасымның жанұясы



Әлиев Әбуғалидың жанұясы

ДҮЙСЕН

*Батыр болсаң - жауға найзаң тисін,
Бай болсаң - елге пайдаң тисін.*

Халық мақалы

Жүргіншілердің ішіндегі ең жасы Дүйсен. Қошық баласы Наурызбай скеуі қатар. Жирен атпен желдіртіп жүргенді ұнататын, қырғи көз, қыр мұрын, ат жақтылау келген, күміс жібектен әдіптелген шапан киген, құндыз бөріктісі – түлкіші атасынан Есмырза би.

Ошақты жұрты қалмақ салған лаңнан оңға жарылса да құдайға шүкір биін құрметтеп, сөзіне құлдық ұрып, батырына мақтанатын ел.

Есмырзадан да бұрын осы рудың басын ұстаған небір билер өткен...

Төрт арыс ошақты сонау атам заманда билік құрып, ұлыбекке әмірін жүргізген Елжау би, Нәнді билерді, бертіндегі Майқы билерді ұмытқан жоқ. Күні кеше өткендей «пәлен жерде бүйтіп айтыпты, түген жерде сүйтіп айтыпты» деп құйма құлақ қариялары олардың өнегелі өсиеттерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу салтына сіңіп, дәстүріне еңген.

Үш ғасырдан бұрын Есмырзаның ұлы бабасы Ақ Кесенені мекендесе, Жошы ұлысының әуелгі шегерасы Көк Кесене болыпты-мыс. Қазақ-қалмақ ауылы аралас, қойы қоралас күн кешкен заманда өткен, бірақ достығынан қастығы көп болса керек-ті. Мұндайда бүткіл әлемді жаулаған Шыңғыс тұқымынанбыз деп тайшысы да, кедей-кепшігі де кеудесін ұрып шыға келіп жәй жатқан қазаққа тиіседі. Оған намысқой қазекен шыдаған ба? «Сен Шыңғыстан шықсаң, мен Үйсінмін» деп шоқпарға шоқпар сілтеседі. Өліп қаламын демейді. Түлкішіге Алда, Таңатардың ұрпағы қосылып, «Атшабарлап» ұрандайды.

Жағаласқан жаугершілікте осы елдің биі Бақы еді. Кейін Хақназар заманында үлкен билік айтып, жесір дауын шешіп, Жамантымақ би атанды. Жүз жасаған Жамантымақтан Қара би төрт арыс ошақтыға сөзін откізді. Қара би әділдігімен аты алысқа кеткен еді. Ол тұс билікке анау-мынау адамның қолы жетпейді. Төле би айтпақшы: «Батырды екінің бірі, биді ілуде біреу туады», я болмаса елдің құты – би болмақ.

Шыңғыс заманына дейін бұ қазақтың ханы да, сұлтаны да, бегі де, әмірі де билер болатын.

Есмырза айтып келе жатқан қоңыр Қара би, Аталықтан шыққан Әлімбеттен кейінгі, Қарақұмалақ бимен замандас.

Бетегелі боз жусанды далада аттарының басын біресе жіберіп, енді бірде ірке тартып келе жатса да әңгіме-жолды қысқартатынын жас батырлар білгісі келеді.

Есті, ескі сөзге құмар Дүйсен ара-тұра сауал тастап әңгіме өзегін де жалғайтын да – сол.

Сыр бойына арып-ашып жеткенде екі би шешімді сөзін айтып, елдің есін жинатқан.

- Би еке, - дейді Дүйсен көк атын тебіне түсіп, - Бақы қалай Жамантымақ би аталған?

- Е-е, Бақы емес Бакты би деп те айтуға болар, - деп Есмырза жиреннің басын іркіді, - Қоңтайшы Цеван Раптанның мейманасы тасып тұрғанда Бақы би 13-14 жаста. Қанағаты жоқ Цеваннан мал даулай барса керек. Сыншысы айтыпты: «Келгендердің ішіндегі іліп алары бала екен», - деп. Айтқанындай ертеңіне хан жоқшыларды қабылдаса, көбі күмілжіп ештеңе айта алмапты. Қоңтайшысы: «Қазақтан менімен тең дәрежеде сөйлесіп теңдік алатын ұл тумаған ба?» - деп кеудесін кергенде босағада отырған Бақы бабамыз:

- Құлдан да бір сөз, - депті орнынан тұрып кетіп, - қазақтар жақсы түйенің орнына бір бота, аттың орнына бір құлын, қойдың орнына қозы, ешкінің орнына тышқак лақ алайын деп келген жоқ, тақсыр, қыз алысып, қыз беріссеніңдер билікті дауыңның шешімі осы.

Осылай деп Бақы сыртқа шығып кетсе, Қоңтайшы: «Әй, әлгі бала қайда кетті. Баланың билігі құлаққа енеді. Басында жаман тымағы бар қай бала?» - депті орнынан ұшып тұрып. Қоңтайшының аузы дуалы екен, Бақы бабамыз содан былай Жамантымақ би аталып кетті. Бала кезімізде көрдім. Шапшаң сөйлейтін, тыз етпе жүйрік аттай қызу мінезді кісі еді жарықтық.

Жиделі Байсындағы қоңыраттар мен үйсіннің бір батырын жазым еткенде аталық Қаракұмалақ би бастап барғанда да билігін берген Бақы би. Онда да жас кезі. Цеван Раптанның алдында жаңылмаған жақ орта жүз қоңыраттың билері алдында да азулылығын танытады деп апарса керек-ті.

Қоңырат Сарықбай би менсінбей:

- Оу, үйсіндер, - деген, - Мына көгерім баланы ауылдарыңа тастамай, билік айтады, ұшпаққа шығарады дедіңдер ме? Әйтпесе, бұл келін түсіру тойы, кемпірдің өлімі емес, ердің құны шешілетін егесті билік айтылатын жер емес пе? - деген

Әлгі жерде Бақы би жүрелеп отырып қалып, қамшысын ортаға тастай беріп:

- Аса құрметті Сарықбай би, үш жүздің жақсы мен жайсаңы бас сосқан бір жиында ноғайлының ұстыны Орманбет би: «Ердің құнын кастың жайсаңы даулайды, көрінің сайтаны даулайды» деген екен, сол айтпақшы сен көрінің шық бермес сайтаны болсан, мен жасындай қарқылдаған жайсаңымын, - депті.

Бір ауыз билікке тоқтаған жұртпыз. Сарықпай би: «Асыл тастан, ақыл қастан» деп сөзден тосылып, ердің құнын төлеуге бұйрық берген.

Жас Жамантымақты бұдан былай Бақы би деп атапты деп отыратын сариялар. Біз көргенде Қаракұмалақ тоқсанның, Бақы би сексеннің зеңгірінде. Осы сендердің әкелерің тұстастарға:

- Қалмақша қиық жағалы шапанын, жарғақ терілі, қарсақ тұмағын киіп, қыздарына шапқандарыңа мәзсіңдер, - деп риза болмай отыратын.

Бақы биден Қара би қалған, ол кісі Қоқандағы Елдан ханның сарайында қызмет етті. Әлгі Итемген атаң сол ханның қатыны ұл гапқанда палуанын және ақ пілін жығып, мына өзін мініп келе жатқан көкжалыңның ұлы атасы – Көкдауылды сыйға алған.

Құмалақ би мен Қара би Жиделі байсынан елін ата қонысына көшіреміз деп қаншама мәрте талпынды. Запыран құсқан замана оған ырық берді ме? Одан кейін өз атаң Итемген мен Саңырық батыр қаншама әрекеттенді. Елдің алдын Майдантөбеге дейін (баяғы Наурызбайдың Қоқым бидің баласы Солты биді жеңіп қазақ-қырғыз соғысқан жер. – Авт.) көшіріп апарды. Дулат ағайындар түртпектеп көптігін білдіріп маза бермеді ме, кім білсін әйтеуір Тереңөзекке қайтып оралды көбісі.

- Шуылдық атамның балалары Айнакөлдің жағасын жаз жайлау етіп, қыс Мойынқұмды қыстайды деп жүр ғой, - Әңгімеге ет-жеңді келген, дәу сары, қабасақалды Битоқ араласты.

- Ә-ә, Қойгелдінің шарапаты да, - Есмырза атын тебініп қалды.

Битоқ та батыр шалыс жігіт. Тасжүректің солағай атасынан.

Түнеу күні қызық болсын. Қодырандап Қоқанның жасауылдарының ат ойнатып келе қалмасы бар ма. Ішіндегілерінің пысақайы Асқарбек дәу. Өзі алыс емес аталас ағайын, Қоқанға қызмет етеді. Келген сайын:

- Хан ананы сұрап жатыр. Құсбегі мынаны әкел деп жатыр. Әмір әкемізді танытады, - деп сұғанақтанып жүргені.

«Асқаржан-ау, мынауың артық» десең, сары мысықтай сарғыш көзі қылиланып, байшыл жаман қатын тәрізді: «Хакімге айтамын, ханға

айтамын» деп баж ете қалатын сұмырайдың нақ өзі.

Әкесі Қуанышбай тақымы кеппес ұры екен, Кіші Ордадағы шекті елінен барымтаға барғанда қолға түсіп мерт болған. Содан бері «Тама, Табын, Шекті» десе жыландай жиырылып, жүрген жерінде жамандап жүргені. Бұ тірі жанды қойсаншы, өзінде таудай мін барда, өзгеден ілік іздеп, жаманшылық тілеп әуре.

Бірақ сұмыраймын деп жүрген жоқ, хакімнің оң қолымын дегендей елді зар еңіретіп, ығырын шығарып бітірді.

Бұ жолғы келісінде жаңа қулық ойлап тауыпты. Ер басындағы қалтаға түйенің тобықтарын (оны да барған жерінен сұрап алған-ау шамасы) толтыра салып соны үлестіріп жүр. Тобықтарды ханның өзі беріп жіберіпті-мыс. Келер жолы келгенде тобықпен қосып әрбір үй бір тоқты, я бір қозы беруі керек-мыс.

Әлгі тобықтың біреуін Битокқа берсе, бұл алыпты да аузына салып жұта салып:

- Е-е, сенің де, ханыңның да тобығын ұрайын, - деп әлгі Асқарбекті ат үстінен жұлып алып: «Өлдім, қойдым» дегенше қан жосалатып сабады... Асқарбектің қасындағылар Битокты бұрыннан біледі: «Ойпырмай бізді де мерт етер» деп тұра қашады.

Битоктың Асқарбекке өшігетін жөні мынау: осы ауылдың бетке ұстар қыздарына қырындап маза бермейді. Тіпті бір-екі мәрте «Хәкім сұратып жатыр» деп Қыдырбайдың желегі әлі түспеген келіншегін әкетпек еді, онда да:

- Сенің енегің бұтына симай отыр екен, енеңді ұрайын, - деп Асқарбектің қызыл қыжым шалбарын шешіп, екі қарыс келетін шаппасымен шүметейінің үшін және кесіп алмақшы еді, ел-жұрт жабылып әрең дегенде қойғызды.

- Анау ханнан ұят, мынау хакімнен ұят, анау байдан ұят, мынау биден ұят деп қашаңғы бетімізді басып, бит біткенді сықпай басымызға шығара береміз. Болды, ұялып біттім. Енді бай-бағлан біткенді басындырмаймын. Иттің балалары шетінен құтырып, төбемізді тесетін шығарды... -- Биток осылай деп айқайлап жүр.

Біраз адам: «Рас-ау, ерімізді – құл, қызымызды – күн етіп әбден қорлады бек, сұлтандар. Асқарбек итке сол сауап» десе, екінші бір топ: «Биток-ау, ел тынышта айқай шығарып, басымызды бөлеге қалдырғаның қалай? Ертең-ақ Қоқанның әскері ауылдың үстіне ат ойнатып, әптер-тәптерімізді шығаратынын ойламадың ба? Кешірім сұра мына жасауылынан» деп

безек қағуда.

- Сұрамаймын. – Биток көнер емес, - Тірі тұрсам, бұл көзәттің басын бәрібір кесіп тастаймын.

- Кәпір-ай, түрің жаман екен, - деп Сырманақтың шұбар бет, қисық аяқ қатыны Сәрсенкүл кеміегін сылп еткізіп, мандайына түскен киімшегін көтеріп үйіне зығтты – қағынып «кешірім сұра» деген сол-тұғын.

Айқай шуды басқан Есмырза би:

- Оу, Биток інім. Ашу-дұшпан, ақыл дос демекші. Еңтігінді бас, көзіңді аш. Қаншама қаһарлаңсаң да зенбірегі, мылтығы бар Қоқанға не істей алмақсың. Алыс болса бір сәрі, атойласа іргенде тұр. Итпен ит болма. Қандастарын қан қақсатса, Асқарбекті да бір құдай табар.

- Қашан табады? – деді әлі ашуы баспай Биток қалшылдап.

- Аллаға шәк келтірме, - деп Дәулет молданың басы қалтылдап кетті.

- Шәк келтіріп тұрған кім бар? – Биток ішінен «астапыралалады»

- Бұға берсең сұға берген соң күйінем де.

- Күйініп жүрген жалғыз сен дейсің бе? – Ушығып барып басылған өңгімеге енді Наурызбай араласты.

Қатары әм ағайыны Наурызбайды Биток та сыйлайтын. Ана жылғы қырғызды қуғаннан кейін оны төңірек төбесіне хан көтерген. Тіпті Кіші орданың Төртқара, Тама, Жағабайлы, Шекті, Жаппасы «Наурызбай елінің тайпасы» деп ерекшелейтінді шығарыпты. Сөйтіп, айтады деп, ішінен күйініп жүрген ағайындар да баршылық... Жеке-жарым жерде іштеріне сыймай күнкілдесіп қояды.

Әбден түте-түтесі шығып, қорздан қорлық көрген тауықтың күйіне түскен Асқарбекті маңайдағы бұлақтың басына апарып жуындырып, қанын кетіріп, атына мінгізісті жиналғандардың екі-үшеуі.

Асқарбек те жәй кеткен жоқ: «Көрсетемін» деп жұдырығын түйіп кетті.

Бірақ, сол кеткеннен қарасын көрсетпеді. Шамасы, сүйеушісі де оның тірлігін құп көрмеген сыңайлы.

Битоктың балуан тұлғасына сүйсіне көз тастаған Есмырза би:

- Сондағың бір жағынан дұрыс та болдау, - деп жылы жымыды.

Биток үндемеді: «Бидің бұл қай айтысы» деген сыңайлы.

Жиделі байсынан жерұйық іздегендер Қызылқұмды қиып өтіп, жолай Құмкентті басып, қоңыраттың елінен ат шалдырып, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің кесенесіне зырият етіп, ат басын Созақ, Шолаққорғанға, Саудақентке бұрып, мұнда Ысты тілік Қарабек бидің үйіне түстеніп,

бесінші күн дегенде барып Тоғысқандағы ошақтылардың ата-жұртынан іргесін ажыратпай қалған Қаумен байдың аулына түсті. Ол Жаманқұмда Қайқы көлінің жағасында аз ғана үймен бие байлап, күздеуді өткеріп отыр екен, көршісі жаңадан ғана көшіп келген – Жаншуақ пері. Ол Дүйсен құрдасымен жарасып-ақ қалды.

* * * * *

Қаумен орта бойлы, қызыл шырайлылау келген, шоқша сақалын әдемі етіп қидырған, елу-елу бестердегі отағасы. Екі әйелі бар. Өзі ошақтының хан аталығынан. Әңгімешіл көрінді, арғы-бергіден қозғады. Әшейінде алқа-қотан отырса ағайындылығын ұмытысып ата-атаға бөлініп айтыса кететіндігін тәрк етіп, алыстан ат арытып келген бауырларымен қауышып төбесі көкке бір-ақ елі жетпей қалды.

- Төркіндерің келген соң бала-шағанды да ұмыттың-ау, - деп сары қарын бола бастаса да, беті тырсынып, үлкен бота көздері ұясынан шығардай анық бәйбішесі Ырысты да қалжыңдап қояды. Кейінгі тоқалы жиырманың о жақ бұ жағында, үстіне кигені ақ шәйі көйлек, қинама бел, қыжым камзол киіп басына әдемі ақшылдау күлгін түсті орамал тартып алған.

Дүйсен бүйірінен түртіп:

- Асыңды ішейін, дағараңа тышайын дегенің бе. Тыныш отыр, жылмаңдамай, - деді Жаншуақ құрдасына қалжыңдап.

Жаншуақ өзі балуан, өзі сері, өзі көкпаршы. Домбырадан да құралақан емес, коңыр үні де әжептәуір. Қыз-қырқын көрсе қылмаңдатайтыны құлды әкесінің қанымен келгендей.

Әкесі Дәнен жаумен жағаласып жүріп-ақ бес мәрте некелесті. Бәйбішесі Асылбике Кіші жүз Табын, одан Байшуақ, Жаншуақ, Күншуақ. Екінші қатыны Сиқым қарақойлыдан – Салпы, үшінші әйелі Сіргелінің қарабатырынан еді, одан – Ерғара, Құлқара, Тойғара, төртіншісі Жалайырдың қызы еді, одан – Айқадам, Құттықадам, бесіншісі – Хиуаның қарақалпақтарымен соғыста қолға түскен түрікмен елінің жас сұлуы – одан Шөгел мырза, Шәкі.

Тереңезектегі Қамысты көл маңындағы Дәнен ауылы – осылай өсіп-өніп отыр.

Әкесіне тартыпты дегені болмаса Жаншуақ әлі үйленген жоқ. Желігі

басылмай жүр. Жаңағы бір көрген жеңгесіне көз қысуы да табиғи нәрсе.

Қазақта жеңге-қайны қатты ойнайды, ол әбес емес. Оны үлкендер көрсе де көрмеген болады. Босқа қызғанып сойыл-шоқпарын ала жүгірмейді. Осыдан он-он бес жыл бұрын Үшарал бойы қалың-ну орман, нар қамыс, шегір көзді көксауыт түсті сексеуіл, қызыл қоңыраулы шеңгел мен, үймек түпті жыңғылдан көрінбейтін. Жаугершілікте түбі құмандай жыңғылды түбімен қопарып алып, соған қорғасын құйып, шаппалы сойыл, шоқпар жасайтын.

Үй несінің айтуына Қаратау өңірі де қиын жағдайды бастан кешіру үстінде.

Абылай хан өлген соң оның баласы Уәли сұлтан елді уысында ұстап тұра алмаса керек-ті. Қазақтың қырық пышақтығын пайдаланған Ресей біресе ананы, енді біресе мынаны хан деп бекітсе, Жұңғо (Цин) империясы да түлкі бұлаңға салып біткен. Баяғы Төле кеткен соң ұлы Орданың ханы Әбілпейіз де құлдық ұрып, құрақ ұшқаннан аса алмай ол да 1783 жылы көз жұмыпты. Хан Абылай сұлтан сайлаған Әділдің да қауқары шамалы болып шыққан.

Есте жоқ ескі заманаларда өзбектің Меңгі ұруынан шығып Қоқан хандығын құрған Шахрук пен Елданадан (1710 жыл) бермен айналасы бір ғасырға жуық ішінде талай су ақты, талай оқиға өтті.

Ташкентті тас-қалаға айналдырамын деген Абылай Цин патшасы зеңбірек бермегендіктен ол ниетін жүзеге асыра алмады. Бірақ шапқыншылыққа ұшыраған қалада сарттар саудасын жасап, қазақтар билігін жүргізіп, қажетті кезінде саудагерлерді тонап ойына келгенін істеп тұратын. Қойгелді өлген соң Жалмырзаның да билігі әлсіреп қалған.

Ұлы жүз ордасының бей-берекетсіз тонауы мен шапқыншылығынан құтылу үшін Ташкенттің қожасы, кешегі Төле бидің атқосшысы Жүніс қожа әскер жиып, ұлы жүзге сұрапыл ұрыс салған. Әскерді алыстан арабан әкеліп әуре болған жоқ. Ұлы жүз ру-тайпаларының бір-біріне жаулығын пайдаланып би-батырларын алдап-арбап алып өз жағына шығарып, қандастарын қандастарына айдап салып, зеңбірекпен, мылтықпен қырып салғызды. Қолға түскендерінің бастарын кескізіп ескі Ташкен мен жаңа Ташкеннің ортасына дар ағаштарын құрғызып соларға ілдіріп қойды.

Мұндай сұмдықты көрмеген Ұлы жүз Ордасының қазақтары үрейі

ұшып, алды Іле маңына Жетісуға ауып, арты Қаратаудың терістігіндегі Талас, Аса бойларына ауа көшіпті. Дулат, Ыстылар тіпті Шудың бойына, Арқаға ауған. Дулаттың сиқым, жанысымен сіргелілердің тутамғалы, байжігіті Көкше құмға, осы Ұшаралды паналапты. Ұшқан құс пен жүтірген аннан басқа тірі адам аз қоныстанатын Талас, Асаның төменгі сағасының көп елге пана болған түрі бар деп сөзін аяқтады Қаумен...

Келмей жатып, бұл менің ата-бабамның жері деп ат ойнатып жүргендер жүдә көп.

- Мықты болса Тәшкенді Жүніс қожаға бере ме? – деп Наурызбай намыстанып отыр.

Ілгеріде Абылайдан Қаратаудағы Майдан төбенің жоғары жағындағы Қостұра тауынан Әулиеатаның түбіндегі қырғыздарды қуып шыққаннан кейін Қақпа биігіне дейінгі жерді сұрап алғаны есіне түсті.

- Енді Жүніс қожаға жем болдық де, - Есмырза күрсініп сала берді.

Қаншама күрсінгенімен Кіші жүз ордасы да он бөлек. Нұралы хан өлген соң ақ патша Бөкей ордасы дегенді құрып, Аш-Тарханның жеріне Жәңгірді қуыршақ хан етіп сайлап, грамотасын беріп қойған. Одан бергі ұлан-байтақ жер әр сұлтан-билер мен хандардың тепкісінде. Ақ патша да зенбірегін сүйретіп ішкерірек ентелей берген соң, ошақтылар – ата-жұртқа оралайық, бәлкім сонда тынышырақ деген. Сөйтсе, бұл жақтың да қағанының қарқ, сағанағының сарқ болып тұрғаны шамалы көрінді.

Неге солай болды? Отырғандардың көбісі осыған орнықты жауап іздейтіндей.

Дүйсеннің ойынша Әз Тәукенің «Жеті Жарғысын» жасасып, Болат хан, Жолбарыс хан, Әбілпейіз хандарды алғыр ақылымен алып, көсемдігімен елді соңына ерткен Төле бидей тұлға жоқтығынан, қалмақ қонтайшысы Қалдан Церенге қасқайып тұрып:

- Сен темір де мен көмір,

Еріткелі келгенмін.

Екі еліктің баласын,

Теліткелі келгенмін.

Егесетін жер шықса,

Иліткелі келгенмін.

Тұтқыр сары желіммін,

Жабысқалы келгенмін.

Жаңа үйреткен жас тұлпар,

Шабысқалы келгенмін.

Танымайтын жаттарға,

Шабысқалы келгенмін.

Қазақ-қалмақ баласы,

Табысқалы келгенмін.

Табысуға келмесең,

Тұрысатын жеріңді айт.

Сен қабан, мен арыстан,

Алысқалы келгенмін, -

деп айтатын Орта жүз арғын, қаз дауысты Қазыбек биі жоқтықтан тегі белгісіз қожаға Жүніске де жем болды-ау бұл жұртым. Қақырата айтып, хан-сұлтаннан теңдік сұрайтын Бақы би ше?

Іштей ойлапқан Дүйсен өз дәрменсіздігін мойындап қойғандай тұр танытып, жағын сүйеп қалған Есмырза биге көз тастады. – Ия, биекеңнің қолында не тұр? Қырық пышақ бодан қазақтың басын кім бір ноктаға сыйғызуы керек. Ондай құдіретті кіміміз бар осы?!

Қазақтың қанға тартатыны ру-атадан әспаса не шара?!

- Бұ төңіректің қожайыны кім? – деді Есмырза енді.

- Шымбыр Мәмбет батыр шығар, - деді Қаумен қалбалақтап.

- Сол Мәмбетке ертең таң ертең аттаналық, - деді би.

Биток қозғалақтап қойды. Есмырза енді үй иесіне қарап:

- Мына Битокқа кісі қосып, Мәмбет батырға елші жіберейік, - деді сонан соң.

- Жөн, жөн, - Қаумен бірден келісті, - Сенсеңіздер мен-ақ барайын. Батырдың ауылы Айнакөлдің маңындағы Қарабастауда деп естуші ем.

- Жәке, мен де бірге барайын, - деді Дүйсен қозғалақтап.

- Е-е, барсаң бар. Биток тағы бірдеңемі бүлдіріп жүрер.

Бәрі жамырай күлесті, Битоктың сары өңі қызарып кетті. Жаншуақтың көзі есік жақта, Наурызбай өзімен-өзі отыр...

- Айтпақшы Сабата бауырымның үй-іші аман есен бе? – деп Қаумен енді ағайынын түгендеуге көшті.

- Аман. Аман, - деді Есмырза, - Бір баласы Бұқарда, медреседе оқып жүр.

- Оқығаны жөн, - деп Қаумен қуанып қалды, - Осы төңіректе дені сау молдада жоқ.

- Алла қаласа, молданың неше түрі келеді бұл жаққа, - деді Есмырза.

Шынында да Сыр бойында қожалар жетерлік. Олардың арасында өзінше пір болып жүргендер де кездеседі. Мұқым әулие өлгелі бері, бұл

міндет оның баласы Ишанға өзінен-өзі жүктелінген. Құранды жатқа білетін, Бұхара діни медресесін бітірген қари дәрежелі Ишан ауыл балаларының тілін кәлимаға келтіргелі де біраз уақыт өткен.

* * * * *

Ертеніне жолға шыққан Биток, Дүйсен, Жаншуақ, Қаумендер көңілді оралды. Биток бұл жолы да бүлдіре жаздапты. Ақ боз үйге кіргенде оң босағаны қозғалтып, шыққанда сол босағаны дірілдетсе Мәмбет батыр:

- Ей, мына дәуің үйді қирата ма қайтеді, - демей ме?

Сөйтсе Бұралқы би:

- Дәудің мұнысы оң жағымда Ыстым, сол жағымда Шапыраштым, Дулат саған туыс емеспін бе? – дегендегісі шығар, - депті.

- Денесі дәу болғанымен, ақылы да сол алыптығына сай екен, - деп Мәмбет шек-ішілесі қата күліпті.

Сапардан оралғандар осы оқиғаны айтып біраз дуылдасты.

Кешке Есмырза билер Мәмбет батырдың үйіне түсті.

...Ошақтылар еліне үлкен сезіммен оралды. Босқа кеткен жоқ, бұрынғы, соңғының салтымен Жаманқұмның үстіне аттың бас сүйегін көме кетті. Мәмбет батыр:

- Оу, Есмырза би, - деді сақалын тарамдай отырып, - Талас, Аса ежелден жерің емес пе еді? Сен көшіп келем десең кім көкірегіңнен итермек? Ақ Кесене мен Көк Кесенеде ата-бабаларыңның сүйегі, асау арғымақтарыңның ізі жатыр. Елге тұтқа болған, кешегі қалмақ-жонғарларға Қойгелді, Рысбек батырлармен қосыла сүрен салған Саңырық, Итемгенді ұмытқан жоқпыз. Неге ұмытуға тиіспіз?! Түбіміз түркі, уығымыз бір үйсінбіз. Үйсіннің үш оғын ұстаған – Ошақтының тұқымы емессіңдер ме, сендер, қилы – қилы заманнан, қиырдың әр түкпіріне шашырап кетпегендерің болмаса, дулаттан қай жағынан кемсіңдер?..

Ойпырмай, шешен сөйлейтін, сұңғыла адам екен. Есік алдында молдастап отырған жалпақ бет, қалқан құлақ, ала көз – баласы Байзақ екен. Көзі өңменіңнен өтеді ме дерсін.

Дүйсен кешегі сауалына енді жауап тапқандай. «Қазақтың ұрқы өлмеген екен. Мына Мәмбеттер тұрғанда, теңдік сұрар күн туатыны анық. Анау Байзақтың да көз қарасы аман болсам, қазағымның жоғын

жоқтап, тоғын түгендермін деп тұрған жоқ па?... Тіфә, тіфә...»

Байұзақ Есмырза би бастаған топты Қарашатауының тауынан әрі Бала Бөгеннен асырып шығарып салып, амандықпен деп кері қайтты.

- Қош бол Қарашатауым, аман-есен келгенше, - деп Есмырза егіле қоштасты.

Егілетіндей де бар екен, Ошақтының үшінші көшін Есмырза да, Қалет те, Биток та көрмеді. Көшті жас толқын – Есмырза бидің баласы - Өмірбек би мен Наурызбай, Дүйсен, Жаншуақтар бастап келгенде, марқұмдардың сүйегі Теренөзекте қалып еді мәңгілікке.

* * * * *

Ошақтылардың көшін бастап келген - Өмірбек бидің алғашқы табан тіреген жері – Ақтөбе. Қарсы алғандар – Ысты, Қоралас, Сіргелінің игі жақсылары.

Қаратаудың басындағы мұзарттан ери ағып, Шабакты деген өзенге, Ақтау, Ақтасты айналып өтіп, Тесіктасқа соқпай, Шилі бұлақтың сол жағындағы Ұйқыдағы аруға соқпай, Қыз емшекті қиялай арындаған күйі өзенге айналатын Көктал өзені тау мен тасты тіліп, ойпаңды жерден орғытып барып Ащыкөлге құяды екен де, сол өзенді сағалай әлгі рулар отыратын көрінеді.

XIX ғасырдың басында осы күңгі Қызыләуіт ауылының орнын қалың қамыс басып жатыпты. Іші көктем, жаз, күз қаз-үйректен жыртылып айырылады. Қабаны мен қарсағы да жетерліктей. Жері тасты, саздауық құмды болып келеді. Еністігінде жусан, боз жусан, теріскен, жынғыл, шеңгел сіресіп тұр.

Теренөзектің терең жыралы жерлері мен қызыл жосалы топырақты сайлары мұнда да жетерлік. Аңғар, аңғардың етегінің барлығы үлкенді-кішілі көл, не көлшік.

Көштің көбісіне – ошақтының тасжүрегі, аталығы, қоңыры, бірен-саран байлысы ерген. Әуелгі жазда жүзден аса үй ірге тепсе, келер жылы тағы екі жүз жетпіс үй көшіп, Ақтөбе маңы тарлық еткен соң, Жаманқұмды қоңырлар, Асаның Лақ, Кемпір, Кіші дегерез пен Үлкен дегерез деген ойпаңын тасжүректер, Досбол түбін аталықтар немденді. Аталықтардың біразы Еспенің мүйісіне тоқтады. Етегінен Аса ағып өтеді, ар жағын ысты Бөрібайлар жайлайды. Терістік жағында ілгеріде

Қалет батырлар Абылай ханның сауыт-сайман жасатқан Қызылжарды Тектұрмас манын шапыраштылар ата қонысы етіп алып, ұзын-саны екі ауылға жетіпті.

Кіші жүз ордасынан келген үйсін бауырларымыз деп алғашқысында ерулік беріскен екен – жақындасқандарына үш-төрт жыл өтпей жатып-ақ өріске таласып жанжалдаса бастаған.

Сейіттердің үлкен ауылы Бозарықты бойлай қоныстанды.

Төрт арыс ошақтының ең көп аталысы – Тасжүрек, он екі ата, кейбір шежірелерде он үш ата: Сейіт, Солағай, Токтауыл, Қарсақ, Бөлек, Тілеу, Қараман, Қайқы, Тілеу, Қабыл, Кенже, Таз.

Бір білгіштер Тазагасжүректер мен Келменбетті қосып он үш атаға жеткізеді... Көшершілікте – көбі Тереңөзекте қалған, біразы Қарақалпақта Токта-көпір деген жерде. Сейіттен тараған Байсейіт, одан Есенқұсбегі, одан Ожар, одан – Итемген тараса, Итемгеннен – Қалет, Әйменбет, Қазыбай туады десек бұлар да өніп-өсіп бір қауым елді құрап отыр.

Бозарыққа келгенде Сырғақ, Ботбай, Арыстан, Мәмбеттер үйлі-баранды еді, әлі сері жүргені Дүйсен. Аз жылдың ішінде-ақ ол да есейіп ер жігітке айналды, бірақ тым кеш үйленді. Тұп-тура отыз жасында барып басын құрады.

Ата-жұртқа көшіп келген жұрт жылқысын жайлап, қазан-ошағын сайлап жүргенде Жүніс қожа да тағынан тайдырылып, Қоқан хандығының тағын баяғы Елдан бектің немересі Әлім хан иеленіп, құлашын кеңге сермей бастады. 1802 жылы таққа отырған Әлім хан да інісі Омардың қолынан сегіз жыл өткен соң қаза тапты. Қоқандар хандық тағына таласып өстіп қырқысып жатқанда ел ішінде азын-аулақ тыныштық орнап, «қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын заман туды» деп жүрген қазекендердің іші пысып кетіп енді бірін-бірі барымталауға көшкен.

Бұрын елін жаудан қорғағанды батыр десе, енді көршіден барымталап жылқы жегендер «батыр» атанған кез. Жаз, қоңыр салқын күз түскенше Шудың арғы бетін бергі бетін қатар қоныс етіп жайлайтын ұлы жүз бен кіші жүз әрі орта жүздің ру-тайпалары ерулік беріп, ас-тойда, құда-жекжаттық танытып, тәп-тәуір күн кешіседі, жақсы, семіз ат көрсе жегжаттығын барымта-сарымтаға ауыстыра салатын. Әрине жортуылға жігіттің жігіті ғана барады. Ері үстінде құйрығы қопандағанды итім де ерітпейді.

Наурызбайдың атағы шығып тұрғанда барымтаға күш беретін Дүйсен, Жаншуақ, әм Дуылбай мен Шегебай.

Түн. Мойынқұмды Итеке асуымен асып Шудың арғы бетінен Кіші жүз Тама руының боз бие бастаған бір үйір жылқысын айдап келе жатқанда кер дөненге Дүйсен мен Жаншуақтың көзі қатар түсіп, екеуі таласып қалғанда, Өмірбек би қырық жілік қылып тараттырып жіберген: «Екеуіне де жоқ болсын» деп.

1814 жылы Омар хан Ташкент бегі Ражапханға отыз мың ғаскер жиып беріп Түркістанды, одан Сыр бойын түгел жаулатып, ақыры Әулиеатаны да өзіне қаратқан. Басып алып қана қойған жоқ үлкен кеңес өткізіп, төңіректегі ру басыларын шақыртқан. Ішінде – Наурызбай да бар. Сол жолды датқа шенін алып оралды... Елдің естуі мұндай атаққа Ыстыдан Қуандық, Шымырдан Байзақ, Тіліктен Шоқай, Сиқымнан Батырбек ие болса керек. Қоқан билеушілері датқалардан шен-шекпенін аямапты.

- Қоқанына бағынбаймын – деп Созақ бойындағы қалың Ыстыны бастап Жамбыл би Шудың арғы бетіне Хан, Байғара, Жамбыл тауларына көшіпті деген хабар да ел ішінде гу-гу. «Ойбай-ау, ханның құрығы ұзын екен. Өзінше хандық құратын Жамбыл кім. Алдыма әкел!» - деп Омар хан жасаулы жасақ шығарыпты деген әңгіме шынға айналғандай. Әскерінің біреп басшысы басына сәлде ораған өзбек, сарт демесең, қосыла шауып жүрген жасауылдарының дені – қазақ.

Жамбылдың көнбейтініндейі бар. Қоқан билеушісі баяғы Көшек төбенің баурайына Жанақорған деген бекініс соғып, оған әскерін кіргізіп қойып, жан-жаққа хабар таратты. Әр түгін жылына 6 бас мал, 24 кап көмір, 4 егіз сексеуіл, 1 мың бау қамыс өткізіп тұрсын депті Омар ханы.

Ханның бұл қысымына шыдамаған ботбайлар көтеріліп еді, басы бірікпеген соң қатты жеңіліске ұшырады.

1820 жылы Омар да бауырларының қолынан қаза тауып, оның орнына отырған Шералы хан, халықты жүдә есенгіретті. Ол тіпті қазақтар қокандықтар үшін еңбек етіп, жер айдасын, астық ексін, бау-бақшамызды баптасын, қорған-кенттеріміздің кем-кетігін жөндесін деп жарлық шығарып тастады.

Өлгі Жанақорғанды сыпырып, тазалап тұруды міндеттеді.

Соғыс бола қалса қазақтың алыспаққа жарайтыны өз қару-жарағымен шайқасқа дайын тұрсын деп бұйырды.

Ауылға Сабатаның баласы Тоқберген келген. «Шералы қазақ, қырғыз, қыпшақ әскерлерін бастап Бұқар әмірлігімен соғысуда. Мен де қатысып, біраз қоқанның жасауылын жер жастандырдым» деп келді. Бұқар әмірі Тоқбергенді марапаттап «Қазақ батыры» деген атақ беріп, елге демалысқа

жіберген.

Бұқардың жасауы жүр дегенді естіп Жаңақорған бекінісінің бастығы Садық Наурызбайға шауып келе қалыпты. «Тап та таптыр» астына алып:

- Садық мырза, - деп Наурызбай даусын қатайтып, - естігеніңнің барлығы бос әңгіме. Ортадағы дұшпандардың өсегі.

Қорған бастығы бұған зорға сенді.

- Шераш ханның құрығы ұзын, - деп кетті кетерінде доң айбат көрсетіп, - Мейманасы тасыған Жамбыл ханның қол аяғын кісендеп Ташкенге жібердік. Ханның мейірімі түссе тірі қайтар, түспесе қайдам...

Кәдімгідей үрейлендіріп тұр. Садық кетісімен Дүйсен мен Жаншуақ күшейсін.

- Қорғанының барып күлін көкке ұшырсақ па екен?

- Қап мына иттің қорлауы-ай.

- Бір оқ жапысын.

- Жә, - деді Наурызбай датқа түсін суытып, - Одан да Токбергенді тауып айтыңдар. Ертгерек Бұқарасына кетсін. Қоқанның тіміскілерінен қорықпаймын. Авау Садық ит-жақсы аттану үшін ханьна айта салады.

Дүйсен сол түні Еспедеті Токбергенге бидің сәлемін жеткізген.

- Өзім де жүргелі отыр едім, - деді ол. Екеуі қимай қоштасты.

Қокан қоқандайды екен деп отыра ма? Өткен жылы Шу бойында ауылдың бір үйір жылқысы барымталанған. Іле-шала барған Шегебайға Арап батыр ырық бергенігі.

- Жылқы малы ықырса желдікі, айдаса ұрынікі екені бесенеден белгілі, ұрың біз емес, мына қалың аргын шығар, - деп қисайған.

Шегебай кішкентай денелі, шаққар жігіт екен:

- Айтпады деме. Жылқым осы ауылдан табылса алмаймын, - деп шақыдап кетеді.

- Ө-э, қолың жеткен жерінде аларсың, - деп Арап та күшейіп қалады.

Қалқаман бидің базасы Араппен Дүйсендер Сыр бойынан таныс. Сонау бір қуыңшылық жылы мал біткен Ұлытауға шығарылған. Сонда Сарысу өзенінің бойындағы көк шалғынды бірге жайласқан. Ақкөңіл, кеудесін ешкімге бастырмайды.

Жаз бойы Арқа төсі той-домалақтан босамайды. Ат жарыс, балуан күрес, қыз-жігіт айтысы. Ондай өнерден Дүйсен де, Жаншуақ та кенде емес. Күресте Дүйсен ұстағанын шыдатпайды әрі найзагер, сайыста

Жаншуақ бет қаратпайды. Көбінесе Арап екеуі тең түседі.

Арқаның қазақтары сал-серілікке бейім. Әуендері аскақты. Кен сахарада еркін өскендіктен ба, мақтанға бейім.

Араптың:

- Әкем аты Қалқаман, атым Арап,

Астымда айна сұрым тұрған жарап, - дейтін өленін талай естіген.

Көзі көрген жоқ, осы өленді айтып Сыр бойында қалың Қоқанға атойлап шапқанын көргендер жыр ғып айтады. Дүйсен барымтаға жайсаң қызылды мініп барады. Ұзақ жолға, мініске шыдамды. Бір-ақ рет иесін ұятқа қалдырған жер бар еді жануардың.

Шудың ну қамысынан бір үйір жылқыны топырлатып Жаншуақ екеуі айдап келе жатқанда бүйірден біреу айна сұрмен «Қарабуралап» шыға келмесін бе?

Өлгі пері құйындай ағызып өткен бойы Жаншуаққа найзаны құлаштай сермеп ат көтінен бірақ түсірсін. Қаны қызған Дүйсен айна сұрлының соңынан қуып кеп берді. Арап! Тап соның өзі. Әшейінде ешкімге алдырмайтын Жаншуақтың ат бауырына түскені - өлім, сүйекке таңба.

Айна сұрлы Арап қою қараңғылыққа сіңіп жым-жылас жоқ болып кеткенде айнала тұманданып, қою қараңғылық еңсені баса түссін. Енді әрі жүрсе қалың қорық. Қабан кездесе Арап түгілі, өз жаныңа сауға сұрап ала алмайсың. Амал жоқ аттың басын кері бұрып тұрып:

- Жамандатқыр ұрт едің жайсаң қызыл,

Араптың басын шабар ем, қор қылдың-ау, -

деп өкініп, саурынан дойыр қамшымен салып-салып жіберсін.

Араптың соңына түспекші болып жүргенде, бағанағы боз жусанды белден адасып көз жазған Дүйсен шаба-шаба, барымташылардың соңынан түн ортасы ауа зорға жеткен. Атының ауыздығын кірш-кірш шайнатып тұрып қойған алғаш сұрағы:

- Жаншуақ келді ме? - болды.

- Жоқ, - деді Шегебай.

- Қап. Өлтіріп кетті-ау. Сендер жылқыны Илан жалы арқылы Таласқа түсіріңдер, - Түн ішінде Дүйсен енді кері шапты.

Ойы онға бөлініп, қою қараңғылықтың ішінде - Шуды бетке алып желе жортады.

Мойыңқұмның жықпыл-жықпылын Дүйсен бес саусағындай білетін. Көзін байлап қойып бетімен жіберсе де табатындай. Ол таң ата бере Шылі бұлақтың басына атын сәл қаңтарып дамылдап алды. Таң бозарып

Шолпан жұлдыз көріне бере айылын тартып, тағы жолға шықты. Жол жүргенде де ат терін басып отырмаса қиын, зорығып өліп кетуі кәдік. Көп және аялдауға болмайды.

Екінші күні шағыл құмнан шұбар атпен өлімсіреп келе жатқан Жаншуақты Араптардың барымташылары тауып алып, ерге теңдей тастап, еліне апара жатқанда Дүйсен: «Атшабарлап», үшеуін дес бермей найзамен іліп ат көтіне түсірген. Қайран батырдан қан көп кеткен екен, Жаншуақ есінен ауып қалды. Сондағы айтқан өкпесі:

- Бауырынды тастай қашқаның не?

Қашты дейсің бе? Арапты қуамын деп айдалаға қаңғып кете жаздаған жоқ па?

Жаншуақтың есін жинағанда айтқаны:

- Үш сағаттай уақыт өткен соң Арап бір топ қаракшылармен келетінін білген соң, жандалбасалап отырып, Бозтұмсықтың қалың қорымындағы құдыққа түстім. Суы мұздай екен. Жылан өріп жүр. Бәрін мыжып өлтірдім. Таң ата бір қойшы келіп: «Оу, кімсің?» дейді үңіліп. «Жоқ іздеуші едім» дедім. «Әй, сен жоқшыға ұқсамайсың. Жаншуақ емессің ба?» дейді қойшы. «Қайдағы Жаншуақ, құрбақалы құдыққа қор болатын» деймін.

Не керек шығарып алысымен, өзін құрықпен салып қалдым да шұбар атына мініп, не де болса елге жетіп өлейін деп келе жатыр едім. Ажалым жоқ екен. Сен болмағанда бұлар мені аяр деймісің...

Жаншуақ сол жарадан зорға жазылды.

- Міне, енді бүгін тағы барымтаға шығатын сыңайлы.

- Әй, Жаншуақ, - деді Дүйсен, - Аруыннан әлі толық айыға қойған жоқсың. Барымтаға бармасаң басың ауыра ма?

- Ей, Арапқа есе жіберіп, өкінішпен өл дейсің бе?

Иә, қазақты өлтіретін жалған намыс. Әйтпесе Бозтұмсықта Арап Жаншуақты аттың көтінен найзамен сүріп түсіріп кетті деп кім жазып қойды дейсің?!...

Жаншуақтың көңілін қимай Дүйсен де ит арқасы Арқаға бармақ. Шыны керек абырой әкеле бермейтін осы жүрістен жеріне бастаған. Екі жыл болды сол жақтағы қайын жұртқа да беттеп бара алатын емес. «Ұрысын» деп қайын жұрт қажаса, жердің тесігі болса кіріп кетпей ме?

Атыс-шабыс керек десе Қоқан да тұр. Шіркін-ай, сарттардың сәлдесін шұбағып ат көтіне салса ғой. Есігінің алдын, қора-қолсыны, қорған-сорғанды соқсын, іші-сыртын сыпырсын деп қорлағанын қайтерсің.

Битоқ жәкесінің Қоқанның жасауылын қан жоса етіп сабағаны есіне түсті. Сол кісінікі жөн-ақ. Бәріміз тегіс аман-есен атқа мінсек, қылышты, найзаны қолға алып, алмас қылышты суырссақ – алынбайтын қамал бар ма?

Зеңбірегіне бұғалық тастап, бұралқы иттей сүйрей жөнелер ме еді. «Ойбай, Қоқанға тиме. Жамбыл ханнан әулие емессің. Өне, саған бағынбаймын, өз алдыма елмін деп 1200 үйді Шу бойына бастап көшіп кеткеннен не тапты. Қайта Омар ханның мейірімі түсіп, ұлы Маямерге 1000 ақ бас қой айып төлеттіріп, аман-есен қайырыпты. Әрі Ойық руын басқаратын датқамсың деп шен-шекпен беріпті. Енді қалың Ысты қопарыла қайта көшіп келіп егін егуге көшкен. Бәлеге ұшырамай тұрғанымызда біз де сөйтуіміз керек», - деп Өмірбек би бастап безілдесе кім шығар жұлқынып.

Кіммен сөйлессең де: «Қой, аш пәледен қаш пәле. Осы күнімізге де жете алмай қаламыз» деп азар да безер.

Жаншуаққа салсаң Садық әкәні ат құйрығына қазір-ақ байлауға әзір. «Сыр бойында талай мәрте шыңғыртып сабағын сартымыз, бұл жаққа келгенде мәртімізге айналыпты» деп намыстан жарылардай болып жүр.

- Ай, Дүйсен, - деді сол Жаншуақ, - Осы Араптың айна сұрын ұрласақ.

- Е-е, - деді Дүйсен шошып кетіп, - Күндіз-түні көзінен таса қылмайды, қалай?

- Басқа амалым қалмай тұр – Жаншуақ шынын айтты, - Өзге жылқыларын үйірлеп айдап кетсем де Арап соңымыздан қумайды. Айна сұрымен жаны қоса шығар.

- Ебін тауып, жетектеп кетуді Дуылбай мен Шегебайға тапсырайық.

- Әсіресе Шегебай мұндайға епті. Кішкентай, ылдым-жылдым. Әрі тұсаудың небір түрін шешеді. – Жанұзақ қуанып тұр. - Әрі сол ауылға жиен. Ертең дау-дамай шықса жиендігін жасады дей саламыз.

- Мынауың тапқан ақыл. – Дүйсен қоштады.

- Сол кезде Арап қуар. Бесқопанның түбінде қарсы алармын. – Жаншуақтың түсі қуқылданды. Қу намыс. Арапты мерт етпей тынбайтындай.

- Жаншуақ, - деді Дүйсен енді ақылға салып, - Арап та бір елдің бетке ұстар ері. Кезінде екеуің талай тұздас-дәмдес болдыңдар. Қыз ойнаққа да бірге барғандарыңды білемін. Малың жаудан алып қалса, оныкі де жігіттік. Жамандар сияқты кектенбе. Ертен ел бүлінеді.

Күні кеше ана Сыр бойы мен Ұлытауда әкелеріміз қалмаққа қарсы бірге тізе қосып шапқан жоқ па?

- И-и, - деп Жаншуақ шоқпарымен жерді салып-салып қалып, бұрқ-бұрқ еткізіп шаңын шығарды, - Бәрінен де бұрын қайта айналып келіп, мені өлтірмекке бекінгені қабырғама батады...

- Білмегенді білмесең білгендігің қайсы. Шариғатта да адам қанын мойынға жүктеу екі дүниеде де кешірілмес күнә демей ме? – Дүйсен енді шариғат заңына көшті.

Жаншуақ та ақылға келіп:

- Әй, мен де жаманшылыққа қиятын ақымақ дейсің бе, - деп сабасына түсті.

- Арадағы арапашылар ғой, - деп сонан соң барып сырын ашты, - Арапты өлтірмесең сүйегіне таңба деп күйдіріп жүрген.

- Дұшпан не демейді, ит не жемейді, - Дүйсен мақалдап сөйледі, - Сол иттерге Арапты әкеліп өлтір дегі не істер екен. Шоқпарды беліне байлай алмас сұмның сөзі бұл!

- Солай екен-ау, - Жаншуақ бір жолата сабасына түскендей.

Ертеңіне күн құлан нектене бере төрт барымташы барынша сайланып Итеке жолымен Шуды бетке алды.

Абырой болғанда бәрі өлім-жітімсіз Жаншуақ ойлағандай іске асты.

Бескопаның тұсында Жаншуақ пен Арап бетпе-бет кездескен. Екеуі де сойылдарын сілтесіп ұзақ шайқасты. Ақырында Жаншуақ Арапты аттың көтінен түсірді. Ашумен қыл тұзақты мойнына лақтырмақшы болғанда көк атпен құйғыта шапқан Дүйсен:

- Сауға, сауға! – деп айқайға басты.

Бұлар сол түні айна сұр мен Арапты ауылға әкеліп бөлек киіз үйге қамап тастады. Шөптің басы сыбдыр қақса күншілік жердегі әңгімені еститін кішкентай ауыл таң ертең-ақ: «Жаншуақ батыр Арап батырды байлап-майлап әкеліпті» - деп шуласты.

Әңгіме құлағына жеткен соң Кіші дегерезде отырған Наурызбай датқа күрең жалмен асығыс Жаншуақтың үйіне жетті.

- Ей, не істеп жүрсің! - деді датқа қалшылдап, - Енді жоқ жерден жау тауып, ауылға әкеліп өлтірейін дедің бе?

Наурызбай ашуланса адам баласы бетіне қарай алмайды. Сыр бойында бүткіл ошақтының аруағын асырған асыл... Әкесі Қошық бай десең бай, батыр десең батыр.

- Тағы бір атаң Қошық,

Май береді тосып, - деп ақындар мақтан еткен Қошықтың бел баласы, ел ағасы.

Датқа: «Әп, бәрекелді деп қуанады» - деп ойлаған Жаншуақ мына сілкіністі көріп қатты састы. Сосын бойын жинап:

- Кінәлі өзі, өзі ғой, - дей берді.

- Арыстай азаматын мерт етіп, алты Алашқа жаман атымыз шықпасын. Кіші жүз де қабырғалы, найзалы ел. Сен сияқты шоқпар сүйрегені жетеді. Бүгін сен шапсаң, ертең сел қаптайды.

Наурызбай датқа осыларды айтып, айтып, «Жәке аттан түсіңіз» дегенге қарамай Өмірбек бидің ауылын тұстап желе жортып кете барды.

Сәлден соң Дүйсен келген. Жаншуақтан бар әңгімені естіді.

- Алатын апуынды алдың, - деді ол да, - Артынан сайланып қуғыншылар келмей тұрғанда, Айна сұрына мінгізіп қайтарайық.

Жаншуақ та Дүйсеннің уәжінен соң Арап жатқан киіз үйге қарай беттеген.

Есік алдында Жиеншора тұр қазықтай қаздып.

- Ананы шығар, - деді Дүйсен.

Қаншама дегенімен Араптың да жүні жығылып қалыпты. «Мына дүлей өлтірмей тынбас» деп шошынатын сыңайлы. Түнімен керегеден біресе найзасын, біресе қылышын сұққылап есік алдындағы қарауылдары да қорлап біткен.

- Ер шекіспей бекіспейді, - Дүйсен ара ағайындыққа кірісті, - Екеуін де үйсін, алшынның туысындар. Әрі еншіміз бөлінбеген қазақтың баласымыз. Әмәнда ерегіскеннің кісінің біреуі мерт деген. Ерегісті, егесті қойып, елдесетін кездерін.

- Жаншуақ сен кешір, сен аға баласысың, мен отау егесімен. Екеуімізден де білместік өтті. – Арап алғаш қолын ұсынды.

Қаншама түсі суық болғанымен Жаншуақтың да жүрегі досқа мейірімді, жұмсақ болып шықты.

- Бауырым-ай, - деп көзіне жас алып Арапты құшағына алды, - Өмірге қиғанымен өлімге қимас достар едік. Сен де кешір...

Сырттан қарап тұрғанның біразы:

- Әй, жөн-ақ. Ер шекіспей бекіспейді демекші, татуласқандары дұрыс, - десе, желігі басымаған қосұрейлері:

- Қызталақтың басын шабу керек еді, - деп қызынып жатыр.

- Өшір үніңді! – деді оған Дүйсен жекіп, - Сөз емес сөзді кісі емес кісі айтады демекші, не деп оттап тұрсың?!

Қосүрейдің үні өшті.

Жаншуақ Арапты үйіне апарып әбден сыйлады. Ақырында екеуі төс қағыстырып серттесті.

- Енді бұдан былай екі ел арасында барымтаға жол жоқ, - десті.

Көбіне дәнекер Дүйсен. Жаншуақ екеуі Арапты айнасурына миңгізіп, әу дем жерге дейін ұзатып салып қайтты.

- Елге келіп кетіндер, - деп Арап та көңілі босап кимай қоштасты.

Барудың сәті келер жылғы маусымда түсті. Ат шаптырым жерден Араптың анасы қос емшегін шығарып:

- Жалғызыма жарық сыйлаған, тірі қалдырған сен де баламсың, - деп кеудесіне басып, Қаракенгірдің бойына тігілген үйге дейін барлығы:

- Анамыз жаяу қарсы алды, біз де жаяу барамыз, - деп жаяулапты.

Ұлан-асыр той өтіп Жаншуақ пен Арап қайта төс соғыстырыпты деп жаппақ дала қызыға, қызғана әңгімелеп жатты.

Шынында да содан кейін екі ру барымталасқан емес. Кейін Жаншуақтың баласы Сапақ Арқадан Талас бойына барымтамен келгендерден бір үйір жылқыны айдап бара жатқан жерінен малды қайыртып, қолға түскен қаракшыларын аман-сау «жандарың сауға» деп жібергенінде, қызба мінезді әкесі Жаншуақ:

- Адамдары қайда? – десе керек.

Сонда Сапақ:

- Е-е, адамын не қыламыз. Бізге мал олжа, оларға жан олжа, - депті жайбарақат.

- Әй, олжа демеі өңгеріп әкелмейсің бе, ала-алмағансың-ау, - деп Жаншуақ ежіктеп қоймағанда ұлы:

- Әке-ау, өзің де Арапты екі рет ала алмай қалғаныңызды ұмыттыңыз ба? – дейді.

Жаншуақ тізесін шарт еткізіп:

- Ей, Сапақ, Арап кім, сенің ала алмаған қаракшың кім? – деген ашуланып...

Осыдан-ақ Жаншуақтың Арапты өле-өлгенінше сыйлап өткенін Сапақ та аңғарса керек:

- Сіз бен Арапқа теңелу қайда? – деп құтылған.

... 1822 жылы Омар өліп, орнын Маймәділ хан отырды.

Дүйсен мен Жаншуақтың сол жылы қос қуанышқа кенелгенімен де есте қалыпты. Салт жүріп, сабау қамшылы жүрген Дүйсен бас құраса, Жаншуақтың киіз үйінің іші сәбидің інгәлаған үнімен сәулеленген.

Қатыны таңғы апақ-сапақта толғатып, алпамсадай ұл тауыпты. Сүйінші сұрасқан жұрт.

Атын да қою қиынға соққан жоқ. Осы ауылдың жүз жасаған қариясы бар тұғын сол:

- Сапақ, Сапақ, Сапақ! – деп қызыл шақа шарананың құлағына үш мәрте айғайлады.

Шілдехана тойында Наурызбай датқа, Өмірбек би, Мұса байлар бастап көп адам жиналды.

- Дүниеге тірі жан келсе қуан депті бұрынғылар, - деп әңгімені әріден бастады датқа, - Құтты болсын. Тасжүрек бабамыздың абырой-атағын берсін. Бәйдібек бабамыздың әруағы қолдасын. Дәнен, Саңырық, Сарымерген, одан қалса Итемген бабаларындай батыр болсын. Қалет атасындай өткір болсын.

Не керек біраз әруақтарын қозғап тастады. Ақ батасын берді...

Қариялар кеткен соң Дүйсен:

- Әй, мен адам танысам, мынау жаманыңның атағы Алты Алашқа жайылайын деп тұр. Маңдайы жарық, танауы кең, тынысы мол тұлпар сияқты. Жұдырығын түйіп алыпты өзі. Қатты болады-ау...

- Сенің-ақ қалжыңың қалмайды, - деп Жаншуақтың қатыны да Дүйсенге тиісіп қояды.

- Сол жұдырықпен сені ұрғызайын, - деп Жаншуақ та әзілдеді, - Одан да анау бедеу қатыныңды баптай бермей тудырмайсың ба?

Дүйсен қапелімде не дерін білмей, біраз қызарақтады.

Сосын:

- Туады, туғызамын, - деп қойды.

(Бәрі Алланың қолында екен. Әйелі байғұс тоғыз құрсақ көтерді. Бәрі тұрақтамайды. Оныншысы туғанда Дүйсен Арқадағы бір жорықта мерт болған, осы Жаншуақтар «орнында бар оңалар» дегені есеппен атын ырымдап Орынбай қойды).

Дүйсен соның алдында ғана Ташкент асып Шыршықтағы, Сыр бойындағы баяғы ағайындарын аралап көңілі құлазып қайтқан. Өз ағайындарын қойшы, қай қазақтан жөн сұрасан «Құрамамыз» дейтінді шығарыпты. Алды ала тақия, ала шапан киіп мәз.

- Айдалада малдың соңында өмірімізді босқа өткізіппіз. Жұмақ осында ма деп қалдық. Бау-бақша егіп, сонымен күнелтеміз, - дейтіндерін қайтерсін.

Арасында қазақтығын мақтан ететіндер де көп кездеседі. «Сақ

дәуірінен мекен еткен ата-бабаларымыздың жұрты. Түркі бабам ту тіккен жер. Алпамыс, Қобыланды жау қашырған өлке». Есіктен кіріп төр менікі деген мына қызылбас (парсы) мен тәжік, сарттан күйдік деп күйінетіндер де көп.

Ошақтының тасжүрегі біраз үй. Тәуірлері де кездеседі. Нияз есімді бауыры Жанкісі Өтемісұлының Маймәділ ханға қаймықпай айтқан өлеңін жатқа соғып отыр.

- Ассалаумағалейкум,

Алдияр тақсыр ханымыз.

Алдына келді қарашық,

Арызды қабыл алыңыз, - деп бастаған ғой арызын.

- Ей, мына кір сасыған қазақ не дейді? - деп Маймәділ мұрнын тыржитқан.

Жанкісі сонда қайтпаған:

- Өтірік болса – арызым.

Мінеки саған – жанымыз.

Біздің елде Жүзбай бар.

Жүзбайдың жүрген жерінде,

Жылауменен ойбай бар...

Еріп жүрген соңында

Қырық-отыз адам бар!

Шоңмұрын деген жолдасы бар.

Атына желек салуға,

Алтын еннен қылған дорбасы бар.

Келі түбім деп алады,

Үшір, зекет деп алады.

Құшақ зекет деп алады.

Арқадан келген көп найман.

Аң-таң болып қалады...

Айтайын десе ұрады,

Алдына салып айдайды.

Ашулансаң байлайды.

Хакімі жоқ қазаққа,

Теңдік жоқ деп ойлайды.

Ел ішінде ажарлы,

Қыз-қатынды қоймайды.

Жақсыларды сөгеді,

Ат үстінен тебеді.

Жүрексініп отырмын,

Айтар сөзім көп еді!

Арыз тындар адам Маймәділ ма:

- Жасауылдарыма жала жапқаны үшін құйрығына жүз дүре, - депті сол замат. Қараша байғұс: «балық басынан шіритінін» қайдан білсін, Жүзбайлардың елге зорлық-зомбылығын хан, әкімдер білмейді, білсе аямайды деген аңқау ойда. Өлгі ажарлы қыз-келіншектердің қызығын да Маймәділдер көретінін иті іскеп біле ме? Екі ортада май құйрыққа жүз дүре соғылып Жанкісі сол азаптан соң құсалықпен өліпті.

Әне елге тәртіп беретін ханның сыйқы.

Маймәділдің үрім-бұтағы тектіліктен жұрдай-тын, Қорасанның көп қожасының бірі-тін...

- Сөйтіп Жанкісінің ажалы тілден келді, - деді үй иесі.

- Жүзбай қайда?

- Е-е жүр ғой, осында...

- Маған оның сырттай көрсетші, - деді Дүйсен қаны қарайып.

- Ойбай, бауырым. Үйі неге құрып кетпейді, - Нияздың жан даусы шыға жаздады, - Қоқан ханының көзі, құлағы қаптап жүр. Сенің осы үйде екеніңді білсе, мына көршім – Дәулет-ақ заматында жеткізеді.

- Соншама қорыққаныңыз не? – Дүйсен ыңғайсызданды... – Жүзбайыңызды танымаймын.

- Қатаған руынан,- деді Нияз. - Баяғы Тұрсын ханның тұқымынан. Көп Қатаған шанышқылыға сіңісіп кетіпті. Қазақ десе сарттардың сайтаны ұстай берген соң көбі құрама тайпасымыз деп жүр. (Осы Құрама тайпасының ұзын саны 1939 жылғы санақта миллионға жетіпті, сол жылы түгел дерлік өзбек болып жазылған дейді. – Авт.).

- Өздерің қалайсындар? – деді Нияз.

- Қоқанның тырнағы әзірге бата қойған жоқ, - Дүйсен Жүзбайды ойлап отырса да сөзін сабақтай берді, - Өкпелесек Арқаға ауа саламыз. Ол жақта баяғы Абылай тұқымы Уәлидің баласы Қасымы мен Саржан одан қалса немересі Кенесары хан көпірлермен ұрыс салып жүр деп естиміз. Ауылдың біраз жігіттері аландаулы. Панк көкем де барам деп елпілдеп қояды.

- Ой, жарықтық-ай, ол кісі әлі тірі ме? – Нияз таң қалды, - Қырғыздармен қырғында жап-жас жігіт болатын.

- Алпысқа иек артса да тың, - деді Дүйсен, - Ат үстінен түспейді.

Қоқанның азын-аулақ әскері әзір пәлендей үрей туғызып отырған жоқ.

- Өзге елде ұлтан болғанша, өз елінде сұлтан бол деген бұрыңғылар. Ташкент қазақтікі дегенімен қоқанның сарттары оңайлықпен берілетін түрі және жоқ сыңайлы... Ағайындарға айтамын, ең болмаса Сарыағаш маңын маңайлайық деп. Мақұлмен күн өткізудеміз.

Дүйсен Алай тауы маңайында аптадай аялдады, Сыр бойына аттанып кетпекші болып жүргенде түнеукүнгі әңгіме етілген Жүзбайды да көрді. Жіңішке, ұзын бойлы, көккөз сары жігіт. Аузы-аузына жұқпайды. Қоқанның қысқа сапты, күмістелген қылышының басынан ұстап-ұстап қояды. Мәймәділ әскерінің қатарында жүргенін үлкен дәреже көріп, өктем-өктем сөйлейді. Екі сөзінің бірі «хан тақсыр өйтіп айтты, хан ием сөйтіп айтты. Хан болмаса қараң қаламыз. Қазақтың ел болып отырғаны ханкемнің арқасы. Әйтпесе кәшірлер жеп, қытайлар асап, айдаһарша жұтып қояр еді. Екеуі де ханымызды құрметтеп, сыйлағаннан бата алмай отыр. Төңірекке ханымыз қадірлі, тіпті алыс елдердің патшалары да сыйласып, алтын-күмістерін ат-түйеге артып жіберіп жатады»...

- Саған да беріп тұратын шығар, - деді Дүйсен кекетіп.

- Аса құрметті ханымызды мазақ ететіндей кімсің өзі? - Жүзбайдың шегір көзі ойнақшып шыға келді.

- Адаммын, - Дүйсен де қыңырайды.

- Дала қазағы ғой. Саясаттан не хабары бар дейсің, - Мұрны қолағаштай Шоңмұрын есімдісі менсінер емес.

Ана қорлықтан мына қорлауы тым асып түсті.

- Ей, - деді Дүйсен атып тұрып ананың жағасынан алып қылғындырып,

- Мойныңды бұрай салайын ба?

- Айналайын Дүйсен, - деп Нияздың шыр-пыры шықты.

- Сасай болған ақбөкеннің текесі, - деді Дүйсен бүркітше бүрген қолын әрең босатып, - Өттең Ниекеннің үйінде кездестің. Далада жолықсаң жоныңнан таспа тілер едім.

- Қап мынаның қорлығы, - деп Жүзбай зорланып шығып кетті, - Аман болсақ көрерміз әуселінді!

- Сен көк есектен келген пәлені тосып алдым, - деп Дүйсен де қайтпады.

Махалладағы бірталай қазақ, өзбек, сарт, қырғыз жиналып басу айтысты.

Жүзбайлар кеткен соң үй-иесі шала бүлінді.

- Енді маған тыныштық жоқ, - деп абылап-ұйілейді.

- Несіне үрейіңіз ұшады? - Дүйсен шын ашуланды. - Бүйтіп бұтыңызға күніне жүз тышқанша, қалың қазақтың арасына көшпейсіз бе?

- Ойбай-ау, ол жаққа барғанда мені жарылқайсындар ма? Сәңке мен Моңке сыймаған елге мен қайтып сыярмын?

Әңгіме осылай жалғаса берген соң Дүйсен «қой, зияным тимесін» деп көк атты ерттеп ертелетіп жолға шықты...

Қышлақтан едәуір жерден соң Алай тауының шоқысы басталады. Айналасы қой-тастар. Ірілі-ұсақты арналары да жетерлік. Бір қылтадан аса бергенде үстеріне кара киім киіп алған қос атты тап берді. - Жүзбайлар!

Қолдарында қылыштары жалтылдап, әуені осып келеді.

- Я, Аруақ! - Дүйсен де қамсыз емес еді, қынабындағы алдаспанын суырып, - «Бақтиярлағанда» тау іші жаңғырықты.

Әудем жер алға шығып кеткен Жүзбайды бірден таныды. Одан бұрын кимылдады ма, зуылдап келе бергенде атының басын оңға қарай тартып аттың бауырына түсіп, екінші жағынан шығып жанынан зулап өтер берген Жүзбайдың қылша мойнын қылышымен қиып жіберді. Бассыз салт атты далақтап кете барды.

Мынандай сұмдықты көрмеген Шоңмұрынның жаны мұрнының ұшына шықты. Аты ақ көбіктенген кара дәу мұның қасынан ағып өте шықты. Қылыш жүзі жарқ етті. Тағы қайран бас допша домалады.

Көк атты артына қайырылған жоқ, батысты бетке алып шауып бара жатты.

Апақ-сапақтағы айқасты бір шоқының түбінен бақылап тұрған қойшы «астапыраллалап» тұрды. Бытырай жайылып жатқан қозы-лағын жиыстырып ауылға қарай айдай жөнелді. Қараша үйлердің есіктерінен үрпісіп тұрғандарға келе айқайлап айтқаны:

- Бұқарлар шабуыл жасады! Қоқанның екі жасауылын өлтіріп кетті! - болды.

Жанақтың өйтіп айқайлайтынының себебі сол тұс жер үшін Қоқан, Бұқар, Хиуа үшеуі қырқысып жатқан. Үшеуінің де ындынын тесетіні - қараусыз, егесіз жатқандай көрінетін қазақтың жері. Оның үстіне Жанақ те ошақтының аталығы. Доңыз жылғы қиямет қайымда осы Шыршық бойын сағалаған - Көбекбайдың немересі. Жүзбайларды жайғастырып кеткен Дүйсенді Нияздың үйінен көрген. Бауырын ұстап беретін - қансыздан емес, өлер жерін Жанақ те біледі.

«Жаманат хабар жата ма». Әңгіме өрттей қаулап барып қышлақтың

әкімі Махмұдқа жеткен.

- Е-е, екі қазақ өлсе, онымен адам саны кемімес, - деді майлы күрішті барбиған саусағын жалап жатып, - Өздері де шылық құтырып кетіп еді.

Махмұд дамалланың да іші қуанып отыр. Шыққан тегі – Бұқаралықтың. Ата-бабалары Исфәанның парсысы, тәжікке сіңіп сартқа қосылған... «Бірінді-бірің өлтірмесеңдер, неге жеп қоймайсыңдар» дегендей әлгі жаманатты хабарды жалаулатып жеткізген Дәулетке жиіркене қарады.

* * * * *

Тереңөзектегі ағайындары да елеңдеулі. Бөкей ордасы тынышсыз емес, беріш Тайманның баласы Исатай Жәңгір ханға қарсы шыққан. Хиуа ханы Шынтемір Ақ патшаға қарсы «ғазуат» соғысын ашпақ ниетте. «Соған әскер беріндер, қосылындар» деп ауылға күнде біреуі келіп үгіттеп кетеді. Өстіп жүргенде Ақ патша да қарап жатпаған. Арал теңізінің батысына Райым бекінісін салып, Хиуаның өкпе тұсынан өлтіре тепкен сынайлы. Бекініс бітісімен Қосаралдан кеме, қайық тоқтайтын айлақ сала бастапты деп гулескен жұрт. Хиуалдықтар салдырмаймыз деп бекініске шабуыл жасап өртемекке ұмтылған, әзірге орыс қаруы ол пиғылдарына ырық берер түрі жоқ.

Тереңөзектің бойына дейін келіп қабан, шошқа, үйрек, қаз, қырғауыл ататын қаба сақалдылар келген сайын ел үре-дүре.

- Сендерде қандай? – деді Бозжігіт қария.

- Орыстар Арқаны жайлап жатыр, - Дүйсен де білгенін айтуда, - Жетісуде ұлы жүз әкімшілігін құрыпты деп естиміз. Әзірге – Қоқан билеп тұр ғой.

- Қашан ел боламыз? - Бозжігіт күміс түстей сақалын мыртық саусақтарымен салалап қойды, - Қайран, сенің Итемген, Саңырық, Қалет бабаларың жаракты жаумен жағаласып бозғұлт, бұлыңғыр күндерін ауыздығымен алысқан ат үстінде өтті. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалар заман, орнатамыз деді... Болды ма? Орнады ма?

Дүйсен Бозжігіт бастаған бес-алты қарияны бастап бабалары жатқан қорымға барып, құран бағыштады.

Арал жақтан суық жел соғып тұр. Өнмеңінен өтердей. Сұр жыланның тіліндей қойын-қонышынды жалайды. Уын жаймақшы. Тап сол сәт жан-жағынан жеті басты жалмауыз бас салғалы тұрған – Қазақ даласының

кейпі дәл осы тақілеттес еді...

Дүйсен мұнда көп аялдамады. Шыршықтағы болған оқиғаны айтпады. Не деп айтып мақтайсың. Қоқанның жансыздары мұнда тіпті жетерлік.

- Тоқбергеннен хабар бар ма? – деді Бозжігітке.

- Е-е, ол қасқырың да Бұқараның бір бегін өлтіріп, Ұлытауға өтіп кетіпті деп естідім...

Қоштасарда Бозжігіттің көзі жасаурап:

- Сәлем айт, - деді кемсендеп, - Сендер кеткендегі туған бала да отыздан асты. Жігіт ағасы болды. Алла бұйырса ата мекенге бізде көшті бұрармыз. Тереңөзекке де әбден үйреністік. Ата-бабамыздың сүйегі осында. Байұлы, Өлімұлы, Жеті румен де қан-жынымыз араласып бітті. Бірақ туған жерге, ата-мекенге жетер не бар?

Біз білетіннен кім бар? Наурызбай мен Өмірбек қой... Соларға сәлемде ең алдымен.

Айта берсе сөз таусыла ма? Бір адамның ғұмыры жетпес...

Бозжігіттің егілгеніне Дүйсен де боркеміктеніп егілгелі тұр.

Ағайын-туыспен қимай қоштасты. Соңғы қауышулары екен...

* * * * *

Дүйсен жорықта жүріп қапылыста мерт болды. Тұп-тура сол қазадан он жыл өткен соң Жаншуақтың Сапағын Наурызбай Мәймәділ ханның тұп-тура өзіне ертіп барып датқа сайлатты.

Әне, ұры уақыт жылжып барады. Өмірінді ұрлайды. Алыстырып-жұлқыстырып қояды. Шуағын аямай төгеді, қасірет бұлтының қарғыс жауынын төбелетеді. Желің кейде оңынан тұрып, кейде солыңа шығып есеңгіретеді. Кейінгіні көріп қартаясың, өлмеген соң алға үміт артасың. Атқа мінсе екі аяғы жерге бір қарыс жетпей тұратын Сапақты он сегізге толғанда, төрт арыс ошақтыға датқалық етеді деп кім ойлапты.

Дүйсен ол жақсылықты көрмей кеткен-ді. Көп жұрт сезбеген нәрсені көкірек көзі ашық, күміс сақал шалдар бажайлай, байқай жүретін көрінеді. «Ошақтының басын бір ұстаса, осы Сапақ ұстайды» деп Наурызбай болжамдағанда, ақсақалдар ілім-білімі бар Сабатаның баласы – Тоқберген ше деген екен, ол Бұқарда, келер дейсің бе депті.

Датқалықтан үміттеніп жүрген Өмірбек бидің тұқымдары да аздап өкпелегенкіріген көрінеді. Жалғыз олар дейсің бе? Тіпті азуы алты қарыс

бай тұқымдары да дәмелі-тін. Солардың біразы:

- Күндіз-түні ат үстінен түспей, той-домалақтан қалмай, қыз-қырқыннан қолы босамай жүрген Сапақ ел билеп қарқ қылмас, - деп жерге түкірісіпті.

Шын қуанғандары:

- Жаншуақ, - дескен шын пейілдерімен, - Ел не демейді, енекем не жемейді. Наурызбай көкем де бірдеңені білген шығар. Сапақ екеуімізге бала көріңгенмен, даналық танытып жатса оған қуанғаннан басқа неміз бар. Байқаймын, көзінде от, бойында қуат көп Сапағыңның. Айтса қауып айтпайды, тауып айтады. Жөн-жоралғыдан аттап бейбастық жасағанын көрмедік.

Оларға Жаншуақ батыр:

- Қайдам, қайдам, - деді маңдайын сүйеген күйі, - Адасқан қаздай күй кешіп жүргенімізде Қоқанның айтқанын істеймін деп ел-жұртқа жексұрын бола ма деп қорқамын.

«Әке-балаға сыншы» деп тегін айтпаған. Сапақ алты Алашқа белгілі боларлық биікке көтерілді. Оның атақ-даңқының өрлеуіне Дүйсеннің Орынбайының да азды-көпті септігі тиіп еді деп кейінгілер айтып кетті.

ОРЫНБАЙ

Сапақ датқалыққа тағайындалғанда Орынбай он жастағы бала еді. Бірақ ересектерден естіген әңгімесі мынау. Бұқардың әмірімен сыйыспай елге келген Токбергенді Мәмәділ хан шақыртқан.

- Абдолла бағаламаса мен сені төбеме көтеремін, - деп датқалық шенін жария етіпті. Жастайынан бір бет өскен Токберген Талас бойына оралғаннан кейін ханның әмірін бірде орындап, бірде тындамай мінез көрсете берсе керек-ті. Тіпті Әулиеатада әңгіме үстінде: «Мәмәділін кім? Ошақтыға өзім хан, өзім бимін» деп айтыпты-мыс. Өйтуі де кәдік. Ысты Жамбыл Қоқанға нық көрсетсе Бұқар әмірімен табақтас болған Токберген кімнен кем? Әкесі ошақтының аталығының бидалысының шіріген байы. Сыр бойынан көшкенде мың жарым түйені айдап шыққан. Айыр өркешті түйелері Ақсай, Бозқак, Еспе, Қаратөбе үстіне сыймай Лақ, Кемпір, Көшектің құмдауытын шаңдатып жататын.

Жөн, жобасына, жүріс-тұрысына қарап Наурызбай алғашқыда соған қолқа салғандай.

Токбергеннің шалқуын Дәулет өсекші Мәмәділге жеткізсін.

Жазда Шымғанда шатыр тігіп отыратын хан қаңлы батыры Жүсіпті шаптырып Токбергенді жеткізсін деп табыстапты. «Басқа бала тілден» деп, өзінің артық кеткенін сезген Тоқаң ханға қалай барып, не деп ақталудың ретін таппай Наурызбай, Өмірбектермен ақылдасса, «Жеке жарым барма. Белді-белді, қарулы-қарулы деген жігіттерден оншақтысын ертіп апар» депті. Әңгімеге қанығып отырған Сапақ:

- Жәке, мен барайын, - депті. Сонда Сапақты жас жігіт демесен үйленген, балпанақтай Бапақтың әкесі. Жаншуақ тірі тұрғанда Сапаққа бала қайда? Бапақты атасы бауырына басқан.

Ажырата алмайтын әңгіме: Токберген бұрын датқа болған ба, жоқ Наурызбай ма? Жас шамасына келгенде Наурызбайдың Токбергеннен отыз жастай үлкендігі бар екенін де кейін білді. Ендеше – жөні Наурызбай.

Ана жылғы қоқандармен болған қақтығыста Токберген нағашыларын паналады. Тасжүректің Сейітіне жиен болатын. Жиенін жығып беретін нағашысы – Қалет пе? Ағайыны болса да Қарасирақтың балаларына жығып бермеді. Жиенін қорғаптады.

Ошақтылар ауа көшкенде Қарасирақтар Тереңозекті жөн көрді.

Көргенін, құдайшылығын айтпады деп қисайды. Қылыбайлардың желектері желбіреген екі келіншекті ат арғына мінгізгенін тәнекес көрмеді. «Әдейі істеген жоқ. Омар ханның бұйрығымен болды» деп сасық көкіректікке басты...

Сапақ жас та болса, пайымды екен. Жанындағы нөкерлеріне «Хан ашуланса, қарғып мінгенде дайын тұрсын, жылқының оң жақ бауырындағы үзеңгіні даярлап тұрындар» деген. Және Тоқбергенге былай деді:

- Мені атқосшым дей салыңыз.

Мәмәділ бұ жолы көңілді. Түнде жас тоқалының койнынан шыққан. Ол да бір еліктің лағындай, сүйкімді, сұлу-тын. Қылығын айтсаңшы... Жүздің қызы. Он алтыдан он жетіге шыққан. Құшағы өрт, қылығы қырғын. Селдіреген сақалын сипалап, сықылықтап күлгенде ханың есінен танып, әппақ аяғын сүйіп, өлген де қалған. Жұрт алдына шыққанда көршінің әйеліне көз салу күнә деп күмбілдейтін Мәмәділ уағызын ұмытып, жас тоқал мына жерімді жала десе сол жерін жалауға пейіл. Дәу төсектің үстінде жуан қарны шар сияқты домалап, тілі салақтап ыр-ыр етеді...

- Ассалаумағалайкө-өм, тақсыр! – деп жалпақ жауырынды, қазан бас, дәу ала көзді Тоқберген кіріп келгенде Мәмәділ түнгі жұмақты еске алып есінеп отырған. Аузы қисайып:

- Әлікімсалам, - дей салды.

Даланың датқасы жау алатындай он нөкерімен кіріпті.

- Ай, Тоқберген, - деді Мәмәділ өзбекшелеп, - Нөкеріңмен келгенің не? Ақыры ертіп келген екенсің. Таныстыр, мықтыларыңды.

Есіктің алдындағы кілем төселген жерге молдастап отыра қалғандарды Тоқберген таныстырып жатыр.

- Мынау Ишан қалпе! – Имек мұрынды сәлделі қалпе иіліп қол қусарды.

- Анау Арыстан батыр.

- Мынау Кенбай мырза.

- Анау тұрған Байсалбай мырза.

Рет-ретімен келгенде, шеткі қатарда төбедей болып отырған Сапаққа келгенде үндемей қалғанда:

- Ей, алпамсадай дәу сарың кім? – Мәмәділ шаңқ етті.

- Е-е, ұмытып кетіппін. Атқосшым, - депті Тоқберген.

- Ім-м. Нөкерлерің кілең ығай мен сығайлар. Өзім ханмын, өзім бекпін деуіңнің сырын енді түсіндім. Атқосшыңда өзіңе сай көрінеді, - Мәмәділ

қолын шапалақтады.

Мәйман басқан, сәлделі өзбек құлағын тосты.

- Қонақтарды күтіңдер!...

Тоқбергендер кеткен соң Дәулет Мәмәділге кіріп:

- Тақсыр, басын аламын деп едіңіз.

Қошемет жасағаның не? – депті-мыс.

- Әй, сен де сорлы екенсің, - депті-мыс, хан жалтыр басын барбиган саусағымен сипалап, - Маған да жан керек. Иек қақсам анау атқосшысы маған жолбарыстай атылғалы тұрған жоқ па?

- Жәке, осы әңгіме рас па? – деп Орынбай Сапақтан кейін сыр тартқан.

- Әй, жұрт та қосып айта береді, - Сапақ күлді, - Шапанның ішіне алмас қылыш пен қос кездікті тығып барғанмен. Зәлім хан соны байқап қойғандай.

- Тоқберген елге келген соң датқалық маған емес саған қол екен деп Сізге орнын беріпті деген не сөз?

- Әй, Орынбай сен де қызықсың. Датқалық сыйлай салатын ат емес қой. Төрт арыс ошақтының бегі, биі деген лауазым. Ол қызметке тағайындайтын хан ғана.

- Ә-ә, қайдам...

Ара жасы он жылдай болғанымен Сапақ пен Орынбай құрдастай сыйласатын. Жассың деп жатырқамайды. Я Әулиеата, Шымкент, Ташкент, Бұхар барсын Орынбайсыз аяқ баспайды.

Ошақтылар Сыр бойынан ірге ажыратқалы бері көбейіп 1000 түтінге жеткен. Ата-атаға, ру-руға бөлініп, ауыл-ауылға топтанып жан-жақ санасатындай тайпаға айналған. Әр ауылды биі билеп, үлкен жанжалды жағдай туа қалғанда ғана датқаға жүтінеді. Қалған уақытта өз қотырын өздері қасып жатқан жұрт.

Сапақ датқалық еткелі бері – қокандарда ат ізін сирексіткен. Не құдіретін барын Аллаһ білсін. Әйтеуір Жайнақ-Мойнақтың дәурені біткендей.

Қой үстіне бозторғай жұмыртқаламаса да жер-дауы, жесір дауы, барымта-сарымта тиылмай тұр. Ыстыда Құлшық датқа ысқырса, Шапыраштыны Сарша би ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайды. Таластың байлау басында дулаттың тізгінін ұстап Байзақ датқа, таудың Бурыл беткейін сиқым Батырбек датқа, Саудақентте ысты тілік Шоқай датқа қамшысын иіріп қалың елге айтқанын істетуде.

Ит жылы Шолаққорғанның маңайындағы Қызыл көлде ұлан-асыр той өтетін болыпты. Той иесі Тұрсынбай датқа. Руы Орта жүздің ұзын қыпшағы. Сапақтың өзі аргынға күйеу де қыпшақпен құда. Тұрсынбайдың ас беріп жатқан ағасы Қасымбек датқаның Қойсынай атты сұлуын Тойшыбекке атастырған. Әлі қолына келін етіп түсірген жоқ. Тойшыбек ұрын барып жүр.

Тұрсынбай сонда Сапаққа құда-жекжат.

Қоқан қанша қоқандаса да, орыс нешеме мәрте ойрандаса да «той» десе қазекеннің қаны қызып кететін әдеті. Әрі шақырған соң жөн-жобамен барғаның кәдік. «Той – тондінікі» дегендей жүйрік атсыз, қыран құзсыз, құмай тазысыз, ылдым-жылдым балуансыз, арқалы ақынсыз, тіпті мешкейсіз барсаң жалғыз жарым және салпандама. Орынбайдың естуінше қыпшақтың датқасы үш жүзге сауын айтыпты. Тіпті орыс генерал-губернаторы Перовский келмек. Қоқан, Бұхар елдері де өкілдерін жібермек.

Орынбайдың шыны керек Қызыл көлге жолы түспепті. Естуінше балығы тайдай тулаған, жел тұрса толқыны жағаларын сабалаған, маңайын орман-тоғай сағалаған жер. Кекіліктен бастап, арқардың нешеме атасы да сонда. Қырғауылын қамысына қызыл-жасыл қанатын тығып жасырына қалсаң ажырата алмайсың.

Төңірегін Тама, Қоңырат, Қыпшақ, Ысты, Наймандар мекендейді. Қожалары да жеткілікті. Әруақ қонған ел.

Сексеннен асып тоқсанға аяқ басқан Паңқ қарттың Кенесары ханның ту ұстаушысы болып жүргенінде атойлатқан өлке.

- Өттен, атқа жарамаймын, - деп қояды батыр, - Әйтпесе қыпшақтардың тойын көзбен көргенге не жетсін.

Орынбай да желпінулі. Осы төңіректе бұған тең келетін балуан жоқтың қасы. Өткенде Сапақ датқа бәйбішесі босанып сүндет тойына шығысы Дулат, Ысты, Шапырашты, оңтүстігі Сіргелі, батысы Тама, Тарақтының біразын шақырды. Той Ақтөбенің бауырында өтті. Көк майсалы, майда құрақты жер емес пе, шіркін – Ақтөбе.

Нешеме киіз тігілді. Ат шаптырып, көкпар тартып қара терге түскен жұрт. Атқа мінсе, жоңғардан қашқандай, я қуғандай елеріп кететін жігіттер. Жердің қою шаңын шығарып, мың я одан көп аттылы көкбөріні тартқанда аспан мен жер астасып, әлемтапырақ күй кешеді. Талай сұмдық, зобаланды көрген қазақ та тойлауға, қуануға қақылы. Қашаңғы «Елімайды» айтып зарласын. Әлгі аласапыранның ішінде ауыздығын

қарш-қарш шайнаған көк жал айғырымен, қамшысын аузына тістеп, бір тізгін, қос қылшыбырды бос жіберіп, жан баласына дес бермей – Орынбай жүреді. Оның тақымына тиген серкенің өзі қозы-лақтай салақтайды.

Небір тартқыштар бар ғой, бірақ соның көбісі мұның тақымынан көкбөріні жұлып ала алмай қара сорпасы шығады.

Датқа-матқалығын жиыстырып тастап, Сапақ та көкбөрі десе өлуге пейіл. Өз тойында есік пен төрдей келетін сүржекейге мініп қалың топқа қақырата кірген. Көкбөрі де сенің сыйлы шекпеніңе қарамайды. Атақ-даңққа, абырой-атаққа салса, оның несі көкбөрі?

Әлгі алақұйынды жұлқыста ысты Бұғыбай батыр мен Сапақ ұстасқан. Екеуі де әлуетті, қолдары сіңірлі, денелерінде арам ет жоққа тән. Денесіне қолыңыз батпайды.

Сорбұлаққа қарай жұлқыса шықты.

- Еь! – дейді тістеніп, тістерін шықырлата

Не құдіреті барлығын қайдам Сапақтың оң жақ тақымына нығыздай қысқан серкені Бұғыбай төмен қарай лықси тартып жұлып алды. Сапақтың көздеріне ашы тер төгілді.

Арттарынан қиқулаған жұрт. Бұғыбай сол шапқаннан Тасты бұлақта отырған Токбергемнің аулынан бір-ақ шығып, көкбөріні үйдің алдына борпылдақ шаңын шығарып лақтырып тастады.

Көкбөрі түскен үйге құт-береке дариды.

Сүржекейнің сілікпесін шығарған Сапақ Бұғыбайға жамандардай кектенген жоқ, көкбөріде әдіс пен айла жеңеді, өлермен өрге шабады.

- Бұғыбай аға, - деді сосын терін сүртіп жатып, - Мықтым-ақ екенсіз. Бұғыбайды Сапақты сыйлайтынындай бар. Хан Кененің қырғыздарға қарсы соғысында қол бастаған батырының бірі.

Ертеңіне балуан күрес, бала жарыс, қатын күрес өтті. Күреске жұлқынып ортаға Орынбай шықты.

Белге дейін шешініп тастаған небір сіңірлі балуандар да жеңістен дәмелі. Күресте ерні жырылып, құлағы шайналған Ерсайынның Дүрбегі екі санын шапақтап шығып еді, оны шапыраштының Дөнқұлағы жамбасқа салып шалқасынан түсірді. Кішкентайынан жылқының жалына қолы тисе жалп еткізетін Орынбай тіліктің Қиятбегін алып ұрып, басынан аттады.

Ақыр аяғында қабыландай қарны тартылған Орынбай мен Дөнқұлақ екеуі сүт пісірім уақыт алысты. Жамбасқа олай, бұлай салысса да екеуі бірін-бірі ала алмады. Ондай сәтте жиналған жұрт та:

- Ит жығыс! Ит жығыс – деп шу етеді.

Орынбай аяғында айласын асырды, Дөңқұлақты екі қолымен құшақтап, бар күшімен «Аруақ» деп көтеріп алып, артқа лақтырды.

- Жеңді! – деп қызықтаушылар шу етісті...

Орынбай әбден қалжыраған екен, тізерлеп отыра кетті. Біреу келіп терін сүртіп жатыр... Дене қызғанда ысқыласаң да сезбейсің. Сөйтсе де жұмсақ қол тұла бойын ерітіп жібергендей. Тер моншақтаған Орынбай әлгі жұмсақ алақан иесіне қараса – он екі-он үш жасар бүлдіршіндей қыз. Шашын қос өрім етіп өріпті, тірсегін соғып тұр, жымыиып тұр. Қапелімде не дерін білмей:

- Есімің кім? – деді.

- Бота.

Орынбайдың тұла бойы ұяттан қайта өртенгендей.

- Бота, - деді ішінен, - Жақсы есім екен.

Орта бойлы, екі бетінің үшінің қызылы ажар берген бір келіншек:

- Әй, Әдемiкөз, неғып тұрсың? - деп оны жетелей жөнелді.

- Ей, неғып, аузыңның суы ағып кетті, - Құрдасы Айтбек бүйірінен тартты. – Обал емес пе. Жас қой. Орта жүз Арғын темеш Қызыл бидің қызы ол...

Қызыл би құндыз бөрікті, дембелше келген, аққұба, қыр мұрынды, Сапақ, Тоқберген, Жамбыл, Бұралқы сияқты жақсы жайсандардың ортасында серпіп тұр.

Сапақты күйеу санайды. Қалжыңы соған бағытталған. Сөз кезегін жіберетін Сапекен бе.

- Би-еке, алтын көрсең белден қаз демей ме? атам қазақ. Арғынның қыздарының біреуін Орынбай ініме алып берсем бе деп жүрмін.

- Е-е, сендерге бермегенде кімге беремін, - Қызыл би аққоңілдене жауап қайтарды, - Ауылымыз аралас, қойымыз қоралас жатқан елміз. Төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылса несі айып.

- Сол төсектің сәті келіп тұр, - Сапақ күйеулігіне басты.

Өзі жақсы көретін Орынбайына Қызыл бидің қызыл бүлдіршінің жақындап, терін сүрткенін көзі құрығыр шалып-ақ тұрған:

- Балдызыма құда түстім, - деді ақырында.

Қылжақтап, қымыздан қызара бөрітіп тұрған Қызыл би:

- «Мақұлдан» басқа ештеңе айта алмай басын изей берсін.

Қырмыздай қызы гүл – Бота сұлу Орынбайға бұйырмады. Бұл тағдырды қойсаңшы... Дәл ұзатылар тұста айдай сұлу жазылмас дертке

ұшырап, ақыры өмірлік өкініш тастап бақилыққа аттанды. Өмірден күдер үзген Орынбай содан кейін ұзақ жыл үйленбеді. Тек қырық сегіз жасында Байлының қасқасының Дәмегөй сұлумен бас құрасты.

Қызыл көлдің әңгімесін сұрайын деп Орынбай Сапақтың ақ боз үйіне соққан. Әшейінде үйден адам үзілмейтін Сапекен бәйбішесі екеуі ғана.

- Кел, кел, - деп қос жастықты қолтықтап жатқан датқа көтеріліп молдастап Орынбайға оң жағынан орын берді, - Бәйбіше қымыз құй. Орынбайды іздеп отыр ем, өзі келді.

Датқа екеуі қатарласа отырғанда Орынбайдың да тұрпаты шамалас екен. Аталық Қосыбай деген жезделері:

- Осы сейіттер шеттерінен дәусіндер, не жеп семіресіндер? - деп қажақтайды баяғы.

- Бойыңды мыртық еткен біз бе? - Жездесін Сапақ та аямайды, - Сен де бір, аяғы маймақ қалмақ та бар. Жиендер саған тартпасын деймін кейде...

Ойнарын ойнаса да Қосыбайдың қарақошқыл беті көк аязданып әжептәуір намыстанады әрине.

- Дәу болғанда жау қырам дейсіндер ме? – дейді бой бермей.

- Ең болмағанда сөреге жайылған құртты қиналмай аламыз, жездеке, - Сапақ қулана жымыды. Қосыбайдың барған үйінің ши үстіндегі құртын ұрлайтын ку әдеті бар еді, соны айтқан соң жым болады. Бойы жетпеген соң аяғының астына келтек ағаш, я домалақ тас қойып жүріп, тайып жығылып талай мәрте күлкіге қалған. Бір құлағы ауырлау.

- А-а, қу керең, қу керең. Ұрламасаң да беретін едік қой, - деп жеңгелері жауырынан шымшылап жүргені.

- Орынбай, - деді бір-екі кесе қымыз ішілген соң Сапақ, - Тұрсынбай құда асқа шақырды. Соған дайындал. Көкпарға шабатын біраз атты іріктес. Бәйгеге торыны апарсам ба деп отырмын... Өзің күресесің. Жамбыл, Байзақ датқалар мен Бұралқы билер, де барамыз деп құлшынып отырған көрінеді. Бердеке қожа күрең жалын баптап жүр. Сосын Шоқай ауылындағы Майкөт ақынға хабарлаттым. Айтыссын.

Көрейік қыпшақтардың әуселесін.

- Жаншуақ көкем бара ма? – деді Орынбай.

- Жоқ, - Сапақ қасқа қайырды.

Әкесі науқастанып жатқан. Жасы болса сексеннен асты. Өткен жылы Наурызбай дүние салғалы бері жүдә жүдеп қалды, күннен күнге шөгіп барады...

- Теренөзекке барсам, - деп армандайтынды шығарды.

Алыс жолға жарамайтынын Сапақ сезеді.

- Қартайған адам-қайғышыл, уайымшыл келе ме деймін. Жарықтық туысын, бауырын іздейді осы күні, - Сапақ әңгімені осылай түйіндеп, - Ат баптауға кірісейік, - деп тапсырма берді.

Ұзын қыпшақ Тұрсынбай датқаның тойына датқа бастап би, ақсақал-қарасақал, ат сейіс, ақын, жырауларын қоса есептегенде мың қаралы адам жиналды.

Тек Есепедегі Тоқберген би денсаулығының сәл кінараттанғанын айтып, үлкен ұлы Байымбетті қосыпты. Датқа қолым тимейді дегеніне қарамастан Таластың бойынан ағаш кесіп жүрген Наурызбайдың баласы Тоқтасты топқа және қосты.

- Сыр бойынан туғандар келсе, Наурызбай жәкемді сұраса сен керек емессің бе? - деп жекіді оған.

Талай пайдадан қағылдым-ау деп Таймас ерең дегенде қинала-қинала көнген-ді.

Әбілхайыр Дешті – Қыпшақтың әміршісі болып дәуірлегенде қыпшақтың төрт баласы бөлінбегенді. Құбасақтың (нағыз Сақтың) ұрпағымыз деп кеуде қаққан бір атаның балаларын да билікке таласқан Шыңғыс тұқымы мен түбі қорасандық түріктенген жожа Шайбәни ұрпақтары Ақ орда мен Көк орда үшін билік үшін қырқысып ақыры баяғы Алтын Ордаға қараған ұлыстарды қырық бөлікке бөліп-бөліп әкетті. Ғұнның ұрпағымыз деп мақтанатын Арғынның Ақжол биіне Құбасақтың баласы Қобыландыны қайрады...

Ерегіскен екі кісінің бірі өледі. Қобыландының күші басым еді, Ақжолды өлтіріп тынды ақыры. Екі қоразды бірі-бірімен төбелестіріп, айызы қанатын қызылбастың қаны бар Әбілхайырдың бұл әңгүдіктігі Ақ Орданың құлап, түркі балаларының қырық кұраққа бөлшектенуін бастады.

«Күн сұрадым, бермедің» деп Шыңғыстан тарайтын Орыс (Өріс) ханның ұлдары Жәнібек пен Керейге ілескен көк түркінің біразы Шуға Моғолстанға Есенбұға ханның иелігіне – Қозыбасыға көшті.

Токсан екі баяулы қыпшақ Әму мен Сыр бойын жағалап қанды, қоңыратпен сіңісіп жатты. Құбасақтың ендігі бір азы ырың-жырында Ноғайға, әрісі Башқұртқа кетті өкпелеп. Шыңғыс заманынан кейін мажарлар атанып Дунайда қалған. мажар емес, әкесі Мәдияр бек-тің, олар жүде аулақтады.

Қараспан тауының бойында қарақыпшақтың тұқымдары бәрібір қалып, Ұлытауға, Ертіс, Есілге дейін ұлан-байтақ даланы ата-мекені санап кетпеді.

Қаратаудың Шыңғыс дәуіріндегі тіпті одан бұрынғы аты-Қара аспан-тын. Асығыс-үсігіс тірлік жасаған адамға: «Қара аспанды су алдырма!» демейміз бе, сол сияқты жер бетін топан су қаптағанда Қаздың жұрты Қара аспан аман ғана қалыпты-мыс. Содан Қазғұрт тауына Нұхтын кемесі тоқтаса керек дейді.

Адам Ата мен Хауа анадан бері Бекарысқа дейін 54 ата десе, Қарақыпшақтан бермен қарай Тұрсынбайға дейін кемі 54 ата... Соншама жыл Құбасақтың ұрпағы өсіп - өніп келеді. Мінеәй себептермен бұ ел әр халыққа сіңіп кетпегенде Құбасақ даласы адамнан көрінбей қалар ма еді...әттең.

Қарақыпшақ Қобыландының тұқымы Тұрсынбайлар Қарааспан тауын жоңғар шапқыншылығы кезінде келіп бір жолата паналады. Өсіп-өнді. Қоқан кезінде ағасы Қасымбек датқа шенін иеленген енді «бақ» Тұрсынбайға бұйырғаны.

Ұлы бабаларына сырт пошымы келетін датқаның ағасына беретін асына үш жүз үй – Қызыл көлдің айналасына жағалай тігілгенде шаһарға ұқсап-ақ кеткені. Айналасы ат шаптырым ауылға кілең жорғаға миңген жігіттер күміс табакқа салынған әппақ майлы етті шашпай – тоқпей, жаңылыспай – жаза баспай тасып жатса, кернейлері ұзын жез самаурындар екі иығынан дем ала алмай, әбігерге түсуде. Шаһардың қақ ортасындағы он сегіз қанатты Ақ ордада елдің білігінше орыстың генерал-губернаторы дамылдап жатыр. Екінші Ақ ордада Қоқан ханының өкілдері, үшінші Ақ ордада үш жүздің игі жақсылары, шіндегілердің бірегейі – Сапақ датқа.

Үш алаштың басын қосқан Тұрсынбайдың қуанышында шек жоқ, аяққаптай кеудесіне сыйсайшы. Жәй кезде жолықса бір-біріне мылтық кезенетін орыс пен қоқанның ғаскерлері екі жақта. Ақ патшаның жез түймелі солдаттарының өзі үш жүздей. Генерал-губернатор Перовскийдің есен-саулығын қорғайсындар, қазақ той-домалақта төбелес шығармай,

тарамайтын қызба мінезді анайы халық, сондайда тыныштандырасындар деп табыстаған-мыс. Қоқандікті аса көп емес. Шолаққорғандағы Юсуфбек қарамағындағы жүздіктер.

Үйлердегі қонақтарды былай қойғанда тай-құнанға, атқа мініп қызықтап сыртта жүргендер қарақұрым.

Сапақтың Орынбайға айтқаны:

- Ұлы жүздің өзінен 2 мың адамның шамасы бар-ау.

Осы маңда сіргелілерде әпкесі тұратын. Ошақтыларының біразы сол үйге барып түсті. Орынбаймен үш-төрт жігіт датқаның қасында.

Тұрсынбай бәйге аттары үшін арнайы жерді белгілеп, көк жоңышқа, сұлы, суына шейін дайындатыпты... Күтушілер зыр жүгіруде.

Атқа шабатын бала-ошақтының тасжүрегінің сейітінен, атқосшы Жұманның Қызылбегі. Қаршадай қара домалақ бала. Текеторыны баптап, бабылап қана қоймай, Талас бойындағы талай бәйгеде шауып, әбден сырына қаныққан.

Сапақ пен Орынбай Текеторының құйрық-жалын сүзіп жатқанда:

- Ассалаумалейкум! – деп текежәуміт сарысын мініп Кіші жүз жаппас Құрақ датқа келе қалсын.

Кішкене, сыптығыр, қырғи тектес, лыпып тұрған Құрақ та Сыр бойының қазағы, Жаппас руының датқасы, Сапақ қатарлы.

- Әлікісалам! – Сапақ оған күректтей алақанын ұсынды.

Орынбай да амандасты.

- Сапақ-жан, - деді Құрақ Текеторының сыртқы келбетіне көңілі толықырамай, - Мына қамыс құлақ, бота тірсек торыны қаншама жабулап, арам терін алсаң да дым шықпайды. Сүзіп текке әуре болма.

Дартқа да шарт кетті:

- Сенің шабдарыңды да бағана көргем, әй, орта жолда-ақ омалар. Алдыңғы аяғы қысқа екен, ұзаққа шаба алмас.

- Ау, батырлар, - деді Орынбай екеуін сабырға шақырып, - екеуін ерегісіп, екпіндесетін жас бала емессіндер, ел тұтқасысындар. Алдағы істі Алла біледі. Қашанда бап емес бақ шабатыны да анық.

- Мынау, тақылдаған батырың кім? - деді Құрақ шегір көздерін қадап, жақтырмай.

- Орынбай інім, - Сапақ қисайғанынан қайтар түрі жоқ, - Құда түсейін деп пе едің?!

- Сенің теке торың озса, менің сорым озар, - Құрақ та екілене түсті, - інің куә болсын. Сүр жекейім торыңнан қалса 1000 қой қостым бәйгеге!

- Алдыңа сыймай жүрген малыңнан айырылып қалып, өкінерсің Құрақ!

Екеуі ерегісіп тарасты.

Қалшып ерге қонған Құрақ кетісімен Орынбай екеуінің ерегісінің мәнісін сұрады.

- Құрақ, мына он екі ата Байұлының жаппасы. Әкесі Құлыншақ би біздің әкеймен замандас. Ілгеріде Сыр бойына барып осындай ас-тойда жәкем көк атты бәйгеге қосып, Құрақтың әкесінің бәйге жиренін жерге қараттым деп отыратын. Аты бәйгеден келмесе байы өліп, бағы тайған қатыннан әрі қайғыратын өкінетін қазақтың баласымыз. Содан, маған жолыққан сайын тісін қайрайды.

Жалпы қызба ел.

- Әй, Орынбай, - деді сонан соң, - Атты бүгін Бозтамшыға айдайды екен. Сөресі анау тұрған Сүйіртұмсық маңы. Алпыс шақырым, ана Байшораға айт сонда барсын. Сен менімен бірге боласың.

Осылай деп Сапақ ақбоз үйдің біреуіне қарай беттеді. Ол жақта жақсы мен жайсандар шешендік сөз айтыспақ, сөз таластырмақ...

Сапақтың да шешендігі мен көсемдігі сынға түспек. Әрқайсысы еліне кеткенде: «Па, шіркін пәлен жердегі пәлен бидің сөзі-ай, түген датқаның гәділеттілігі-ай» деп тамсанатындай қасиетін болмаса – топқа кіріп әуре болма. Руынды ұятқа қалдырасың. Тоқ етерін айтқанда ел-жұртыңды датқа, бидің алымдылығына қарап таниды. Ас тойда бәйге ат сол рудың айбынын асқақтады. Ақынның азулысы, алғыры керек.

Басына құндыз бөрік киіп, төбесіне үкі таққан, күміс зерелі шапанды Майкөт Қызыл көл маңына бала күнінен белгілі. Елдің ынтазары – Сыр бойының сүйлейлерінде. Майлықожа, Сералы қожа, Таспа қожа, ағайынға өкпелеп, Ұлбикенің өлімінен кейін Арқаға кеткен Күдері қожасы бар бәрі түгел жиылыпты. Арқалары қозып аруақтанып, бәйгеге қосылар аттай тыпыршып біріне-бірі ырық беретін түрлері жоқ. Өттең Жетісудан жыр сүлейі Сүйінбай келе алмай қалыпты. Ұлы жүз орыспен алысып жатса, елшіл ақын қайтып той-тойласын. Әйтпесе осындай дүбірлі тойдан қалар ма? Әлгі кілең марқасқалардың ішінде Арқаның да небір дүлдүлдері бар-ау.

Орынбайдың көзі жан-жағына сәулесін шаша жүретін Дулат ақынды шолып қалды. Қайран Ақтамберді жәкем дүниеден өткелі неше жыл? Әкесі Итемген:

- Есіл ер еліне өкпелеп кетті-ау, - деп айтатын.

Осы қазақтың асылын бағалай алмай жасығын жалаулатыны несі. Мал біткен бақа бас байдың шотын шауып марапаттайтыны неліктен?!

Орынбай Дулат ақынмен амандасып жатып Ақтамбердінің үрім-бұтағының хал-жағдайын сұрастырып қалды:

- Ақаң жарықтық о дүниелік. Ұл – қыздарын танымаймын. Ақаң тірі болса тойдың ортасында ойып, ойын-сауық құрып отырар еді ғой, - деп Дулат ақын ағынан жарылды. – Ақтамберді қалың найманның ардақтысына айналып өтті өмірден.

Күнде көріп жүрсе ә-ә соны қойшы дер ме, әлгіндей сөздерден кейін Орынбайдың жүрегі қу қызғаныштан қыжылдады. Шариятшыл еді, өзін-өзі: «Тәк-тәктеді». «Ақтамберді ошақты, найманның емес бүткіл Алаштың ақтаңгері. Неге әркім өзіне тартып иемденуі керек, неге бөлектеуге тиіспін» деді ақыл-қазынасы. Жақсыда жаттық жоқ. Ақыны мен батыры ортақ ел емеспіз бе?

Жауға рубасының атын бөлек-бөлек ұрандап, бөле жарыла шапқанда осы қазақ не ұтып, неден ұтылды? Әр рудың айқайы өз қырынан әрі асты ма?

Қарашы, мына тойға отыз мың адам келіпті деп отыр. Осы отыз мыңы атам қазақтың атын айтып, ұрандап атқа мінсе орысың, қоқаның, хиуаң түгел санаспай ма? Е-е керек десе қолында жөні түзу мылтығы да жоқ – анадан, мынадан қалап, қойға сатып алған бірер күлдірмамай мылтыққа мээ қазақ.

Сырласымын, туысқаныңмын деп кеше Әлшора есімді жігіт мұнымен әбден сөйлесті. Айтып отырса орысың да тойымсыз. Аралдың бетке жарар айдынын түгел иемденіп, халықтың үрейін ұшырып біткен.

Қатты қуаңшылықтан Кіші жүздің көбі Ұлытау жаққа үдере көшкенімен үйсіндер әзірге ірге көтерген жоқ, бір Аллаға сыйынуда дейді. Қауға сақалды орысқа құл болғанша деп Қаратауды, Қоқанды, Бұқарды, Хиуаны сағалап кеткендер ара-кідік кездеседі.

Башқұрт, татарға сіңіп кеткендер қаншама. Туысына Орынбай өз жайын баяндады. Аса-Таласты еміп жатқан қалың ағайыны Қоқанның күлдігінде. Тау басындағы ошақтының Арыстан батыры Әділ төренің ұлы Рүстеммен бірігіп Жетісуға жетіп жығылған Ақ патшаның ғаскерімен соғысып жатыр деп естиді.

Соғысып жатқан сонда Қоқан мен Ресей ғой, қырылып жатқан қазақ.

Айлас қатын мұндас дегендей батысы мен шығысының көрер күні

шамалас тәрізді. Ақ патшаға айбат шеккен қайран Кенесары қазақтың басын біріктіре алмай Кекілік сайында қырғыз манабы Орманның қолынан қаза тапты. Елді еңіске емес, биік өріске бастардың игі-жақсылары орыстың ұлығы мен Қоқанның тұлыбына мөңіреп, баяғы қалмақтарша қос қолын кеудесіне қойып, «ләппәйға» көшкен.

Алтын да тозып, алмас қылыш та кетіледі екен-ау. Қаншама жерден батыр, би шықты деп кеуденді қос қолдап ұрсаң да – ақиқаты сол. Әлшора екеуі осыларды әбден әңгімелеп, ақыры қимай қоштасты.

Орынбай үмітін ерте үзген екен. Ақ ордадан бөлектеу жерде оңашаланып тұрған дулат датқасы Байзақ пен Сапақтың әңгімесіне қанықты.

- Құдияр (Қоқанның билеушісі) құтырып бітті, - деді Байзақ қызыл шырайлы жүз күреңітіп. Алып адам көрінді. Сапақ екеуі қатар тұрғанда иықтары теңесті. – Қаншама жерден мұсылманбыз дегенмен кейбір тірліктері кәпірдікінен асып тұр. Ұлымызды құл, қызымызды күң еткісі келеді.

Шерәлі мен Мұсылманқұлынан зорға құтылып едік, мұның да озбырлығы олардікінен аспаса кем емес.

- Бұға берсек сұға беретін қоқанның бізден несі артық? – Сапақ Байзаққа сұраулы жүзбен қарады.

- Несі артық болушы еді! – Байзақ датқа күйініп кетті, - Жасаулы әскері ғана.

- Ұрандасақ жасақты бізде жинар едік-ау – деп Сапақ Саңырық бабасын еске алды.

- Қоқанды қоқандатқанша орманның аюына арқа сүйеген дұрыс деп армандап кеткен Төле би бабамның ойы дұрыс-ау.

- Орыс та Кенесарыдан кейін қазақтың алты бақан ала ауыз екенін біліп ашынып алған. Қорғансыздығын біліп қынадай қырып келеді.

- Әй, Сапақ, - деді сосын Байзақ, - Мынау жанындағы алыбың кім, өзін бе?

- Бауырым, - деді Сапақ, - Орынбай деген балуаным.

- Ия, - деді Байзақ қолын бір сілтеп, - бүгіндері бір елі ауызға екі елі қақпақ қоймасаң төңірек түгел көз, құлаққа айналғандай...

- Қорықпаңыз Баеке, - деді Сапақ күліп, - Жауды жақыныңыздан іздеңіз.

Әдейі айтты. Кейінгі кездері Байзақ датқа мен Батырбек датқаның арасы қырғи қабақ екенін естіп, біліп жүрген.

Байзақ Сапақтың емеуірінен түсінді. Шынында да кейін Батырбек Байзақты Әлімқұл моллаға әм Сейіт ханға жеріне жеткізе баяндады деген өсек сөз шықты.

Шымкентке Байзақты алдап шақыртып, зеңбіректің аузына байлап аттырғанда күл-пәршесі шыққан денеге қарап отырған Әлімқұл молла қасындағы Батырбекке:

- Көрдің бе? – депті масаттана. (Осы әңгімені Бауыржан Момышұлы айтыпты. Авт.).

Осыдан он жыл бұрын ғана Қоқан ханының туы астында орыс әскерімен тізе қосып шайқасқан екі ноянның арасына от жаққан да Әлімқұл зымиян еді, ақыры діттегеніне жетті. Асылынан айырылғанын Батырбек кеш сезінді, бармағын шайнады.

Енді жұрт қаз-қатар тігілген үш Ақ орданың маңайындағы шаңы шыққан сазды көгалға ауды. Сапақ та жаршыға айтқызып ортаға Орынбайды шығартқан.

Әуелгі жекпе-жекке қыпшақ балуанымен шықты. Кеудесін жүн басқан, қою қара мұртты, қос көзі қызарған, әр танауы қос бармақ сыятындай кең, кең нықты, бура санды жігіттің есімі – Қият екен. Қыпшақтар:

- Уай, қара қыпшақ Қобыландының аруағы қолдасын! – деп өрікпісе.

Үйсіндер:

- Бақтиярлайды!

Ара-тұра:

- Бәйдібек, Бәйдібек! – деседі.

Қобыландының ұрпағы оң жамбасқа да, сол жамбасқа да түспеді. Жылдам қимылдап айласын асырды.

Тек сүт пісірім уақыт өткенде барып Орынбай оның осал жерін тапқандай... Қияттың оң қолының күші аздау екендігін аңғарып, сол қолымен қапсыра құшақтап, оң жамбасқа алып бар күшімен «Әуіп» дегенде ол ұзын теректей сұлап түсті.

- Орынбайым жаралың! – деп Сапақ ортаға жүгіріп шығып құшақтап, көтеріп әкетті.

Қыпшақтар жағының жүні кәдімгідей жығылсын.

Жақын маңнан Құрақ айқайласын.

- Ей, Сапақ, Қызылбастың Қарабұқасын қан қақсатқан – Құлахмет балуаныммен шығар Орынбайынды.

- Шықсын! Шықсын!

- Күшті екенін көрейік!

- Әй, Құлахмет десе Құлахмет-ау!

- Үйсіннің балуанының әуселесі осы жолы белгілі!

Жиналған жұртқа қызық керек.

- Итемген бабамыз қызылбастың ақ пілін жыққанда Құрақтың бөк қарын Құлахметі саған не тұрады, - Сапақ та қайрап қояды. – Ата-баба аруағы қолдасын...

Терін сүртіп қарсы жаққа қараған Орынбай сонда барып байқады, местей жалаңаш қарнын шапаттаған – Толағай дәу тұр. Жанындағы Құрақ әлгінің кеудесінен ғана келеді. Даусы ашы бірақ. «Жақындасаң жаншып тастаймын» дегендей аузынан ақ көбігі ағады. Буыршыңға түсетін бура іспетті, шабынып қояды...

Қызыл ыстаннан дамбал киіп алған Орынбайдың қан-жосасын шығарсам дейтін сыңайлы. Шулаған жұрт:

- Қызыл дамбал киген құдашаның бел омыртқасын үз! – деп қайрап жатыр.

- Орынбай, - деді Сапақ, - дәулігіне қарама. Денесі ірілігін қайтесің, ондайлар, бөк салынған қарындай әлсіз, босбелбеу болады.

Датқаның мына сөзі Орынбайға қайрат қосты. Әрі «қызыл» кигеніне қызына айқайлаған жұрттың мазағы зығырданын қайнатқаны. Ортаға атылатын жолбарыстай жұлқынып шықсын. Алып та бұған тап берді. Қарулы қолдар сақпанның тісіндей сарт-сұрт етісті. Құлахметті қозғауға келмес қара тас па дерсің. Кеудемен итерсең иілікпейді. Өзі жақсы көретін оң жамбасқа салдырмайды...

Екі дәу қозы еті пісетіндей шама алысты. Бақайға дейін тер ақты. Ашы тер саулап, көздері ашыды.

Кімнің не деп айқайлап жатқанын түсініп болмас. Сілікпесі шыққан екеуінің жұртпен де, әруақпен де ісі шамалы. Көздеріне қан толып, қайтсем «аламын, жарамын» деп жүргендей.

Тіпті Құлахмет Орынбайды мықты ұстап, өзіне қарай қос қолымен қысқашша қысып, іштен шалмаққа әрекеттеніп еді, бұл темір құрсаудан зорға босанды.

Кенет Сапақтың даусы құлағына шалынды:

- Ей, Орынбай! Жаның бар ма! Әруаққа сыйынсайшы!

Осылай деді-ау шамасы.

- Ия, Аруақ! - дегенін біледі бір қолымен Құлахметтің өзіне қарай сығымдай тартып, ақыры көтеріп алып «Әруақ» деді, сөйтті де ананы

төбесінен асыра тастағанда, өзінің де қос тізесі бүгіліп етпетінен түсе жаздады.

- Әруақ! Әруақ!
- Бәйдібек! Бәйдібек!
- Ақсарыбас! Ақсарыбас!

Біреу келіп мұны құшақтап сүйіп жатыр ма, енді екіншісі ашы терін сүртеді ме, екі құлағы тәрс бітіп қалған Орынбай мең-зең күйі созбалақтап барып сағат бойы алысқан алаңның шетіне отыра кеткенін біледі.

- Ұлы жүздің балуаны жеңді! – деп ортада біреу жар салып тұр.

Бес-алты адам төбедей болып ортада жатқан Құлахметті жабылып тұрғыза алмай әлек. Сынықшы ма біреу:

- Жамбасы сыныпты! – деді жанұшыра айқайлап.
- Құрақ-ау деймін, камшысымен қара жерді сабалап жүріп кетті.
- Ей, киізге салып, үйге апарыңдар. Сынықшыны шақырыңдар.
- Орынбай да оң жақ қабырғалығын ұстап құлап бара жатты...

Датқаның жан даусы шықты.

- Әй, Таймас, келіндер, Орынбайды үйге апарсын.

Екі-үш жігіт сүйемелдей жөнелді. Араның ұясындай гу-гу. Күн ұясына қызыл шоқтанып барып батпақшы. Құлахметті қараған сынықшы Орынбайдың да о жер, бұ жерін сипалап отырып:

- Үш қабырғасының басы зақымданған, - деп ем-домын жасады.
- Қабырға сынса бітер, ел намысын қорғап қалдың, арысым, - деп Сапақ риза.

... Ертеңіне Сапақтардың емес-ау Ұлы жүз үйсіндердің мерейі үстем болып, алғашқы үш орынға үш бәйге аты келсін.

Сапекеннің теке торысы жүдә оқ бойы сөреден зулап өтті.

Құрақ құрдасының сұр жекейі төртінші болып шаң берді.

Бердекенің қасқасы екінші келген-тін, ол да Құрақпен тәжікелескеннің бірі екен, өзіне жапқан шапан-шапқатты Сапаққа сыйлады.

- Басқа емес үш қара бастаған бәйгені құданың алғаны жүдә абыройлы іс, - деп Тұрсынбай екі езуі екі құлағына жетердей мәз.

Басы салбырап Құрақ келді:

- Ей, Сапақ, - дейді әлі тақылдап, - Уәдем уәде. 1000 қойынды алып кет.

- Сенің 1000 қойынды айдап кетемін деп Сырға баратын жағдай жоқ. 1000 қойдың орнына 1000 діллә берерсің. – Сапақ та қытықты. 1 дәлләға 1 қара алуға болады, Құрақтың жаны қоса шыға жаздады.

Әкесі Құлыншақ көшелі кісі көрінеді, онысы ойлы көзінен көрінеді.

- Шырағым Сапақ, - деп үлкендігін білдіріп жатыр, - Құдай атқан ұрыншақ аттай қызба бұл найсап... Бірақ, уәде құдайдың сөзі. Үйге жүріңдер. Ат-шапан айыбымыз бар.

- Ақсақал-ай, пейіліңізге рахмет. Алла бұйыртса барармыз, - Сапақтың ашуы тарқады, - Озсақ, Алланың бізге берген бақ-дәулеті шығар. Оны көтере алмасақ – сыбағалы сыйымыздан айырылғанымыз. Қыпшақ Тұрсынбайдан алған үш тоғызды да таратпақшымын.

Жас та болса бас болған Сапаққа Жаппастың қарты разы.

Кетіп бара жатып әрнәрсеге соқтығып, сонысынан ұятқа қалып жүретін Құрағын сыбап барады...

Байзақ батыр Ақмолдасымен келіп «құтты болсын» айтысты. Майкөт үкілі домбырасын алып табан астында өлеңін арнады. Әсіресе, тау құлатқан Орынбайға көңілі әбден толыпты...

* * * * *

Сапақ пен Орынбайлар астан оралған соң естіген қуанышты хабар Токбергеннің тоқалы босаныпты. Құданың құдіреті бітім-болмысы бөлек. Есімін Бейсен молда кітапқа қарап – Сәдуақас деп қойыпты. Токбергеннің Бәйімбеті, Қожабергені, Нұрымбеті, Жанабайынан кейінгі Сәдуақас кейін Жалаңбас батыр атанатыны, Жанабайдың қырық жол болыс болатынын айтқан көріпкел жоқ...

Оған тағы бір буын уақыт керек еді.

* * * * *

Орынбай да қуанышқа кенелді. Бұлтиған ішін күйеуіне көрсетіп, мақтанды. Абысынына айтқан екен «құрсақ шашу» жасап, төңіректі бір дүрліктірді.

Бәрі де көрген түстей өтіп жатты. Тоғыз ай тоғыз күн өткенде өмірге Сикымбай келіп бұл әулетті қуанышқа бөледі.

- Жарықтық Дүйсен немересін де көрмей кетті, - деді Сапақ күрсініп...

- Е-е, бауыры бүтін тұшпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ, - деп тағы қалың ойға шомды.

* * * * *

Ашу-ыза қайнаған кек өзінен-өзі шықпайды. Намысқа тиіп, алтын басынды қор етсе – оған ез ғана шыдар.

Байзақ батырға жолыққалы – Орынбай да өзгеше ойға берілетінді шығарды. Сырттай атақ-даңқына қаныққаны болмаса, бет-бет жүздеспеген. Хан Кене қасына тегін ертпеген екен деген ой да қылаң берді. Өттең ауыз бірліктің жоқтығы Кенені ғана емес, қазақтың соңғы үмітін үзгендей.

Тұрсынбай датқаның дүрілдетіп ас өткізген Созақ өңірін Қоқан билеушілерінен тазартып, Ташкенге дейін тырқырата қуған Кенекен еді деп Панқ жәкесі айтып отыратын. Баяғы Абылай бабасы да қырғызға қырғын саларда Ташкенді алған еді, содан міне 100 жыл өткен соң хан Кене қаланы ала алмай әрі әскер ішінен із сүзегі шыққан соң амал жоқ Жетісуға бауыры Рүстем сұлтанға кетті. Біз болсақ елге қайттық дейтін Панқ қыран... Жыланды жеті рет кессең де кесірткелік әлі бар дегендей қаншама мәрте қыпшақ (қассақ), өзбек бектері таққа таласса да күннен-күнге күшейіп келеді... Қоқанда Құдияр хан, Ташкентте Мырза Ахмет бек, Әулие-Ата бекінісінің Әкімі Ниязәлі болатын. Дін мұсылманның туын көтереді дейтін бұл пақырлардың арандары апандай, әсіресе алғы екеуі ар-ұяттан жұрдай.

Мырза Ахмет әр руға, әр атаға жүзден, екі жүзден зекетшілерін жіберіп, ойына келгенін істеп бағуда. Шамасы келмеген кедей байғұстың жас баласын алып, сарттарға сатқанымен қоймай, 1 діллә төлей алмасаң қызың күйеуге шықпайды деген заңын шығарған.

Мырза Ахметтің інісі Мырза биде тіптен ар-ұят, нысап жоқ.

Орынбай Сапақ датқаның үйінде барғанда Токберген би, Панқ батыр да отыр екен. Орталарында еңселі келген қарасұр өңді кісі. Бәрінің жүзі әлденеге ашулы.

- Орынбай деген ініңіз, - деді Сапақ қонаққа таныстырып.

Сәлем сөздің атасы демекші есіктен кіре амандасатын салтпен Орынбай да амандасқан.

- Арыстан батыр. Әулие-атадан келді, - Сапақ әлгі кісіге бұрылды.

Байзақ батыр барамын десе неге бармасқа, - әңгімелерін әрі қарай жалғастырды – Құдияр хан өзіміз көрмей-білмей жүрген кісі емес, Самарқанның сарты, қожасы.

- Соған өзің, Токберген қосылса. – Арыстан батыр қысқа қайырды, - Тағы кімді қосасың?

- Орынбай қалмайды, - Сапақ әңгімені жалғады. – Тағы ақылдасып Байзақ датқаға хабарын айтармыз.

Арыстан Орынбайға қарап:

- Інім, әкең Дүйсенді көргенмін. Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты еді. Арты қайырлы болсын! – деп қойды. - Өткен жолы Байкекеннің бастауымен ішке қан қатып қозғалып Қоқанға айбат көрсеткенімізден ештеңе шықпағандай. Қазаққа деген иттігін әлі қояр емес. Мырза Ахметтің Мырза биінің хаяандығын естіген шығарсыздар.

Отырғандар: «Ия, ия» деп бас шұлғысты. Орынбай да ол сұмдықтан хабардар. Түркістан жаққа зекетшілеп барған Мырза би қыпшақтарға күніне қойныма бір қыз сап тұрасыңдар деп пәрмен берген. Оған шыдар Тұрсынбайлар ма. Төңірегіндегі қазақтың игі-жақсылары жасырын ақылдасып, қолына қару-жарақ ұстауға жарайтын намысқой жігіттерден жасақ құрып Мырза би мен Майсұп молдасын жүз зекетшісімен қоса бауыздап тастайды.

- Бауырынан айырылған Мырза Ахмет Құдияр ханға барып әскер сұрап қазаққа қырғын салмақ. Қай кеселдің де алдын алған дұрыс деп жүз қаралы адам ханға барып талап-тілегімізді айтайық. Көңсе әні, көңбесе міні деп шештік.

Арыстанның ештеңеден тайынатын түрі көрінбейді, ызалы.

Әңгіме төркініне қарағанда Байзақ би бастап Қоқан ханымен бітіспек, е-е шекіспек.

- Тоқаң бастап, біз қоштап барармыз, - Сапақ Токбергеннің жасы үлкендігін алға тартты. Әдептен озғысы жоқ.

- Жаман сартқа ел намысын таптатып біттік, - деді би де ышқына сөйлеп. Сөйткенде түрі қиядан құйылар қыранға ұқсап кететіндей. Пайғамбар жасына жетсе де жігіттей жасамыс, қимылы ширақ.

- Ареке, Алла сәтін салса жұмада Әулие-Атада Балпақ сарайындағы Кеңеске барармыз. Енді шегінетін не қалды? Құдияр ханның жыланды жылатарлық тәтті сөзіне тойып болдық.

- Түнеукүні Құдияр хан інісі Милляны жіберіпті. Тіліміз жеткенше ел мұңын, тілегін жеткізгендей едік, естуімізше ағасы сенбеген.

- Е-е, - деді Орынбай да әңгімеге араласып, - Шаригат заңын тәрк етіп, сарайында ит төбелестіру мен көгершін ұрыстырудан, одан қалса бұқа сүзестіруден қолы тимесе жұртың не оған.

- Жанындағы молдалары ханның қатын құмар екенін біледі. Жағымпазданып: «Хан ием мың әйелмен некелессең – жер жағанды жаулап алғанмен бірдей» десе керек. Кем ақылдылығы мен әңгүдіктігі ме бір жетіде сексен, екінші жетіде он жеті әйелмен некелесіпті, - Арыстан жүде күйіне сөйледі.

- Ол да бір ит те бір десеңші, - деді Тоқберген би мырс етіп.

- Шаригатта төрт әйелден артық алуға болмайды деген қағидат қайда қалды? – Арыстан батыр Сапаққа шапшыла қарады.

Анау қозғалақтап қалды. Арыстан батыр тегін айтып отырмағанын іші сезеді білем. Естімеген кісідей жауап қатпай отыра берді.

- Иттің баласын піштіріп тастау керек, - деп қызынды Арыстан.

Арыстан десе Арыстан екен. Аузынан от-жалын лапылдап тұр.

- Ареке, ашуыңыздан қайтыңыз, - деді Тоқберген би сабырға шақырғандай, - Жамандар сияқты сыртынан жұдырық түйіп, кіжінбейік. Айтарымызды айтпасақ – бізге серт. Бізді еркек туды деп анамыздың қалжаланғаны анық.

Айтып отырған сөзі астарлы. Орыс, қоқан қияпырыстағы аздай жер үшін қазақ-қырғыз қырылысып жатқан тұста қырғыз батыры Бедер ортаға шығып: «Кәне, қайсың барсын» дегенде қазақтың бір батыры шығуға жарамай Байзақ батырды жерге қаратқан, Тоқберген соны меңзеп:

- Арыстан-ау, батыр болсаң сонда қайда қалдың?! – деп әріден әңгіме қозғады. Ымға түсінбейтін Арыстан да кеше емес:

- Байзақ батыр жолымды бермеді, - деп ақталды.

- Бүгінгі әңгімеміз де соның соңы болып жүрмесін, - Тоқберген билігін алға салып әңгімеге нүкте қойғандай.

Арыстан батыр асығыс екен, тамақ ішілген соң суыт жүріп кетті.

* * * * *

Әулие-Ата, Түркістан, Шымкенттің игі – жақсыларынан құралған елшілікті Ташкен қаласындағы сарайында Құдияр хан әрең дегенде қабылдады. Домаланған, семіз, селдір сақалды, көк көз Құдиярдың адам қызығарлық түр-түсі жоқ, Алла нәсіп берсе қарғаға да бақ қонбақ.

Барлығы үшін Байзақ би сөйледі. Іштей жақтырмаса да бүткіл Қазақ сахарасындағы жұрағатыңыз Сіздің нұр-шапағатыңызды сезіп, бақытты-бақуатты ғұмыр кешіп жатыр деп бастады. Қошаметке Құдияр ханның көңілі толып, әжептәуір айбаттанды. Ұры көзі жылтындап жан-жағына қоқилана қарап: «Сен не деп оттап жүрсің, қазақтар не деп тұр» дегендей інісі Милляға кектене көз тастады. «Соңғы кездері осы ит тым пысықсынып жүр. Бәлем сенімен ісім болар әлі» деп кіжінеді.

- Ел-жұртыңыздың азын-аулақ өтініш тілегі мынау Құдияр хан, - Байзақ тоте әңгімеге көшкендей, - Ташкенттегі бегіңіз Мырза Ахметтің халыққа жасап отырған қиянатына наразымыз. Мына бас уәзіріңіз (Милляны айтады) да жеткізген шығар. Бегіңіз бен соның үш дастарханшысын әкетіңіз!

«Ә-ә, қу қазақ бағанадан бері мені неғып әуелетіп жерге түсірмей тұр десем, ойың, пиғылың арам – ә» деді ішінен зымиялданып Құдияр хан Байзақты жаңа көргендей тесіле қарап.

Байзақтың сөзін арқаланған інісі Милля:

- Алып кету аз, қазақтың біраз датқа, биелерін өлтіргені үшін, бұлар құн дауламақшы, - деп отқа майды құйып жіберді.

- Ей, Милля сенің жау көретін жерің бұл емес, - деп Құдияр хан шошаң етті. Милля екеуінің әкесі бір болғанымен емшектес емес еді. Екі қатынның балалары – екі рулы ел екендігін көрсетті. Милляның анасы – қыпшақ болатын, содан қазақтарға аздап бүйрегі бұрылып тұратын.

- Ініңіз дұрыс айтады, - Сапақ саңқ ете түссін.

«Мынауың кім!» дегендей Құдияр хан қодырая қарады, бір жерде корген сияқты. Кәпір-ай, түрі не деген сұсты! Бетінің сазаруын-ай. Неден де тайынбайтын сыңайлы-ау.

Бұ қазақты қаншама момын, жуас десенде, талай мәрте жуан шығып жүргенін білетін. Қабылдауында отырған отыз би, датқа әр рудың – сорпаға шығарлары. Оның үстіне – мына Милля... Құдияр хан қулыққа басты:

- Халқыма зәбір көрсеткен адамды кім болса да аямаймын! – Орнынан тұрып кетті. Алтын зермен өрнектелген шапаны кілемді сыпырып тастайтындай ұзын екен, екі қолын артына ұстап алыпты. Басындағы ханқалпағының маңдайындағы асыл гауһар тасы да сұрықсыз жүзін жасыра алмады. Саусағындағы гауһар жүзік жар-жұрқ етіп, анау-мынауың сұсын басатындай.

Зәлім ханның мына сөзіне Сапақтың оң жағында молдастап отырған

Орынбай: «Ойбай-ау, әділ екен ғой, Құдиярымыз. Сыртынан бақтап-боралағанымызды қайтейік, па, шіркін, әр әмірші осындай-ақ шығар» деп іпштей қуансын.

- Ел-жұртыма сәлем айтындар, - Құдияр хан таққа қайта жайғасты, - Тілектерін қабыл алдым. Ол оңбағанның жазасы беріледі.

Байзақтар қошуақтанып шықты. Елшілерге деп ас мәзірі молынан дайындалыпты. Қылыштары шапандарына сыймаған өзбектің жасауылдары, еркек даяшылары аяқтары – аяқтарына жұқпай жүгіріп жүр.

- Әй, - деді Сапақ былай шыға бере, - Құдияр ханның бір ені ішінде қалған тәрізді.

- Онысын да көрерміз, - Байзақ та оны қоштағандай.

Шынында да қазақтар алданғанын елдеріне жеткенде бір-ақ білді. Хан Ташкенттен Мырза Ахметті шақырып алып мың басы етіп тағайындапты. Ағасының бұл опасыздығына шыдамаған Милля мыңдығын алып Ферғанаға кетіп, тағы әскер жиып, Құдиярды соғысқа шақырған.

1858 жылы Саманшыда ағайындылар сойқан соғыс ашып Милля ағасының азғындаған әскерін талқандап, өзін Қоқан қаны деп жариялады. Құдияр Ходженд қаласына Мырза Ахметпен қашып барып паналапты...

Құдайым-ау қанпезерлерден құтылды па деп ойдағы, қырдағы қазақтар бір қуанған... Ол қуанышта ұзаққа созылмады...

1862 жылы қырғыз Әлімқұл датқа Әлімбекті пайдаланып Милля ханды сарайында бауыздатып, оның аузынан сүті кетпеген он екі жасар ұлы Сұлтан – Сейітті хан жариялап тынды.

Он екі жасар бала мемлекет басқарып ондыра ма? Әшейін так иесі дегені болмаса, Әлімқұл молла Қоқанның жеке дара билеушісіне айналған.

Қоқандықтар тақ үшін қырқысып жатқанда Ресей отарлаушылары Ақмешіт пен Верный жақтан қаумалап: «Орта Азияға, Үндіге апаратын тете жол – кілтті – Қазақияны бір жолата жұтудың сәл-ақ алдында тұрған».

... Орынбай сол жолы олжалы оралды, Токберген Сапақтан оны бөлектеп Бұхардағы медресеге әкетті. Сондағы хазіретіге айтып шәкірт етіп қабылдатып қайтты. Елге үш жылдан соң қалпе атанып келгенде бүткіл ел айран-асыр қалыпты.

Бұл баяғы Орынбай емес. Жәшік-жәшік кітаптары көп, басына сәлде

орап, қолына тәспі ұстаған ұламаның нақ өзі. Намаз, құран оқиды – тіпті отырысы, тұрысы бөлек. Шарифатты жатқа соғады. Үстіндегі әпнак шапаны мен жыптырақ мәсісі де жарасып-ақ кеткен.

Орынбайдың қасына сауатты шалалау Бейсен молда жолай алмай, қашқақтайды, өтірігімді шығара ма дейді.

- Бейсеке, дұрыс оқи алмағанды Алла кешіреді, ата-сақалы аузына бітсе де қыз-қырқынды жағалап құтырынған шал емессіз. Тіліңді ұстартуға өзім көмектесемін, - деп Орынбай оны мұрит етіп ертіп алғалы, молдекенің бетіне қан жүгіріп ажарланып кетті, жүдәмә.

Елге оралғандағы естіген жаңалығы – орыстың Черняев деген әскербасы Әулие-Атаны, Шымкентті, Ташкенті алыпты. Бес күн бойы қала отқа оранып, қанға боялған. Ниязәлі әкім, Арыстан батыр бар, өзінің он бір, Байзақ батырдың отыз ұлының қасындағыларымен қосып Шымкентке жетеді.

Черняев 1864 жылы Шымкентке қайта шабуылдағанда жаңағы бестаңбалы Ниязәлі, шымыр Әбдуәлі, ошақты Арыстан батыр, шанышқылы Исламқұл пансат басқарған нояндары зеңбіректің оғына қарсы шауып қатты қарсылық көрсетіпті. Полковник Черняев опасыз адам болып шықты. Ниязәліге Әулие-Атаны еркінмен тастап шықсаң қала халқына тимеймін деп елшісі арқылы хат жіберген уәдесін орындамапты, бейкүнә елді бес күн қырды. Шымкентте де сонысын істеді.

Сол жолы Шоқан Уәлиханов опасыз полковникке өкпелеп Жетісуға – қайын атасы Тезек төреге кетті. Арада елшілікте жүрген сол еді.

Он бес жасар Сейіт хан ненің байыбына жетсін. Әулие-Атаны орысқа бердіңдер деп Ниязалы биді зеңбіректің аузына байлап, күл-паршасын шығартады.

Әлімқұл молла Нарват парваншыға Байзақ датқаны алдап әкелуге бұйрық береді.

- Молла алдап отыр, барма деп айтқанымызға би көнді ме? – Токберген күйіне сөйледі, - Қоқанның азбан билеушілері Ниязалы биді аямағанда Байзақты аяй ма? Әбдуәлі би екеуін де зеңбіректің аузына байлап өлтіріпті...

- Ажалы айдап барды, - деді Сапақ.

- Әкесінің өлімін көзімен көріп, қандас Қоқанның жауыздығына күйінген Ақмолда орыс әскеріне қосылды, біз де сөйттік, - деді Токберген. – Басқа барар жер, басар тау қалмады.

Қоқанды жайғастырған соң Ақ патшаның пәрменімен Түркістан

генерал-губернаторлығы (1867ж.) құрылды. Оның өзіне Жетісу, Сырдария облыстары қарады. Шығысы – Шығыс Түркістанның Жоңғар, Үрімші аймағымен, батысы Арал теңізімен шектесіп жататын орыс боданы өмірге келді.

Губернатор – Ташкентте отырса, облыс орталығы – Шымкент қаласы еді. Сырдария облысына қарайтын волостар (1000-1500 түтін) құрылды. Төменгі Ошақты болысының бастығы – Тоқберген екен де Сапаққа билік лауазымы тиген. Патша үкіметі сот жүйесі құрылғанша билік ету үшін би соты қала тұрсын деп шешкен сыңайлы. Оларға жергілікті жерлердегі жесір, жер дауы сияқты мәселелерді шешуге мұрсат берілген.

- Болысқа өзін сияқты білімдар адамды таппай отыр едік, - Тоқберген болыс қуанып жатыр. – Менің екі хатшым болуы керек. Біреуі – анау қаба сақал – Афанасий. Өзі қазақша судай, бірақ орысша жазады, сен арабша жазасың...

Жоқ жерден «өкімет» болып шыға келген Орынбай:

- Менің мақсатым мешіт ашу, - деп қойды.

- Е-е, ашсаң, оған ел-жұрт көмектесер.

Үш мың жыл бойы небір елмен жауласып, дауласып, бірде жеңіп, енді бірде жеңіліп, тарих бетінен өше жаздап, қайта түлеп елдігін жоғалтпай келе жатқан нағыз сақтардың (скиф-сақтардың, қас-сақтардың) ұрпағының мойнына Майқы би мың жыл бұрын айтып кеткен сары, шегір көздің бұғауы түскен...

* * * * *

Орынбай ұзақ жасады. Кіндігінен Сиқымбай Әбубәкір, Әлі, Мәлікайдар, Әбдімәлік тарады. Қыздан – Салтанат, Үлбігүлсім.

Сапақпен сыйласты, Жаңабайдың болыс сайлануына қатысты, Садуақастың (Жалаңбас) жалындаған от екенін көрді. 1897 жылы Абдолла ишанды Шымкенттен қолқалап жүріп көшіріп әкелісті. Тап, сол жылы ошақтылар мешіт салуға бәтуаласты. Онда Сиқымбай ат жалын тартып мінуге жарап қалса, Мәлікайдар мен Әбдімәлік жас бала...

Оны соғу оңайға соқпады. Осы өңірдің жұрты құрылыс, оның ішінде ай күмбезді, күмбезді мешіт салып көрді дейсің бе... Сапақ бүткіл Әулиеата өңіріне сауын айтқызған. Сондағы ойы – құрылысқа қажетті зат үшін мал я болмаса әр түтіннің шамасына қарай күміс теңге (дәлде)

жинату. Әр ауылдың атқа мінерлері уәде берісіп: «Алла үйінен аяйтын ештеңеміз жоқ» деп кеткенімен, негізгі салмақ тұрғылықты халықтың мойнына түскен. Абдолла ишан да Самарханнан Ислам есімді сарт бастаған құрылысшыларды әспеттеп алдырған еді.

Олар Орынбайдың үйінде жататын болды. Құрылысшылар Күмбездің бойын зерттеп, Бозарықтың маңайынан кірпіш құятын саз топырақ бар екен деп қуанысты... Оны күйдіретін жыңғыл, шенгел шабуға үлкен-кіші демей түте қол ұшын берді. Істегендеріне ақы сұрайтын сарт емес. Асарлатқандарына мәз.

Әсіресе Ермұханбет арбаға дайын болған шенгелді нықсырта тиел, тіпті тыным таппайды. Қанша екені белгісіз, кірпіш құятын маңайға шенгелді үйіп тастады. Ермұханбеттің елгезектігіне ризалық білдірген Абдолла ишан:

- Қолыңды жай балам, - деп ақ батасын берді, - Қызыр әлейкі салам шылауыңда болсын, - дей келе, - Сенің екі ұл, үш қызың болады, - деп көріпкелдік танытып. (Шынында да ишанның айтқаны деп келді). Әм 95 жасайсың.

- Көп түкірсе – көл дегендей, содан мешіттің құрылысы қызу басталып-ақ кетсін – Құмырсқадай қаптаған жұрт. Ең болмаса шенгелін жағысады. Құмын тасып, балшығын илеседі.

Әйтсе де жұмыс болған соң ара-тұра дау-дамай кездеседі. Ақша десе әбнірін де ұмытып кететін шеберлер де кездеседі. Күндердің күнінде шебердің бірі ренжіп:

- Ененді ұрайын сары пұшық, - деген зілденіп, - бізге еңбекақыны дилләмен төлеймін дегені қайда. Үйінде жамылатын көрпесі де жоқ!

Осы әңгіме ұзынқұлақтар арқылы, тегінде кісіні балағаттауды артық көретін, асыл затты Абдолла ишанға жеткенде, ол шебердің ренішін де ауыр қабылдап ашу шақырмады.

- О-о, Ислам әкә, - деді күліп, - еш қам жеменіз. Менің түбі тесік қабым бар. Соның түбін жіпшен мықтап тұрып байлаймын. Соған ел болып диллә салар, сонымен есептесерміз.

Ренішті әңгіме Орынбайларға жеткен.

- Қайта-қайта елге алақан жая берген де ыңғайсыз, - ишан Орынбайды ақылға шақырды.

- Төңіректегі қолының кірлері барлар түгел көмектесті, - Абдулла ойлана сөйледі, - Тек Өтеулі ғана үн-түнсіз отыр. Сен Өтеуліге бар. Алланың қаһарына ұшырағысы келмесе, қайыр-садақасын берсін де.

Орынбай жолыққаннан-ақ кипақтай бастаған Өтеулі ишанның сәлемін естісімен:

- Қырық биесі бар бір үйірлі жылқымды бүгін айдатып жіберемін, - деді әңгімені көпке созбай.

- Е-е... бұл баяғы Жалаңбас Байзақтың немересіне үйленгенде қалың малын түгел көтерген Өтеулі бай емес пе? Иманды істен шеттеп жүргені – Жалаңбас оқиғасы... Қаншама дегенімен ағайыны...

Мешіттің алғашқы іргетасы қаланып, құдайы шалынып, үш жүзге сауын айтылып төңіректің жақсы-жайсандары жиналған бәтуада Сапақ бата беріп отырып, кенет кідіріңкіреп барып Абдолла ишанға:

- Әй, ишан, сен осы мешіттің ішіне кіре алмайсың-ау, - депті деген сөз бар.

Шынында да датқаның айтқаны айдай келді. Мешіттің бітуіне бір жыл қалғанда ғайыптан жабысқан кесел ишанды алып кетіп, құрылыс жұмысын ұлы Айна қожа басқарып қалды.

Мешіт үйі ертең ашылады дегенде бір топ адам түнімен әруақтарға бағыштап құран оқыған екен, таң ата қалжырап көздеріне ұйқы дұшпан тығылып бәрі қалғып кеткен. Таңғы ұйқы қиын ғой. Сөйтсе, бір доңыз үлкейе үлкейе өгіздей сары ит кейпіне еніп, дұға қылушыларды жайпап кетуге тілі салақтап, жан-жағына қарап жалақтап келе жатса керек дейді.

- Ей, ишан балам тұр! Фатиха сүресін оқы, - деп сақалы беліне түскен, ақ киімді қария имамды аса таяғымен бүйірінен түртеді.

Ол көзін ашып қалса, құданың құдіреті, шығыстан мешітті бетке алған әлгі ит тай-өгізге айналыпты. Әлде солай көрінген бе? Әйтеуір кейіннен өзінің айтысы солай.

Имам дереу молдастап отыра қалып сүрелерді бірінен-бірі жалғастырып оқығанда әлгі сары ит жоқ болып кетіпті.

Осы әңгімені естіген Сапақ:

- Сары иттің дінсіздер ғой. Алланың жолын қаншама терсітегенімен ислам дінін жері бетінен жоя алмас, - деп жорамалдаған көрінеді. Құданың құдіреті қойсаңызшы Абдолла ишан мешіті ашылып жатқанда Тойшыманның үйінде інғалаған сәби үні естіледі. Жұрт әбігерге түсіп «сүйінші» сұрасып жатты. Көптен құрсақ көтермеген Тойшыманның әйелі ұл туған, ол ошақты тасжүректің сейітінің қызы еді. «Жиеннің атын өзім қоямын» деген Орынбай қалпе:

- Мешітінің ашылу құрметіне Абдолла деп қояйық есімін, - деген,

- Ишан жақсы адам еді. Абдолла – Алланың құлы болмақ.

Сол Абдолла елу жыл өткенде төрт арыс ошақтының биі атанды.

Мешіттің ашылуына баяғы қарақалпақтан Сүтемгендердің үрім-бұтағынан да келген. Жай келмепті: «Бізді қарақалпақтар туысымыз деген сөз шықты осы күні, Ошақты екенімізді қайтып айғақтаймыз» деп ақыл сұрай келген. Ілгеріде Қоқан заманында ошақтылар қыз алысатын болып анттасқанда өкпелеп кеткен еді көбісі. «Бөлінгенді бөрі жейді деген. Есі жинаған соң руды қойып елге бөлінуге шыққан екен-ау» деп Сикымбай Терезөзекке аттанды. Токтакөпірден уезд бастығына жолығып, «Осы ру-руға бөлгендеріңді қашан қоясыңдар» депті. «Ақсақал, біздің бөлген ештемеміз жоқ. Болыстыққа таласып бөлініп жүрген өздері... Елдің басын ұстаймын десеніз бастықты сізге қидық» депті уезд бастығы тілмашы арқылы тілдесіп. Содан Сиекең қазақтың төр шежіресін таратқан. Ошақтының Үйсін, Бәйдібек баласы екендігін дәлел еткен. Сөйтсе бұл қарақалпағында да қазақтың біраз ата, рулары жүр. «Қайта қарақалпағын қазаққа туыс болып шығады».

Сикымбай келісім берген соң, уезд бастығы бердеңке мылтығын сыйлап, оны Токтакөпірге болыс сайлатқан. Сикымбай бес жыл болыстың қызмет атқарып елге оралды, Айтуынша ол жақтағы ағайынның өзі бір болысқа жеткен.

Орынбай бірінші жаған соғысы шегіне жетіп, Николай патша уәдесін бұзып: «Бұратаналардан окоп қазуға адам алынсын!» деген Жарлық шыққан жылы тұп-тура 84-те-тін.

- Ел басына тағы зауал туды-ау! – төсек тартып жатқан Орынбай қалпе қатты қиналды.

Сикымбайды айтпағанда Әлі, Мәлікайдар, Әбдімәліктер де есейген, теректей-теректей жігіт...

Өзіне тартқан Әлісі төңірекке танымалы мұрап. Таластың суын бұғалықтап, елді жиып, егінге бетін бұрғызып жүрген сол.

Ақ патшаның Жарлығы шыққан жылы Токберген баласы Жаңабай сайлауда жеңіліп, болыстыққа Байлыдан шыққан Дөненбай баласы Мелдебектің қолы жеткен.

Көп ата тасжүрек, аталық ырық бермеген соң Орынбайдың ақылымен Сикымбайлар шар салғанда Мелдебекті жақтаған.

Мелдебек те ұтқыр, шешен еді, бірақ Шымыр Керімбай болысқа жақпаған сыңайлы. Ол да өзі сияқты өркөкіректен тең іздеген шығар. Әйтеуір бірде:

- Ошақты арылмаған сенің сорын,

Мелдебек болыс болып болды жолын, - десе де келер жолға сайлауда Жаңабайдың қайта болыстыққа сайлауына құлшына кіріссе керек-ті...

Төрт арыс ру өсіп-өне келе тайпаға айналды.

Төңкеріс жылы (1917) көп болған соң ба Ошақты болысы екіге жарылды. Билікке таластықтан туған дау-дамай да елді ай-дай еткен.

Ол дауды, Кеңес өкіметі әкелген зобалаңды Орынбай көрген жоқ, олардың үрім-бұтақтары бастарынан өткерді.

Қасиетті мешітті қоймаға айналдырып, қалың жұртты «бай-кедейге» бөліп, күштеп ұжымдастырып, қолдағы бар малын сыпырып алып, қазақты қырғынға ұшыратқан – Кеңес өкіметінің лаңы жоңғар қалмақтарынан асып-түспесе кем түспеді.

* * * * *

Саңырық, Итемген, Қалет, Тоқберген, Арыстан, Сапақ, Орынбайлар аңсаған тәуелсіздікке әлі жетпіс сегіз жыл бар еді.

Кеңес өкіметінің жақсылығын да, жамандығын да көріп өскен Орынбай әулеті де – іргелі әулетке айналған.



Сиқымбайдың үрім бұтағы

СИҚЫМБАЙ, МӘЛКІАЙДАР, ӘЛІ ЖӘНЕ ӘБДІМӘЛІК

XX ғасырдың екінші он жылдығы аласапыранға толы өтті. Әуелі Ресей батыспен соғысқан екен дейді ұзын құлақ. Содан әбүйір таппай тұрып азып-тозған соң бәлшевиктер Ақ Патша ағзамды орнынан алыпты, - дейді. Кеңес өкіметі шығып, ендігі билік кедей-кепшікке тиетін сиқы бар дейді... Мына Әулиеатада да уезд бастықтары орнынан алынып, енді бұл өңір Түркістанға қарайды-мыс... Арқа жағында Қырғыз (Қайсақ) Автономиясы республикасы деген құрылыпты-мыс... «Кішкентай ғана қазықты екіге бөліп тастағаны қалай» деп төменгі Талас бойындағы ел-жұрт әсіресе ағайынды Сиқымбай, Әлі, Әбдімәліктер аң-таң.

Тауық жылғы күз Үшаралға мол жауынын ала келді. Ақшыл буда жабағы жүн түстес ала бұлт бір ыдырасайшы. Аса мен Талас та көктем, жаз, күз өткел бермей, сай-сала біткен суға қорықтанды. Екеуі бір басын ақ бас Алатаудан, екіншісі кәрі Қаратаудан арындап аққанымен Тоғысқанда түйісіп, қолтықтасып қалағын. «Жер ала, су шала» дегендейін, азын-аулақ жерге Әлілер егін егіп, қауын тастайтын. Жауын мол түскендіктен Жаншуақ сазының маңайы дегдімей қойғаны.

Сосын Әлілер Атшабардың бауарайына қарай Бозарықтан арық тарттырып, азын-аулақ қауын-сөкті сонда егіп, он шақты қап дән сеуіп еді, күзде ауыл-аймақ көкше байлыққа қарқ болды да қалды.

Қыркүйектің ортасы ауа күн қабағын ашып, қорғасын түстес бұлтты ыдырап, көз жасын көлдеткенін қойып, саршатамыз мезгіл қайта орнап, Қайқы көл, Ошағанды көл, Әлі тоғанның маңайларына ақ үй, боз үй, қараша үйлер қаз-қатар тігіліп, жұрт үйірлеп биені құлынымен желіге байлап, қымыз ішісіп, әбден піскен бағлан қозының май-құйрығын асасып, ауыздары шайнаңдап, одан қалса қауыннан қақ тіліп, қауынның төстігін жеген қара домалақ, сары қарын балалардың тәттіден езулеріне жара-жара шығып, тілімденіп ... бір мамыражай күй әрі шуақты күн кешкен.

Үшаралға Ақ Патшаның тағынан тайғаны қызық емес, ат шаптырып, той-тамашалаған бір ғанибет сияқты.

- Е-е, Микалай отыра ма тақта, Лейлін отыра ма бізге бәрібір, Алла тыныштығын берсін, - деседі ақсақал, қарасақал біткені.

Ит жылының күзінде Ошақты болысын қырық жыл билеген аузы дуалы, сөзі уәлі Жаңабай болыс бақилыққа кеткенде баяғы Сапақ-Жалаңбас (Сәдуақас) оқиғасынан кейін дүрде-арыз ағайын: «қой өлік-

ортақ, сыртқы жұрт табаламасын» деп ауызбіршілік жасап, ақ жуып, арулап көмді.

Жаңабай өлген соң Әулиеатадан өкіл келіп, Ошақты болысын екіге бөліп болыс комиссарлығының біріне Сапақ баласы Тойшыбек, екіншісіне Мелдебек баласы Құдиярбек сайланған.

Жоқшылықта да, тоқшылықта да іргесі сөгілмеген ағайынның бұлайша екі жарылуына Сиқымбай, Әлілер наразылық білдірген. Өкпеназын, ашу-ызасын Сиқымбай сайлау үстінде жүрегіне сырдай жасырып қалғысы келмей, айтып салған, оларды жұрттың көбі мақұлдады...

- Саңырық, Итемген, Қалет бабаларымыз елдің бірлігін тілеп ата-жауларымен арпалысып, ат үстінде өтпеп пе еді! Аз күнгі атаққа мәзденбей, мына қара домалақтардың ертенгісін ойласақ етті. Күні кеше ғана ортамыздан озған Жаңабай жәкем де «қанды кекті кештім» деп қолын созбап па еді, «оқаман жақынын жау көреді» демекші, ендеше екі жарылғанымыз қалай?

Сиқымбай ұзын бойлы, кең жауырынды, жалпақ беттеу, өткір көзді жігіт еді, сөйлегенде екі ұрты бүлкілдеп кетеді екен. Ашуланса мойнындағы қан тамырлары адырайып, тарс етіп жарылардай.

- Е-е, сенікі жөн, - деді алпысты алқымдаса да күш-қуаты тұлабойына сыймаған Топы компандап, - Жоқ жерден ши шығарып жүрген қай ит-ей?

Топының сөзіне біреулер мырс етіп күліп жіберді. Онымен оның іс жоқ, іштей Сиқымбайға бек риза. «Әкең Орынбай да ойындағысын айтып салғанды жақсы көретін ақ жүрек еді. Досын жауға, елін дауға бермейтін» деп тебіреніп отыр.

Құдай жолына түсерден бұрын Орекең де Сапақ, Дулыбай, Шегебай мына Топы шалмен (ол кезде бұл он тоғыз-жиырма жаста) Арқаға – барымтаға талай мәрте шыққаны есіне түсті. Қулы мен Мұңлының ортасындағы құлан өтпес қиясынан ұйтқытып үйірлі жылқыны ысқыртып алдарына салып айдап келе жатқанда, қуып жеткен қарақшының шірене сілтеген найзасы қозы жауырынының астынан сұғына өтіп аузынан қара қан ағып, аттың жалын құшып құлар шамада құла бестісімен құйындай ұшып жетіп, ерінің екі қасына оқ өтпесін дер қорғасын құйылған сары аттың үстіндегі мұны тымақша жұлып, алдына өңгеріп, құла дүзде қара үздіріп кеткен... Орынбайым-ай. «Мал ашуы – жан ашуы» дейтін қазақтың баласы ғой, әлгі қуғыншы да өз әрекетіне сол сәт өкініп, бармағын шайнаған күйі, қою қараңғылыққа беттеген екеуді қумаққа бекінген қарақшыларға: «Қайтындар, кейін қайтындар» дей берген жан

ұшыра айқайлап...

Қулы-Мұңлының қалтарысы көп, аяқ басқан сайын топ-топ біткен тораңғылды қалың сай, бұрқ-сарқ қайнап жатқан бұлақ. Бұл өліп қалған. Бір апта өткен соң, о дүниеден оралды... Кеудесін ауыр тас басып жатқандай. Өзер дегенде байқағаны тұла бойын жылы бірдемемен орап тастапты... Тілге келген соң білгені, Орынбай бір ту қысырақ биені сойып, Топының денесіндегі найзаның істікті ұшын суырып алып, қазының майын ішіне дейін құйып, сылап, байлап тастаған... Мына кеудедегі мен арқадағы адам қолы сыятындай тесік содан қалған белгі. Өруағыңнан айналайын Орынбай кейін қалпелік етіп, осы төңіректің көбінің тілін сындырды. Оның ішінде өзі де бар. Арса-арсасы шығып отырған Топы бүгіндері ұмытыла бастаған Саңырықтың шөпшегі, ұлы атасы Қозғанның немересі еді. Қозғаннан – Кенжебек, одан Қаражігіт, Қаражігіттен Топы.

Анау жалындап сөйлеп тұрған Сиқымбай медірсе тауысқан. Қарақалпақтағы орыстың ұлығынан маузер сыйға алған. Ол оязға кезінде орыс патшасына адал қызмет еткені үшін Жетісудың кейіннен Түркістанның генерал-губернаторы дәрежесіне дейін жеткен Қалпаковский (Колпаковский – Авт.) сыйлапты деп еститін.

Топының көрер көзге мақұлдауынан кейін көбісі дуылдасып қалды. Өсіресе, Дүйсенбай бастаған жастар жағы: «Шынында да «ерегіскен екі кісінің бірі өледі» демекші, егескеннен тапқан пайдамыз қайсы» - десті.

Әулиеатадан келген өкіл Ақшабайұлы Намазбай елдің ауанынан аса алмай, қияқ мұртын сипай түсіп:

- Бірігіміз десеніздер Кеңес өкіметі оған да қарсы емес, - деп кетті кетерінде.

«Сен сөйтіп айттын» деп кейіннен Тойшыбек торсылдағанда Сиқымбай:

- Атақ-даңқтан Сапекенге жетер жан жоқ бұл өңірде. Қоқанның тұсында жиырма жыл датқалық шекпенін кісе, отыз жыл орыс патшасына қызмет етті. Мен сенің комиссарлығыңды қызғанып отырғаным жоқ, аумалы-төкпелі заманда ел бүлінбесін, қайта топтаса түсейік деген ниетпен айттым, - деп еді, анау түсінгендей басын шұлғыды.

Сиқымбай сол жиында болыстың хатшылығына сайланған.

- Одан да Жаңабай жәкеміздің асын дүркіретіп өткізейік, - деді сөзін жалғап.

Жақсының көзі, тұяғы емес пе. Мінезі қызба дегенімен Тойшыбек те артын бағамдайтын есті ер екен, кетерінде:

- Әулиеатаға барып, екі болыстың артықтығын айтайық, - деді.

Екеуінің әңгімесін естіп отырған Жаңабай болыстың пәленбай жыл хатшысы болған - өсекші Дәулеттің баласы Құмалақ іштей жымындады. Оның үстіне түнде ғана кешегі бай, манап, датқа, би, болыстың тұқымдары елдің қанын сорған үстіне сора бере ме деп уәкілге де сыбырлап үлгерген.

- Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды демекші, міне, мұның дұрыс шешім, - Сиқымбай Тойшыбекке ризалығын білдіріп, өні бір бозарып, бір қуарып отырған Құмалаққа жиіркене қарады. Әкесі сияқты дәу сары, бозғылт көз ол:

- Жәке, - деді оң қолын кеудесіне қойып дабырлай сөйлеп, - Өздеріңізге қарап, өздеріңіздің тілеулеріңізді тілеп жүрген пақырларыңызбын ғой...

Екеуі «иә» десіп тарасқан.

Сол күз Лақтың беті көк орай үрпек бас боз жусаннан көрінбей қалған-ды. Тура күңгей жақ бетіне екі жүз ағы, қарасы аралас киіз үй тігіліп, Жаңабайдың асы өткізілді. Асқа алыс, жақын ағайын, Ысты, Дулат, Сіргелінің тіпті Арқаның тойшылдары жиналып, жырғады да қалды.

Обалы нешік, ағайын ішілік бас араздық ұмтылып, ас үлкен абыроймен өтсе, оған Сиқымбай, Әлілерді айтпағанда, екі болыс Тойшыбек пен Құдиярбек барынша ат салысты.

Қаратөбеден үш жүз елу екі ат аламан бәйгеге айдалып, Лақтың беткейіне Мақұлбектің құл құйрығы – қара ат қара үзіп жетсе, балуаннан Жұмабекке ешкім келмеді. Ортаға жұлқынып Әлі шықпақшы еді, оны ағасы Сиқымбай тоқтатты.

Осыдан он жыл бұрын Сапақтың асында Әлі жиырмаға енді неқ артқан жігіт. Қарсыласының бәрін жер қаптырғанда, артынша көз тиіп, мұрттай ұшқан. Сиқымбай ырымшыл кісі еді, содан қорықты. Әлінің жұлқынғанына карамады, қолын бір-ақ сілтеді.

- Ағайынның асында адыраңдап орта шыққанымыз ұят. Алыс жегжаттың мерейінің үстемі жақсы. Жұрттың абыройын асырып айта жүреді. Жығылып жер болып кетсе, өкпе іздейді, - деді.

Ақындар айтысында Исабек ақын ортаға шығып, буыршынша бұлқынғанда онымен желегі желпілдеген Жаңылдық айтыспақшы еді, оған да үлкендер жағы тоқтам салды.

Содан Исабек Жаңабайдың кісілік ұлықтығын айтып ұзақ тояға арнап, асқа жиналғандардың ризашылығын алды. Суырып салмалығына басын иген Керімбай болыс:

- Пәлі, Әулиеата өңірінен сенен асқан ақын көрмедім, - деп бір уыс күміс ақша беріп, мырзалығын танытты.

Аста Арқадан келген азын-аулақ қонақтар:

- Қап, Мизанбай мен Исабек айтысқанда, - деп өкіністі.

Екеуінің қағазға жазысып хат жолдасып айтысуы осыдан екі жыл бұрын басталған.

Арқаның кіші жүз жеті руының тама мен орта жүз тарақты болысынын жұрты Кеңес өкіметінің уәкілдері Қара Ноғай мен Шала дегендердің лаңынан Шудан Таласқа ауа көшіп Ірге жалды қыстап, көштің алды Ақсай, Еспе үстін жаз жайлағанда: «Жаман еркек жер қориды деген, қайбір жетіскеннен туған жерін тәрк етеді дейсің, қиянаттан азып-тозып келіпті, аралас-құралас отыра берсін» деп уәж айтысқанның бірі Сикымбайлар еді.

Қызықтың көкесі қоян жылына қараған көктемінде болсын. Топы жәкесінің үйіне ауа көшкеннің біреуі соққан. Тәрде төбедей болып отырған үй несін келген жолаушы жазбай таныса керек, баяғы өзі найза салған ... барымташы! Одан бері нешеме жыл өтті.

Үйге келген құдайы қонаққа үйдей дау айту-дала қазағының сүйегіне таңба. Топы да таныған. Таныса да тіс жармады. «Құдайы қонақ болсан, төрге шық» деп он жағынан орын берді.

Әлгі жолаушы Кіші жүз жетіру таманың жөгісі – Бедер батыр еліне жеткенде: «Ойпырмай, біткен жерім осы ма деп үрейім ұшып ішімнен Аллаға сыйынып едім. Саңырықтың шөпшегі бөрілігін танытып, сыр бермеді» депті.

Әли мұны естіген соң Топы көкесінен сыр тартқан.

- Өзің білесің інім, - деді ол қияктай мұртын сипалап, шоқша сақалын тарамдап, - барымтада меніңде қысастық жасаған кезім болмады деймісің. Жаланбастың құнынан құтыламыз деп Арқадан Жолшыбек, Тойшыбек бар, он емес, жиырма емес жүздеп жылқыны айдадық. Мойынқұмның татыранынан өтіп, қалың өскен сексеуілді құмына ене бергенімізде ақ айғыры бар алпысты алқымдаған ақсақал соңымыздан қуып жетіп: «Ей, жігіттер, жылқы айдаса жаудікі, ысқырса желдікі. Бірақ шырағым, мына үйірлі қысырақтардың ішінде мүсәпірлердің де қоспасы бар. Қысылған соң барымталап бара жатқан шығарсыңдар. Обал-сауап деген болады. Ең болмаса, екі үйір жылқыны бөліп тастап кетіндер!» деп айқайлап айтты. Ішіміздегі сұстысы, құралайды көзге ататынымыз Жолшыбек, сол сұрланып, мытығына жармасып: «Жайрата сапайын ба, сасық шал» деп ызбарланғаны сол, мен: «Жә, тоқтат!» дедім ашуланып. Сөйткенше

Тойшыбек: - Ақсақал, дұрыс айттыңыз. Қиналған соң, айдап бара жатыр ек, Айтқаныңызға құлдық. Бірақ бір тұяқты тастай алмаймыз. Екі едді осы жылқы бітістірмек, амандық болса келер күз түз-түгел қайырармыз. Жолымызды бөгеменіз» деп қайыра айқайлады.

Күн жал-жал құмның арасынан шуағын шашып, қызылсырап батып бара жатқан, сәлден соң шымқай қарақөк түн түспекші.

Ақ жал айғырлы шал кеменгер екен:

- Мақұл, қарақтарым. Сендерді танып тұрмын. Сапақтың туысы екендіктеріңді де білемін. Уәде құдайдың сөзі. Келер күз тура осы жерде жолығалық, - деп қамшысын безей сөйлеп келген жағына қарай желе шоқытып кетті.

- Жылқыны қайтардыңдар ма? - Әлі ынтазарлана сұрады.

- Жоға жартысын-ақ қайырдық. Соған ызаланған соң да найзаның көкіректен өтіп жүргені, - Топы ауыр күрсінді.

- Баяғы Жаншуақ пен Арап төс қағыстырған соң да уәдені бұзып, Итекенің жолын шандатқандарыңды қоймапсыңдар, - Сикымбай селкілдей күлді, - Ауру қалса да әдет қалмас деген.

Қалмағаны сол Қара Ноғай мен Шаладан, Кеңес өкіметінен малын ала қашқаннан жағалбайлы, тама, тарақтының да ұтқаны шамалы. Ауыл ұрылары төбе көрсетіп, ағайын арасында ырың-жырың көбейе түскен бетте... 1923 жылы көктемде нәуірзек келісімен қайтадан Арқасына үдере көшкен...

- Әлілердің кісіге қиянаты жоқ... Мизамбайлармен, Мұқан шалдың ұлдары – Мұса, Халкендермен сол жылдары танысып, сыйласып қалған. Олар Әліге қарағанда жастары көп кіші. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» демекші, қиын-қыстауда қиямпырыстық жасамай, ақ адал пейілін көрсеткен – Орынбай әулетіне Мұқан қатты сүйсінді.

- Ат баспаймын деген жерін үш мәрте басады, Сикымбай шырағым, - Алла нәсіп етсе, Таластың көк майсалы жеріне әлі талай мәрте келерміз, - деді тебірене сөйлеп.

Шынында да сол көкірегі шерге толы жұрт араға бес жыл салып 1930 жылы Арқадан азып-тозып жеткенде де Үшаралдың біраз жұрты да бар мал-мүлкінен айырылып, іштей қан жұтып отырған.

Құмалақтардың құдайы жарылқады, қырық жыл болыстықты бермеген Жанабай тұқымдары әуелі Созақ, содан Түркістан арқылы Әулиеатаға қашса, Сапақтың үрім-бұтағы қырғыз еліне асқан...

Орынбай әулеті мен Саңырық батырдың үрім-бұтағы «Үшарал» колхозына мүшелікке қабылданып жандары қалды. Сикымбай колхоз

басқармасының төрағалығына сайланса, Әлі бас мұраптықты қалаған. Саңырықтың шөпшектері де ары ойланып, бері толғанып колхозға мүшелікке еніп еді, Құмалақтар: «Кеңес өкіметі аман болса, кешегі датқа, би, болыс, молда, қалпелердің тұқымдарын әрі қарай әшкерлейміз» деп белсенді.

Құмалақтың оған қауқары жетеді. 1925 жылы төменгі Талас аудандық атқару комитеті құрылып, Әулиеатадан Дүрімбет баласы Жүнісбек баяғы Намазбаймен қосыла келіп, Таластың «Шайтан көпір» деп аталатын иініндегі Шінет талы деп аталатын жерде жиылыс өткенде құдайы жарылқасын. Ағайыным деген жоқ, өліп кеткен Жаңабайды әбден жамандады. Өзі пәленбай жыл қол астында болыстың хатшылығын атқарғандағын көлдендетті. Арғы бабасы – Тоқберген датқа, болыс болған. Жаңабайы қырық жыл ел биледі. Бәрі қарасүйектің қанын ішті деп көкіді.

- Кеңес өкіметі кедей-кепшіктікі, - деп боз көзі ұшқын шашты, - Құдайым-ау, Тоқбергеннің, Сапақтың, Мелдбектің тұқымдары билей беруі керек пе, қара халықтың қанын қашаңғы битше сормақ?

- Е-ей, не деп танып тұрсың! – деп Сиқымбай орнынан ұшып тұрып, Құмалаққа тұра ұмтылып еді, уезден келген өкіл, бүйрек бет, домалақ мұрын, көк көз Намазбай, - Отырыңыз, - деді араға түсіп.

- Жолдас уәкіл, - деді Сиқымбай ашуын әрең тежеп, - Мына кәззап мыстан қатынша Жаңабай жәкемнің кіл жаман жағын тере бергенше, неге жақсылығын айтпайды ә? Тышқан жылы Ақ патша қазақты әскерге аламын, окоп қаздырамын дегенде: «Өлімге адам бермеймін» демеп пе еді Жаңабай жәкем ояздың алдында. Сонда, осы ит (Құмалақты мензеді) болыс жәкемнің хатшысы, орыстың оязына әскерге баратындардың тізімін жасап апарып жақсы аттанған...

Күні кеше ақпанда Ақ патша тақтан құлағанда алғашқылардың бірі болып – Кеңес өкіметін қуаттаған да Жәкең еді.

- Ия, ия.

- Елдің басын біріктірді.

- Болыспын деп ел арасына жік салмады.

- Мына Құмалақ ит, әдейі өткенді қозғап, бықсытып отыр.

Жұрт осылай гулесті.

Құмалақтың басы екі иығының арасына кіріп кетіп, боз көздері ұясынан шығардай бағжиды да қалды. Кеше кешқұрым уәкілдер келісімен екі қолын қусырып, қозысын сойып, күтіп, әбден жалпақтаған. Әсіресе Жүнісбекке Сапақтың тұқымын жеріне жеткізе жамандаған. Озыр,

барымташы, қатыгез деген. Одан Орынбайдың әулетіне езуін безеді. «Шетінен діндәр. Елдің миын улап, Кеңес өкіметіне тілін тигізіп жүр» деп көкіген. Ағайынды төртеуінің үйінде қырық қап кітабы бар, соларды тәркілеу керек ең алдымен деп ақыл берген. Әсіресе, Саңырықтан қалған ақ сауыт, қылыш, найза, орыс патшасы сыйлаған маузерлерін тартып алмасаңдар, бұлар біреуді жазым студент тынбайды, деп қайраған. Сиқымбайы екі қатын алған шынжыр балақ, шұбар төстің тұқымының нақ өзі деп аузынан көбігі аға сөйлеген.

Қатыны Мейіз:

- Бәтір-ау, қойсайшы, - дегенше өрекіпген.

Құмалақ:

- Жүнісжанға мен айтпағанда мұны кім айтады, - деп сүмірейе қалған.

Жүнісбек орта бойлы, сопақша бетті, имек мұрынды, қой көз, бұйра бас жігіт. Мінезі тым салмақты. Қалада оқыған. Тіпті бірінші жаһан соғысын көрген... Төңкерістің ащы дәмін Тұрар Рысқұлов, Қарымбай Қошмамбетовпен татысқан. Арыдан ойлайтын ақылы бар. Үй иесінің арам пиғылын түсініп-ақ отыр. Мұның Жаңабаймен туыс екендігін алға салып, арандатып отыр. Сапақтың, оның ағайыны Орынбайдың үрім-бұтағын құрт дегендегісі...

Бала күнінде Сапақты да, Орынбайды да көрді. Екеуі де ел үшін туған сұңғыла еді. Әкесі Дүрімбетпен сыйлас жандар-тын.

Жүнісбек Құмалаққа ішкі ойын сездірмей:

- Өткенді қозғап қайтесің жәке, - деді жылы жымнып, - Жарылқасаңыз Сіз де болыс жәкемнің жанында жүрдіңіз ғой.

Құмалақ «қансыз, қалада жүріп әбден көпір болып кеткен» деп Жүнісбекке өшіге қарады.

Намазбай қызу қандылығына басты.

- Осының барлығын ертең жұрттың көзінше айтпайсың ба. Елдің көзін ашатын, сендей бөлшебектер керек бізге, - деп салды.

- Айтамын, неге айтпаймын, - деді Құмалақ екіленіп.

Енді міне айтқанда момын Жаңабай тұқымын «сойып» салып, Сапаққа келгенде қақалды да қалды. Жолшыбек пен Тойшыбекті көргенде тіпті бұтына жібере жаздады. Алпамсадай-алпамсадай Сиқымбай мен Әліден де өлердей қорқатын.

Сөзінің аяғында күшегендей қысылап тынды.

Жиында белсенділік танытқан Құмалақ құр қалмады. Болыстық төңкеріс комитеті төрағалығының орынбасарлығына ілікті... Төрағалық

Дүрімбетов Жүнісбекке тиді.

Құмалақ қанша ызындаса да Жүнісбек жаулыққа бармады. Қайта ала көздікті қойындар, бірігіп ел болындар деді әу бастан-ақ. Жаңабайды жамандаған Құмалақтың аузына да күм құйды.

- Әбен Атамқұлды деген ақынның өлеңін білесің бе? – деген сонда.

- Жоға, жоға, – деді Құмалақ тайыздығын білдіріп.

- Білмесең, ол кісінің аузынан естіген өлеңім мынау:

- Мекалай жарлық шығарды,

«Солдатқа бала бер» деген.

Жәменке, Ұзақ, Жаңабай,

Беруге бала көнбеген.

Өңкей саңлақ бірігіп,

Зорлыққа бала бермеген.

Қысымдық қылып Мекалай,

Түрмеге салды ілмемен...

Жүнісбек өлеңді әдейі айтқандай. Екпіндеген есірік Құмалақтың өсек-үшбу хатының кесірінен Жаңабай болыстың 1916 жылы Әулиеатаның түрмесіне жата жаздағанын меңзеді.

- Орынбай көкемнің балалары оязға хат жазып, Жаңабай көкемнің ақ адал екендігін айтқан. Сонда сіз елшіл болсаңыз қайда қалдыңыз?

Шынында да Құмалақ кімнің тарысы піссе соның тауығы сияқты шірік еді. Ілгеріде Жалаңбасқа да қиянаты тиген. Сонда да Жаңабай жаманшылық жасамады. Өзіне хатшылыққа қабылдады.

Сөйткенде өзі асыраған күшігі өзін қабатынын ақ жүрегі сезбей өтті.

- 1928 жылы Жүнісбек әуелі Әулиеатаға сосын, Меркеге ауысып кеткенде, соның мінігін ақ боз атын сіңіріп кетпекші болған Құмалақтың үстінен бір ағайыны арыз жазып, сотталып кете жаздаған...

Үшаралда 1930 жылы №15 қой совхозы құрылғанда, Шінет талы түбінен «Үшарал» колхозы құрылып, оның алғашқы мүшелігіне Сикымбай, Әлі, Байназар, Қайназарлар өткенде, жетпістегі Топы шал да өтуге өтініш жасады.

Аталмыш жылдары Арқаның қазақтары Талас өңіріне ХХ ғасырдың отыз жылы ішінде үшінші мәрте ауа көшкенмен есте қалды.

Колхоз дегені болмаса бүткіл мал-мүлкі тәркіленіп, аз-сусыз қалған үшаралдықтардың да күні күн емес еді. Оның үстіне Созақ, Сарысудың жұрты зорлыққа шыдай алмай айыр, бақанмен көтеріліске шығамыз деп, қызыл отрядтың қырғынына ұшырап, қойдай қырылды.

Кішкене ғана «Үшарал» колхозының жанын сақтап қалған азын-аулақ

ақ егіс ектірген Әлілердің арқасы...

Талай аш-жалаңашқа аузындағысын жырып берген Орынбай әулетін төңірек түгел сыйлайтын дәрежеге жетті.

1930 жылы Жүнісбек ауткомның төрағасы Икрам Палмановтың орнына қайта келіп, Сикымбайды Билікөл маңындағы «Қызыл Октябрь» колхозына төрағалыққа жіберіп, Әліні совхоздың Бас мұраптығына тағайындатқан тұста ел әрең-әрең есін жинап келе жатқан...

* * * * *

Баяғы жоңғар қалмақтарынан кейінгі екінші жойқын қырғын – қолдан жасаған ашаршылықты әдейі ұйымдастырушы, Қазақ өлкесін басқарған қанішер жебірей Л. Голощекиннің орнына армян Мирзоян келген соң ғана ел ептеп естерін жинай бастаған.

Құмалақ сияқты белсенділер билеген жұрт жан-жаққа тарыдай шашырап кеткен еді сол тұста.

Сикымбай «Қызыл Октябрьде» қып-қызыл колхоз бастығымын деп тұрғанда, Әлі де Бас мұраптықпен Таласқа есімі мәшһүрленген. Совхоз директоры Ф. И. Куркинге айтып жүріп Мирон көлінің алдын бөгеттеп, тоғандатып, одан Бозарық арқылы арық қаздырып, Атшабарға дейін су шығартқан. Арық жағасына - Әулиеата, арғысы облыс орталығы. Шымкенттегі ағайындарынан төл-дарақтың көшеттерін алдырып, жерсіндіріп жүрген де өзі.

Әлінің бірінші әйелі Әйшек байдың қызы – Балсұлу. Орта бойлы, ақша бетінің үшінен қан тамған көрікті әйел. Ол Әбілқасым мен Зейнекүлдей ұл-қыз туып берген... Ұзақ жасамады жарықтық. Одан кейін де тағдыр талайымен нешеме мәрте үйленбеді. Дәл соғыстың алдында төртінші мәрте некеленгенде қу Құмалақтың алақаны қышып тағы арыз жазуға көшкен. Арызына Әлінің ағасы Сикымбайды қоса жазған. Ағайынды екеуі үш-үштен қатын алып, моральдық жағынан азғындап, баяғы Орынбайдың жолын қуып отыр, бұлар да феодал деп жазды. Арызды Құмалақ баласы Сабалаққа айтып отырып жаздырған. «Ит не жесе соны құсады» демекші онысы да айранкөзденіп бәле іздеп әркімге тиісіп жүретін...

Сикымбайлардың әбиірі бар екен, арыз ауларткомда, ауткомда жұмыс істеуге жарап қалған баяғы Мұқан балаларына тиіп, аяқсыз қалып еді.

1936-1937 жылдары Ұзақбай Құлымбетов Талас өлкесін аралағанда Әлінің тірлігіне сүйсініп, Билікөлдегі Сикымбай басқарған колхозда

болып, бір күн қонған. Қолға су құйып, жалпақтағанның бірі Құмалақтың ұлы – Сабалақ. Қошеметтің не бір түрін көрсетті. «Съезбегім Ұзақбайдай Қазақстанды басқарсын» деп үш-төрт жасар баласын Құлымбетов отырған жерге аунатып алды. Өзі үш күн ешкімге алақанын бермей, әм жумай жүрді. Сөйтсе, Құлымбетовпен қол алысқан екен, тіпті қолын ұстап жібермей қойыпты.

- Айымыз да, күніміз де өзіңізсіз, Ұзеке, - деді ол ақкөзін жұмып-ашып, - Қазақтың бал қаймағы Сіздер. Сіздерге қарап бой түзейміз, ой түзейміз. Сіздердің тілектеріңізді тілеп жүрген елдегі Сабалақ құлдарыңыз...

«Ойпырмай-ай, Құлымбетовтың құйрығына кіріп кетер ме екен» деп Дүйсенбайлар ыза болады.

Мақтағанды кім жек көрсін. Құлымбетов те Сабалақтың арқасынан қағып, көмекшісіне ымдап алтын сағат тарту етті.

Сықымбай мен Әлі сияқты тігін мәшинесін алсам деп армандаған Сабалақ – сағатты қолына тағып, ұйықтаса да шешпейтін.

Сөйтп жүргенде НКВД-інің өкілі Асқар Қуанышбаев ұры тазыдай жылмаң етіп, кешкілік Сабалақтың үйіне келе қалсын. Жіңішкелеу, сары, көзінен көзілдірігі түспейтін, бір қарағанда дүректен әм Әлінің тазысынан аумайтын Асқар Сабалақпен жекжат, елдегі өсек-пөсекті содан біліп отырады.

- Сталин жолдастан нұсқау келді, - деді Асқар Сабалақтың қатынының май бөксесіне тесірейе қарап құмарлығы қожа, - Мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін зиянды элементтерден біржолата құтылып, социализмнің жеңісін қамтамасыз ететін күн туды. Түнеу күні Құлымбетов Сықымбайдың үйінде не деді? Соның бәрін-бәрін түгіне дейін қалдырмай айт.

Сабалақтың жаны кіріп қалды. «Орынбай тұқымдарының тұқымын тұздай құртамын» деді де сайрай жөнелді.

- Оны айтасыз, Асеке, Құлымбетовтің қойнына колхоздың бетке ұстар қатындарын салып берген жоқ па?

- Не дейіт!, - Бірденеден құр қалғандай Асқар да шошып түсті.

- Әй, Сабалақ, біреудің қатындарын аңдымай, өзің қарқ қылсайшы алдымен, - деп әйелі Әлима ұрыс шығара бастаған, - Сықымбай жәкеме өйтіп жала жаппа...

Сабалақ қатынынан өлердей қорқатын. Демін басар – баспас әңгімені басқа арнаға бұрып жіберді.

- Түнеу күні Билікөддің маңайына бара қалдым, - Сыбырлай сөйледі, - Сөйтсем, қалың жыңғылдың ішінде бастарында дағарадай-дағарадай

сәлделері бар тұп-тура он екі қожа, әм ортасында Сықымбай намаз оқып отыр.

- Не дейіт! – Асқар құйрығынан біреу шымшып алғандай селк етті, - Не деп былшылдап отырсың? Қайдағы қожа. Неғылған қожа. Кеңес өкіметін құлатайын деп жүргеннен сау ма өздері!

- Тап солай-ау. Мені көріп, барлығының имандары ұшсын. Сықымбай: «Әй, бұлар тәжіктің дуаналары екен. Байғұстар аш көрінеді. Мұсылманның балалары ғой» деп тамақ беріп жатырмын. Тамақты үйінен тасыды деймісің, колхоздың үлесі, - Сабалақ өстіп бөсе түсті. - Әкесі қалпе деп баяғыда әкем арыз жазғанда, үйлеріндегі кітаптарын тәркілеп, өртедіңдер де қойдыңдар. Сол кезде түрмеде шіріту керек еді!

- Әлі де кеш емес, - деді Асқар сойдақ тістерін сықырлатып, - Осы айтқандарыңды қылың қисайтпай жазып бер.

- Қайным-ау, жаздырып неғыласың, - деді май бөкселі Әлима, қара көздерін күлімдетіп...

Сөйткенде беліне қамшы тиген жыландай Асқар кирелеңдеп, ыржалаңдады да қалды. Анда-санда Әлиманың ақ тамағынан иіскеп, бойындағысын тарқатып тұратын. Майлы бөксе болғанымен, жіңішкелеу белі құшаққа сияды, кеудесі күбідей жұмыр, майлы күлшедей ыстық келіншек. Құшағына іліккен еркектің есін алатындай қылықты...

- Жарайды, - деді Асқар екі алақанын ысқылап, - Жәкем жазып, ағайынға жаманатты болып жүрер, - жаны ашығансыды, - Жеңеше, кешке кеңсеге келіп, еденді жуып кетерсің, Асқар жәкеме сәтін салса бір қызмет бұйырар...

- Ия, көп болды, еденнің жуылмағаны, - Әлима қуанып кетті, - Өзім де бүгін барсам деп отыр едім, әдемі қайным-ау.

Сылқ-сылқ күліп, былқ-былқ басып жүрген қатынын Сабалақ тіпті қызғанып кеткен. Мейлі, мейлі маған қызмет берсе әжеп емес, азар болса жеңгесіне қайынысының бір мезереті де. Әкем Құмалақ – жеңгенің бір бұты байінікі, бір бұты қайыныкі деп отыратын күліп. Асқардай шекіс (чекіс дегені) туып берсе, кім ажыратып жатыр. Пәмілісі Құмалақнемересі Сабалақұлы болмай ма?

Өз ойына өзі қуанып кетті Сабалақтың «халық жауларын» ұстағанына Асқар тіпті қуанып, кеңсесіне кетті... Тегін кетпеді, Әлимамен ойнақ салып, құшақтарын айқастырар сәтін ойлап, жымындап барады. «Бір оқпен екі қоянды атып алдым-ау» дейді жүрегі дүрсілдеп. Облыстағы НКВД-інің бастығы «Халық жауларын көбірек тапсаң, Шымкентке алдырамын» деген түнеу күні мұның арқасынан қағып. «Құлымбетовпен

косып Сикымбайларды түрмеге аттандырсам. Шіркін-ай, Сталиннің өзі арқамнан қағар!»...

Екі күн өткен соң колхоздағылар: «Сұмдық-ай!» деп шуласты да қалды. Арқырап жүретін, алпамсадай Сикымбайды НКВД-інің адамдары апақ-сапақта арбаға салып, Мирзоян (қазіргі Тараз) қаласына алып кетіпті...

- Құлымбетовтің тыншысы екен, Құлымбетов жапонның тыншысы көрінеді. Оның үстіне он екі қожа көтеріліс жасау үшін анау Қаратауды паналап жүрген көрінеді. Соларға Сикымбай да көмектеспекке уәде беріпті, - деп Әлима жиылған, үрейден үрпиіскен жұртқа екі бүйірін таянып тұрып, айқайлап, түсіндіріп жатыр.

- Не дейіт?!

- Қой, өтірік.

- Жапонның мұнда несі бар?

- Құлымбетов Ленин – Сталин деп кеткен жоқ па?

- Сиекеннің кісіге қиянаты жоқ еді-ау.

Жиылған жұрт осылай дуылдасып тұрғанда Сикымбайдың бәйбішесі мен тоқалы бала-шағасымен шұбап Үшаралды бетке алған. Олай болатыны НКВД-ының «жаналғыштары» Сикымбайды әй-шәйге қаратпай алып бара жатқанда, бәйбішесіне айқайлап айтқаны:

- Әліге жетіңдер, Әліге! – болды...

Қапелімде не болғанын түсінбей қара басып қалған Күләнда есі шығып, қоңсылас отырған жақын көршісінің үйіне қарай жалаң аяқ жалаң бас жүгіріп барғанда, олар да зәре-құты қалмай өре түрегеліскен.

- Жәкен... Жәкенді! – осыны айтып, әшейінде азулы көрінетін Күләнда киіз үйдің босағасына бүк түсіп отыра кеткен.

- Не болды, жеңше! - Сауытбек орнынан қарғып тұрып жеңгесіне үңіле қарады.

- Жәкенді НКВД-ы әкетті, - Күләнданың қорыққанынан даусы қырылдап әрең шықты.

- Жә, елдің үрейін ұшырма. - үй иесі әдейі жеки сөйледі. – Он несі-ай. Жәкен ақталады.

«Ақталады» деген соң әйелінің жүрегі орнына түсті.

- Балуан қайныма жетіңдер деп кетті жәкен, - деді сонан соң.

Балуаны - Әлі әрине...

Сонан кейін барып олар жолға жиналған. Кетерлерінде:

- Босқа жылап-сықтамаңдар, - деп қалғандарына нықтап кетті және де.

Әлінің үйіне олар түн ортасы ауа жетіп, болған оқиғаны айтқанда:

- Құмалақ тұқымының тірлігі де мұны! Баяғы Дәулет бабасы да екі елді қатар қондырмас өсекші еді. Сабалағы да солардың жолын құшты десейші, - деді күйіне.

Ортадан биіктеу, жауырындары қақпақтай, мығым, дөңгелек бет, қара өнді, қара торы Әлі Сикымбайдан аттай төрт жас кіші. Әкелері Орынбай Данагөй көз тиіп өлген соң, ешкімге қарамай салдық, серілігі құрып, барымталасып жүргенде Сапақ жекіп:

- Ей, Орынбай, төрт мүшелге жетіпсін. Артыңды ойласайшы, өсер ұрпақ, қалар тұяғыңды ойламай опық жеп жүрерсін күндердің күнінде – деген...

Сөйтіп, Байлы Қасқаның қызына некелестірген. Құдай беремін десе қиын емес екен. Шекелерін торсықтай, торсықтай етіп: Сикымбай, Мәлқайдар, Әлі, Әбдімәлік, Әбубәкірлерді “топырлатып туып тастаған” қасқаның қызы. Орынбай құдайға шүкіршілік етіп, баяғы Бұхардағы білімін ұстап, құдай жолына түсіп, Әбіл (Абдолла) ишанның соңына ерген. Қалпе атанған...

Әлі інісі Әбдімәлікті аулына қайтарып, Мирзоян қаласына қарай суыт аттанды. Кімге жолығатынын да айтпады.

Кейін Сикымбайды түрмеден босаттырып әкелгенде де, «пәлен деген көмектесті» деп ешкімге тіс жармады. Тіпті қатыны суыртпақтап сұрастырғанда:

- Шаруаң болмасын! – деп дүңк ете қалды.

Сикымбайларды бір түнде қырғыз еліне асырып жіберген соң да тіс жармады. Бұл сырын Әлі өзімен бірге ала кетті. Шамасы, жақсылық жасаған ұлығы: «Заман жаман. Ертең мен көмектесті деген әңгіме шықса, жалпақ жұртқа жайылып, менің де басым кетуі кәдік. Біреулер арқылы босаттырайын. Тек, сен аузыңа берік бол, өле-өлгенінше» деді ме... Әйтеуір кім білсін Әлі айтпады.

* * * * *

Әлінің балуандығы Талас өңіріне белгілі. «Ойпырмай несін айтасын, Сіргелінің арығының маңында құдыққа үш жасар өгіз түсіп кеткен екен. Соны арқанмен тартып шығарыпты. Қатты күшенгенде балтырының еті ыдырап кете жаздапты. Түнеу күні ауданның басшысы Қонақбаевтың «Победасы» Жаншуақ сазына батып қалған екен. Әлекең беліне арқан байламай-ақ машинаны сүйреп шығарыпты» деп гуілдескен жұрт.

Ондай-ондай әңгіменің ешқайсысына құлақ түріп жүрген Әлі жоқ, өзімен-өзі, колхоздың Бас мұрабы әрі ара-тұра ферма басқарып қояды. Колхоздың бастығы денелі келген - Абдолла Жүнісұлы. Ақыл, парасаты, білігі, мол сыйлы інісі.

Абдолла басқарма төрағасы болғалы колхоздың көші түзеліп, көсегесі көгерген. Оған әрине Әлі, Әбдімәлік, Мәлкіайдарлардың көмегі зор.

Соғыс басталғаннан бір жыл өткен соң Әлінің үйінде де сәбидің үні шығып, оның есімін әкесінің өзі «Әбдіәшім» деп қойған. Торсық шекелі Әбдіәшім әкесіне аумай тартқан.

Орынбай әулеті өстіп аз-кем қуаныш үстінде жүргенде Әбдімәлікті еңбек армиясына алып кетіп, екі айдан соң одан «Магнитогорск» деген қаладамын деген хабар жетті.

Сол екі ортада қырғыздың Ош облысындағы Тақта көпіріндегі Сикымбайдан хабар жетті. Баяғы Сапақтың үрім-бұтағы да сол жақта. «Жаманның қасында жатқанша, жақсының аяғында жатайын» деп жиырма бір жасында алпыстағы датқаға күйеуге тиіп, бес ұл, екі қыз туып берген Шоқай датқаның Нұрымбегінің Ұлтуар есімді қызының топырағы қырғыз жеріне бұйырды. Сикымбайлар сол Тойшыбектерді сағалап барған еді. «Әліге тез жетсін» депті ағасы. «Тағы не болып қалды» деп нешеме ойға берілген Әлі колхоздың басқарма төрағасы Әбілдадан сұранған.

- Е-е, аманшылық шығар, - деді ол, - Біреу-міреу қайтыс болса, хабаршы жіберер еді ғой. Сауқымбай жәкем сағынған шығар...

Әлі сол кеткеннен он күннен кейін бір-ақ оралды.

Келген бетте Әбілдаға айтқаны:

- Ош жағы өзбек, сарттың мекені екен. Содан халық санағы жүретін болмай ма? Аз қазаққа өктемділік жүргізбекші баяғы Қоқанның тұқымдары: «Сендер қазақ емессіңдер. Абдолла заманындағы Есенқұсбегінің тұқымы болсаңдар, онда қызылбассыңдар, сартсыңдар» деп әдейі пәле салыпты. Олай болатыны серт, я өзбек, қырғыз болмасаң саған теңдік жоқ, қызмет әм жоқ. Күні үшін өзбек болып кеткендер қаншама. Соған Сиекең көнбей, мені ертіп қышлақ бастығына апарды. Барған бетте мен де пәле салдым. «Ұлт мәселесіндегі Сталин жолдастың саясатын бұрмалап, қысым көрсетіп отырсыңдар» дедім. «Мәскеуге жазып, аяқтарыңды аспаннан келтірейін бе?» деп едім: «Ой, Әлі әкә, ашулаңбаңыз, өзбек, қазақ бір туған» деп Жүнісі мәймөңкелесін.

Сосын қазақтың тор шежіресін айттым: «Жолмұхамед, Есенқұсбегінің Бұқарда қазақ атынан уәзірлік еткенін баяндадым. Хақназар ханның

Тасжүрек батырды сыйлап, біздің бабамызға ұқсас болсын деп, бір ұлының атын Дінмұхамед қойғанын айттым.

Сарт сұм түсінсін, түсінбесін: «Мақұл әкә, мақұл әкә» деп қалды. «Сикымбай өзбек болса, қышлақ бастығы етерлік» деп мәймөңкелесін. Бастық болса, өзбек болдым дей бер... «Ойбай-ау, жетпістегі шалды қайтесіңдер» деп ырық бермедім. Ана жылы қарақалпақта да, ояз бастығы дау шығарғанда да барып, шатағын басып қайтқанмын, өзіңіз білесіз.

Байқағаным, бұл өзбегің қызмет беріп, я қызын беріп қазағыңды өз ұлтына кіргізіп жатқан сияқты.

Әбілда:

- Ойпырмай-ә, ойпырмай-ә, - дей берді, - Не деген қу халық.

- Қулығы емес, дұрыс. Бірін-бірі жау көріп, артын шұқылайтын қазақтай емес, қаншыл бәрі. Кешегі 36-37 жылы да бірін-бірін ұстап бермей, тәуірлерін жасырып, әрі тәжік, я ауғанға асырып отырған.

- Е-е, бұ қазақтың бетке ұстарлары түгелге жуық кетті, - Әбілда тереңінен күрсінді.

- Оған өзіміз кінәліміз, Әбілда. Ағайын бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды деген. Осы колхозда да пәле іздеген ағайын аз ба?..

- Рас, рас.

Әбілда колхозға бастық болып сайланғанда ырың-жырың жұрттың тәртіпке көшуі оңай болмады. Көнгенін талқыға салып көндіріп, көнбегенін заңмен бұғалықтады. Құдайға шүкір, колхоз тыныш, миллионер ұжымшарға айналатын түрі бар.

Сикымбайдың әңгімесі енді басылды дегенде, елге арып-ашып Әбдімәлік келсін. «Е-е, еңбек армиясынан аман-есен оралған екен-ау» деп кішкене ауыл қуанысқан. Әбдімәліктің Әліге оңашада айтқаны былай болып шықты. «Магнитогорск» орыстың қаласы екен. Өздері сияқты елдің түкпір-түкпірінен келіп жұмыс істеп жатқан жұмыскерлер. Әсіресе, қазақ, қырғыз, өзбегінді кәпірлер менсінбейді. Қара жұмысқа салып қояды. Орыстың я жұмыстың тілін білмейтін қазақтың құйрығынан теуіп: «баран» дейді. Бір күн, екі күн шыдайсың. Тіпті судай сылдырлаған тамағыңды тартып алып, аш қалдырғанын былай қойғанда, өз тілдерінде боқтық айтып, мазақтайтындарын қайтерсің. Бір күні Сұлтан есімді Қызылорданың қазағын ұрып тастады. Соған шыдамаған Әбдімәлік Степан деген атаманын иек астынан қондырған екен, анау шалқалап барып, темір реліске құлап ес-түссіз қалғанда бес-алты қазақ түрмеде шірігенше деп жаяулап-жалпылап қашып шығып, Қызылордадағы

Теренөзектен бір-ақ шыққан. Соғыс кезі. Кім онып, кім жетісіп отыр дейсің. Бұлар қонған үй-баяғы Итемген, Қалет, Дүйсендердің есімдерін білетіндердің үрім-бұтақтары болып шығады. «Туысқандарымыз екенсіңдер» деп бұларды ауқаттандырып, жуындырып – шайындырып, жолдарына азын-аулақ тиын тебен ұстатып шығарып салған. Шымкентке келген соң, бәрі бой-бой, жөн-жөнімен кеткен.

- Үкіметтің құрығы ұзын, - деді Әбдімәлік қамыға сөйлеп, - Бүгін, не ертең мілісасы әкетеді...

Әлі ары ойланды, бері ойланды. Сосын:

- Қорықпа, - деді інісінің көңілін жайландыра, - Бір ретін табармыз.

Ертеңіне аудан орталығы Ақкөлге салт атпен шығып кеткен.

Онда аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасының орынбасары Бертаев Сымық отыр. Күні кеше фашистермен болған екінші жиһан соғысынан ауыр жараланып, гвардия подполковнигі шенінде елге оралып, бір-екі жыл «Талас» қой совхозын басқарысқан. Түсі суық болғанымен иман жүзді, қайырымы мол жігіт. Көрген бетте «Жәкелеп» тұрады.

Әлі Ақкөлге келісімен Сымықты жылдам тауып алып, болған жәйді жасырмай баяндап берді.

Сымық үнсіз тыңдап отырды да, сәлден соң қоңырау шалып аудандық әскери комиссариаттың бастығымен ұзақ сөйлесті.

Ақырында:

- Жәке, қаншама дегенімен Әбдімәлік көкем мемлекеттің тәртібін бұзып отыр. Соғыс кезінде оларға алушылық жоқ. Сталин жолдастың бұйрығы солай. Бірақ, анау аудандық әскери комиссариаттың бастығына айтып қойдым. Соған жолықсын. Мына Шолақтауда да Магнитогорскідей еңбек армиясына алынғандар жұмыс істеп жүр. Қалған мерзімін сол жерде атқара тұрсын. Өңгесін кейінірек көре жатармыз, - деді.

Әлі Сымыққа рахметін айта-айта Үшаралға қарай күстай ұшты. «Жауда да болса бір үйің болсын» деген. Айналайын Сымығым-ай, ердей алдына барғанымда ерлік жасап, бауырымды бір ажалдан алып қалды-ау» деп жүрегі жолай қуаныштан жарылардай алып-ұшты...

Бір ай өткен соң Әбдімәлік әуелі Шолақтауда (Қаратау), кейіннен Жаңатаста жұмыс істейтін болып шыға келді. Палайымы апта сайын Әбдімәлігіне ас-су тасып қайтады...

- Байлшылын-ай, - деп қатындар жыбырласады.

- Жас кезінде желегі желбірейді де тұрады...

- Қыз Жібек пен Төлеген десейші.

Өстіп жыбырласқан қатын-қалаш.

Оған қарайтын Палайым ба.

- Қиын қыстау кезеңде қосылған қосағым еді, жалғызсыратар жәйім жоқ, - деп бұған-түйгенін алып, жаюлап қара жолды шаңғытып кетіп бара жатады.

Әбдімәлік пен Палайымның кісі қызығарлық сыйластығын абысындары бұған дейін айтып жүретін.

1978 жылы тоқсанға таянғанда дүние салған бәйбішесінен соң, алты айдан кейін отағасы да «Палайымыма кеттім» деп ұйықтап жатқан күйі мәңгілік сапарға аттаныпты...

* * * * *

Соғыстан кейін «Үшарал» колхозының тасы өрге домалады. «Миллионер колхоз» аталып Әбділда кеудесіне Ленин орденін қадаса, Саңырық батырдың шөпшегі Еркін баласы Байназар Еңбек Ері атанып, Ленин орденімен қоса Алтын Жұлдызды қоса тақты. Әлі де құр қол қалмады.

Үшаралдықтардың қуанышы ұзаққа бармады. Мәскеу ауыл шаруашылығын қалпына келтіру мақсатында біраз колхоздарды ірілендіруді көздеген қаулы қабылдаған. Осы қаулыға байланысты Қазақстан да қаулы қабылдап, үкіметтің шешіміне сәйкес «Үшарал», «Қызылжар», «Қызыларық» және Сардала (кейін Кеңес Одағының Батыры Сәду Шәкіров атындағы колхоз атанды. Ав.) ұжымшарлары бірігіп «Кеңес» совхозы құрылатын болды.

Іріленгенде үшаралдықтар «Кеңес» совхозына көшірілсін деген соң, амал жоқ Әлілер де қыстың қытымыр аязына қарамай киіз үймен «Сардала» колхозына көшіп барған. «Өзіннен зор шықса екі көзің сонда шығар» жоғарыдағылар бірдене деп бұйырса оны асыра орындауға құлшынып тұратын төмендегілер қара халықтың тілегін тыңдап жын ұрып па? Барлығын «Ұлы көсем Сталиннің айтуымен» деп Кремльге тіреп қоюға машықтанған ауданның басшылары жеделдетіп шешім шығарып, елу екі колхозды біріктіріп, он екі совхоз-колхозға айналдырып әуелі Алматыға, сосын Мәскеуге жеделдетіп жеделхат жолдап тастаған. Әрі Әлі сияқты сыйлы кісілерді алға салып:

- Сіз бастасаңыз, қалған жұрт көшпегендене істейді. Сталин жолдастың тапсырмасын орындамасақ басымыз кетеді, - деп маймөңкелеген.

Әлі колхоз бастығы Әбділдаға:

- Көшерін көшеміз-ау. Қызылжар-Қызыларық. Сарыдала бөтен

жер емес. Катты айкайласаң дауысың жетеді. Төскейде малымыз, төсекте басымыз біріккен елміз. Сарыдала – Ақтамберді бабамыздың мыңғыртып жылқы айдаған жері. Енді ол – батыр ініміздің атымен – Сәду Шәкіров аталыпты. Бірақ, Үшарал ата қонысымыз. Айналасы 30-40 үй ол жаққа көшсек біздің отырар тамымыз, мал ұстар қора жайымыз да жоқ. Отызыншы жылғы ашаршылықтай қырыла қоймаспыз, өкімет те өлтірмес. Бірақ, ата-бабамыз жатқан жерді қалай қиып кетерміз. Қыстың көзі қырауда әм қысылармыз.

Құдайға шүкір, беделің бар. «Миллионер» колхозынның көшкені де саған сын. Осыны аудан, облыс басшыларына айтпайсың ба тігісін жатқызып, оябын тауып...

Әліні қатты сыйлайтын Әбілда:

- Жәке, мен кәмінспін. Заманның ағымы осы. Ағынға қарсы жүзсең партбелетіңмен қоштасасың. Әрі бұл Сталин жолдастың тапсырмасы, оны орындамасқа басымыз екеу емес, - деп шынын айтты.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Төребеков бәкене бойлы, тығыншықтай, көзінің қарасынан ағы мол кісі. Даусы жіңішке, шегірткенің айғырындай шырқырап сөйлейді. Нөкерлерімен келіп, ауылда жиналыс өткізді. Бастан аяқ өзі сөйледі.

- Ірленіп алсақ басқаруға оңай. Әрі ақшаға көп үнем, - деді.

Әлілер ауданнан қайран болмаған соң, басқа жолын іздей бастады. Еркіннің балалары «Кенес» колхозына көшпейміз деп «Талас» совхозына ауысты. Шәрәпи Ғұбашевқа да керегі осы. Күн санап мал басы өсіп, малшы тапшылығы сезіле бастағанда қуанбағанда қайтеді.

Өстіп әрі-сәрі күй кешіп жүргенде Үшарал орта мектебінің мұғалімі Заманиди Константин Әлімен жолығысып қалсын.

Константиннің ұлты грек. Соғыс жылдары Украинадан жер ауып келгендер. Онда он-он бес жасар бала еді. Әу бастан кез келген ортаға да бейім бесаспап халық емес пе, қазақшаны жылдам меңгеріп қана қоймай, тілін, салт-дәстүрін үйреніп-ақ кеткені. Тал-дарақ, жеміс-жидек өсіруге маман жұрттың өкілі де емес пе, Әлінің еспе құмды көкке орап, бау-бақшаға малынып отырғанына өлердей риза. Қашанғы мақалдап сөйлейтін гадетімен:

- Жәке-ау, Үшаралдан көшіп кеткенсіңдер ме? Тамаш апамның денсаулығы қалай. Әбуғали көкем қайда? Әбдешіңіз жігіт болып қалыпты ғой, - деп Әлінің етегіне тығылып, үркектеп тұрған қара домалақ баланың дәу басынан сипап қояды.

- Е-е, бәрі аман, аман, - деді Әлі, - Әбуғали оқуға түсті.

- Жарайсың! – Константин қуанып кетті, - Өзі де мектепті өте жақсы бітірмеп пе еді?

- Неге дерің бар ма? Өкіметтер байдың, молданың баласысын. Тұқымында сотталғандар жетерлік екен деп қазбалауын ол жақта да қоймайтын көрінеді. - Әлі де мұндай әңгімені әрине көрінгенге айтпайды. Константиннің әкесі Замани бір мың да қырық екінші жылы Қапқаздан жер ауып, «Үшарал» колхозына келгенде, Әлі бір бөлмесін босатып берген. «Аштықта деген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» дегендей Заманид өле-өлгенше сыйласып, мына Константиніме өкіл әке бол деп табыстаған.

Жарықтық, бота көз, имектеу мұрын, қияқ мұртты шал өле-өлгенше туған жерін аңсап өтті. Үрейден бе, жоқ әлде туз бітті мінезі ме халқыма қорлық көрсетті деп Сталинді бір ретте жамандаған емес.

Константин мектепті тауысқан соң Алматыға оқуға аттанды, алғаш оған да оңайға соқпады... «Жер ауып келген» деген желеумен ондағылар өзін біраз сандалтты. Еті тірлігінің арқасында жолын тапқан беу... Әйтеуір елуінші жылдың басында оқу бітіріп келген, енді міне мектепте мұғалім. Үлкендерді сыйлауға келгенде грегің қазағыннан асып түседі.

Әлі енді Әбуғалидың жағдайын тәптіштеді.

- Өзің білесің ғой Әбдімәлік көкең Жаңағаста “жазасын” өтеп жүргенде Сикымбай жәкем қырғызда еді. Марқұмның топырағы сол жаққа бұйырды. Жемем мен Базарбек інімді өткенде көшіріп әкелдік... Әлгі өмір баянға соның бәрін жазу керек көрінеді. Оның үстіне Орынбай әкеміз үлкен ғұлама, Құран ұстаған кісі...

Соларды сылтауратып Әбуғалиды да сен сияқты өністтегілер әй, біраз сандалтты-ау... Шүкір, қазір оқып жүр. Жақында кәнекөлге келем депті.

- Константин, шырағым, - деді Әлі енді әңгіменің төтесіне көшіп, - Сталинге хат жазсам ба деп жүрмін.

- Не деп?! – Константиннің томбақ көзі ұясынан шыға жаздады.

- Қорықпа, - Әлі күлді, - Өз атымнан жазамын. Ор ыс тілінде жаза алмаймын. Мазмұнын айтсам, сен көмектесерсің-ә...

- Не жайында? – Константин дәу шалға қызыға қарады.

- Түсінбеген нәрсенің несі айып? - Әлі оған сұраулы жүзбен қарады, - Сталин жолдас бәрін біліп отыр деймісің. Болып жатқан былықтың бірі жетсе, бірі жетпейді, құдай біледі бар ғой... Жазғанда, майда колхоздарды біріктіреміз деді. Онысы дұрыс. Қаулыны оқып шықтың ба өзің.

Константин басын изеді. Қаулыны оқымасаң онда саяси сауатсызсың. Неге оқымасын, оқыған...

- Оқысаң, - деді Әлі, - Жүде жақсы. Соның бір жерінде ауылдағыларды жылы орнын суытып, басқа елді мекенге көшір деген сөз жоқ. «Түгіскен» совхозының бір бригадасы болып, неге отыра бермеске... Міне, Сталин жолдасқа осыны сұрап жазсам ба деймін...

Константин келісті. Екеуі, Мәлкіайдардың үйіне соғып, сол жерде Сталинге жолданар хаттың мәтінін саралап ақ қағазға түсірді. Алдымен Сталинді әбден мақтады. Оның көсемдігін марапаттады. Елдігі жақсы жаңалықтың барлығы Сіздің шапағатыңыз арқылы өмірге келуде деп екеуі бір тоқтады.

- Сталин жолдас көзге мақтағанды жек көруші еді, - деді Мәлкіайдар қауіптеніп.

- Сен де қызық екенсің, - Әлі шын ашуланды. - Мақтағанды кім жек көрсін. Сталин жолдас та адам. Әрі соның арқасында өсіп-өніп жатқанымызға кім күмән келтіреді?

- Жаз Константин қарағым. «Үшарал» колхозының миллионер екенін де жазуды ұмытпа. Ендеше, оны «Кеңес» совхозына қосудың қолайлы болар қояр ма екен де. Әрі-беріден соң қалың елді қыстың көзі қырауда көшіргендері тіпті де дұрыс емес де...

- Әй жәке, осы хат Сталинге жетер деймісің? Ауданнан-ақ асырмай ұстап қалар, - деді Мәлкіайдар қауіпін жасырмай.

- Жетеді. Заказной етіп саламыз, - деп Әлі желпініп қойды.

Шынында да Әлінің хаты Мәскеуге жетті. Тұп-тура екі ай өткенде барып, Сталин емес КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы Калининнің қолымен жауап хат келсін. Онда «Бүкілодақтық Ақсақал» Әліге хат жолдағаны үшін көп рахметін» айтыпты. «Құрметті Орынбаев Әлі, - депті Калинин, - Шынында да біріккен қаулыда елді мекендердің тұрғындарын күштеп көшір деген сөз жоқ. Сондықтан, «Үшарал» колхозының орталығын орнынан қозғаудың не қажеті бар. Сірә, да жергілікті басқару орындары өкілеттілігін асыра пайдаланылған сияқты. Ол туралы тиісті нұсқаулар беріледі».

Екі күн өткен соң Төребеков жандайшаптарымен «Сардала» колхозына жетті. Әліні колхоз бастығының кеңсесіне шақыртып алып, әбден сілкіпелемекші екен, оған ауатком төрағасының бірінші орынбасары Бертаев Сымық көнбеді.

- Хатшы еке, Әлі сыйлы қария. Босқа ашуға ерік бермеңіз. Елді өзімізге қарсы қойып алармыз, - деп басу айтты.

Калининнен хат алған Әлі де ешкімге есесін жіберейін деп отырмасы тағы белгілі. «Әй, қалтақ бас неме. Сәуіріктей кісінете бермесің» деп

іштей айқасқа дайындалып келген кеңсеге.

Төребековтің де жайы белгілі. Қашан көрсен де тілемсектеніп жүргені, әрі қартаға жаны құмар. Жынына тисе соларын айтып, жұрт алдында масқараламақ. Абыройын айрандай төкпек...

Бертаевтың ымыраға шақырған сөзі миына қонды ма, жоқ әлде артын ойлады ма тау қопармақшы болып келген Төребековтің тауаны қайтып, тауы шағылып, маңқылдады да қалды.

- Ақсақал, Сталин жолдасқа өте дұрыс жазғансыз, - деп күмпілдеп еді, қасындағылары еріксізден күліп жіберді.

- Жақсы адамның ашу шәйі көйлек кепкенше, Сіздің бұл ұлылығыңызды ұмытпаймыз, - деп баяғы Құмалақтың Сабалағы да көтермелеп жатыр...

Әнгі неме, осыдан бір апта бұрын ғана Әлі алты қатын алды, не деген сұмдық деп ауарткомға домалақ арыз жазып жіберген. Сонымды айтып қоя ма деп іші бүлкілдеп, бұтына жібере жаздап отырған.

«Ұлы» дегенге Төребеков шалқайды да қалды.

Бертаевтың жыны келді. «Ұлы болған ұртыңды ұрайын» деді ішінен. Тілемсіктеніп жүріп, мал жинағанын жақтырмайтын.

- Хатшы қарағым, - Әлі аузына келген сөзін ірікпеді енді, - Қара басымның қамы емес, қалың елдің тілегі еді бұл. Арыз емес сұрау салу. Сіздің үстіңізден ғайбат сөз жазғаным жоқ. Тек, осының жөні қалай деп сұрағаным жазықты емес шығармын.

- Ойбай-ау, - Төребеков басы қалтаңдап түлкі бұлаңға басты, - Кім оны арыз деп отырған. Біздікі жиырма-отыз шақырым жерге колхоздың кеңсесіне салпақтамасын, әрі жұмысқа да ынғайлы бола ма деп ойлағандықтан туған шешім еді.

- Истесе, егін егемін десе, мал өсіремін десе бұл жақта да жер жетеді... - Әлі ойындағысын әрі қарай сабақтады. Көзге шыққан сүйелдей етіп, «Үшарал» колхозын тө-өу сонау «Сардала» колхозына көшіргеніңіз дұрыс болмады...

Төребеков шалдың уәжді сөзіне не дерін білмей қақалды да қалды. Ретін, қас қағым сәтте айла табатын Сымық Бертаев тапты:

- Әй, осы колхоз дегеннен қорықсақ, ана жаңадан ұйымдастырылып жатқан «Түгіскен» совхозының бір фермасы етіп бөлсек қайтеді осы?

- Жөн екен-ау.

- Шынында да Кеңес пен Үшарал арасында үш ферма тұрып, колхозды айдалаға қалай әкеп қосқанбыз?, - деп Төребековтің өтіріктен шақшадай басы шарадай болды.

Дереу аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына, жер бөліміне тапсырма беріліп, ауатком шешсін десті.

Әлілердің қуанышында шек болсайшы. Төребековтер кеткен соң Сардалаға көшіп келген жиырма шақты үй қайта «Үшарал» колхозына емес - №5 ферма орталығына көшті. Қызық болғанда, осы әңгімеден хабардар болып отырған «Талас»совхозының директоры Шәрәпи Ғұбашев Әліні Бозарыққа көшіп келуге көндірді де, совхоздың Бас мұрабы етіп бұйрықты беріп жіберді.

Көшпелі халықтың ұрпағы өстіп, тағы бір қысқа әлқисаны бастарынан өткерді.

* * * * *

Қолына билік тізгіні тиісімен бишігін үйіруге, жөнді-жөнсіз сілтеуге құмарлар көп қой. Төребеков те бірінші басшы болып, аспаннан аяғы салбырап түсті деймісін.

- Біреу: «Ал» десе ытырыла түсуге пейілді қоян сияқты су жүрек көрінгенімен, өз есебіне мықты, алпыс айналы түлкі бұлаң мінезді кісі. Өзінен қызметі кішілерді жерден алып, жерге салса қоразы жеңіп шыққан сартша маз болып, жаны жадырап қалатынын айтсаңшы, әм қатынкұмар.

Көп еркек соғысқа аттанғанда бұл ауданда беті жылтыр қыз-келіншектердің тізімін алдырып, реті келсе көз қысып қалатын... Төребековтің «Үшарал» колхозына шүйлігенде мінәйі себеп болған нәрсе, Қиянбектің талшыбықтай бұралған қызының мұның қолқасын суырып ала жаздағаны... «Ағай, деген нәркес көзді, қара торының рендісі Әйгерім сұлу, ер-азамат майданда өледі, Сіз сияқты әр құнажынының соңынан әукесі салбырап жүгіре бермейді» деп тақылдасын. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылмай ма? Сұлудың сөзі шартарапқа жайылып, Төребековке жұрт күле қарайтындай...

Біріккен қаулы шыққанда «Ауылыңды түгел көшіріп, тоз-тозынды шығарайын» деп айдаладағы колхозға қосып, әм жұртта бірі қалмай көшсін деп шешім шығартып жүрген де өзі... Шала шешімінің әсері ме, жоқ жемсаулығы ма, обкомның бюросы оны келер жылға көктемде Таластың суы тасып, арнасынан асып ырық бермей жатқан кезде мәліметтерді асыра жазып берген, көзбояушылыққа барған деп партия қатарынан шығарып қана қоймай, ісін сотқа беріп, түрменің төрінен бір-ақ шығарған...

- Мың асқанға бір тосқан, - Әлі күйіне сөйлеп отыр, - Жұртты жылатқанның көрер күні осы болмақ. Жоға, табалағаным емес те. Әйтпесе, осы бірінші хатшыға не жетпейді.

- Дәніккеннен құныққан жаман Әлеке, - Дүйсенбай әңгімеге араласты, - Семіздікті қой ғана көтереді демей ме? Қырық жыл қылаусыз болыс болып, жұртына жақсылық нұрын сепкен Жаңабай болыстай болу қайда? Ылғый негізгі жарымағанның тұқымы билікке келіп, қырық жылдан бері қиянаттың небір түрін көрсетіп келе жатқан жоқ па?

- Айналайын Ленин – Сталин кедей-кепшікті жылатпа, көз жасын сүрт демеді ме? - Әлі ұзын бойлылау, қапсағай денелі Дүйсенбайға қарады.

- Енді мына Хрущевті қарасайшы. Молотов берген байталды, Хрущев кері қайтарды болып тұр.

- Тыс... Дүйсеке, олай артық кетпе?

- Е-е кетпегенде, он қой, бір сиырдан артық ұстама дегені қай сасқаны. Жүтері егетіннен басқа бос жер қалмады-ау, қалмады.

- Орыс патшасы, Кеңес патшасы да қазаққа қырын қарап тұр ғой, - Әлі күрсінді.

- Егемен болмай ел болмас, ежелгі жау тең болмас, - Дүйсенбай өзінше тебіренді.

Дүйсенбай осы төңіректегі от ауызды, орақ тістінің бірі.

Құдайға шүкір Үшарал өлкесі арқалы ақынсыз, күмбірлі күйшісіз, сауыққой сал-серісіз, сіңірлі балуансыз емес, атақтары алысқа кетпесе де ел айтып жүретіндері жетерлік... Ханқожаұлының бес баласына әлгі өнер пәруәйімнің түгел төресі қонған. Өттең «Кеңес өкіметі – байдың тұқымы» деп бәрінің шәт-шәлекейін шығарып, тоз-тоз етті. Төреқожаның өзі он жыл арқалып, еліне азып-тозып әрең жетті. Ой, әйтпесе, арқалық ақындығы, ат бауырында ойнайтын шабандоздығы тал бойына сиып тұр еді-ау шіркін.

Дүйсенбай мен Әлі сыйлас. Бірі қара тілдің шешені, сауыққой, сал-сері, екіншісі – балуан. Отызыншы жылдары Әлі төңіректі диканшылығымен асыраса, Дүйсенбай аңшылығымен, соңғы барымташылығымен әйгіленген.

Осы қазақ өлмейтін халық. Жылқы мінездес. Сәл тойынса өткенін ұмытып оскырынып қалатындай, әйтпесе ашаршылықты есі бар кісі есінен шығара ма? Төңірегіннің бәрі «уралаған» сайын мұның іші қыж-қыж қайнайды. Сонда табысы асып, қазаны тасып жатса ғой шіркін. Бұлардікі төрдегі күлсе, есіктегі ыржиядының кері. Сіңірі шығып тұрса да, «оқоқ» деп айтуға намыстанатын қазақтың қу сасыр мінезі-ай.

Рас, Орынбай әулеті дүние жинамады. Бар байлығы қырық кітап, ата-бабаларынан қалған найза, қылыш, маузер еді, оны Құмалақтар НКВД-ға көрсетіп жүріп, бәрін тәркілетті. Әйтеуір, нәсібіт екен, қазаны құр емес. Кеңес өкіметі көрсеткен құқайдың бәрін осы әулет көруіндей көріп, ызасын ішке сақтап жақсысын амалсыз мақтап өгіз аяңмен күн кешіп келеді. Елге сыйлы еткені - Әлінің алып күші емес, білекті бірді ғана жығады, кісілігі. Оны Дүйсенбай да сезеді, мойындайды. Әйтпесе, көк бөрі мінезді халықтың тарпаңдығы және бар. Сәл ысқырсаң, жабыла талайтын иттер аз ба?...

Дүйсенбай да сондай тепірештің талайын көріп, дәмін татқан. Дүйсенбайдың да қыжылы іште. Өткенге үңілетін ұрпақ қалмай, арақ көрсе сұлу қатын көргендей өңешін созатын ұрпақтың өсіп келе жатқанына қапалы әрине. Арақ ішкен адамда не әбиір қалады... Басының, арының қайда екенін ажырата алмай жүргендері...

Е-е, Сталин билесе де білмегенсіңді, Голощекин қолдан ұйымдастырған 1928-1930 жылдардағы ашаршылықта Үшаралда қаншама адам аштан қырылып, нешемесі жер ауып кетпеді...

Жан далбасалап, тышқаншылап күн көрген елдің аузына қара кесек ет салсам деп Шу бойының малын барымталаған Дүйсенбайдың қадірін бүгінгі ұрпақ біле ме? Білген күнде мазаққа айналдырып, күлкі ететіні – бұралқы сөз. Жастардың мыйына хан, сұлтан, би, болыс, датқа біткеннің бәрін, халық жауы деп сіңіріп, қорғасындай құйып тастаған.

Топ ішінде емес, осындай екеу ара әңгіме арасында кешегі Саңырық, Итемген, Қалет, Ақтамберді, Токберген, Сапақ, Жалаңбас, Ұлбике туралы әңгімелессең естігілері келмейтіндей есінейді, сондағы бала-шағаның айтып жүрген батырлары мүлдем басқа. Кілең орыс па бірдеңе...

Әлі мен Дүйсенбай осылай іштей толғанып, ара-тұра сөйлесіп отырғанда үйге Әбуғали мен кішкене қара домалақ, қалқан құлақ бала – үлкені Әбілхасымның ұлы Дүйсен кіріп келіп сәлемдескен.

- Ой, бар болындар, өркендерің өссін, - деп екі шал кәдімгідей қуанысып қалған.

Әбуғали орта бойлы, ақшыл өнді, көзі алалау, бірақ өткір, саңқылдап сөйлейтін жігіт. Алматыдағы университетті бітіріп, Үшарал орта мектебінде химия-биологиядан сабақ береді. Мектеп директоры – баяғы ауатком төрағасы Дүрімбетов Жүнісбектің баласы – Ермек әкесіне тартқан, тіпті бет-жүзі сойып қаптап қойғандай. Әбден орысша білім алып, әйелі орыстың қызы болған соң ба – орысшалау.

Әліге көп соғатынның бірде сол. Аса көп ашыла бермеуші еді,

Сталин 1953 жылы 5 наурызда өліп, орнына Хрущев келгеннен бері әкесін ақтап аламын деп ізденіп жүр. Айтып отырса, Жүнісбекті 1938 жылы-ақ Ақтөбенің түрмесінде атып тастаған. Өзінің көрмеген қорлығы жоқ. Фашистермен болған төрт жылғы қырғында, әскери училищеде оқып жүрген жерінен «халық жауының» баласы екенсің деп айып батальонына айдап, таза оқ пен оттың ортасына салып, қыл көпірдің үстіне байлап тастаған. Ажалы жоқ, көретін тұз-дәмі бар да, соғыстан оралған соң оқу бітіріп, әйтеуір директорлыққа дейін өсіп еді, Ермектің үстінен, баяғы Құмалақтың Сабалағының ұлы – Сиязбек арыз жазып, әбден «қанын ішіп» бітті. Былай қарасаң, жөні де жоқ, екеуі ағайын. Әлілердің білігінше, Сиязбектің ойы – «халық жауының баласының» орынтағын алу. Оған айдап салып отырған аудандағы оқу бөлімінің бастығы. Ол да бір жегіш қу, «орыс мінезді» Ермек жөн-жоралғысын жасап, аузын майлап тұрғанды білмеген соң – Сиязбекті қойт-қойттап қызығына тоймай жүргеннің нақ өзі...

Хрущев келген соң партияның XIX съезінде «Жеке басқа табынушылық» туралы мәселе қаралып, Сталин қараланып, соның арқасында миллиондаған адам түрмеден босап, миллиондаған адамның мойнындағы «халық жауы» деген ілмесі алынып, өлгендері ақталған. Соның бірі – Ермектің әкесі – Жүнісбек.

Әбуғалиді көргенде Әлінің есіне Ермектің түсуі әрине заңды. Екеуінің тағдыры ұқсас.

Ұлы олардың әңгімесін ортақтасқан жоқ, тек:

- Алматыдан хабар алдым. Бекмаханов Ермахан деген үлкен профессорымыз да ақталыпты, - деп қуанышын жария етті.

Екі шал да Ермаханды танымайды. Әсіресе Дүйсенбай. Әлі ептеп-септеп біледі. 1950 жылдың басында осы Әбуғали оқуға зорға түскенде Алматыдан қалың-қалың екі кітап әкелген. Сонда бұлардың бабалары туралы жазылыпты. Қалет бабасының қалмақтың қоңтайшысы Қалден Церенмен жекпе-жегің ұлы нәшіне келтіре оқып берген. Бүткіл ауыл әлгі кітапты қолдан-қолға тигізбей оқып, шуласып жүргенде, Ермахан «ұлтшыл» деген айыппен жиырма бес жылға сотталып кете барсын. Қазақстан Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесі бар Бекмахановтың бүткіл шығармалары тәркіленсін деп және қаулы қабылдаған. Жау алыстан келген жоқ. Бекмахановты «әшкерлеп» жүргендер бірге жүрген қызметтесі – Шойынбаев сияқты тарихшылар...

Солар Мәскеудегі М. Суловқа дейін барып «Мына Бекмаханов Кеңесарыны қазақтың көсемі деп дәріптеп қана қоймай, орыс халқына

тіл тигізіп отыр» деген бықықтарын жеткізіп, «Правдаға» көлдей мақала шығарып, тағы бір «халық жауын» тауып берген. Шойынбаевтың ойынша Кенесары Қасымов хандықты жеке басының мүддесі үшін пайдаланып, қазақ және орыс жұмықтарын қырғынға ұшыратқан – қанішер...

Мәскеуге де – ұлттың рухын өшіріп, көсемсіз қалдырғаны керек. Издегенге сұраған, Бекмахановты жиырма бес жылға «ит жеккенге» - баяғы ата-бабалары кеткен – Сібірге айдады да жіберді.

Бекмаханов ақталды дегенге Әлі шын қуанды.

- Халық үшін күйген ер – азаматтың ортаға аман-сау оралғаны жүде жақсы, - деді Әбуғалиға...

Дүйсенбай Қалет батыр туралы қиссаны жатқа білетін. Кенеуі кеуіп тұрған қара домбыраны алып, қиссаның біразын екпіндетті.

- Шіркін азаттық, тәуелсіздік, - Әлі жағын сүйеп, ойланып қалды.

Қара өнді, қайратты әкесінің неге бұлай дегеніне Әбуғали да, Дүйсенбай да түсінбеді.

Тек әлден соң барып:

- Осы Ақтамберді:

- Егемен болмай ел болмас, - деп нені айтқаны? – деп тағы сұрау салды.

- Ей, егемендігіміз осы емес пе? Қазақ өлкесі едік, 1936 жылы Сталиннің арқасында одақтас республикаға айналдық, - Дүйсенбай саясаттан соғып жатыр.

- Солай екен-ау, - Әлі тағы үнсіз қалды, - Ия, солай екен-ау...

Енді Дүйсенбайға қарап әлдене ойына түскендей жымың етті. «Осы Дүйсенбай бір жолы Шу бойына барымтаға барып, ағайынды атақты екі ұрының қолына түсіп қалады. Олар мұны киіз үйге қамап тастапты. Сыртына күзет қойыпты. Таң ертең ағайындылар: «Әй, әлгі үйсін не істеп жатыр екен, көріп кел» депті.

Жіберген жігіті барып, қайтып келген бетте жырқ-жырқ күле береді дейді. «Ей, денің сау ма? Неге сонша күлдің?!» дейді ағайынды ұрылар. Сөйтсе әлгі ішін баса күліп, сұқ саусағын киіз үйге қаратып, одан сайын күледі дейді. «Не болып қалған» деп ағайынды екеуі сүріне-қабына киіз үйге жетіп, жабдықтан сығыласа, Дүйсенбай тыр жалаңаш шешініп тастап, тердегі құрым киіздің үстінде молдастап отырған көрінеді, екі немесін ұстап. «Ей, мұның не?» деп екеуі есікті ашып таласа-маласа Дүйсенбайға жекімей ме? Сөйтсе, бұл да қасқыр: «Е-е, қайбір жетіскенімнен отыр дейсің. Бір қауым ағайыным аш еді. Соларға өлмесем, кеше қарай бір қараны жетектеп әкелем деген уәдем бар еді.

Мен жоқ болған соң, бәрі жабылып құмалақ салып жатқан шығар. Ең болмаса, менің тыр жалаңаш екенімді көрер деп шешініп тастап едім» депті аспай-саспай.

Дүйсенбайдың тапқырлығына ризалықтарын білдірген ағайындылар: «Әй, енді бұдан былай барымтаңды қой. Елің аш болса, бір тайды қидық» деп аман-есен қайтарған көрінеді.

Қазақ та қайбір тоқ дейсің. Тыр жалаңаш демесең де жалба-жұлба киім киіп, таңның атысы, күннің батысы колхоздың жұмысын істеп, ақысына бригадирден қос уыс талқан етіп, талғажу етумен келеді, алпысқа шыққанда, күшің қайтқанда зейнетақы да жоққа тән...

Жоқшылықтан-тоқшылыққа қашан жетер екенбіз?..

Әлінің неге жымғанын Дүйсенбай ақын жүрегімен сезді де, өзі мұңданды.

* * * * *

Әлінің тұла бойғы тұңғыштары Зибагүл мен Ибагүл еді, содан кейінгі көргені қарсы алдында молдастап отырған, бет-пошымы өзіне келіңкірейтін Әбілқасымға осы жолы неге екені белгісіз тесіле қарасын. Қу тірлікпен жағаласып жүріп көп нәрсені байқамайды екен-ау. Ол да дөңгелетіп сақал-мұрт қойыпты. Онысы жалпақтау бетіне жарасып-ақ тұр.

Ұлының да жылы өзінікідей тышқан еді. Әкесі Орынбай қалпе бұл он сегізге келгенде Талас өлкесіне белгілі Әйшек байға құда түсті. Байдың қыстауы Сыздық қожаның мешітінің манайы болатын. Әшекен жарықтық қоңырдың жамантұмағының баласы еді. Байлығы жағынан, ана Қызылжар. Қызыларықтағы Бөлтірік бай ғана шендесе алатын. Кіл керден күйрек қазақы қойы қысы Мойынқұмның қатпар-қатпар құмына сыймаса, көктем, жаз Қаратаудың беткейінде қоздап, қырдың сәніне айналатын өңшең жирен түстес үш мың жылқысы Ақсай, Қаратөбе, Еспе үстін бермей Өтеулі бай екеуі өріске таласып қалушы еді. Көк алалы жылқы Асадан топырлап келіп су ішкенде таусылмас мол суы ортаатындай көрінетін.

Орынбай әулеті мал жинамады. Сикымбай ғана қарақалпаққа барып болыстыққа қолы жетсе, Әлінің көзін ашқаннан бергі кәсібі – диканшылық.

Дін жолына түскен соң ба Орекен ұлдарына «артық дүние жинама, адал еңбегің ғана асырар, атақ-даңқыңды аспанға шығарар» деп

құлақтарына құмомен өтті.

Өшекең Қарабайдай саран емес, аңкылдақ, қолы ашық, көкірегі ояу кісі, денесі алаңқайдай мол пішілсе, соған сай еді ғой, тап Орынбай Балсұлуына құда түскенде көкірегінен кері итермеді, қайта алабөтен қуанғандай. Енді қалай Әлі көрер көзге сүйкімді бейнеткеш әрі балуандығымен аймаққа белгілі болып қалған. «Теңін тапсан тегін беремін» деді ол желпініп.

Балсұлу байдың бұла өскен жалғыз қызы. Тастай ғып өрген қос бұрымы оқтайдай түзу аяқтарын аймаласа, бидай өнді, нәркес көз, хас сұлу. Көзінің қарашығы шымқай қара түнді елестететіндей мөлдір. Денесі тіп-тік, қыпша белі үзілердей. Жігіт түгілі былқ-сылқ басқан жүрісіне қыздар қызығатындай маңмаңгердің нағыз өзі.

Інілері Жүсіп, Мәділерді бір шыбықпен айдайтын әм ерке сылқым. Күлгенде үні тамағынан күміс қоңыраулатып сынғырлай шығады.

Талай бай-бағлан құда түспекке ниеттенгенде «Қызым өзі біледі» деп ынғай бермеген Әйшек Орынбай қалпенін тілегін жерге тастай алмады.

Қазақы салт-дәстүр, ырың-жырың көп емес пе. Кәде деген жыртып артылады. Құда мен құда қол алысып, төс қағысса, Әлі де ұрын бару, қалта қағар, қол ұстатар сияқты кәделердің неше түрін бастан кешті. Балдай тәтті Балсұлуға ұнағаны Әлінің біртоғалығы шығар. Жоқ әлде келісті түрі ме, әйтеуір өлердей ғашық болды да қалды. Сапақ датқаның асында күреске түсіп, қарсыластарының қабырғасын қақыратқан Әліге Балсұлу ғана емес, талай сұлу ынтызар көздерін қадап, жұдырықтай жүректері дүрсіл қаққан. Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған ғой. Үлбіреген еріндер өбісіп, ыстық жүректер бірге соғар сәтке дейін ардан аттамайтын екі жас содан үйленгенше бір-біріне тіке де қарай алмапты-ау.

Орынбай шама-шарқышына қалың малын төлесе, қызын жасаулатып ұзатарда Әйшек бай жүдә ханға лайықты тірлік жасады. Тоғыз түйе, тоғыз ат бастатқан қыз көшіне, әрбір аттың ер-тұрманын алтынмен аптап, күміспен күштеді, тіпті үзенгі, таралғыны алтынмен булады. Қарада жоқ тірлікті жасап, екі күтушіні қоса аттандырды.

Мезгіл сарша тамыз өтіп, қыркүйектің ортасына қарай ауған.

Қазақтың ежелден келе жатқан салт-дәстүрі – үйлену тойын, дән біткеннің толығып, мал біткен семіретін, сары қымыз-қымыраны бабына келетін – алтын күзге қалдыратын. Көктемнің жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер кезі мен қара сорпаңды шығаратын шілінгір шілде мезгілінде дені, делбезесі сау қазақ баласы жас жұбайларға қолайсыздық туғызады деп той өткізбейтін.

Адам да табиғатпен тамырлас емес пе, күзде балғын дене де толысып, кемеліне келер дүр деп есептейтін.

Жаз, күз Қаратаудың баурайын жайлайтын Орынбай ауылында 1907 жылдың қыркүйегінің он бесінші жұлдызында ұлан-асар той өтіп, Әлі мен Балсұлудың бақытты ғұмыры басталған.

Текті жерден шыққан соң ба Балсұлу қанша ерке өсті десең де – ақылы өзіне жетерлік. Қыз қылығымен, әйел – парасат, пайымымен сұлу. Намысты әйел – бір шаңырақтың емес, күллі әулеттің киесіндей де. Еркек үйдің иесі, әйел оттың киесі деп отыратын Орынбай әкесі. Балсұлу әулеттің сыйлысына айналды. «А-й» деп Әліге дауыс көтермеді, «е-е» деп қайнаға, қайындарының алдынан шықпады. Тот баспайтын асыл еді, сол жарқыраған күйі өтті өмірден.

1928 жылы Тойшыбек ойда жоқта Әліге қолқа салған. Ағайындары Мүсірбек өліп, оның желегі желбіреген Балатай Құтпанайқызы қара жамылып жесір қалған. Жылы өткен соң оны Созақтағы төркіндері алып кетті. Ақсақал, қарасақалдар бар ақылға келіп: «Жесірімізді қаңғытып жібергеніміз қалай?» - деп салды. Іште бала кетсе, аңырап ана кетсе – ағайынға сын. Жетімімізді жылатпаған, жесірімізді қаңғытпаған жұртедік. Неге рұқсат бересіңдер? - деп Мүсірбектің маңқылдаған ағайындарына ұрысты. «Көздеріңнің майы жоқ, көкіректеріңде намыс оты жоқ» деп қатты кетісті. Дуылдаса, дуылдаса Тойшыбек болыс комиссары бастап қырық шақты тәуірлер жесірлерін алып келуге аттанды. Осы топқа Әлі де енді.

Екі күн жүріп Қызыл көлдің оңтүстігіне таман – Келіншек тауының етегінде отырған Құтпанайдың аулына да жетті-ау. «Оу, жау қуғандай бұлардың не?» деп шегір көз, кең танау, жалтыр маңдай үй егесі шошып кетті. Әңгімені, екпіндеп сөйлейтін Тойшыбек бастады.

- Өмір бар жерде өлім бар, - деп әкесі Сапаққа ұқсап сөзін мақалдап бастады. – Шабысатын ел емес, табысатын жұртпыз, жоғымызды іздеп келдік, бір билігін берер Сіз деп келдік...

Балатай да Құтпанайдың жалғыз жауқазыны іспетті.

- Қыз Жібектің ақтығы,

Жаңа туған ақ қардай, - демекші әппақ, бетінің қаны тамып тұрған, сағақты хас сұлудың тап өзіндей. Ән салғанда аққудың көгілдіріне ұқсап кететін шіркін! Әсіресе мойылдай қара көздері мен ұзын қайқы кірпігі кімнің болса да есінен тандырардай, жүрегіне найзадай қадалып арбайтындай...

- Уай, ағайындар! – деді Құтпанай да мол денесін қозғалақтата, -

Айтып тұрғандарының бәрі рас. Құдалар жесірімді жібермейміз десе, қалалы тар жерде жылатып әкелер ме едік? Ет пен сүйегі Қуандық әулетінікі емес пе? Құдай үйіне жіберген қасіретті қызымнан көрді. Түртпектеді.

Құтпанай ойында жүрген өкпесін ірікпей айтып қалды.

- Өкпең орынды, - деді Мелдебек би де киліге, - Өзің білмесең білгендігің қайсы демей ме. Қуандық әулеті білмесе ара ағайыны біз бармыз құдайға шүкір. Қызымыз ертен басқа біреуге тиіп кетсе, ол мына бізге сын, жағылған кара күйе. Жесірін қанғыртып жіберді деген сиықсыз атқа қаламыз. Әменгерлік салтына салсақ дейміз. Әдейі біраз жігітті ерте келдік. Келінім ұялмай қалауын білдірсін, біз екеуінің басын қосып, ақ батамызды берейік.

Тосын уәжде Құтпанай мен бәйбішесі Дариға да тоқтады.

- Әуелі қызымызбен ақылдасайық, - десті ақырында, - Бірақ, Қуандық әулетіне талатып қоятын қызым жоқ. Оны теліп әуре болмаңдар.

Тойшыбек, Мелдебектер мақұл десті... Қыз хабарын, қалауын ертесіне бір-ақ жеткізіпті.

- Менің қалауым - Әлі, - депті сұлу.

Тап осылай болары түсіне де кірмеген Әлі қатты састы.

- Көкелер-ау менің әйелім, бала-шағам бар, - деді көзі ұясынан шыға.

- Әй, Әлі! - деді Тойшыбек, - Тәжікелесіп отыратын жер емес бұл. Әкең Орынбай да үш қатын алған. Балсұлуға өзіміз айтармыз. Қыз қалаған екен, көнесің. Ақсақалдар шешімі заң, ата-баба салты екенін ұмытпа.

Әлі қатты састы. Елдің салтында тоқалды бәйбішесінің келісімімен ғана алатынын білетін. Соны алға тартып еді, отырғандар көнбеді.

Апта өткен соң Балатай Әлінің үйіне келін болып түскенде, әркім әр қалай дуылдасты. Ел ағалары Балсұлуға тілдері жеткенше айтқан... Көзі жастан боталаған сұлу:

- Сіздер ұйғарсаңыздар, солай болады да, - депті...

Әлі табалдырықты аттағаны сол, он төрт жыл бойы күйеуінің бетіне тік қарамаған Балсұлу жылап қоя берді.

- Отағасы-ау, менімен бір ауыз ақылдасып, келісімімді алсаң етті, маған өкпелеген, сені өкпелеткен, алдыңды қия басқан жерім жоқ еді ғой. Бұл неғылғаның?!

- Қариялар солай ұйғарды, - Әлі осыны айтып құрақ көрпенің үстіне отыра кетті, - Балсұлу өкпелеме. Сені ренжітпесін өмір бойы...

Ашуланып, бетбақтық танытса ... ойбай-ау, Әлінің қатыны тоқалды қығышып, қырғын салыпты, - деп абысындарының саусақтарын шоппайтып табалары хақ. Өстіп масқара болу - қорлыққа тең. Ұятты ойлаған Балсұлу одан ары қарай ұрыс-керіс шығармай, іштен тынды.

Іскеуінің үстінен қайнағасы Сиқымбай кірді:

- Келін шырақ, Әліні жазғырма. Қалау осыған түсті, - деп әңгімеге нүкте қоя сөйледі.

Балсұлу толық алқызыл ернін тістеді. Өксігі ішіне төгілді. Қаншама «қондім» дейін десе де күйік таза өзегін өртеп кеткендей.

Жұрт беташар, ұйқыашар деп дуылдасып, шуылдасып жүргенде Балсұлу айықпас дертке шалдықты. Ай өтпей жатып, ақ төсекте сұлқ жатып Әлімен үзір-мәзір айтысты.

- Қайтейін, бақытты бол Әлім! - депті ақтық сөзінде, - Кештім. Әбілқасым үшін кештім...

Әшейінде сырт көзге сынбайтын қарағаштай көрінетін Әлінің көзінен жас бырт-бырт үзіліп түсті.

- Сен де кеш, Балсұлу, - деді оның алақанын ұстап аялаған күйі...

Қазаға ауыл қайғырысты.

- Адалдық деген осындай-ақ болар, - десіп Тойшыбек, Мелдебектер өкіністі. - Байғұстың обалына қалдық-ау.

Қызының қазасы қарт Әйшекті жүдә қаусатып кетіпті. Қарап жүре ме, қарадай қапаланған шалды қайраушылар да шықты.

- Күйеу балаңыз Әлінің кесірі, - деді Құмалақ басы қалтандап, - Балсұлуды ұнатпаса, кінәсін тауып талақ демей ме? Сізді басынып отыр Орынбайдың бәлтірігі!

Біреу қойт-қойттаса баладай сеңгіш қазақтың баласы емес пе, Әйшек те:

- Жасаған жасауымның өтеуі осы ма? - деп кәдімгідей қамықты.

- Кеңес өкіметі көп қатын алғанның жауы, - Құмалақ отқа май құя түсті, - арыз жаз.

Қаза үшін қаншама қайғырғанымен Әйшек Құмалақтың азғыруына көнбеді. «Не деп жазбақ? Жазғанымен Балсұлуы тіріле ме? Оның үстіне көз жұмарда «кештім» деп кетіпті... Әйшек өзіне өстіп сауал қойып, ойына тежеу салды...

Әлі кейін естіді. Арызды қайын атасы жазбаса да Құмалақ жазыпты. «Өңшең би-болыс, байлардың тұқымдары қазақтың салт-дәстүрі деп қатын үстіне қатын алып жатыр» деп шатпақтап жазған екен, оны оқыған Дүрімбет баласы Жүнісбек: «Екі қатын алмасын деген заң-зәкүн

әлі шыққан жоқ. Еркімен болған іске Кеңес өкіметі түк те істей алмайды, Құмалақ жолдас» деп хатшысына жауап жаздыртқан.

Ит Құмалақ іш тарлығын бәрібір қоймады.

Аудан құрылған жылы байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы Үкіметтің Қаулысы шығып, Шымкенттен облыс бойынша құрылған комиссияның уәкілі Тоқтасын Жүзбаев әлекейдей жалаңдап келген бетте, Атшабарда отырған Әйшектің отының басына ойран салып, мал-мүлкін бірін қалдырмай тәркілетіп, өзін Лақтың батысындағы биікке «жеке тұр» деткізіп, киіз үйімен көшіртіп тынды.

Қақаған қыста Әйшек бай мен кемпірі Кұлжан екеуі өстіп ассыз-сусыз қалған. Ағайын-туыс барып қол үшін беруге қорқады. Балсұлудың қазасынан кейін төменшектеп қалған Әлі ағасы Сиқымбайға:

- Сиеке, мен барсам қайынатам мен қайыненем оң қабақ таныта қоймас, Күдеке деп Сізді сыйлайды. Аз-маз азық алып барып қайтыңыз. Я, әйтпесе аудандық атқару комитетінің төрағасы Палманов Икрамға жолығыңыз, елдің ішіне көшіріп алайық, - деді.

Сүттей ұйып отырған жұртты бай, кедей деп бөліп тастаған Кеңес өкіметінің белсенділеріне Сиқымбай да разы емес. Әсіресе, Құмалақ сынды белсенділері ақкөзденіп алған. Қит етсең ауданға қарай тура шабады. «Ойбай, Кеңес өкіметін құлатайын» деп жатыр деп бабалам салса, ұзын бесатар мылтықтарын шошаңдатып қызыл әскерлері дайын тұр. Аттарын борбайлатып Көшек төбенің баурайындағы – Ойықтан шауып келеді. Келе қазан-ошағынды төңкеріп, бес-он тұяғынды айдай кетеді. Тура баяғы Жәңке-Мөңкенің тірлігі.

Інісі айтқан соң Сиқымбай тәуекелге бел буып құдасының үйіне барған. «Ер арыса әруақ» демекші кешегі күні екі бетінен қызылы тамып тұрған Әйшекең жарықтықтың жағы суалып, екі көзі үңірейіп, тірі әруаққа айналышты. Жардай кемпірі – құдағиы да айдай ажар-көркінен ажырап, жапырағынан ажыраған ағашқа ұқсап қалғандай... Екі ұлы Жүсіп пен Мәділердің де түрі адам шошырлық. Кір қожалақ. Жетім балалардан әрі жаман.

«Бөрі азығын білдірмес» дейтін қазақтың баласы емес пе Әйшек бай да көкірек көзі жеңіп:

- Сиқымбай құда, келгеніңе мың да бір рахмет, - деді тамағы қырылдай сөйлеп, - Сені де түсінемін. Жаныңды шүберекке түйіп келіп отырсың әрине. Бәлшебектер білсе сені де аямас. Кешегі биттер балаққа шыққан заман-ай...

Әйшекең өстіп қамыға сөйлегенде кемпірі Кұлжан тіпті кемсендеп

жылап:

- Құда-ау, бұл құдайға не жазып едік? - деп дауысқа салды.

Сиқымбай Әйшекеңе жұбату сөздерін айтып болысымен:

- Жұрттың ортасына көшіп келсеңізші, - деп қолқалады.

- Үйбай-ай, ол жаққа бізді Құмалақтар қондыра ма? Әй, қондырмас. Құдасы ашына күрсінді. – Ол ит... – Ар жағын айтпай ішіне бүгіп қалды.

Құдасы Құмалақтың бұл әулетке неге өш екенін шамалайды. Ана жылы ол да пәнде нан талап қой Балсұлуға сөз салыпты деп естіген. Сонда бұла өскен сұлу:

- Еркектен гөрі әйел тәрізді сыпсың ауыз саған тигенше өлгенім артық, - депті-мыс.

Құмалақ сол сөзді кешіре ме тірі жүргенде. «Тұқымыңды тұздай құртамын» депті кіжініп. Әсіресе, колхоз басқармасының төрағасы болғалы, тасы өрге домалап тұр.

Қоштасарда Сиқымбай құдасына ақыл берген.

- Жүсіп пен Мәдіні Әулиеатаға асырайық. Босқа өліп кетер. Кәзір жан-жақта аш қасқырдай жалаңдаған аш-жалаңаштар өріп жүр. Бір-бірінің етін жегендер шыға бастады, - деген.

Қиналса да құдасы көнді. Сол түні қос атпен Сиқымбай Әулиеатадағы балалар үйіне екі жиенін басқа фамилиямен өткізіп қайтты.

Ол әңгімесін он күн өткен соң барып Әліге жеке құпиялап жеткізген. Иттен де иісшіл Құмалақ Сиқымбайдан сезіктенісімен ауданға «байдың қол шоқпары» деп жамандап жеткізген. Әбиір болғанда Палмановтың орнына төрағалыққа келген Жүнісбек Дүрімбетов Сиқымбайды «Қызыл октябрь» колхозына бастық етіп жіберіп Құмалақтың аузына құм құйыпты...

Сол жылы «нық план» деген бәле қосарлана шығып Созақ, Сарысудың қазақтары текке өлгенше жастығымызды ала өлейік деп қарусыздығына қарамастан Кеңес өкіметінің кеңселерін киратып, уәкілдерін ұрып-соғып, оған қарсы Шымкенттен Қасымов, ауданнан Қашқынбаев бастаған «баскесерлер» отряды шығып, көтерілісті қанға бөктіргенде, оттың ұшқыны Таласты да жалмап өтті.

Күніне бір сұмдық хабар. Соның бірі – екі үш жыл бұрын ғана кімсің Әйшек бай атанған атасы мен енесінің қыр басындағы қараша үйінде аштан өлуі еді...

Әлі сол күннен бастап Кеңес өкіметін іштей жек көріп кетті.

Аяулы Балсұлуының көзі – мына отырған Әбілқасым да бүгіндері

қырықтан асып, елуге аяқ басып, әкесімен нық тірестіріп естіген әңгімесін айтып отыр.

- Жүсіп қырғыз асқан. Өлі-тірісі белгісіз. Мәді інісі соғысқа аттанып, одан оралған жоқ, жалғыз ұлы Маратты Жамбылда деп естимін.

- Ойпырмай-ә, ойпырмай-ә. - Өлі кәдімгідей састы. Балсұлуы: - «Амансың ба Әлі» деп есіктен кіріп келе жатқандай әрі-сәрі күйге түсті...

- Ай, ана Әбуғали ініңе айт. Іздесін, тапсын, - деді кенет саңқылдай сөйлеп.

Әбуғалиы Балатайынан туған ұлы. Еті тірілігі арқасында оқу бітіріп, қызметке жарап қалған. Өзі кішкене денелі болғанымен талабы таудай. Өткір, пысық. Тас жаратынның нақ өзі, саңқылдап сөйлейді. Өзінен кейінгі іні-қарындастарын түгел сүйрелеп жеткізіп келеді. Балатайы о дүниелік болғанда тағдыр Өліні Мәйкөнге қосты, момын жан еді марқұм, Әлимашты босанысымен көп ұзамай ол да фәнилікке аттанған.

«Алты қатын алса да ауындағыға тартады екен. Құмалақ арыз жазады» деп Өлі тартынбады бәрі бір. Соншама рет некеленді. Төртінші әйелінен Тамаштан - Әбдіәшім, Әсия, Зиякүл, Әміркүлді сүйді. Әрқайсысының өз тарихы бар, өз тағдыры бар.

Өттең соның барлығы бір ғана аяудысы - Балсұлуға жетер ме? Өкініші көңілден кетер ме? Кетпес. Асқақтаған, талайдың обалына қалған Құмалақтың сүйегі шіріп кетті. Ол түгілі, баласы Сабалақ не көрсетпеді. Хрущевтің тұсында әкесінен асып түсті. Белсенділігі жөнінде де. Жұрттың жылқысын етке өткіздіріп жүргенде, Өлінің текті тұлпары - Көкдауылдың жұрнағы - ақтаңгердің тұяғы жүрегіне тиіп, содан жазылмады...

Қасқадан - қасқа тумаса да, төбел туады. Брежневтің тұсында Сабалақтың - Сиязбегі өршіленді.

Алла - хақ. Тәккәппәрсінғанның көбін тәубасына келтіретіні және хақ.

- Көке, не ойлап кеттіңіз? - Әбілқасым да әкесіне бажайлай көз тастады.

- Ештеңе. Әбуғалиға айт дедім бе? Нағашыларыңды тап. Ештен кеш жақсы.

Әкесінің неге бұлай дегенін Әбілқасым түсінбеді. Өлі атасының аманатын отыз жыл өткен соң, немересі Әбілқасымұлы Дүйсен орындады.

1961 жылдың көкөрайлы көктемі еді. Терезе алдындағы кішкене қобдиша сайрап тұр.

- Космосқа адам ұшты! Тұңғыш Кеңес космонавты - Юрий Алексеевич Гагарин, - дейді диктор өңеші жыртылғанша.

- Ғарышқа. - Өлі аң-таң, - Байғұс-ау, оған жеті қат жер үстіне ұшып не бар.

- Әмірикадан озамыз. Ана жылы ит ұшқан, енді адам ұшты, - деп. Сабалақтың баласы - Сиязбек өзі ұшқандай қуанып жүр, - Иттен гөрі адамның ұшқаны сұмдық қой.

- Қазақ па ұшқан? - Өлі ол әңгүдіктен қайыра сұрады.

- Қайдағы қазақ! - Сиязбекке бәрібір, - Кеңес адамы. Енді сексен-тоқсаныншы жылы орыс, қазақ, өкراین деген болмайды. Кеңес адамы деген болады. Бәріміз бір тілде орысша сөйлейміз.

«Қап, иттің ғана баласы-ай. Қансыз... қызталақ. Айтып тұрғанын қарашы, иттің баласының». Өлінің қаны басына шапты. Жүрегін ұстап сәкіге отыра кетті.

Сиязбектің онымен ісі жоқ, төбесі көкке бір елі жетпей, жалғыз көшені басына көтеріп, елден «сүйінші» сұрап барады.

- Иттің ғана баласы-ай! - деді Өлі енді даусын шығарып... - Не деп кетті. Қазақ деген жойылады деді ме? Бәріміз орысша сөйлейміз дейді. Кеңес азаматы. Сондай да халық болмақ па?

Енді ол уайымға батты. Дүниенің бәрі алдамшыдай көрінді. Ешнәрсеге зауқы соқпайтындай.

... Өлі қарт та жетпіс үш жасқа қараған шағында көп жұмбағын жасырып, қайтпас сапарға аттанды.

Өлі палуанмен қоштасу үшін аудан басшысы Әбдіқадыр Жүргенов пен тө-өу Мәскеуде бүткіл қаракөл шаруашылығын басқарып отырған баяғы Мұқанның баласы Халкен де жетті...

- Елге келгенде ең алғашқы сәлем беретін абыз қартым едің, - деді ол көзіне жас алып.

Жан аяспас досы Зүннүн қожа да жетті. Өте білімдар кісі еді. (Кейіннен араптағылар оның шежіресін тауып, білімін жоғары бағалап шейх атағын берді. Бүгіндері оның ұлы Әбдібахит ислам дінін уағыздаушыларының бірі - авт.) Екеуі қатты сыйлас еді. Ақыры Өлінің жаназасын Зүннүннің әзі шығарды.

Әркімнің өлшеп берген жасы, талайғы тағдыры бар да.

Әлінің жан баласына шашпай кеткен бір сыры бар-тұғын. Ол – Саңырық, Итемген, Қалеттерден қалған – аманат – тәуелсіздік. Ақтамберді оны тайсалмай жырға қосты. Кеңес дәуірінде бірде-бір ақын өйтіп айта алмады. Айтқаны айдалды...

Қазақтың қарапайым қара шалдарының аңсаған тәуелсіздігіне тағы отыз жыл, оның аяғынан қаз тұруына ары қарай тағы отыз үш жыл барлығын болжайтын Майқы би де тумаған.

Бірақ, ұлттың ойлайтын, сол үшін түн ұйқысын бөліп, бөріше тыным таппайтын – ержүрек Қас Сақтың ұлдары тумаушы ма еді... Ұлт тірі тұрғанда ұлы да туады. Қазақ үшін арпалысқан Тұрар Рысқұловтан бастап, Жұмабай Тәшенов, Дінмұхаммед Қонаевтардың көшін, көш тізгінін – Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстауы да – тәңірдің сыйы еді, қадірлі оқырманым.

ЭПИЛОГ ОРНЫНА

Үшаралда Орынбай одан қала берсе Әлінің әулеті жайлы әңгімелерді бала күнімен естіп өсіп ем. Әсіресе Әбуғали ағаны жақсы танитынмын. Кішкене бойлы, тығыншықтай, аққұбаша келген, көзі жанып тұратын, жігерлі сөйлейтін кісі. Ұзақ жылдары ауданда партия, Кеңес ұйымдарында басшылық етті, мектеп директоры болды.

Жолыққан сайын:

- Әй, Сәулембай, Кеңес өкіметі Саңырық, Итемген, Қалет батырлар туралы ештеңе айттырмады. Атам Орынбай мешіт ұстап, осы өңірдегі талай ағайынның тілін кәлімаға келтірген, қалпе екен, - дегенде шыны керек терең құлақ қоймаппын.

Марксизм-ленинизмнің миымызды әбден улап тастағаны да, әйтпесе түртпектей берер ме едім. 1993 жылы Саңырық батырдың 300 жылдығы аталар тұста Әбуғали аға көп жүгірді.

Білімді, зиялы кісі еді марқұм.

Әбекеңнің үлкен ағасы Әбілқасым аға құдай деген момын адам өзі, мығым мінезді, анау-мынауға көтеріле қоймайтыннан. Әбілқасым ағадан - Әбдіжәлил, Дүйсен, Әбдімүтәліп, Әбдісағит, Досмұханбет, Әбдірахмет тарайды.

Әлінің, жаңағы өзіміз әңгіме еткен Әбуғалиінен (1930-1998жж.) – Қадыр, одан – Ерлан, Іскендір, екінші ұлы Уәлихан, одан – Ерназ, Ердос, үшінші ұлы Шоқан, одан – Ернұр, төртінші ұлы Рүстем, одан – Ерғали, Ерасыл және Әлінің ұлы Әбдіәшім, одан – Бақытжан, Бақтияр, Дәурен.

Әбдіәшім ағаны да бала кезімнен жақсы білемін. Үшарал орта мектебінде бізден жеті сынып жоғары оқыды, алтын медальмен бітірді.

Аға, бізде оқып жүргенде Үшарал орта мектебінің ұстаздары аудан емес, облысқа үлгі тұтарлықтай-тұғын. Фарабитану ілімін алғаш зерттеушілердің бірі, бүгіндері физика ғылымдарының докторы, профессор Ауданбек Көбесов, кеменгер жазушы Мұхтар Әуезовтің сүйікті шәкіртінің бірі – Керімби Амантаев, кітаптағы Жүнісбек Дүрімбетовтің ұлы, мектеп директоры, Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген ұстаз Ермек Дүрімбетов, асқан математик, әрі керемет домбырашы Жаңабек Әбдірайымов, білгір тарихшы, ақылман ұстаз Төкен Әбдібеков сияқты ғұламалардан дәріс алдық қой...

Әбдіәшім аға кейін Алматы ауылшаруашылық институтын қызыл дипломмен тәмәмдап Жамбылдағы жылжымалы механикаландырылған су жүйелері құрылыс коллонасын ұзақ жыл абыроймен басқарды.

Замана өзгеріп коллонна жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналғанда соның Бас директоры қызметін атқарып жүр. Бір орында, бір салада 40 жыл қалтқысыз қызмет атқарған ағамыз Әлі көкемнің нағыз жол ашары. Әкесі совхоздың Бас мұрабы болып істесе, Әбекеңнің облыстағы су жүйелерін салудағы еңбегі ересен енді. Ойық, Шу, Жамбыл, Байзақ су жүйелерін мен Теріс-Ащыбұлақ, Тасөткел су қоймаларының барлық құрылысын басынан өткерген азамат.

Әбдәшім ағаны неге екені белгісіз Әбдеш деп атайды. Сірә да жеңгелері солайша атап еркелетті ме, кім білсін. Бәлкім аналары солай атаған шығар.

Кеңес Одағы ыдырап, фабрика, зауыт біткен тоқтап, құрылыстар құрдымға кеткенде Әбдеш аға басқаратын №109 жылжымалы құрылыс коллоннасы да банкротталудың кебін кие жаздаған-ды. Сол сұмдық кезеңнен мекемені аман-сау алып шығу айтуға ғана оңай.

Ол туралы «Көк қасқырдың оралуы» деген кітабында шамалы баяндағанмын. Теріс-Ащыбұлақ су қоймасы күрделі жөндеуден өткізіп жатқанда Премьер-Министр Даниял Ахметов (қазіргі Қорғаныс Министрі-Авт.) пен облыс әкімі Бөрібай Жексембиндер арнайы келіп, жоғары бағасын бергенін Әбдеш аға маған айтпады. Мақтанға жоқтығы шығар, ол әңгімені өзгелерден естігенмін.

Өндірісте істейтіндер әңгімеге аса үйір бола бермейді. Әбекең тарихқа, шежіреге қанық кісі... Жеті атаны былай қойғанда, қазақ тарихының ұңғыл-шұңғылына жетік. Жылы, айы, күніне дейін айтатынына таң қаласың. Қазақ мұндайды «құйма құлақ» деп жатады...

Ата-баба аруағын қастерлеудегі іс-шараның біреуінен қағыс қалмапты. 2006 жылы жазда жолыққанымда Үшаралдағы Сапақ датқа, би, шешеннің кесенесін қайта жаңғыртуда кәсіпкерлердің басын қосып жұмыс ұйымдастыруды Талас ауданының әкімі Батырбек Әбдірәсілұлы Құлекеев өтінгенін айтып отырды.

Ағасына сенім артқаны шығар. Әйтпесе байлығына мастанып Айдан жер сатып алғысы келіп жүргендер аз ба?

Тектіліктен-кісілік, кісіліктен-кішілік шығады. Негізі жарымағанның көзі дүниеге тоймайды. Ала берсем, жей берсем, асай берсем дейтін қорқаулар жүдә көп. Әбдеш ағаны байқағаным – құдай деген, қанағатшыл адам. «Семіздікті қой ғана көтереді» дегендейін е-е кеуде соққылап көкірегін ұрып, біреуге жұдырық түйіп текірек қаққанын көрмеппін. Мінезге бай адам.

Ата-бабаларының, ұлы аналарының қанымен дарыған қасиет пе

дейсін.

Бірде немере інісі Дүйсеннің үйінде өткен тарихты әңгімеледік. Айта-айта Ақтамбердіге ойыстық. Бала да болсам Әлі, Әліәбдімәлік, Мәлкіайдар аталарым «е-е, ол Сарының жалғыз еді деп айтып отыратын» деді. Жырау төңірегіндегі дау-дамайды айтыстық. Ошақтының шежіресін жинап, бастырушы Нәсірхан ағаның Семейге дейін барып қайтқанын әңгімеледік. Жақсыда жаттық жоқ демекші жырауды арғын да, найман да өзіне тән көрсе несі айып? Бірақ арғы-бергі арғын, найманды түгендеп атақтыларын қоймай жазған мың болғыр Мәшһүр Жүсіп неге Ақтамбердінің шежіресін таратпаған дестік.

Мен қазақтың үлкен жазушысы Мұқанов Сәбиттің 1940 жылы Қошқарбайұлы Шашубай деген арқалы ақынмен әңгімелескенін «Кенесары-Наурызбай» деген зерттеу мақаласында жазғанын, онда ақынның Ақтамбердіні Орта жүз арғын руынан екендігін, Уәли ханмен замандас ғұмыр кешкенін айта келіп, «бірақ нақты қай рудан екенін айта алмады...» дегенін еске алдым. Сірә да Ақтамбердінің арғын қанжығалы Бөгенбай батырға өкпе-наз айтуы да оның ол руға еш қатыстығы жоқтығын аңғартқандай. Бүткіл қазақ жүзін, ханын түгендеген Мұхамеджан Тұңғышбаев та арғын, найманнан шыққан атақтыларды адақтағанда Ақтамбердіні аузына алмайды. Сірә да, ол кісі де әруақты меншіктеп алғанды қаламаған-ау.

Өткен ғасырда Талас өлкесінде ақындықпен аты шыққан Төреқожа, Дүйсенбайлар Ақтамбердіні «өзіміздің ошақты тасжүрек еді» деп отырғанын Әбекең де, Дүйсен де естісе керек-ті. Бірақ, Кеңес өкіметі кезінде байшыл, ақырзаманшыл, уайымшыл ақындарды көп ауызға ала бермейтініміз. Соның салқыны шығар...

Орынбай әулетінде де оқымысты білімдарлар жетерлік болғанын Әбекең жақсылап айтады.

- Үлкен апамыз (Орынбайдың қызы) Салтанат араб, парсы тіліне жетік екен, ұлы атамыз оған Омар Хаямның, Фердоусидің ғазалдарын оқытып тыңдағанды жақсы көріпті. Апамыз байлы қабыл Тұрсынбай деген кісіге ұзатылып, әулет анасы атаныпты. Сол байлыдан шыққан Мелдебек болыс қызы Зиба шешемізді қалыңсыз Сикымбайға қосқан. Сиекең атамыз тө-өу күңгей Созақтағы ыстының тілігінің Мәрия атты қызын он үшке шыққанда үлкен ұлы Әбілмәжінге қосыпты...

1930-1940 жылдарғы зобалаңда Сикымбай әулеті де қалпе, болыстың тұқымы деп көп қиянат көрді. Ол туралы осы кітапта біршама жаздық та.

Әбдеш ағамен сөйлесе қалсаңыз көкірек көзіңіз шәйдәй ашылады. Дүйсен мектепте қатар оқығанымызда әңгімеге жоқтығымен ерекшеленетін. Өмір, орта, тек адамның екінші тынысын ашады ма, әйтеуір ол да шығыс ғұламаларының жауһар жырларын жатқа соғатын болыпты. Әсіресе Қожа Ахмет Яссауидің хикметтерін көп білетін сияқты.

Ағамыздың үйіндегі Зағипа жеңгеміз орта жүздің қыпшағы. Денесіне мінезі сай, ашық, ақылды, парасатты әйел. Жігіттің қосағы мықты, құрсағы құтты болса – бақыттың үлкені сол ғой.

Баяғы Саңырық батырмен тізе қосып шайқасқан Бәрібай батыр атындағы каналды қалпына келтіру бақыты да Әбдіәшім ағаға бұйырғанын айтсаңызшы.

Қорытындыны Сиқымбай әулетінен бастауым керек-тін. Бұлайша әңгімелеп жатқанын, өзім жақсырақ білетін кісілерге деген ерекше ілтипатым.

Оранбайұлы Сиқымбайдан - Әбілмәжін, Әбілхайыр, Базарбек. Әбілмәжіннен - Керімқұл, Керімбай, Әбдікерім. Әбілқайырдан - қызбала - Қыздарқұл.

Орынбайұлы Мәлкіайдар, одан: Әбдіразақ, Басира, Әбибулла, Амангелді, Қуандық.

Әбдіразақтан жоқ, Басирадан Бақытжан, Әбибулладан Абдулла, Сәпибулла, Әли.

Амангелдіден - Есенгелді, Мұхтар, Сейфулла, Ғарифулла.

Қуандықтан - Жангелді, Бауыржан, Біржан, Ғалымжан, Бақдәулет.

Орынбайұлы Әбдімәліктен - Әдина, Көпбосын, Бекбосын.

Әдинадан жоқ, Көпбосыннан Қыдырбек. Бекбосыннан - Жалмұхамбет, Дінмұхамед, Сейдахмет, Ермұханбет, Сапақ.

Палайым апамыздың жарға адалдағы туралы кітапта азды-көпті айттық қой. Ол кісі Сіргелінің тутамғалысының қызы, осы күнгі ҚР Парламенті Сенатының депутаты Шәмсат Исабековтің апасы. Үшаралда бауырлары Әбдірайымов Оразбектер тұрады.

Дүйсен батыр жорықта жүріп Қоканның сарбаздарынан оқыста қайтыс болып Орынбай іште қалғанда, жесір қалған жеңгесіне әменгерлік салтымен Мәмбет үйленеді. Одан Құрманбай тарайды, одан – Жұмағұл, одан Құдайберген, Алдаберген, Тәңірберген тарап отыр. Бұл әулетті де жақсы білем.

Осылардың ішіндегі маған етенесі - Әбілқасымұлы Дүйсен. Екеуіміз Үшарал орта мектебінде бірге оқыдық. Дүйсекең көбімізден салмақты,

біртоға болып өсті, және өте жақсы оқыды. Әсіресе физика мен математикадан бәрімізден көш ілгері-тін.

Мектепті бітірген соң Жамбыл жеңіл өнеркәсібі технологиялық институтына түсті, оны да өте жақсы бітірді. Арасында әскери борышын да атқарды-ау деймін.

Қызмет жолын Қызылордада жалғастырып, сондағы былғары өңдеу фабрикасына біраз еңбек сіңіріп, кейін өзіміздің Жамбыл аяқ-киім және былғары өңдеу комбинатына бас инженерлікке ауысты, ұзақ жыл бастығы болды. Өндірісте орыс, еврей, немістің айдарынан жел есіп тұрғанда қазақтың да қолынан көп нәрсе келетінін дәлелдеген сыныптасым, кәзір сол фабрика негізінде қалған «Биік» өндірістік кооперативінің Бас директоры. Ата-баба жолын ұлықтап, дін жолына да түскен.

Дүйсекең алтындай, алтындай төрт қыз өсіріп отыр. Келіншегінің есімі – Рабиға, дәрігер. Атақты ғалым Жаңабаевтардың әулетінен. Ыстының ойығының сәтегінен. Қыздары – Салтанат, Алтынай, Айым, Ғазиза. Шеттерінен білімді. Салтанаты экономика ғылымдарының кандидаты, Қызақ ұлттық университетінде дәріс береді, Алтынайы Чехиядағы Карлово қаласындағы жеті ғасырлық тарихы бар университеттегі докторантураны тауысу алдында тұр. Болашақ ғылым докторы, төрт тілді еркін меңгерген.

Дүйсен досымның былғары өңдеу комбинатында жүрген кезінде қазақты қарақшыдай көріп, мұрнын шүйіре қарайтын еврей, орыс ұлтының өкілдерімен тең қызмет жасап, ақырында оларды мойысындатуы – көк бөрінің ұрпағына тән мінез.

Ақылын, білімін асық болса – шайтан да алдында зыр жүгіреді деп күледі досым...

«Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан» деген ып-ырас.

Әлінің ұрпағынан тараған (қызы Қалампыр, ол кісі Ошақтының аталығына тұрмысқа шыққан) – жиендері Байбеков, Ниязбековтер әулетінен мемлекет және қоғам қайраткерлері шықты. Мұның ішінде Мырзақасым сияқты Алматы, Жамбыл облыстарында басшылық еткен жиені бар, ол әрі экономика ғылымдарының кандидаты. Сейітқасым Евразия ұлттық университетінің проректоры, э.ғ. докторы, профессор.

Аты – аталған, аталмай өткен әулеттің үрім-бұтақтары бәрімізді толық жазбады деп ренжімес. Ол мүмкін де емес қой, Артық ауыз сөздер, ойлар кетсе және кешірер.

Біздікі, ұрпақтың жадын жаңғыртып, ата-баба рухын асқақтату ғана.

МАЗМҰНЫ

Итемген	4
Қалет	46
Дүйсен	91
Орынбай	119
Сикымбай, Мәлкіайдар, Әлі және Әбдімәлік	148
Эпиграф орнына	185

Сәулембай ӘБСАДЫҚҰЛЫ

АРПАЛЫС

(тарихи-деректі роман)

Редакторы М. С. Әбсадықұлы

Техн. редакторы Б. Гадаев

Компьютерде терген Б. Құдагелдиева

Теруге 2.04.2007 ж. берілді Басуға 20.04.2007 ж. қол қойылды.

Қалыбы 84x108^{1/32}. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Есептік баспа табағы 12. Таралымы 200 дана.

Тапсырыс №418. Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы,

Төле би көшесі, 36 “Б”

“Салық тәртібі” баспаханасы.

тел.: (8 3262) 45-34-52, 43-56-97.



Сәулембай Әбсадықұлы 1949 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданы Байқадам ауылында дүниеге келді.

1967 жылы Үшарал орта мектебін бітірген соң еңбек жолын “Талас” асыл тұқымды мал зауытында жұмысшы, клуб меңгерушісі қызметтерінен бастады. 1971-1973 жылдары Кеңес әскері қатарында міндетін өтеді.

1973-1975 жылдары Талас асыл тұқымды мал зауытында мал дәрігері, клуб меңгерушісі, аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып істеді.

1975 жылдың ақпанынан бастап аудандық “Ленин жолы” (қазіргі “Талас тынысы”) газетінде тілші, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, бас редакторы қызметтерін атқарды.

2001 жылдың 2 ақпанынан бастап бас редактордың орынбасары.

Қазақтың Абай атындағы педагогтық институтын бітірген, тарихшы-журналист, КСРО Журналистер, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі болған. Мәдениет қызметкерлерінің республикалық байқауының жүлдегері. “Қазақстан пионері” газеті бәйгесінің жеңімпазы.

“Үштіктің үкімімен”, “Сапақ датқа”, “Көк бөрінің оралуы немесе Тұлпарлар мен сұңқарлар”, “Әбілда би” кітаптарының авторы.

Бірнеше мәрте аудандық партия комитетінің мүшелігіне, аудандық Кеңестің депутаттығына сайланған. Жаңұялы, 4 ұл-қызы бар.